

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті

ӘОЖ 327 (574)

Қолжазба құқығында

СЕМБАЕВА ЖАНСАЯ СЕМБАЙҚЫЗЫ

**Орталық Азияны біріктіру перспективасында Қазақстан – Өзбекстан
ынтымақтастығы**

6D020200- Халықаралық қатынастар

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
тарих ғылымдарының докторы,
профессор З.Д. Шайморданова;

доктор PhD, профессор
Антонио Алонсо Маркос
(Университет Сан Пабло,
Мадрид, Испания)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
КІРІСПЕ	4
1 ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАННЫҢ ЫҚПАЛДАСТЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КОНСОЛИДАЦИЯСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Орталық Азияны зерттеудің негізгі теориялары мен тұжырымдамалары	15
1.2 Орталық Азияның консолидациясын зерттеудегі шетелдік тәсілдерге талдауы	25
1.3 Халықаралық, аймақтық ұйымдардағы Орталық Азия елдері	36
2 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАН	
2.1 Жаңа геосаяси жағдайдағы Қазақстан мен Өзбекстанның өзара іс-қимылының трансформациясы	45
2.2 Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық ықпалдастығына геоэкономикалық үдерістердің әсері	57
2.3 Қазақстан мен Өзбекстанның ұлттық және аймақтық қауіпсіздік саласындағы механизмдері мен стратегиялары	69
3 ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КОНСОЛИДАЦИЯСЫНЫҢ МОДЕЛІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	
3.1 Халықаралық ынтымақтастықтың даму ерекшеліктері: Қазақстан- Өзбекстан	85
3.2 Қазақстан мен Өзбекстанның ынтымақтастығының тереңдетіліп дамуының шарттары мен факторлары	95
3.3 Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығы мысалында Орталық Азияның консолидациясының теориялық моделі	110
ҚОРЫТЫНДЫ	120
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	126
ҚОСЫМША	139

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

SREB– Silk Road Economic Belt

АҚШ– Америка Құрама Штаттары

АСЕАН –Оңтүстік Шығыс Азия Елдерінің Қауіпсіздігі

БАҚ – Бұқаралық Ақпарат Құралдары

БҰҰ –Біріккен Ұлттар Ұйымы

ДСҰ – Дүниежүзілік Сауда Ұйымы

ЕО – Еуропалық Одақ

ЕурАзЭҚ – Еуразиялық Экономикалық Қауымдастық

КСРО –Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

ҚХР – Қытай Халық Республикасы

ҚР – Қазақстан Республикасы

НАТО –Солтүстік Атлантикалық Келісім Ұйымы

ҰҚШҰ – Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымы

ШЫҰ– Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы

ӨР – Өзбекстан Республикасы

РФ – Ресей Федерациясы

ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

ЮНЕСКО –БҰҰ жанындағы білім, ғылым және мәдениет мәселелер жөніндегі ұйым

КІРІСПЕ

Ғылыми жұмыстың жалпы сипаттамасы. Осы диссертациялық зерттеу жұмысында Орталық Азия аумағындағы қазіргі жаһандану заманындағы болып жатқан өзгерістер мен жайттарға байланысты әлемнің алпауыт елдерінің басты назарын аудартып отырған, жаңадан тәуелсіздігін алғанына енді 30 жыл толастап отырған бес мемлекеттің, атап айтқанда Қазақстан, Қырғыстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстанның қазіргі таңдағы өзара ынтымақтастығы мен байланысы аймақтың локомотив елдері болып саналатын Қазақстан мен Өзбекстан контекстінде зерттелді. Осы тұрғыда диссертациялық жұмыста қазіргі заманғы геосаяси жағдайдағы Қазақстан мен Өзбекстанның өзара іс-қимылдарының трансформациясы және қазіргі уақыттағы екі елдің халықаралық қатынастар жүйесіндегі орыны сарапталып, бұдан әрі келешектегі ынтымақтастықтың тереңдетілген даму шарттары мен факторлары қарастырылды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (КСРО) құлағанынан кейін тәуелсіздік алған Орталық Азияның бес мемлекеті – Қазақстан, Қырғыстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан арасындағы байланыстар әлсіреп, экономиканы жетілдіру, ұлттық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көлік және инфрақұрылым, энергоресурстар және радикал ислам сияқты мәселелерді шешу барысында өзара тәуелділік және өзара әрекет ету халінде қалды.

Халықаралық ынтымақтастықтағы аймақтық қарым-қатынаспост кеңестік Орталық Азия мемлекеттері үшін жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жаңа сын-тегеурінге айналды. Әлемдік қаржы дағдарысы жағдайы кезіндегі экономикалық даму процесстері, радикал ислам қауіп-қатері, COVID-19 пандемиясынан туындаған жаңа мәселелер және де тәліптердің Ауғаныстандағы билік басына келгеннен соңғы жағдайлардың барлығы Орталық Азия мемлекеттері үшін тағы да басқа, жаңа мақсат-міндет, жаңа қауіп-қатер тудыратын себептер болды. Ал осы жоғарыда аталған мәселелер тізбегі аймақтың бірлесе отырып, бір жеңнен қол шығарып қарым-қатынастарын нығайтып, одан әрі дамуға кедергі келтірді. Он екі жылдық жұмыс жасаған Орталық Азиялық аймақтық экономикалық ынтымақтастық өзінің сенімін ақтай алмай, қазіргі замандағы саясат пен қазіргі замандағы халықаралық қатынастар жүйесіндегі талаптарға сәйкес болмады.

Тарихына терең үңіліп қарасақ Орталық Азия аймағы экономикалық, тарихи-мәдени, лингвистикалық, рухани-құнды мұра болған ежелгі түркі өркениетінің қиылысатын жері.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Орталық Азияның ірі мемлекеттері Қазақстан мен Өзбекстанның сыртқы саясаты көпвекторлық стратегияға негізделіп, әлемнің ірі державаларымен өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға бағытталды. Жоғарыда аталып өткендей 1991 жылы Кеңес Одағы таралғаннан кейін тәуелсіздігін алған Орталық Азияның бес мемлекеті, соның ішінде Қазақстан – Өзбекстан арасында дипломатиялық қарым-қатынастар 1992 жылы қараша айында орнады. Екі ел арасындағы мәңгілік достық келісімшартына

1998 жылы 31 қазанда, ал стратегиялық серіктестік келісімшартына 2013 жылы 14 маусымда қол қойылды. Қазақстан –Өзбекстан ынтымақтастығы ортақ тарихи өткенге, лингвистикалық, территориялық жақындық, стратегиялық серіктестік пен сенімге негізделген. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары әр бес мемлекеттің жеке қарқынды егемендігімен және ынтымақтастықтың күрделі де қиын кезеңдерімен сипатталады. Ал соңғы екі жыл интеграциялық ой-сананың дәйекті өсуімен, тұрақты түрде халықаралық ынтымақтастықтың кезекті оңтайлы жолдарын іздеумен қатар, дамудың және оны кеңейту мен нығайтудың қажеттілігін түсіну мен анықталады.

Қазақстан – Өзбекстан қарым-қатынастары тек қана достық пен ынтымақтастыққа негізделіп қана қоймай, даулы және түсініспеушілік жағдайлар да орын алды. Осы кедергілерден құтыла отырып бұл екі мемлекет ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне өтті. Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.Мирзиевпен кездесу қорытындысы бойынша брифингте Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н. Назарбаев атап айтқанындай, қазіргі таңда Қазақстан мен Өзбекстан арасында шешілмеген мәселелер жоқ. Біз таза ақ парақ ретінде халқымыздың игілігі үшін және оны жақсы істермен толтыруға ашықпызделінген болатын. Бұл кездесу барысында екі ел басшылары ортақ үкіметаралық комиссияның өзаралық ынтымақтастықты одан әрі дамытып, оны жетілдіру үдерістерін нығайту жоспарлары және оның мәртебесін жоғарылатып ел басшыларын бірге төрағалыққа сайлау туралы айтып кеткен болатын. Екі мемлекет басшылары әлемдік саясаттағы маңызды мәселелер жайында ұқсас ұстанымдарын, екі жақты оң көзқарастарын білдіріп аймақтың одан әрі дамуындағы қауіп-қатерлер мен экономикалық дамуды интенсификациялау және Орталық Азияның мүддесінде бірқатар шешімдер қабылдады [1].

«Консолидация» ұғымын зерттеп қарастыру қажеттілігі қазіргі уақыттағы ұлттық, аймақтық және халықаралық қауіпсіздіктің деңгейінің төмендеу себеп-салдарларына байланысты күрделі жайттарға негізделеді. Осы соңғы кездегі тек аймақтық қана емес әлемдік, сонымен қатар саясаттанушы ғалымдар, талдаушы мамандар, саясаткерлер ғана емес, тіпті қарапайым адамдардың алаңдаушылығын тудырған Ауғанстандағы билік басына тәліптердің келуі жағдайлары бірден бір себеп. Бұл мәселенің күрделілігі соншалықты әлемдегі беделді ұйымдардың кейбірі (ҰҚШҰ және ШЫҰ) негізі қаланғаннан бері алғаш рет 2021 жылы 17 қыркүйекте ортақ саммит өткізді [2].

Түркменбашы қаласында 2021 жылы тамыз айының алтысында өткен Орталық Азия елдерінің мемлекет басшыларының кездесуінде Ауғанстандағы саяси ахуалға байланысты азаматтық бейбітшілік орнату мақсатында әржақты көмектесуге дайын екенін білдірген болатын. Аймақты қауіп-қатерден сақтау және бейбітшілік, тыныш заманды сақтау ел басшыларының негізгі көздеген мақсаттары екені айқын және Ауғанстандағы жағдайды тыныштандыру мәселесі бірінші орында болғаны түсінікті [3]. Негізінде Орталық Азия елдерінің басшыларының кеңестік кездесулері, атап айтқанда 2018 жылы 15 наурызда Нұр-Сұлтан қаласындағы және 2019 жылы қарашаның 28 күні

Ташкенттегі екінші кездесу, Түркменбашыдағы үшінші кездесу аймақта туындаған мәселелерді шешу барысында жақсы мүмкіндік болды. Десе де осы аймақты зерттейтін бірқатар зерттеушінің айтуынша, бұл кеңестік кездесулердің маңызын арттыру мақсатында оны институттық жоғары деңгейге көшіру ойлары жазылып жүр. Бұл кеңестік кездесулер осы деңгейде қалмау мақсатында нақты қадамдар жасап, мәселен нақты Орталық Азиялық басшыларының кездесу күнін белгілеу, болмаса басқада қадамдар жасауға болады.

Тақырыптың өзектілігі сонымен қатар аталмыш екі мемлекетте ынтымақтастықтағы даму перспективасының сауда-экономикалық саласында, мәдениет-білім салаларында жаңа қарқын алып жандануда. Оған себеп болар алдымен Қазақстанның Өзбекстандағы жылы, және Өзбекстанның Қазақстандағы жылы бағдарламалары бола алады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда Орталық Азия мемлекеттері және осы контексте Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының ынтымақтастығы жаңа, жоғары деңгейге жетіп, одан әрі дами түсті. Ал, Орталық Азия мемлекеттерінде бірегей визаның жасалыну процессі аймақтық ынтымақтастықтың тереңге дамуының бір жаңа құралы ретінде қарастырамыз.

Атап өтуге маңызды фактілердің бірі, сайланғаннан кейінгі Өзбекстан Президенті Ш. Мирзиеевтің алғашқы Қазақстанға сапары аса нық белгі болып табылады. 2017 жылдың наурыз айында Өзбекстан Президентінің Астанаға жұмыс сапарында бір миллиард суммаға 75 келісімшартқа қол қойылды. Келіссөздердің нәтижесінде бірқатар құжаттарға қол қойылды:

- стратегиялық серіктестік пен мызғымас тату көршілікті одан әрі нығайту декларациясы;
- аймақтық өзара ынтымақтастық келісімі;
- 2017-2019 жылдарға экономикалық ынтымақтастықтың стратегиясы;
- екі мемлекеттің Сыртқы Істер Министрліктері арасындағы ынтымақтастық құжаты.

Ғылыми зерттеу жұмысының өзектілігін соңғы уақыттағы Орталық Азияның мемлекетіндегі Өзбекстандағы саяси өзгерістердің жалғасуына байланысты, атап айтақанда ел Президентінің сайлауындағы 2021 жылы 26 қазандағы нәтижелерге сәйкес басшылыққа қайтадан Ш. Мирзиеевтың таңдалуы оған деген елдің сенімінің барын және оның стратегиялық сыртқы саясатының ары қарай жалғасын табатындығына сеніммен қарай аламыз. Алдыңғы өзінің Өзбекстанның сыртқы саясатындағы трансформация Орталық Азияға үлкен өзгерістермен екпін берсе, келесі бес жыл уақыттағы сол екпіннің жалғасын табу мүмкіндіктерінің жолы ашылуда.

Мемлекет негізгі институттық және ұйымдастырушылық бірлік, қазіргі дәуірде саяси билік пен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырушы болып табылады. Олар өзінің территориясындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық іс-әрекеттер, сонымен қатар тұрақты, келісілді институттар жинағы және ұйымдастырушылық құрылымдарды іске асырушылар.

Мемлекеттердің өзара қарым- қатынастарының шеңберін анықтауға және оны сипаттауға ұзақ мерзімді тарихи, құрылымдық факторлар контекстінде қарастыруға болады.

Консолидация – ол қайта байланыс орнатудың жаңа деңгейі және өзара қарым- қатынасты сипаттаушы жағдай болып табылады.

Орталық Азияның консолидациясы ең алдымен қиындықтардан өту мен жаңа қарым-қатынастарды дамыту болып табылады. Сонымен қатар, шешімдер қабылдауға, әрекет етуге тиісті мемлекеттер қатысып отырған халықаралық қатынастардың субъектісінің үдерісі болып табылады.

Зерттеу нысаны: Әлемдік саясаттағы және қазіргі әлемдік геосаяси процестердегі Орталық Азия.

Зерттеу пәні: Орталық Азияны біріктіру алғышарттарындағы Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығы.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Диссертация жұмысының мақсаты – Қазақстан мен Өзбекстанның ынтымақтастығы аясында Орталық Азияның консолидациясының жолдарын ғылыми негіздеп, кешенді зерттеу.

Осы мақсатқа жету барысында төмендегідей **міндеттер** алға қойылды:

- Орталық Азия аумағының, атап айтқанда Қазақстан мен Өзбекстанның көшбасшы ел ретіндегі ролін зерттеудің теориялық-әдіснамалық тәсілдерін анықтау;

- Орталық Азияның ынтымақтастығы мен өзіндік бірігу алғышарттарына шетел сарапшыларының баға беруіне талдау;

- екі мемлекеттің аумақтық және халықаралық ұйымдар мен бірлестіктерде қатысуының тиімділігін анықтау;

- Қазақстан – Өзбекстан ынтымақтастығының Орталық Азиялық аймақтың консолидациясының үлгісі ретінде экономикалық дамуының динамикасын зерттеу;

- Қазақстан мен Өзбекстанның табысты консолидациясының факторы ретінде ұлттық қауіпсіздікпен қамтамасыз етудің маңыздылығын ашу және зерделеу;

- Практикалық тәжірибені көпәспектiлік талдау негізінде Орталық Азиядағы консолидациялық үдерістеріне сипаттама беру;

- Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығы контекстінде Орталық Азияның консолидациясының алғышарттары негізінде моделін әзірлеу.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Диссертациялық жұмыстың тақырыбының зерттелу деңгейін алып қарасақ, Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының ынтымақтастық мәселелері екі елдің президенттері Н. Назарбаевпен Ш. Мирзиеевтің, және алдыңғы Өзбекстан Президенті И.Каримовтың кезінде де талқыланып, көтеріліп жүрді [4-5]. Әлеуметтік-саяси даму, ортақ мәселелерді шешу, мәселен: аймақтық қауіпсіздік, энергетикалық, су ресурстары және тағы да басқалары Қ. Тоқаевтің [6] мақалалары мен сөйлеген сөздерінде, жазған еңбектерінде (“Под стягом Независимости: очерки о внешней политике Казахстана”, “Дипломатия Республики Казахстан”, “Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации”). Сонымен қатар,

Е.Идрисовтың[7] және К.Абдрахмановтың [8], М.Тілеубердінің [9] еңбектерінде, жарияланымдарында, ғылыми жинақтарында қозғалған болатын. Орталық Азия аймағы туралы өз ғылыми зерттеулерін ашып жазып жүрген, ерекше қызығушылық тудыратын М.Лаумулиннің [10] еңбектері. Мәселен, (“Центральная Азия в эпоху трансформации”)кітабында 2010 жылдардан кейінгі Орталық Азияның барлық дерлік мемлекеттерінде өзгерістер орын алып, трансформация жүзеге асты, осы ретте еңбекте аймақтың бес мемлекетінің дамуы, ішкі саяси үрдістер мен экономикалық реформалар, басқа елдермен қарым-қатынас, діни радикализмнің феномені, аймақтағы алып мемлекеттер сонымен қатар Евразиялық интеграция үрдістері туралы жазылған. У.Узбековтың еңбегінде қазақ-өзбек қатынасының саяси аспектілері мен ынтымақтастық дамуының динамикасы жөнінде нақты қарастырылған [11].

Орталық Азияның әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени-ағартушылық өмірі туралы зерттеушілердің қатарына шет елдік ғалымдарды жатқызсақ болады. Олардың ішінде француз зерттеушілері М. Ларюэль және С. Пейруз бар [12]. Бұл зерттеушілер Орталық Азия аймағындағы ішкі саяси ахуалдар мен өзгерістер жайлы, аймақтық ұйымдар, бес мемлекеттің өзара ынтымақтастықтары, осы кездердегі аймақтағы ынтымақтастықтың өзара достық пен сенімге негізделгенін, алайда сыртқы векторлары әлдеқайда бір-бірінен өзгешелеу екендігі туралы жазады. Осы тұрғыда аймақтық ішкі экономикалық ахуал жайлы зерттеп жүрген ғалымдар қатарына Ариель Коэн пен Дж. Грантты [13] жатқызамыз. Өздерінің зерттеулерінде әлемді жайлаған пандемия COVID-19 вирусының аймақтың мемлекеттеріне әсері және экономикалық дағдарыстан шығу аспектілерін қарастырып, экономиканы әртараптандыру мен бизнеске, шетелдік инвестицияларға оңтайлы жағдай жасап реформалар жүргізу дәрежелеріне қарай болмақ деседі.

Орталық Азияның әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени-білім салаларындағы өмір сүру қалыптары мен өзгерістерін шетел ғалымдары да зерттеуде. Оған төмендегідей зерттеушілер категориясын жатқызамыз, мәселен: П. Эчвери, Д. Бургхарт, А. Бут, Р. Помфрет, Х. Ким , Г. Фридман, Д. Хиро [14-20] зерттеулері Орталық Азия аумағының саяси- мәдени- тарихы мен қатар қазіргі таңдағы трансформацияға ұшырауының себептері мен мәселелері талқылانған.

Қазақстан мен Өзбекстанның өзара іс-қимылы және ынтымақтастық тарихы, нақты зерттеуге алынып отырған екі мемлекет туралы зерттеулер Е. Байдаров, Е. Хан, Ж. Қожамжарова, Б. Алимджановтың [21- 24] еңбектерінде қарастырылса, Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелерін зерттеуге алған ғалымдар Э. Габдуллин, С. Кожирова, Ж. Симтиков және [25- 27] т.б. болды. Осы ретте Орталық Азиядағы аумақтық интеграция тұрғысынан және оған кедергі болатын, әлі де шешілмеген сұрақтар мен тақырыптар туралы зерттеулерде У. Касенов, С. Кушқумбаев, Е. Байдаров, А. Ибраева, М. Суюнбаев, Д. Малышева, А. Амирбектің [28- 34] еңбектерін ерекше атауға болады, сонымен қатар аймақтың болашақтағы перспективалары туралы өз

жұмыстарында зерттеуге алған ғалымдар қатарында Б. Эргашев, А. Амребаев [35- 36] және т.б. бар.

Трансшекаралық өзендер мен су- энергетикалық мәселелері, В. Хасанова [37], А. Грозин [38], Д. Декханов [39], Г. Аскеева [40], Г. Акунова [41], А. Либман [42], Н. Гараканидзе [43], Е. Гарбузарова [44] зерттеулерінде түсіндірілген.

Орталық Азия аумағы үшін бұрыннан келе жатқан, сонымен қатар қазіргі таңда да өзінің маңыздылығын жоғалтпайтын басты және негізгі мәселе ол – қауіпсіздік. Бұл қауіпсіздікпен қатар осы орайда аумақтың мемлекеттерінің халықаралық және аймақтық ұйымдардағы орыны мен маңызы жайлы зерттеулер жүргізіп жүрген И. Бобокулов [45], Н. Гегелашвили [46], С. Притчин [47], З. Зардыхан [48], С. Мирзоев [49], Ф. Абдукодирзода [50], А. Филоненко [51], П. Дунай [52], И. Селезнев [53], В. Парамонов [54], А. Искандарав [55], К. Барский [56], А. Мордвинова [57], А. Жансаутова [58], М. Башаратьян [59], К. Джуракулова [60], Е. Сафронова [61], Е. Карин [62], Ш. Торегельдиева [63], Б. Султанов [64] зерттеулері мен еңбектерінде жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша зерттеулер жүргізіп, өз туындыларында жазып шыққан.

Орталық Азия аумағын бойынша танымал зерттеушілердің қатарына американдық профессор Ф. Старрды қосамыз және оның 2016 жылы жарық көрген еңбегі «Утраченное Просвещение: золотой век Центральной Азии от арабского завоевания до времен Тамерлана» [65] ғылыми ортада үлкен қызығушылық тудырды, себебі бұл туындыда қазіргі Қазақстан, Қырғыстан, Тәжікстан, Түркменстан мен Өзбекстан, сонымен қатар ішінара Ауғанстан, Пәкістан, Қытай елдерінің адами тарихындағы мәдени жетістіктері және жаулап алу ерекшеліктерімен қатар басқада маңызды рөл атқарған оқиғалармен таныстырады.

Ресей зерттеушілері Е. Павлов [66], А. Клинцов [67], Ю. Морозов [68], У. И. Хасбулатов [69], К.М. Чул [70] еңбектерінде Орталық Азия аумағындағы маңызы зор мемлекет ретінде Өзбекстан Республикасының әлемде болып жатқан өзгерістер мен оның геосаяси жағдайы, халықаралық және аумақтық деңгейдегі күштердің тепе-теңдігі аясында жоғарыда аталған Өзбекстанның ұлттық мүдделерінің қалыптасуы мен дамуын зерттейді.

Зерттеудің деректік негізі.

Зерттеу жұмысының негізі кешенді дерек көздерді қамтиды. Олар диссертациялық жұмыстың мақсат міндеттеріне сәйкес, әртүрлі сипаттамларына қарай бірнеше топқа бөлініп қарастырылды.

Бірінші топқа осы тақырыпқа сәйкес Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикалары Президенттері арасындағы қол қойылған, қабылданған ресми құжаттар мен келісімдер жатады.

Екінші топқа ел басшылары, министрліктер мен ведомствалар өкілдерінің сөйлеген сөздері мен мәлімдемелері кұрайды.

Үшінші топқа тұжырымдамалық сипаттағы жұмыстар кіреді. Олар халықаралық қатынастар мамандары, саясаттанушылар, сарапшылардың еңбектерін кұрайды. Фактілік және теориялық негізіне қарай жұмыстар әртүрлі,

сонымен қатар тәжірибелік және зерттеушінің нақты көзқарасын көрсететін ерекшелік сипатқа ие.

Төртінші топтыосы тақырыпқа сәйкес келетін докторлық және кандидаттықдиссертациялар құрайды.

Бесінші топ нақты Қазақстан мен Өзбекстан мәселелеріне және жалпы Орталық Азияның кең мәселелік шеңберін бейнелейтін еңбектерге арналған. Бұл жерде шетелдік, Орталық Азиялық және ТМД елдері, алыс шетел ғалымдарының зерттеу жұмыстарын алып қарастыруға болады.

Алтыншы топты мерзімді басылымдар дереккөздері толықтырады. Ерекше Орталық Азиялық аймақты зерттеу нысанына алатын (“Central Asia’s Affairs”, “Central Asia and the Caucasus”, “Россия в глобальной политике”, “Journal of Eurasian Studies”, “Central Asian Survey”) тағы да басқа журналдардың жарияланымдары құрайды.

Диссертациялық зерттеуде Орталық Азиялық аймақпен айналысушы мекемелердің ғылыми- ағартушылық сайттары ерекше орын алады. Бұл дереккөздер тобынан ғылыми талдау нәтижелерін алуда жаңа ғылыми дереккөздерді алуға мүмкіндік берді.

Әртүрлі деректік негіздер топтарының қол жетімділігі ғылыми жұмыста Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығы негізінде Орталық Азияның консолидациясына объективті талдау жүргізуге мүмкіндік берді.

Тақырыпты зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.

Зерттеу жұмысының әдінамалық негізіне өркениеттік тәсіл, тарихилық принциптері мен объективтілік таңдалынды. Бұл Қазақстан және Өзбекстан ара- қатынасының үдерістерінің тереңінен зерттеуге мүмкіндік береді. Қолданылған өркениеттік тәсілде жағдайлар мен құбылыстарды үдеріс ретінде қарап, Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық өзара ынтымақтастығындағы саяси және экономикалық үдерістерін толыққанды көрсетуге жол ашады.

Әртүрлі дереккөздерден жиналған мәліметтерді талдауда жалпы логикалық жәнсалыстырмалы әдістер қолданылды. Жалпылама әдісі ортақ қасиеттер мен белгілерді анықтауда қолданылса, эмпирикалық және талдау әдістері зерттелініп отырған тақырыптың маңызды параметерілерін сипаттауда қолданылды. Жаңа геосаяси жағдайдағы Орталық Азияның ішкі саяси басымдықтарының даму динамикасына назар аударуға жүйелілік тәсілі мүмкіндік береді. Зерттелініп отырған нысанға ғылыми талдау жүргізуге болады. Сонымен қатар, Қазақстан мен Өзбекстанның өзара екі жақты ынтымақтастығын Орталық Азиялық мемлекеттердің тұтас құбылысы ретінде анықтауға жол ашады.

Орталық Азия елдерінің институционалдық жүйе ретінде халықаралық, аймақтық ұйымдардағы қызметін талдау осы аймақтың елдерінің мүшелік ету және қатысу ұйымдарының әрқайсысының атқаратын қызметі мен нақты мемлекетке беретін пайдасын анықтауға көмектесті. Жұмыста институционалды дамудың ең маңызды индикаторларына жүйелі сипаттама беріліп, олардың көмегімен Орталық Азия елдерінің даму тенденцияларына талдау жүргізілді, сонымен қатар ТМД, Шығыс Еуропа мен ЭЫДҰ жекелеген

елдерінің институционалды даму шарттарын салыстырудың кең жиынтығы жүргізілді.

Жұмыста институционалды дамудың маңызды көрсеткішетірінің жүйелі сипаттамасы берілген және олардың көмегімен Орталық Азия елдерінің қазіргі даму тенденцияларына талдау жасалды. Сондай ақ, ШЫҰ, БҰҰ, ДСҰ сияқты институционалды ұйымдардың аясындағы іс- қимылдарына сараптама жүргізілген. Институционалды зерттеу нәтижесінде ЕурАзЭҚ–ң аумағында еркі сауда аймағы, бірегей тарифтік кеденді құру, бірегей қаржы, энергетикалық нарықтың қалыптасуы және көлік- қатынастары секілді бағыттарды анықтауға мүмкін болды. Институционалды талдау ШЫҰ-н Орталық Азия мемлекеттерінің ынтымақтастығы мен қарым- қатынастарының негізгі принциптеріне негізделген бейбітшілік тұрақтылықты сақтау мен осы аймақта тұрақты дамуды қолдаушы ұйым ретінде тануға мүмкіндік берді.

Жалпы, Орталық Азия мемлекеттері трансшекаралық сипатқа ие қауіп- қатерлер мен террористік, экстремистік идеологиялардың таралуы, бүкіл халықаралық қоғамның тығыз байланысы мен өзара координациясы сияқты мәселелерді бірлесе шешу институционалды құрылымдар арасында нәтижелі болатындығына көз жеткізуге ықпал етті.

Ғылыми зерттеу жұмысында Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының территорияларында респонденттерден сауалнама алу әдісі қолданылды. Сауалнама жұмыстарында ақпарат жинақталып және оны жүйелеп, оған жан- жақты талдау жүргізілді. Бұл Қазақстан мен Өзбекстанның екі жақты қарым- қатынасына басым бағыттарын анықтап қана емес, оны қайта қарастыруға, өзгеру тенденцияларының болу үдерістерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері. Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері Кеңестер Одағының құлағаннан кейінгі 1991 жылы Орталық Азияның бес мемлекеті өздерінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдардан бастап қазіргі уақыт аралығын қамтиды. Осы кезеңдердегі аймақтың бес елінің өзіндік жеке даму үрдістерін қарастыра отырып, қазіргі жаһандану мен саяси өзгертулердің аталмыш мемлекеттерге әсері мен басымдылықтарын анықтаудан тұрады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығын дамыту, нығайту және кеңейту арқылы Орталық Азияның консолидациясының мүмкіндіктері негізделді. Сонымен қоса зерттеу негізінде ынтымақтастықты одан әрі дамытудың моделі бола алатын мемлекеттер арасындағы қатынастардың өзгеріске ұшырау тенденциялары мен үрдістеріне баға берілді.

Диссертациялық зерттеу жұмысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

- Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық аясында Орталық Азияны зерттеудің теориялық-әдіснамалық тәсілдері анықталды;
- Орталық Азияны зерттеуші шетел ғалымдары мен сарапшыларының еңбектеріндегі консолидация мәселесіне әдіснамалық баға берілді;

- Орталық Азия мемлекеттерінің халықаралық, аймақтық ұйымдарға мүшелігі зерттеліп, институционалды ұйымдар арасындағы Қазақстан мен Өзбекстанның әр бағыттағы іс-қимылдарының тиімділігі анықталды;

- Орталық Азиялық консолидацияның үлгісі ретінде Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық ынтымақтастығы мен экономикалық дамуының маңызы анықталып, негізделді;

- Тиімді өзара халықаралық қарым-қатынас факторы ретінде Қазақстан мен Өзбекстанның ұлттық қауіпсіздікпен қамтамасыз етудің маңыздылығы анықталды;

- Жүргізілген көпәспектiлi сауалнаманың негiзiнде Орталық Азиялық консолидациялық үдерiстерге сипаттама берiлдi;

- Қазақстан Өзбекстан ынтымақтастығы контекстінде Орталық Азиялық консолидацияның 10 элементтен тұратын теориялық моделі жасалынды;

- Ғылыми зерттеулердің жаңа бағыттары мен салалары пайда болу потенциалы анықталды.

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдамалар:

1. Орталық Азияны зерттеуде жұмыста қолданылған дәстүрлі теориялар, әдістер және тұжырымдамалар, мәселен: әлемдік жүйелілік, реализм мен саяси элита, бақылау және осымен қатар жаңа теориялар (реляциялық байланыс, мемлекеттің икемділігі) Қазақстан мен Өзбекстанның мемлекетаралық стратегияларына талдау жүргізуге ықпалын тигізді. Қазіргі кезеңде бұл мемлекеттер өзара ынтымақтастықтарын тереңдетіп қана қоймай, Орталық Азияның қалған елдеріне үлгі боларлық үдеріс ретінде көрсетілуде. Қазақ - өзбек ынтымақтастығы толықтай Орталық Азияның динамикалық дамуында маңызды кілт рөлді атқаруға тиісті. «Консолидация» ұғымы Орталық Азия елдерінің аймақтық интеграцияға деген бірінші қадам ретінде қарастырылады.

2. Шетелдік сараптама Орталық Азия елдерінің бір- бірін толықтырушы халықаралық ынтымақтастық негізіндегі шешімін таппаған мәселелер кешенін қамтиды. Олар, экономикалық дамудың әртүрлі деңгейлері, территориялық келіспеушіліктер мен есірткі тасымалы, демографиялық мәселелер, ашық теңізге шығу жолдарының жоқтығы және тағы да басқалары. Негізгі басты назарларына алған еңбек миграциясы мен исламдық радикализм, қытайдың аймақтың елдеріндегі әсері сияқты үдерістерін зерттеуге алған. Осы аталған мәселелермен қоса Орталық Азияның халықаралық ынтымақтастық негізінде өзара дамуына кедергі ететін факторларды анықтайды.

3. Қазақстан мен Өзбекстан Республикалары өздерінің ынтымақтастық қызметінде ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ сияқты халықаралық ұйымдарына мүше болып табылады. Ескере кететіні кейбіреуінде Өзбекстан толыққанды мүше емес. ЕурАзЭҚ пен ШЫҰ-ң дамулары Орталық Азиялық елдердің геоэкономикалық мүдделеріне қарай дами алуы мүмкін. Бір жағынан алып қарағанда ШЫҰ мен ЕурАзЭҚ ұйымдарының болуы Орталық Азия елдерінің консолидация арқылы өзіндік жеке аймақтық көп жақты ынтымақтастықтың қалыптасуына әсер етіп, одан әрі аймақтық деңгейде ұйымдармен өзара қарым-қатынастарын жүргізуіне әкелу мүмкіншіліктері бар.

4. Қазақстан мен Өзбекстанның экономикалық өзара іс-әрекеттері динамикасына талдау жүргізе отырып, қайта индустрияландыруды дұрыс жүргізу есебімен қатар, басымдықты және барлық күшті экономикалық даму үдерістеріне аса мән беру арқылы тұрақты даму мен қауіпсіздікпен қамтамасыз етуге қол жеткізуге болады. Орталық Азия елдерін зерттеуде бақыланып отырған ортақ мәселелер жиынтығы керісінше табысты ынтымақтастық пен өзара іс-қимылдың бастама нүктесіне айналуға тиісті. Орталық Азияның консолидациясына әсер етуші факторларға: аймақтың елдерінің реляциялық жақындығы, ортақ тарихи – мәдени өткені мен бірегей табиғи орта, бірін-бірі толықтырушы экономикалық және өндірістік салалардың барлығы есептеледі. Жоғарыда аталған факторларға табиғи үдеріс ретіндегі саяси элитаның ауысуы мен трансформациясы қосылады. Бұл жүйелі, кезенді және табиғи түрде ұрпақтың ауысуы мен одан арғы кезеңде аймақтың халқының ой-санасының өзгеруіне әкеледі.

5. Орталық Азияның консолидациясының табысты және сәтті нәтижесінің бірі ретінде Қазақстан мен Өзбекстанда ұлттық қауіпсіздікпен қамтамасыз етудің маңыздылығын ашу басым рөл атқарады. Қазіргі уақытта әлемнің барлық бөліктерінде қауіпсіздіктің деңгейінің төмендеуі мен оның сапалы түрдегі трансформациясы бақыланды. Ол нақты қауіпсіздікке қатер ретінде екі мемлекет арасындағы соғыс емес, олар: кибер тәуекелдер мен қылмыстар, заңсыз түрдегі қару-жарак, есірткі айналымы, радикалды ислам ұстанушыларының қолдарындағы жаппай жою қаруларының таралуы мен тағыда басқа қауіп-қатер формаларын қосып айтамыз. Орталық Азия үшін, әсіресе Тәжікстан, Өзбекстан мен Түркменстан үшін Ауғанстандағы тәліптердің билік басына келуі аса маңызды мәнге ие мәселенің бірі болып табылады.

6. Жүргізілген сауалнаманың негізінде Қазақстан және Өзбекстан қоғамындағы Орталық Азиялық консолидация туралы жалпылама түрде пікірлерін білуге әрекет жасалынды. Орталық Азиялық аймақта маңызды рөл атқарушы Қазақстандық және Өзбекстандық қоғамның бір басым бағытты таңдауы, оны түсінуі мен қабылдауы өзара қарым-қатынаста оң үлгі ретінде қабылданып, табысты және сәтті ынтымақтастықтың кілті ретінде қарастырылады. Аймақтың халқы әлі де Орталық Азияны бірегей аймақ ретінде қабылдауға дайын емес. Бірақ, Орталық Азиялық мемлекеттердің консолидациясы аймақтық интеграцияның алғашқы сатысы ретінде жаңа элементтердің пайда болуына, жаңа сценарий құруға біршама мүмкіндіктер туғызады. Қазіргі әлемнің геосаяси және геоэкономикалық императивтерінің теріс өзгерістерін азайтады.

7. Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық ынтымақтастығы негізінде Орталық Азияның консолидациясының теориялық моделін жасап шығару мүмкіндігі пайда болды. Ол көлденеңінен және тігінен құрылған сызбалар 10 элементтен тұрады. Тігінен көрсетілген ось бойынша басқару моделі мен шешім шығару моделінен тұратын институционалдық құрылымнан тұрады. Ал, көлденеңінен саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму Орталық

Азияның консолидациясының кристалдануына және ол өз ретінде аймақтың эффективті интеграциясына әкеледі.

Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы.

Орталық Азия аумағындағы болып жатқан трансформациялар мен өзгерістерге сәйкес оған әсер етуші ішкі және сыртқы факторларды ескерген жөн. Аймақтың елдерінің осал тұстары мен мықты жақтарын анықтау арқылы белгілі бір механизмдерді анықтап, оларды нақты қолданудың ержелері мен моделін зерттеп, анықтау таптырмас шешім болып табылады. Зерттеу жұмысындағы қорғауға ұсынылған тұжырымдамалар арқылы аймақтың елдерінің, осы контекстте әсіресе Қазақстан мен Өзбекстан елдерінің халқаралық ынтымақтастығы арқылы аймақтың шоғырлануының алғышарттарын айқындауға және нақты қадамдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық тұрғыдан маңыздылығын анықтайды.

Диссертациялық зерттеудегі шығарылған нақты тұжырымдамалар мен нәтижелерді білім беру бағдарламалары негізінде халықаралық қатынастар, аймақтану мамандықтарында «Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелері», «Орталық Азиялық аумағы және оның ерекшеліктері», «Аймақтық қауіпсіздік және басты экономикалық мәселелер» деген пәндерде оқытуда қолдануға болады.

Бұнымен қоса диссертациялық жұмыстың негізіндегі Орталық Азиялық аймақтың қазіргі саяси ахуалы мен экономикалық жағдайының дамуы, аймақтық елдер арасындағы қарым- қатынасқа баға беру мақсатында, олардың интеграциядағы іс- қимылдарын талдау негізінде басты шығарылған қорытындылар мен тұжырымдамаларды ғылыми орталықтар мен саяси мекемелерде, дипломатиялық орталықтарда анықтамалық ақпарат көзі ретінде қолдануға болады.

Жұмыстың жариялануы және сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыс Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру басқармасы, халықаралық қатынастар кафедрасында орындалды. Диссертация жұмысының негізгі мазмұны ғылыми- практикалық конференцияларда жарияланды. Ғылыми зерттеу жұмысы бойынша 6 мақала, оның 3- Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, Scopus мәліметтер базасына кіретін -1, халықаралық конференциялар материалдарында -2 мақала жарияланды.

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертация құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сай кіріспеден, үш тарау, тоғыз бөлімшеден, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыстың жалпы көлемі 138 беттен тұрады

1 ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАННЫҢ ЫҚПАЛДАСТЫҚЖАҒДАЙЫНДАҒЫОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КОНСОЛИДАЦИЯСЫНЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жоғарыда көрсетілген бұл диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде Қазақстан және Өзбекстан ықпалдастық жағдайындағы Орталық Азия елдерінің тұтастығын зерттеудің негізгі теориялары мен әдіс-тәсілдері қарастырылған. Орталық Азия ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемнің жаһандану заманындағы өзгерістер аталып отырған аймақта өз өзгешеліктерін әкеліп отыруда. Атап айтқанда тәуелсіздік алғаннан бастап қазіргі 30 жыл көлемінде ғана өз биліктерін қолға алып, дамып келе жатқан бұл бес мемлекеттің осы кездегі әр түрлі ірі, алпауыт мемлекеттердің нысанына айналып отырғаны белгілі. Осы контексттік тұрғыда Орталық Азияның жеке аймақ ретінде бірігудің қандайда бір алғышарттарын анықтап, жоғарғы деңгейдегі кооперацияға жол ашылуын зерттеуге алдық.

Аймақтағы ең ірі мемлекеттер ретінде, әрине Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының Орталық Азиядағы атқаратын міндеттері үлкен. Оған бастама реінде болған 2016 жылғы Өзбекстандағы биліктің ауысуының және сол биліктің негізгі векторы осы аймаққа ауысуы үлкен жетістік реінде қарасақ болады. Бәрімізге белгілі, ол осыған дейінгі 30 жыл уақыттағы осы мемлекеттердің бірігудегі жасалынған қадамдары сәтсіз болып, оған куә осыған дейін болған Орталық Азиялық аймақтық Экономикалық ынтымақтастығы. Бәлкім жіберіп алған мүмкіндіктерді қайта жаңғырту енді болашақта іске асуы мүмкін?

1.1 Орталық Азияны зерттеудің негізгі теориялары мен тұжырымдамалары

Халықаралық қатынастар теорияларындағы саяси реализмға сәйкес әрбір мемлекеттің ұлттық мүддесіне қарай саяси бағытты анықтау болса, Орталық Азия мемлекеттеріне де тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта осы басты міндет болып табылды.

Орталық Азия – ол 1991 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар одағының ыдырағанынан кейінгі тәуелсіздігін алған теорриториялық, географиялық Еуразияның ортасында орналасқан бес мемлекетті айтамыз. Олар қазіргі тәуелсіз – Қазақстан, Қырғыстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан Республикалары. Бірақ, бұл мемлекеттердің тарихы одан да тереңнен бой алады және бес елдің қарым- қатынасы бірден емес, кезең- кезеңімен, тарихи оқиғалардың әртүрлі дамуымен қалыптасты.

Орталық Азия атауының да өзіндік әртүрлі баламалары бар, кейбірі Орталық Азия десе, кейбірі Ортаңғы Азия, Орта Азия елдері деп аталып жүр. Бірақ, саяси ортада Орталық Азия термині 1992 жылы қолданысқа енген болатын.

Ресейлік тарихи- географиялық ғылымда аймақтың атауы көбінесе Орта Азия деген атау нық қалыптасты, ал ғылымда Орталық Азия деген атауды А. Гумбольдтың осы атаулы еңбегінде айналымға енгені мәлім. Қазіргі таңда барлық бұқаралық ақпарат құралдарында да, ғылыми ортада және саяси- әлеуметтік өмірде ең қолданыста пайдаланып жүргені Орталық Азия ұғымы. Бұл, жаңа тәуелсіз жас мемлекеттердің саналы түрде тек терминологиялық тұрғыдан болса да Ресейдің гегемониясынан алшақтау [70, б. 44].

Орталық Азия термині формалды түрде 1993 жылы аймақтың елдерінің басшыларының кездесуінің қорытындысы бойынша енгізілген болатын және тарихи- геосаяси аймақтың аумағы бес мемлекетпен толығады. Бірақ, кейбір классификацияға сәйкес бұл аймаққа «Үлкен Орталық Азия» деп, оған Ауғанстан және Монғолия, Қытайдың Синьзянь- Ұйғыр автономиялық аумағында қосып жатады. Аталмыш аймақтың ортақ, байланыстырушы критерийларына бірінші орында географиялық жақындық пен Тәжікстанды қоспағанда ортақ түркі тілдес халықтары деп, әлеуметтік- экономикалық даму үрдістеріне орай және қоғамдық әлеуметтік құралдарының ұқсастықтарын келтіріп жатады [65, б. 42]. Американдық ғалым Ф. Старрдың Орталық Азия аймағын зерттеудегі айырмашылығының бірі тек бес мемлекетпен шектеп қоймай, аймаққа Ауғанстанды да қоса жіктеуінде. Бұл анықтамада екі тұрғыда да қарастыруға міндеттелінеді және даулы сұрақтардың бірі болып табылады. Себебі, Орталық Азия аймағына бес мемлекеттен басқа елдерді қосу оның дамуы: экономикалық тұрғыда болсын, демографиялық өсуі мен оның тереңірек ара- қатынасын дамытуда әр түрлі бұрыннан келе жатқан мәселелерге жауап табылып, ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне өту перспективаларын қарастырады. Ал, бұл анықтамада әрине, екінші мәселе ең маңыздысы ұлттық қауіпсіздікке қауіп- қатерлердің өсуі сұрақтары туындайды. Қазіргі таңдағы Ауғанстан жағдайы және тәліптердің билік басына келуі бұл Орталық Азия аймағында да сан-алуан діни экстремистік, террористік жағдайлардың орын алу пайызы жоғарылайды.

Аймақ – белгілі бір территориялық аумақта орналасқан бір топ елдердің жиынтығы. Зерттеуші М. Сүйінбаевтың айтуы бойынша аймақ –бірегей және бүтінқұрамдас, құраушы элементтерінің өзіндік байланысы бар елдерді айтамыз. Аймақтық трактовканың аясында аймақтың анықтамасы мына тұрғыда анықталмақ, ол - үлкен жер учаскісі, өзіндік физико-географиялық ерекше параметрлері бар жер шарының бір бөлігі және географиялық шекараларымен анықталатын географиялық бірлік [35, б. 5]. Орталық Азия аймағы да өзіндік ерекшеліктері бар аймақ, атап айтқанда Еуропа мен Азияны жалғастырушы бір-бірімен ортадағы байланыстырушы сым ретіндегі орналасуы, одан әрі бұл пайымдауға сәйкес тұрғыда бес мемлекеттің географиялық әлемнің алып Ресей және Қытай сияқты, одан қала бере қазіргі кездегі аса маңызды мәселеге айналып отырған Ауғанстанмен шекаралас болуы да ерекше параметрлерінің біріне қоссақ дұрыс болар.

Қазіргі таңдағы ғылым саласында «аймақ» терминінің қолданылуында ресей ғалымдарының зерттеулерінде әрқалай тәсілдер жазылуда. Мәселен,

Витульеваның [72] еңбектерінде бұл аралықта мынадай анықтаушы факторларға байланысты біріктіруде:

- жүйелілік тәсілі, бұл анықтамада аймақ өзін толыққанды бір жүйе ретінде келтіреді;

- кешенділік тәсілі бойынша аймақ өзін кешенді түрде белгілі бір территорияның ерекшеленген бөлігі ретінде қарастырып, оны әлеуметтік және экономикалық біріктіруші факторлар мен қоса алғанда дербестік шамасында жүргізілетініне тоқталады;

- келесі аталмыш зерттеудегі тәсілдің бірі, ол - аумақтық-географиялық болып табылады. Бұл анықтамада аймақ дегеніміз- белгілі бір жер шарының нақты бөлігінде орналасқан құрлықтың географиялық шекаралары нақтыланған облыс, географиялық бірлікті айтамыз.

- осы зерттеудегі соңғы аймақты анықтаудың тәсілі ретінде әлеуметтік тәсілді келтірген, мәселен бұл тәсілдің маңызы ретінде аймақты әлеуметтік-экономикалық территориялық бірлік, өзінде дамудың экономикалық – географиялық және әлеуметтік, саяси факторларын кіргізеді.

Америкалық зерттеуші, экономист У. Айзардтың «Аймақтық талдаудың әдістері» еңбегінде аймақтық ғылымның негізгі нысаны шекаралық ортақтығы бар ерекше байланыс, сонымен қатар екінші ретте оны құраушы элементтердің ортақ бірлігі мен бірегейлігі бар аймақ немесе территория деп белгіледі [71]. Ғалымның зерттеуінде «аймақтық» деген терминді аумақ, шекаралық деген мағынада синоним ретінде көрсетеді. Бұл еңбегінде аймақтық ғылымды әлеуметтік ғылымдар жүйесінің ішіндегі жаңа пәнаралық өріс деп анықтады. У. Айзардтың пікірінше аймақты зерттеу және оның нақты өнеркәсіп кешенін зерттеу белгілі бір сипатқа ие. Оны талдау аймақтың техникалық, сауда немесе тағыда басқа өзара іс- қимылдарының ерекшеліктерін анықтауды мүмкін етеді.

Қарастырылып отырған Орталық Азиялық аймақты да бір арнаға тоғыстыратын факторларды тізбекке келтіруге болады, мәселен бұл аймақтың географиялық, шекаралық орналасуындағы жақындық факторынан бастау алып, келесідей іс-шаралармен, мәселен оның толыққанды саяси- әлеуметтік және экономикалық даму перспективаларының бір сарында жүргізілуі.

Әрбір ғылыми ізденістерде және ғылыми жұмыстарда зерттеудің алдыңғы баспалдақтарындағы қадамның бірі оның зерттелу тарихы мен жүріп өтілген үдерістерді нақтылап, оны саралап, осы жолдағы ерекшеліктері мен қайталанбас құбылыстарды анықтау. Осы тұрғыда, бұл диссертациялық жұмыстың алғышарттары Орталық Азия аумағының өзіне тән ерекшелігін алдыңғы орынға қойып, оның қазіргі жаһанданау заманындағы алатын орынының аталмыш нақты факторларға байланысты жоғарылауының себептері мен оған әсер ететін жағдайларды анықтап алып және оған қоса оны саяси өзгерістерді туындататын салдарлар мен себептерді нақтылау жүргізілді.

Орталық Азия дегеніміз- еуразия континентнің нақ ортасында орналасқан аймақ, ғасырлар бойы территориялық бірлікте жақын болған және ерте замандардан бері ұқсас тарих пен салт- дәстүр, тіл мен дін, ұқсас мәдениет пен

шаруашылық ұстанымдары да келетін мемлекеттердің жиынтығын айтамыз. Негізінде бұл аймақтың тарихы тұңғыық тереңнен бастау алады және осы жоғарыда аталған факторлар да Орталық Азияны өзге аймақтардан ерекшелендіріп, өзгешелендіріп тұратын факторлар болып есептелінеді. Тіпті, аймақтың консолидациялануына әкелетін, оның шоғырлануы мен бірігіуінде алғашқы нақты қадамдарына жол ашатын фактор ретінде аламыз.

Осы тұрғыда қазіргі таңдағы аса маңызға ие мақсаттардың бірі болып есептелінетін аталмыш аймақтың бірігу перспективасындағы бүгінгі, ертеңі және ұзақтылық перспективасындағы болашағы болып табылады. Алғашқы қарым-қатынастарда біршама түрде ынтымақтастықтың даму үдерістерінің оң нәтижеде жүргізіліп және ары қарайғы уақыттарда осы толыққанды интеграция тұрығысында алғышарттардың пайда болуы маңызды міндеттерге жатқызамыз. Осы диссертациялық жұмыста қолданысқа енгізіліп отырған және негізге алынып отырған термин «консолидация» ұғымын – Орталық Азияның интеграциясы бағытында бастапқы қадам ретінде қарастырып, осы зерттеуге шоғырландыру процесі жүруі негізінде енгізіп отырмыз. Ал, интеграция ол ынтымақтастықтың толыққанды, біріккенді түрде және нақтылықты талап ететін ұғым ретінде жүреді.

Жалпы Орталық Азияны зерттеуде, атап айтқанда Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларын зерттеуде теориялық- әдіснамалық тәсілдерді сәйкестіндіру және анықтау, зерттеуде алынған және қолданылған теориялар мен концепциялар Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық өзара ынтымақтастығының белсенділігін көрсетеді. Алынып отырған «консолидация» ұғымы Орталық Азияның аймақтық бірігуіндегі алғашқы қадам ретінде қарастыруға мүкіндік береді, оның оң нәтижеде үдерістерінің жоғарылауын қамтамасыз етеді.

Негізінде, Орталық Азия аймағының ынтымақтастығы тұрғысында бірігу факторлары мен қадамдарының көптігін де атап айтқан жөн, себебі қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан құбылыстар әсіресе, Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларында көптеп орын алуда [138, б. 54]. Бірақта, осы аймақтың кооперация бағытындағы кедергі деп те саналынатын бәсекелестіктің орын алуы үдерістері де бар және бұл саяси аренадағы қалыпты жағдай деп есептелінеді, себебі дамушы елдер арасындағы өзіндік сау бәсекелестік аталмыш мемлекеттерді бірқатар дамудың процесстерінің өсуіне әкеліп соғатын құбылыс. Диссертациялық зерттеу жұмысында да жоғарыда аталынған аймақтың ірі екі мемлекетін алуымыздың негізі де, аймақтық ынтымақтастықтың ядросы бола алатын және қарым- қатынастарының өзгеру үдерістеріне қарай негізгі акторлар ретінде Қазақстан мен Өзбекстанды алуымыз да өзекті себеп бола алады. Әрине, аймақтың бірден толыққанды бірігуі жөнінде айту артық болғаныменде, кішкентай қадамдармен аймақтың ұзақтық перспективасында үлкен апгрейд жасау мүкіндіктерінде бар.

Интеграцияның теориясын зерттеушілердің бірі профессор Б. Баластың еңбегінде «Теория экономической интеграции» аталмыш терминнің бірнеше формаларын анықтап жазған, мәселен:

- еркін сауда аймағы;
- кедендік одақ;
- нарық;
- экономикалық одақ және толыққанды интеграция.

Сонымен қатар, теориялық принциптерді төмендегідей аталған жобаларға тиісінше қоладанады. Мәселен, ортақ Еуропалық нарық, еркін экономикалық сауда аймағы және латын – америкалық интеграциялық жобаларға. Нақытылап айта кетерлік жайт осы интеграциялық тақырыпқа байланысты әрбір басқа мемлекеттің интеграциялық жобаларын мысал ретінде алып, оны жүзеге асыру қате шешім болары анық, себебі әр аймақтың өзіне тән ерекшеліктері мен табиғи өзгешеліктеріне байланысты, нақты аймақтың саяси ахуалы мен тіпті жаһандық саяси жағдай мен мәселелерге қарай басқалай болатындығын ескерген жөн [73].

Әртүрлі теориялар мен концепттерді зерттей келе мынадай шешімге келуге болады, ортақ негіз бола алатын алдыңғы сұрақтарға жауап іздей отырып, экономикалық дамудағы маңызды фактор ретінде байланыстырушы бағыттар ретіндегі мемлекеттер арасындағы экономикалық даму деңгейінің ұқсастық жақтары мен сол деңгейлік үдерістердің бірдей шамада болу мәселесі оның салдарларына әсер етеді.

Жоғарыда аталып өткендей Орталық Азия елдерінің басқаларға ұқсас емес мейлінше өзіндік өзгешеліктері оның даму үдерістерін әсер етуі маңызды фактор болып есептелінеді. Басқа аймақтық интеграциялық қауымдастықтардың мысалын Орталық Азия үшін тек жекешеленген түрде қарастыруға болатындығы түсінікті.

Орталық Азияны зерттеудегі негізгі теориялар мен концепттерге байланысты Х. Моргентаудың реализм теориясы бойынша мемлекет – халықаралық қатынастардың негізгі акторы болып табылады. Мемлекет-өзіндік ұлттық мүдделеріне ие, өзіндік ұлттық қауіпсіздікті қорғау және оны одан әрі тұрақтыландырып, нығайтудың жолдарын көздейтін автономиялық аймақтық ойыншы және оның егемендігі мен өмір сүрудің салдары ретінде қарастырады [75, б. 156].

Яғни, реализм теориясының негізгі мәнінде мемлекет ұлттық мүддесін алдыға тарта отырып, нақты ресурстарды жинақтай отырып, әрі қарай мемлекеттің өзара даму мінездемесін жинақталған ресурстарға қарай шамалайды. Бұл мемлекеттің қуат деңгейінің көрсеткіші. Мемлекет әрқашанда өзінің даму және өмір сүру мәселелерімен, сонымен қатар қауіпсіздікпен қамтамасыз ету жолдарымен босамайды.

Зерттелініп отырған тақырып аясында аймақтық ынтымақтастықтың даму үдерістерін зерттеу барысында әрбір мемлекеттің ұлттық мүддесінің маңызын ашып зерттеп қарағанда, әсіресе Кеңес үкіметі құлағаннан кейінгі уақыттың өту барысында жаңа тәуелсіздік алған Орталық Азияның жас бес мемлекетінде де тәуелсіздіктің құндылығы 30 жылға созылған уақытта әлі де шоғырланған өзара іс- әрекеттерге қарсы келетін бір басты мәселе екендігі рас. Себебі, жаңа тәуелсіздігін алған елдерге маңыздысы осы тұрғыда қарастырылмақ.

Ендігі кезекте, мемлекет саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени және білім мен ғылым үрдістерінде негізгі рөл атқарушы актор. Осы орайда пандемия кезіндегі туындаған әртүрлі мәселелерден мемлекеттің атқаратын қызметінің аса өскені байқалынып, неореалистердің ойларын растайды [76].

Диссертациялық жұмыстағы зерттелініп отырған мемлекеттерді, Қазақстан мен Өзбекстанды алдымен халықаралық қатынастар жүйесіндегі егемен, тәуелсіз елдер ретінде қарастырып, негізгі атқарушы актор ретінде қарастырамыз.

И. Валлерстайнның әлемдік саясат теориясы ғаламдық елдерді тарихи жүйелерге бөліп қарастырған болатын, бірақ осы теориямен көп ғалымдар келіспеушілік білдірсе де ғалымның бұл саяси-әлемдік теориясы тарихқа бірыңғай жаһандық үдеріс ретінде қабылдап және тарихи жаһандандудың пайда болуына өз әсерін тигізді [77].

Өнеркәсіптік аймақтың географиялық жақындығы теориясы немесе реляциондық жақындық Ч. Сиерраның [78] анықтаулары бойынша халықаралық өзара ынтымақтастықтың одан әрі дамып, жүзе асырылуына, мәселенәлеуметтік байланыс пен географиялық –мәдени жақындықтары елдердің әсер етіп қана қоймай, оның одан әрі дамуын жеңілдететін түсетін анықтамалар болып есептеледі.

Реляциялық жақындық теориясының негізгі мәнінің бірі әлеуметтік байланыстар мен географиялық және мәдени жақындық халықаралық ынтымақтастықты жеңілдетеді.

Теориялық –методологиялық зерттеулердің келесісіне М. Ларюэль мен Г. Хейлдің еңбегін жатқызамыз. Олардың айтуынша өркениеттік сәйкестілікті осы бірегейліктің әртүрлі формаларында саясатты зерттеудің концептуалдық құралы ретінде пайдалануды зерттейді [79]. Осы сұрақтарға жауап таба отырып, олар өркениеттік біркелкілік элитарлық немесе көпшілік, діннің құндылығының оның қалыптасуындағы рөлі және ұлтшылдықтың оған қатысы қарастырып қана қоймай, зерттеушілердің айтуынша бұл тәсіл қазіргі әлемдік саясаттың бірнеше үрдістерін түсіндіре алады. Мәселен, өркениеттік бірегейлік саяси элитаның сыртқы саясатын ғана емес, ішкі саясатты қалыптастыруда бірқатар қызметтер атқара алады.

Негізгі бұл аталған зерттеу еңбегінде келешек уақыттарда біріккен ортақтықтардың халықаралық саясат пен халықаралық қатынастарды реттеуші күштерге айналуы мүмкін деп санап, сонымен әрі қарайғы сәтте зерттелініп отырған тақырыбып Орталық Азия елдері үшін аймақтануды анықтайтын бір фактор ретінде қарастырылады. Үлкен экономикалық даму үрдісіндегі алып елдер мен мемлекеттер секілді консолидация аймақ үшін даму мен ынтымақтастықтың жаңа бір басқаша бастау болары анық. Тұрақтылық мәселесіне келгенде авторлардың айтуы бойынша шешімі сенім мен бірігуге деген ынтада болмақ. Бұл аймақтың елдерінің тәуелсіздік алып, еркін мемлекетке айналғанына отыз жолыдың көлемі енді болып, әлі сол сана сезімде жүргендіктін аталмыш интеграциялық процесстің жәй және ақырын жақын болашақта болуы мүмкін деген теорияға тоқталады.

Диссертациялық зерттеудің теориялық – әдіснамалық бөлімін Х. Маккиндердің [81] теориясы толықтырады. Бұл концепция бойынша елдердің ертеңгі жағдайы мен болашағындағы шешуші рөлді оның географиялық орналасу ерекшелігі маңызды рөл атқарады. Әлемдік саясаттағы аймақтың осьтік рөлін теңіздік кемелерге ашық жолы жоқ Еуразия континенті алады және белгілі бір елдің дамуында оның территориясының орталық шеңберде, нақ ортада және орталықта орналасуы деп есептейді. Бұл тұрғыда аймақтың бес мемлекетінің Еуразияның ортасындағы орыны мен географиялық ұтымдылығы оның бір ерекшелігіне жатқыза аламыз.

Бұл теорияда планетаның нақ ортасына екі теңізді Каспий және Арал теңіздерін, онымен қатар Әмудария және Сырдария, Еділ мен Енисейді қосып көрсетеді. Аталмыш жұмысында ғалым географияны халықаралық саясатқа және халықаралық қатынасқа тікелей байланысты қылып алады. Сонымен бұл арқылы Еуразия континентін нақты территориялық ыңғайлы және сәтті орналасу деп атайды. Бір жағынан алып қарағанда, бұл теорияда Еуразиялық аймақтың орталық рөліне баса мән бере отырып, зерттеушінің айтуынша бүкіл Еуразия континентіндегі геосаяси үрдістерінің барлығы жаһандық әлемдік саясаттың нақ ортасы деп есептейді. Теорияны оңай түрде түсіндіргенде географиялық тұрғыда орталық кеңістікте орналасқан мемлекеттердің саяси күші және экономикалық даму үдерістерінің деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз етеді. Бұнымен қоса әлемдік саясаттың жүргізілуіне өз ықпалын тигізуді жүзеге асырады. Ия, Орталық Азия аймағы Еуразия континентінің нақ ортасында орналаса отырып, ғасырлар бойы екі жер шарының жолдарын тоғыстырып отырған Ұлы Жібек Жолының бойында транзиттік жолдар арқылы өзіндік экономикалық жағдайын жақсартып алады.

Саяси және әлеуметтік тұрғыдан үлкен жолдардан немесе ең кең таралған адамдар өте алатын бағыттарда бірінші және ең айқыны теңіз жолдары болып есептеледі. Бірақ кейбір нақты бір теңіз жолдарына ие болу себептері басқа да альтернативті жолдарды іздеуге итермелейді. Бұл жолдарды сауда жолдары және оларды табу үшін әлемдік тарихқа жүгіну қажет [60, б. 23]. Адамзаттың тарихындағы бір-бірімен өзара қарым-қатынасқа түсу жолдары әртүрлі болған. Теңіз жағалуында өмір сүрген мемлекеттер мұхит арқылы басқа да елдермен қарым-қатынас үшін, сонымен қатар жаулап алу мақсатында да теңіз жолдарынан басқа шешім болмағандықтан осы бағытта әрекет еткен. Ал, құрлықта орналасқан және географиялық жағдайы теңізге немесе мұхитқа шығу жолдары жоқ мемлекеттер үшін сауда жасаудың, бір-бірімен ынтымақтастыққа түсудің шешімі керуен жолдары болды.

Халықаралық саясаттың әлеуметтік теориясын зерттеуші А.Вендт халықаралық саясаттың мәдени тұрғысынан қарап, оны мемлекеттер бірін –бірі дос немесе қарсыластар ретінде қабылдауы олардың арасындағы қарым-қатынасты анықтаушы фактор ретінде қарастырды [80]. Бұл мәденилік жағы олардың халықаралық жүйедегі ортақ тенденция немесе ортақ мемлекеттік мүдделердің қалыптасуына әсер ететінін анықтады.

Пост кеңестік елдерді зерттеуде аса маңызды болып саналатын «евразийство» теориясына сәйкес Еуразиялық континенттегі аймақтың елдерінің ортақ тарихи және тұрмыстық ортақтықтарына сәйкестеп, әлемнің даму тарихына жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Осы ретте жана «неоевразиялық» идеясында қарастыруға болады.

Әлемде ынтымақтастық үдерісінің болу идеясы, әрине, рас. Мысалға алғанда ағылшындық күштің әлемдегі қауқары мықты болған уақытты алып қарасақ ағылшындықтар микро және макро деңгейде қарым-қатынас жасаған. Олардың Үндістандағы күші өте мықты болды. Бірақ бұл олардың қандай да бір келісімшартқа отырып немесе өзара қарым-қатынасқа түспеді деу қате түсінік болар, себебі таңдау билік пен ынтымақтастықта емес, олар әрқана болған. Мәселе қалыптастырушы күштің не екенінде. Сондықтан, табиғи эколгияның өзгеруін нақты мысал ретінде алып қарастырамыз [62, б. 19].

Орталық Азия елдерінің тұрғындары мен шығыстағы, оңтүстіктегі, бастыстағы және Еуразияның солтүстікорталығындағы елдері арасындағы өзара қарым-қатынас көші-қон, басып алу, соғыс, сауда және одақтас болу сияқты үдістерге ұласып отырды. Бұл қарым-қатынастар тарихи фактілер, технологиялардың таралуы, әлеуметтік институттар, мәдени және діннің сол елдерге ықпалы білініп, өзгерістерге әкелді. Ең соңында саяси, әлеуметтік және экономикалық ұйымдарда өзгерістерге ұшырады. Мемлекеттер мен империялар апйда болып, дамып, құлап немесе басып алушылыққа ұшырап, екінші мемлекетпен бірігіп кету саяси процестері жүрді. Осы уақыттарда Орталық Азияның қандай да бір елдердің саяси ұйымдардың тек аймақта ғана емес алыс жерлердегі өркениеттердің және империялардың өмірінде қандай рөл атқарды? [82, б. 68].

Халықаралық саясат жалпы саясат ретінде билікке талас болып есептеледі, осыған орай қажет болған жағдайда саяси билікке талас сублимацияға ұшырап, физикалық күштер қолдануы мүмкін. Осыдан соң саяси биліктің әртүрлі үш түрі сыни түрде зерттеледі (статус-кво, империализм, престиж), ұлттық биліктің элементтері және халықаралық биліктің шектеулері (баланс күші, халықаралық мораль, әлемдік-бұқаралық көзқарас және де халықаралық құқық) [63, б. 1].

Әлеуметтанушы ғалым С.Хантингтонның теориясы бойынша әлемдік саясат жаңа фазаға аяқ басуда және интеллектуалдар бірден оның болашақ келбеті туралы көптеген нұсқаларды жаудыртты. Тарихтың соңы қайтадан дәстүрлі мемлекеттер мен елдер арасында бақталастыққа әкеледі. Ұлттар мен мемлекеттердің әртүрлі тенденциялардың әсерінен құлауы трайболизм және жаһандануға және т.б. алып келеді. Бұл нұсқалардың әр қайсысы туындаған шынайылыққа, жекелеген аспектілеріне әкеледі. Бірақ бұл жерде ең маңыздысы осьтік аспект мәселесі жоғалады. Ғалымның айтуы бойынша әлемдегі дау-дамайлар мен қақтығыстарға әкелетін себеп-салдар идеологиялық немесе экономикалық бағыттардан болмайды. Адамзатты бөлетін ең маңызды шектеулер және қақтығыстарды тудыратын бастапқы көздер мәдениетпен туатын болады. Халықаралық істердегі ең маңызды әрекет етуші актор ұлт,

мемлекет болып қала береді. Бірақ жаһандық саясаттағы маңызды қақтығыстар әртүрлі өркениетке кіретін ұлттар мен топтар арасында болады [83].

1994 жылы Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы араларындағы бірыңғай экономикалық аймақ құру келісімшарты Орталық Азиялық интеграциялық бірігудің бастапқы баспалдағы ретінде болды. Бұл аталмыш аймақтағы толыққанды позитивті және тұтас жаңа үдеріс болды. Кеңес Үкіметі құлап, тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанды және Орта Азияны экономикалық аймақтарға бөлу тарихта қалды. Ендігі уақытта Кеңес Үкіметінен кейінгі бес тәуелсіз мемлекет өздерін территориялық және географиялық тұрғыда Орталық Азия аймағына кіреміз деп санайды [1, б. 1].

Әрбір мемлекет жергілікті түрде өзінің егемендігін сақтай отырып, аймақтық халықаралық ынтымақтастыққа араласады. Орталық Азиялық елдер де осы ретте өзіндік экономикалық тиімді жолдарды қарастыруға міндетті. Консолидациялы аймақтың мемлекеттерінің ара-қатынасының өзгеруі негізінде жүретін үдеріс. Оған саяси элитаның еркі және тандауы басым маңызға ие.

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында бірыңғай экономикалық аймақты құру келісімшарты екі мемлекет арасында достық келісімшартына негізделіп, ынтымақтастық және өзара көмек көрсету уәделеріне сәйкес 1992 жылы 24 маусымдағы жаңа келісімшартта көпғасырлық халықтардың бірегейлігіне негізделді. Екі елдің арасындағы әртараптық көршілестік қатынастарды одан әрі қарай дағым, біріккен экономикалық реформалар өзара іс-әрекеттердің координациялау және нарықтық қатынастарды дамыту, одан әрі екі жаққа да пайдалы экономикалық байланыстарды қалыптастырып, Қазақстан және Өзбекстан республикалары арасындағы 1994-2000 жылдар аралығында экономикалық интеграцияларды одан әрі қарай дамыту жобасы іске асыру барысында жүзеге асты. Орталық Азияға тән екі ерекшелікті атап өткен жөн. Біріншісі: тарихи және мәдени өркениеттік және геосаяси тұрғыда тек жеке мемлекеттерге емес бүкіл Еуразиялық аумаққа тән ерекшелікті айтамыз, одан әрі аймақтың фундаменталдық осал жері тек өркениетті тұрғыда болуы мүмкін. Егерде экономикалық, әлеуметтік, саяси тұрақсыздықты өркениеттік контекстте жеңіп шығуға болады. Екінші ерекшелігі: Кеңес Үкіметінен кейінгі Орталық Азиялық мемлекеттер тәуелсіздік алған мемлекеттержеке, еркін елдер ретінде жаһандану заманында, тіпті одан әрі глоколизация уақытында болды. Ал, оның ең маңызы локалдық және территориялар мен аймақтарды тігінен жаһандық әлемге бағыттау болып табылады [84, б. 132].

Географиялық территориялық жақындық және ортақ әлеуметтік мәселелер (сауда кооперациясы, Аралдағы экологиялық жағдай, су қолданудағы үнемдеу технологияларының мәселелері, көші-қон үдерістері, ұлттық қауіпсіздік). Аталған мәселелер Қазақстан мен Өзбекстанды стратегиялық серіктестік жолына итермеделі. Бірақ мәселелерді шешудегі әртүрлі әдіс-тәсілдер және басшылардың арасындағы айқын бақталастық

зерттелініп отырған екі мемлекет арасында қандайда бір мәселелерін туындауына түрткі болды [2, б. 1].

Орталық Азиялық мемлекеттердің интеграциялық мәселесі бұрыннан келе жатқан нақты шешуші жолын таппаған үдеріс болып саналады. 2009 жылғы құрылған институционалдық Орталық Азиялық Аймақтық Экономикалық Ынтымақтастық өзінен күтілген нәтижелерге жете алмады.

Тәуелсіздік уақыттарынан кейінгі бұл елдерде сауда траекториясы да толыққанды өзгеріске ұшырады. Реляциялық жақындық теориясына негіздеп, аймақтың елдерінің назары жақын орналақан, көршілес елдерден бастау алуы шарт болып табылады.

1990 жылдары Орталық Азия мен Ресей арасындағы сауда ағындары ақырындап азайып, бірақ басқа мемлекеттермен және аймақтармен, соның ішінде аса қатты деңгейде Еуропа елдерімен жылдам қарқында өсті. Ресей мен ара – қатынастағы сауданың қарқынының төмендеуін ортақ пост кеңестік мемлекеттердегі нарықтық экономикаға көшу барысындағы экономикалық дағдарыс негізінде түсіндіруге болады. Осыдан кейінгі уақыттарда Орталық Азиялық сауда қатынастарының үдерісіне Ресейдегі 1998 жылғы экономикалық дағдарыс себеп болды. Бұл кезеңдерде аймақтың мемлекеттерінде әркілі интеграциялық өзіндік көзқарастар пайда бола бастады. 2001 жылы Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан елдері Ресей мемлекетімен интеграциялық байланыстарды жақсарту мақсатында Еуразиялық экономикалық ынтымақтастық ұйымына кірді. Бұл уақытта Түркіменстан және Өзбекстан бұл ұйымға аса сеніммен қарамай, бұл ұйымға кірмеді. Осы уақыттарда Орталық Азияның мемлекеттері бес елді біріктіретін ешқандай да интеграциялық бастамалар болмады [49, б. 5].

Қазіргі уақытта Орталық Азия мемлекеттерін бір объективті үдеріс ретінде қарау үшін нақты бір ымыраға келу жолдары бар. Осы кезеңде аймақтың бес мемлекеті әлемнің геосаяси ойыншылар үшін маңызды.

Беркли университетінің профессоры Эрнст Б. Батыс Еуропалық интеграцияның мәселелерін зерттеуші ғалым өзінің еңбектерінде бір саладағы халықаралық ұйымдардағы қарқынды даму және оның жоғары көрсеткіштері интеграцияда басқада салалардың дамуына әсер етуші фактор бола алады деп келтіреді. Экономикалық қана пайданы ойлау егерде ол терең идеологиялық мәденилікпен байланыспаса қиынға түсетінін жазды. Бұндай жағдайда саяси интеграцияның тиімді болмауы сөзсіз және бәрібір де уақыт өте пайдасын көрсетпейтінін келтірді [74, б. 19].

Диссертациялық зерттеу жұмысында қолданысқа алынып отырған «консолидация» ұғымы – латын тілінен алғанда бірігу, біріктіру, шоғырландыру және басын біріктіру деген мағынаны білдіреді. Бұл ұғымды алудағы басты мақсат және себеп Орталық Азия мемлекеттерінің интеграциясы және бірігудегі үдерістерін ақты түрде айқындап, қарастыру және зерттеуде интеграцияның толыққанды бірігу деген мағынада қолданылуын анықтап алып, бұл нақты консолидация термині осы интеграцияға деген алғашқы қадам ретінде түсіндіру негізінде алынған.

В. Паретонның саяси элита теориясына сәйкес әрбір басқару элитаның басқару уақытының шегі мен өзгеруі табиғи құбылыс [85]. Ол теңіздің толқыны секілді бірде жоғарылап, кейде екпінін өзгертіп, бәсеңдейді. Нақты, зерттеуге алынып отырған аймақтың да өзгеру кезеңі басталғаны сөзсіз. Алдағы уақыттағы өзгерістердің Орталық Азиялық аймақтың ынтымақтастығының тиімділігін көру мүмкіндіктерін анықтауға болады.

Интеграция ол мемлекеттер арасындағы толыққанды бірігу және қосылу деп қарасақ, консолидацияны тұтастай бұл үдеріске жатқыза алмаймыз. Бұл ұғым осы бірігуге деген алғашқы қадам, алғашқы іс- әрекет ретінде түсіндіріп, консолидация деген мағынада алынды.

Қазіргі уақытта жағдай біршама басқаша сарынға түскен. Өзбекстанның Еуразиялық Экономикалық Одаққа бақылаушы мемлекет ретінде мәртебеде болуы аймақтық өзгертулердің біршама жүріп жатқаныдығын көрсетеді. Бұл аталған үдеріс көптеген саясаткерлер, халықаралық қатынастар мамандары мен саяси элиталар арасында әртүрлі ойлар мен нұсқалардың пайда болуына әкелді. Негізінде жалпылама түрде алғанда белгілі бір мемлекеттің өзгерістерге жол беруі, трансформацияға ұшырауында нақты маңызға ие болатын ол сол елдегі халықтың көз- қарасы мен дауысы болып есептеледі.

Популисттік және демократиялық басқару формаларында ең оптималды нұсқасы жерін тауып, оны рухани және қаржылай дамуда қолдану болып табылады. Үлкен және өзіне сенімді егеменді мемлекеттерге стандартты бірқалыпты жолдар келмейді. Өзіндік жаңа, басқаға ұқсамайтын жолды табуға тиісті [52, б. 89]. Аймақтың қазіргі жағдайы мен болып жатқан өзгерістер мен трансформацияға сәйкес бұл аумақтағы мемлекеттерге әлі де болса біршама уақыттың керектігі байқалады.

Аймақтың өзара қарым- қатынасы аталған реляциялық байланыс пен мемлекеттің икемділігі теорияларына қарай негіздеп алса, Орталық Азиялық аймақ елдерінің жақындығы мәдени- әлеуметтік, географиялық тұрғысынан анықталса, халықаралық ынтымақтастықтағы басты рөл атқарушы мемлекет екендігін ескере отырып елдердің әртүрлі жағдайлар мен құбылыстарға қарай икемді болуға тиісті екендігін айтуға болады.

Зерттеу жұмысының бұл бөлімінде әлемнің саяси қалыптастырушы негізгі теориялар мен концепттерді қарастырып, оларға талдау жүргізе отырып, Орталық Азияның аймақтық қана емес, халықаралық ынтымақтастықтарының жетілу үрдісін және де аймаққа негізделген ғылыми жұмыстардың теориялық маңыздылығын аша отырып Орталық Азиялық аймақтың зерттеулеріне теориялық талдау жүргізе алдық.

1.2 Орталық Азияның консолидациясын зерттеудегі шетелдік тәсілдерге талдау

Орталық Азия мемлекеттері қатынасында аймақтың болашағын зерттеу және талдау жер бетінің әртүрлі зерттеушілері мен саясаттанушылары біршама уақыттан бері айналысып жүрген маңызды тақырыптардың бірі болып есептеледі. Шетел ғалымдары мен зерттеушілерінің жұмыстарын және

еңбектерін зерттей отырып, берілген аймаққа талдаулар әрқилы. Қазіргі жаһандану заманындағы әрбір мемлекеттің ұлттық мүддесінің маңыздылығы оның мемлекет басқарудағы ажырамас бөлігі болып саналады. Бірақта белгілі бір аймаққа кіретін мемлекеттердің бірігіп, сырттан келген жанадан туындаған қауіп-қатерлермен мәселелерге ортақ жауап іздеп, бірге іс-әрекет жасауы қазіргі таңдағы аса маңызды бағыттардың бірі.

XVI- XVII ғасырлар аралығында үш империя аймақты бөлді. Иранда Сефевидтер династиясы 1501- 1727 жылдары және шиизмнің ресми түрде дін болуы кезеңдері. Өзбектер 1501 жылы Самарқандтан алыстап, Моғолдар империясының негізін қалаушы Бабырды жіберіп, 1857 жылы британдықтардың қолынан жойылды. Орыс және Британ империяларының негізінде Моғолдардың империясының жойылуына әкелді. Аталмыш мемлекеттер өздері 1947 жылдары құлап, елу жыл артқа тастап Кеңес үкіметінің құлауына әкелді [86, 70 б].

Империялардың негізінде сауда-экономикалық, саяси-әскери және территориялық жаулап алушылық мүдделері болды. Швейцариялық саяхаттаушы А. Мозер өзінің жазбаларында Орталық Азиядағы табиғи ерекшеліктерді былай сипаттаған, бұндағы әр жерге тасталған таяқтан жемістер шығады деп көрсеткен. Орталық Азия Батыс пен Шығыстың арасында, Еуразиялық континенттің ортасында, шығысында Каспий теңізі, бірақ теңізге ашық жолсыз болғандықтан әрқашан стратегиялық назарда болды. Тарихи 1991 жылғы жаңа мемлекеттердің пайда болып, Кеңестік үкіметтің құлауы елдер арасындағы байланыстың үзілуіне әкелді.

Аймақты зерттеуші отандық, шетелдік ғалымдар өзіндік әдіс пен әдіснаманы жасап шығарған. Көбінесе осы аймақтағы даулы мәселелерге көп көңіл бөлген.

Шетелдік зерттеушілерін қазір екі топқа бөліп қарастыруға болады. Алыс шетел зерттеушілері мен ТМД елдерінің ғалымдарының еңбектері. Жалпы Орталық Азиялық аймаққа бағытталған жарияланымдар мен еңбектермен қатар, нақты Қазақстан мен Өзбекстанға арналған зерттеулердің аз көлемде ғана екендігі анықталды. Тек жалпылама түрде аймақтық деңгейде қарастырылуда.

Еңбектердің ішінде аймақтың дамуы мен болашағы, бұрыннан келе жатқан мәселелер жиынтығын көрсетуші зерттеулер, тұжырымдамалар мен авторлардың берген бағалары бар. Шетел зерттеулерінде Қазақстан табиғи ресурстарға бай, экономикалық потенциалы жақсы мемлекет ретінде сипатталады. Өзбекстан туралы зерттеулер елдегі саяси өзгерістердің орын алуынан бастап, президенттің өзгеру уақытынан бастап белең алуда. Көбінесе, елдегі реформалық жобалар, саяси өзгерістер мен экономикалық жандануға арналады.

Шетел зерттеушілерінің тақырыптары әртүрлі салаларды қамтиды, олар саяси, әлеуметтік- экономикалық мәселелер, террористік проблемалар мен есірткі саудасы, діни радикализмнің күшеюі мен этникалық үдерістер, экология мен климат өзгеруі, басты зерттеулердің көбісі су- энергетикалық даулар мен

мәдени даму жақтарына арналған. Солардың ішінде атап өтетін М. Ларуэльдің пандемияның Еуразиялық континенттегі әсері мен салдарын тереңінен зерттесе [111, б. 198] және бұнымен қатар шетел зерттеушілерінің аса қызығып талдауға алатын тақырыптарының бірі Орталық Азиядағы Қытайдың мүддесі тақырыптары болды [112].

Шетелдік, алыс және жақын шетел зерттеулерін талдай отырып Орталық Азиялық аймақтың халықаралық ынтымақтастығына берілген баға мен сын әртүрлі. Қазіргі замандағы ұлттық мүдденің алғашқы орында екендігі рас және интеграциялық үдерістер мемлекеттер арасындағы кедергіге айналуы мүмкін. Осы контекстте консолидация бұл кедергілерді айналып өтуге мүмкіндік беретін механизм ретінде жүретінін айтуға болады.

Аймақта көшбасшы орнына үміткер екі мемлекет, әрине, олар Қазақстан мен Өзбекстан елдері. Қазақстан өзінің табиғи ресурстарының байлығымен және біршама дамыған экономикалық жағдайы бар мемлекет болып есептеледі [92, б. 55]. Ал, Өзбекстан аймақтың қырық пайыз халық санын құрай отырып және әскери потенциалмен ерекшеленеді. Геосаяси тұрғыдан алып қарағанда Қазақстан және Өзбекстан мемлекеті ең маңызды болып есептеледі. Жалпылама түрде Орталық Азияның келешектегі жағдайы аймақтың ең ірі мемлекеттері Қазақстан және Өзбекстанның өзара ынтымақтастығымен өзара іс-әрекетінің нәтижесінде ары қарай өрбитін болады. Мәселен, кезіндегі Еуропалық интеграцияға орталық бола алған Германия және Франция мемлекеттері сияқты аймақтық оське айнала алады. Әрбір бастамада бастаушы негізгі драйверлер болады, ол мемлекеттер болсын, болмаса іс-әрекеттер болсын басқада механизмдерде орын алса да әрбір үдерісте өзінің біріктіруші бір күштің болатындығы рас. Осы тұрғыда Орталық Азиядағы интеграция мәселесіне келгенде ортақ локомотив елдер деп белгілеп, оның саяси-экономикалық шарқы мен деңгейіне қарап, әлеуметтік факторлар мен қоса бұл жерде әсер етуші демографиялық факторларлы қарастырып қосқанда айқын түрде Қазақстан мен Өзбекстанды аймақтағы ірі мемлекеттер деп алып, олардың ықпалының басқа қалған үш елге жүру әсерінің барын да атап кеткен жөн. Енді осы мақсатта аймақтағы басты назара аударатын және зерттеуге алатын ол екі ел арасындағы қарым-қатынастың іске асу деңгейі мен болашақтағы перспективаларын қарастыру маңызды фактор болып саналады. Айта кететін мінездемелерге аймақтық елдерге оның жас елдер екедігінде, тарихи шартта осыншама жыл Кенес Үкіметінің құрамында болған және сондай бірегей экономикалық тізбекте болу үдерістері бұл аймақтың елдері үшін бірі теріс жағын білдірсе, бірі оң өзіне керек іс-әрекеттік жүйелерді де алып қарауға болады.

Г.Ч. Акунованың зерттеуінде Орталық Азиядағы Қазақстан мен Өзбекстанның рөлін аса маңызды деп санап, кезіндегі еуропалық интеграциядағы Франция мен Германияның мысалында орталық оське айналуын анықтаған [87].

Шведтік ғалымдар Сванте Э. Корнелл мен Й. Энгвалл және Ф. Старр өздерінің еңбектерінде келесі бес, он жылдық уақыттағы өзгерістердің орын

алуын сипаттаған [88]. Авторлар жұмыстарында басты назарға Қазақстан мен Өзбекстанды алған және екі елдің шешімдері шешуші рөл атқарады деп жазған. Қазақстанның сыртқы істеріне көршілес елдер мен географиялық алыс болсада алыс шетелдік елдердің әсерін сипаттап келтірген.

Американдық зерттеушілер Д. Бургхарт пен Т. Сабонис-Хелфтың «Орталық Азия 21 ғасырда» еңбектерінде аймақтың әр мемлекетінің ерекшеліктерін көрсетіп, осы кезеңдердегі жаһандық саясаттағы орынын тереңінен зерттеген [114].

Шетелдік және басқа елдердің зерттеушілерінің жұмыстарында, еңбектерінде аймақтың бұл екі елдеріне бастамашылдық рөл берілгендігі жайлы көптеп кездестіруге болады. Қазақстан әлем бойынша жер көлемімен тоғызыншы орынға ие үлкен мемлекет саналса, Өзбекстан Орталық Азия бәріненде озық тұрған халық саны және демографиялық капитал бойынша. Осы аталмыш факторларда нақты түрде екі елдің аймақтағы маңызын анықтаушы ретінде жүргізіледі [97].

Барлық зерттеу еңбектерінде белгілі бір мәселені айқындап қарастыру және зерттеу жүргізуде оның тарихынсыз және оның өткенін қарамаусыз өте алмайды. Себебі оның тарихы мен сол мемлекеттің өзгеру үдерістерінің қандай күштермен және қандай түрткілер әсер еткендігі арқылы оның траекториясын анықтауға жол ашатын бірден бір бағыт [94]. Тарихқа сүйенсек Орталық Азияның аймақтық конфигурациясы бірнеше рет өзгеріп, трансформацияға ұшыраған.

Империялардың соңында сауда-экономикалық, әскери-саяси және территориялық мүдделер болды. Бұнымен қоса ең маңыздысы табиғи байлықтар мен пайдалы қазбалар екендігі анық. Әлемнің екі шетін біріктіруші, Батыс пен Шығысты жағастыратын жол тораптары бар, еуразияның нақ ортасындағы орыны бар, пайдалы қазба ресурстарға бай, кен мен пайдалы қазбаларына мол, шығыста Каспий теңізі жағалауында шектесіп жатқан, бірақ сонымен қоса үлке мұхитқа шығар жолы жоқ Орталық Азия елдері әрқашанда әлемдік алыптардың стратегиялық назарында болады және қазіргі таңда да әлі күнге дейін қызығушылықтары артпаса кемімеген аймақ болып саналады [31].

Орыс колониясына айналып, жетпіс жыл уақытта Кеңес үкіметінің құрамында болып және тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыт ішінде аймақтың елдері парадоксалді түрде бірігудің алғышарттары қадамдарының іс-әрекеттеріне толықтай жауап бере отырып, қазіргі қалпына келіп отыр. Бірақ бірден тәуелсіздік алған жылдары алғашында бұл елдердің арасындағы бөлінушілікке алып келді.

Орталық Азия мемлекеттері туралы зерттеуші ғалымдардың бірі Гент Университетінің қызметкері Б. Кордые қазіргі таңда аймақтың жаңа кезеңге өту сәттері және де жаңа ұрпақтың жаңару сәті деп анықтайды. Бұл зерттеушінің айтуы бойынша аймақты біріктіруші аса маңызды фактор мұсылмандық бірегейлік концепция ойлап табу деп есептейді. Бұл Орталық Азия мемлекеттеріне өтпелі кезең уақыттарындағы пайда болған бір тұтынудан шығу жолдарын анықтап береді. Себебі, бес мемлекет орыс мәдени даму

модельдеріне және сол секілді батыс мәдениетіне аса мән беру қатты жүргізіліп, бұл үдерісте аймақтың халықының назарында аса қатты бол алмағандығымен түсіндіріледі [98]. Сонымен қатар, зерттеуші еңбегінде Егерде исламға дінге мұсылмандық Еуразия қауіп- қатер ретінде емес, перспектива жүзінде қараса деп есептейді. Мәселен, әлеуметтік реформалар және шын, әділ тәртіпті орнату барысында бұл жерден басқа жайлы ықпал көруге болатындығын айқындайды. Соңғы он бес жыл аралығында жаңа, интеллектуалды ойлары озық келесі ұрпақ өсіп-өнді және бұнымен қоса аймақтың жаһандағы рөлі мен стратегиялық маңызы артпаса кеміген жоқ. Осы себепте әрине, араб, малай және еуропалық мұсылмандар екінші ұрпақтарында тарихи –географиялық факторлардың әсерімен араларындағы өзгешеліктердің орын алуына әкеліп соқты. Осыған орай Орталық Азияның да халқы өздеріне тән ерекше және әлемдік сенушілер ортасына ортақ мағына табуға болады деп жазады. Келер уақыттың қиын және өзгеше боларында сөз жоқ деседі, бірақта діннің бұл аймақтарға басқанда бастамалардың бере алмаған альтернативасын ұсынынарына нық сенім білдірген.

Осы аймақтық интеграция мен шоғырлануды зерттеушілердің бір тобы американдық ғалымдар ортасы. Бұның бір мүшесі ғалым, зерттеуші Стивен Фиштың зерттеуіне сәйкес саяси элиталар арасындағы өзгерушілік тенденциясының тереңдігі демократияға өтуші елдердің экономикалық реформаларының тиімділігін анықтайды. Орталық Азиядағы саяси модель болашаққа конструктивті негіз бола алмады. Қазіргі басқарушы элитаның әлі күнгі уақыттада кеңестік ойлармен бөлісіп, одан өзіне дұрыс шешім ретінде қарауы және сол менталитетте қалуы мемлекеттік экономикалық және саяси кірігудің жоғары деңгейі саяси жүйенің орталықтануына әкеледі [99, 312 б]. Бұл зерттеушілік ойларға сәйкес аймақтың саяси элиталарының саяси стратегиялық дамуды анықтау барысындағы ойлар әрине өзгеруге әліде келмегені түсінуге болады. Себебі, жаңа Кеңес үкіметтік байланудан шыққан жаңа егеміндік алған елдердің санасының өзгеруі мен жаңаруы, модернизациялануы өте асығыс шешім болмақ. Енді қарастырғанда жаңа ғана тәуелсіздіктің үш онжылдығы болатын елдердің әлі де болса ой санада ойлайтындығы анық болып табылады. Бұл тұрғыда енді зерттеп қарасақ ендігі жылдарда өзгерудің алғышарттарын байқаймыз. Оған көптеген себептер мен салдарлар әсер етеді. Тек қана бір жақты қарастыруға болмайды. Мәселен, тізбектілік жүйесіне сәйкес табиғи үдеріс жүріп отыруға тиісті. Қиыннан және қолдан жасалған ешқай үдеріс оң жолда және ұзақ перспективада қарастыру қиынға түседі. Сондықтанда, аймақтың елдерінің саяси эилтадағы өзгерістерге келуі бірашама уақыт талап ететіндігі рас.

Орталық Азияның тек қана интеграциясы мәселелері ғана емес, бұдан бөлек оны жүйелі тарихи өткенін зерттеуде осы еңбектерді қосуға болады. Мәселен, К. Риеастың «Егемендік жылдарындағы Орталық Азияның тарихы» еңбегі [159], Орталық Азиядағы дәстүрліліктің маңызы тақырыбында [154] және Л. Анкесшидің [118] зерттеулерін қоса аламыз.

1994 жылғы қаңтардың онындағы Ташкент қаласында қол қойылған бірегей экономикалық аймақ құру келісімшарты 1994 -2000 жылдар аралығындағы екіжақты экономикалық интеграцияның одан әрі дамыту үдерістерін жүргізу мақсатында бағдарламаны жүзеге асыру және орындау негізінде қабылданды. Келісімшарт бойынша мемлекеттер арасында еркін сауда, қызмет, капитал, еңбек күші және келісілген кредиттік есеп пен бюджет пен салық, бағалық пен кедендік, ақша валютасы саясаты мен негізігі мәнде ортақ даму қоғамын қалыптастыру және осы экономикалық даму аймағының және еркін қозғалу мәселерін шешіп, осы бойынша одан әрі қызмет ету маңызды мәселе ретінде есептеледі.

Әртүрлі мемлекеттер зерттеушілерінің берген талдаулары аймақтың қазіргі жағдайы мен Орталық Азия елдерінің интеграцияға деген ынталарының бүгінгі жағдайын зерттеп, жаңа ақпараттар мен фактілерді анықтауға жақсы әсерін тигізеді. Бұдан әрі бұл аймақта болып жатқан жағдайдарға ішкі көзқарас қана емес шетелдік көзқарастар мен ойлар зерттелініп отырған тақырыпқа байланысты тың ойлардан өзіндік идеялар мен шектестіріп немесе басқа ойлардың туындауына толықтай әсер етеді.

Орталық Азия аймағын зерттеудегі шетелдік зерттеулер мен талдаулардың белгілі бір ғылыми әлеуеті бар, отандық қоғамдық саяси ойда қолданылуы мүмкін Орталық Азияның бірігуін зерттеудің жаңа әдістемелік тәсілдері мен әдістері қарастырылды.

Нақты түрде Қазақстан мен Өзбекстан үшін ортақ төмендегідей мәселелерді зерттеулерінде жазып жүр, олар: қоршаған орта, адам қауіпсіздігі, ұлтаралық конфликттер, сонымен қоса пайдалы қазбаларға, табиғи ресурстар мен энергия мәселелеріне байланысты пікірталастар сияқты жалпы проблемаларды қазіргі таңда белсенді түрде зерттей бастады. Оған қоса Орталық Азия аймағындағы саяси элитаның өзгеріске ұшырауы тақырыптары да жете зерделеніп жүр. Шетелдік талдаулардың басымы тарихи- мәдени, экономикалық, лингвистикалық және ортақ рухани- құндылықтар мәселелері болып табылады.

Эксперттер шетелдік және тіпті отандық зерттеушілер аймақты зерттеуде өзіндік теория мен әдіснама ойлап, жасап шығарған. Олар консолидация мен аймақтық интеграцияның өзгеру қарқыны мен болашақтағы жағдайын қарастырып зерттеуге аса мән береді.

Бұл зерттеулер әлі де шешімін таппаған, даулы саналатын және аса қатты зерттелмеген тақырыптарда қатты зерттеушілік жақтарын көрсеткенмен қоса батыстық қоғамдық ғылымдарының өзгеру логикасын жақсы түсінуге жол ашады.

Ташкенттегі Сингапур институтының зерттеушісі, саясаттанушы С. Пак еңбегінде Өзбекстанның Вашингтон мен Мәскеу аралығындағы балансты ұстау тактикасын мойындайды. 2012 жылғы Өзбекстанның Ұжымдық Қауіпсіздік Шарт Ұйымына мүше болудың тоқтау үдерісін сыртқы саясаттың тұррақсыздығы деп көрсетеді. Соның өзінде Өзбекстан өзінің мүддесін қорғайды. Бұл баланста ұстау тактикасы түгелдей Орталық Азия елдерінде

таралғандығын жеткізеді [100]. Негізі осы тұрғыда бірнеше зерртеушілердің мәселе қозғағандығы бар. Бұл ретте Өзбекстанның сыртқы стратегиясындағы ерекшелікке баса мән беріп отыр. Мәселен, Өзбекстандық тараптың өз мүдделерін қорғаудағы Орталық Азиядағы басқа елдерге қарағанда маневрмен алу ерекшеліктерін бөлектеп айтуда. Ол мемлекеттің саясатының және басышының жеке қандай да бір көздегеніне сәйкес болуы мүмкін.

Көптеген авторлардың зерттеулер бойынша және олардың теориялары мына тоқтамға келеді. Орталық Азия елдері саяси және экономикалық даму барысында Ауғанстан мен бірігі нұсқаларын қарастырады. Сонымен қатар, аймақтың елдерінің даму үдерістеріне аса қатты әсер ететін Өзбекстан Республикасын атап көрсетеді. Аймақтың басқа елдеріне қарағанда Қазақстанды аса дамыған және мүмкіндіктері біршама жақсы, замануи, батыстық әлемге ашығырақ саясат ұстанатын мемлекет ретінде алады. Бұнымен қатар, Қазақстанды Орталық Азия аймағы мен Еуропалық Одақтың ортасын жалғастырушы көпір ретінде орынын бағалайды. Бұл ретте Ауғанстанды дағдарыстық елдер қатарында қарастыруымыз керек. Соңғы болған саяси өзгерістерге сәйкес тәліптердің билікке келуі мен америкалық әскердің ол жақтан шығарылуы біраз әлемнің елдерін дүрліктіріп, қандайда бір кенеттен пайда болар сындардан алдын алу шараларын қарастыруға итермеледі. Бұл әсіресе әрине Орталық Азияға тіптен байланысты тақырып есептеледі. Географиялық жақындықтан бұрын, жоғарыда аталған жайттарға сәйкес діни терроризм мен экстремизмнің белең алу мүмкіндіктері қайтадан бұл елдердің қауіпсіздік сақтаудағы күн тәртібіндегі бірінші мәселеге айналды. Осы есепте Өзбекстанға да аса маңызды проблема ретінде жүрмек. Сонымен қатар, зерттеушілер С. Кожирова мен Л. Янг діни радикализмнің жастарға әсерін де аса қадағалап, басты назарға алуымыз қажет [26, б. 167].

Қазақстанның Орталық Азиялық аймақтағы кенге және пайдалы қазбаға, мұнайға бай мемлекет ретінде білеміз және осы факторлар елді жақсы экономикалық деңгейде ұстап, оның әрі қарайғы дамуының жүргізілуіне әсер етуші маңызды бағыты ретінде екендікі айқын. Бұл бірашама сараптамалық зерттеушілер мен ғалымдардың еңбектерінде орын алып жүр және бір айт кететіні қазіргі заманға сай Қазақстан ғана емес аймақтың өзге де елдеріне бұл пайдалы қазбалардың арқасында өмір сүруді тоқтатып, оны басқада адьтернативаларға өзгерту екендігі айтылып жүр. Мәселен, қазіргі таңдағы әлемдік саясаттағы ең өзекті мәселеге айналып отырған мемлекеттер арасындағы ІТ технологиялық даму процестері. Қазіргі ХХІ ғасырда технологияландыру үрдісі қарқынды дамуда. Мәселен, Корея республикасы, Жапония, Америка Құрама Штаттары сияқты алпауыт мемлекеттерде орын алып жатқан өзгешеліктер Орталық Азияның да бес мемлекетіне өз әсерін тигізуде. Сонымен қатар, бұл аталмыш фактордан бөлек, аймақтың бес мемлекеті де заманына сай өзгерістерді енгізіп, оны барынша өздеріне керек қолайлы жағдайларға қолдануға тиісті. Аймақтың елдерінің қазіргі таңдағы басымдығы қайта жаңғыртуда болуы тиісті [30].

Қазіргі уақытта аймақтың мемлекеттері консолидация ұғымына сәйкес шоғырланудың алғаш қадамдарын жасауда, және бұл үдеріске байланысты мемлекет аралық қандай да бір шешілмеген сұрақтар мен мәселелер қайтадан туындап, ынтымақтастықтың дамуының жаңа қарқынына әсер етпеуге тиісті. Бұлар су-энергетикалық, транс-шекаралық, теориториялдық және қауіпсіздік мәселелері болып табылады.

Зерттеу жұмысына сәйкес, Қазақстан және Өзбекстан аймақтық бәсекелестіктегі көшбасшылық орынға талас табиғи үдеріс ретінде саналады. Қазақстан аймақтағы оның экономикалық реформалары және халықаралық аренадағы белсенді қызметі арқылы аймақтың негізгі бір мемлекеті ретінде қарастыруға мүмкіндік алады. Бірақ, Кеңес Үкіметі құлағанға дейінгі уақытта қабір кезде үлкен мемлекеттің Шығыс орталығына айналған Ташкент қаласы болатын. Бұл қалада халықаралық аэропорт, шет елдік студенттер оқуға түсіп білім алған институттар мен жоғары оқу орындары болды. Халықаралық қатынастарда әрбір кішкентай заттың өзіндік үлкен мәні бар. Мәселен, Өзбекстан республикасының президенті сайланғаннан кейінгі бастапқы кезеңдерде мемлекетаралық алғашқы іс-сапарларын қасы бір мемлекеттен бастауы өзіндік мәнге ие [100]. Өзбекстанның жаңа президенті Ш. Мирзиеев өзінің басшылыққа келу сәтінен бастап мемлекеттің сыртқы саяси ұстанымдарына үлкен өзгерістер енгізді. Оны елдің саяси экономикалық қайта жаңғыруына және өзінің көршілес мемлекеттерімен қарым-қатынасты дұрыстап жаңа деңгейде ынтымақтастыққа жол ашуы халықаралық саяси аренада біраз ой-пікірлер туғыызды. Жоғарыда атап өтілгендей, ел президентінің ең алғашқы іс сапары 2017 жылы 6-7 наурызда Түркменістанға жасалды. Түркменістан Орталық Азиялық ынтымақтастықтан біршама алыс мемлекет болып саналады. Араға екі апталық уақыт салып, Қазақстанға, одан кейін қыркүйек айының басында Қырғызстанға жұмыс сапарлары аймақтық ынтымақтастықтың белсенділігінің күәсы болып табылады. Бұл Өзбекстанның сыртқы стратегиялық саясатында дамудың жаңа деңгейіне өтудің алғышарттары болып есептелді. Өз кезегінде ол аймақтық интеграцияның одан әрі дамуы мен перспективасына әсер ететін бірден-бір құбылыс ретінде есептеледі. Аймақтық интеграцияның өзі бірнеше факторларға байланысты анықталады.

Қазіргі уақытта соңғы болып жатқан саяси өзгерістерге және үдерістерге сәйкес Өзбекстанда соңғы күндерде сайлау өтілген болатын. Бұл сайлауда Өзбекстанның осы Президенті Ш. Мирзиеевтің қайта сайланып, жинақталған санақтың 80 пайызы бірінші алдын ала есептерінде көрсеткішпен алдыға шықты, жәнеде осы арада барлық орталық комиссиялық сайлаудың ережелеріне сәйкес ресми түрде қайта таңдалынды. Бұл ретте Орталық Азия елдеріне деген стратегиялық саясатының сақаталанының белгісі болып табылады. Өткен жарияланымдарында және басымдықтарды анықтағанда Орталық Азияға бірінші орынның алатындығын айқын айтқан болатын. Осы арқылы аймақта біршама өзгерістер жүрді. Енді осы қалыпта ары қарата дамитын болса жақын келешекте осы ретте консолидациялық алғышарттарға

сәйкес қадамдар мен Орталық Азияның толықтай бір аймақ ретінде іскімделуінің фактілері жүруі мүмкін.

Бірігу мен шоғырланудың одан арғы интеграцияның перспективаларын көру мақсатында мемлекет аралық экономикалық ынтымақтастықты әскери-саяси қарым-қатынасты дұрыстаудың қажеттілігі туындады. Географиялық тұрғыда Ауғанстанмен жақын орналасу радикалды ислам мен есірткі тасымалдау қауіпін жоғарылатады.

Қазақстандық шеңберде біршама әйгілі тарихшы К. Пужоль өзінің бір зерттеу жұмыстарында: «Қазақстанда орыс ұлттарына қысым көрсету факторы негізінде Орталық Азияның тәуелсіз, өзінің ұлтаралық әртүрлілігімен, өзінің геосаяси анклавмен басқара алуын сұрақ ретінде қойды» [101, б. 72]. Қазіргі таңда Өзбекстанның сыртқы саяси бағытының өзгеріске ұшырауы аймақтың мемлекет басшыларының тек қана жақын қарым-қатынас қана емес, сонымен қатар, көршілес мемлекеттермен достық қарым-қатынас және продуктивті кооперация жүргізуге бағытталған.

Ф. Старр [110] мен Э. Корнелдің [109] келесі еңбектерінде Өзбекстандағы болып жатқан өзгерістерді жан- жақты қарастырған, соған қарай қазіргі таңда бұл трансформацияның бірінші оң нәтижелер беріп жатқандығын атап айтты. Оған аймақтанудағы жаңа рухтың бар екендігін және өзбек қоғамындағы өзгерістерді тереңдетіп зерттеген [95].

Өзбекстандағы саяси өзгерістердің халықаралық жағдайдағы орынын зерттеушілер Боуер А. [96] және Дж. Хартманның [93] еңбектерін атап өтуге болады. Мирзиевтің Өзбекстандағы саяси реформалары, сайлау және саяси партиялар еңбегінде алғашқы жылдағы Президенттің ашықтығы және қоғамға жақындығы үлкен жұмыс деп танып, бірақ соның өзінде жырма бес жылғы тарихы бірден сызып тастап, басқаға көшу мүмкін емес деді. Ол саясаттың үлкен бір жүйе екендігін, олардың бір- бірімен тығыз байланысын ажыратудың қиындығын жазды. Қатып қалған жүйені өзгерту ол бірден бола қоятыны шарт еместігі рас. Ол ұзақ уақытты және күш пе саяси жігерді талап етеді. Бірақ, ел басшысының екінші мерзімге сайлануы оның осы таңдалған идеологиясының және саяси жолының жалғасатынын білдірті. Яғни, Орталық Азиядағы соңғы бес жыл аралығындағы болып жатқан өзгерістер мен трансформациялардың үздіксіз болуы тұрақтылыққа әкеледі деген сеніммен қарауға әсер етеді.

Жеке Қазақстанды зерттеуде, оның экономикасының әл- ауқаты жайлы ғылыми жазылған еңбектердің бірі Дж. Натанның посткеңестік Орталық Азия елдерінің жаһандану заманындағы индустриялары туралы жазылған. Еңбек Орталық Азияның елдерінің дамуына кедергі келтіруші факторлардан және әдістерден арылудың жолдарын анықтап қана қоймай, олардың экономикасына тарихи шолу жасады. Орталық Азияның тоғыз негізгі саласына тың талдау жасап, мәселен: мұнай- газ, банк ісі т.б. мықты және әлсіз тұстарына талдау жасады [91].

Өзбек-түрік қатынасының әлеуметтік даму ойлары Түрік мемлекетінің Еуропалық Одақта мүшелік ете алмауы негізінде, екінші тұрғыдан алып қарағанда, назарды Шығысқа аудару Түркия мемлекеті үшін жаңа мүмкіндік

болып саналды. Қазіргі таңда бұл мемлекет Шығыс пен Бастысты жалғаушы мемлекет ретінде өзінің сыртқы саясатында өзгерістерге әкелетініне сенімді болды. Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздік алғаннан кейін Түркі мемлекеттері мен аймақтарында, Түркияда пантүркизм ойларына жаңаша леп әкелді [102, б. 318].

Бұл тұрғыда Орталық Азия мемлекеттерінің даму үрдістерінде жаңа кезеңнің басталуын айта аламыз, және бұл аймақтағы мемлекеттер арасында басты мақсат нағыз серіктестік пен жақын көршілес елдермен қолайлы қарым-қатынас орнату.

Расымен де, соңғы үш жылдың көлемінде аймақтың басшылары Орталық Азиялық мемлекеттердің экономикалық интеграция мәселелерін көтеріп, Орталық Азиялық Одақ ұйымын қайтадан қалпына келтіруді ойластырды. Ортақ шекараны тану және үлкен аумаққа мәселе болатын іс-әрекетті келісім-шарттарға отыру барысында шешті және маңызды мәселелер қатарына көлік коммуникациясы мен энергетика әртүрлі типтегі қақтығыстар мен түсініспеушіліктерді азайту мақсатында жүргізіледі.

Өзбекстан Республикасының президенті Ш. Мирзиевтың Түркменстанға іс-сапары негізінде екі жақ ынтымақтастықты одан әрі дамыту және қазіргі заманға сай инфрақұрылым мен көлік саласын да дамытып, Орталық Азия мен Еуропа, Таяу Шығыс аймақтарын көліктік жүйемен қамтамасыз ете алатындай деңгейге жеткізу келісімдеріне қол қойды.

Ел басшысының Түркменстанға сапары саяси ортада ұзақ уақыт бойы талқыға түсті, соның бірі өзбек саясаттанушысы, тарих ғылымдарының докторы Р. Сайфулин бұл қадамды толыққанды сыртқы саяси қадам деп есептейді. Себебі, Түркменстан нейтралды мемлекет статусын сақтайды [103].

Француз тәуелсіз expertі П. Эчевери Орталық Азиялық аймақтың интешрациясын жаңа мемлекеттермен байланыстырады: Пәкістан, Түркия, Иран, Қытай және тағы да басқалары [14]. Жаңа қатысушылар бұрыннан келе жатқан мәселелерді толықтырып, суверинитет мәні, мемлекеттер арасында сенімнің болмауы, әртүрлі сыртқы саяси мәселелер, көшбасшылар арасындағы бақталастық, геосаяси және геэкономикалық әртүрлі көзқарас және бұған қоса трансшекаралық су мәселелері қосылады. Мемлекеттерді бір-бірімен байланыстырушы ынтымақтастық емес, жан-жақты бірегей энергетикалық жүйені түсіну олар жаңадан келетін жағдайларды, мәселелерді шешіп қана қоймай жергілікті деңгейде халықтар арасында қысым болу мүмкіншілігі бар. 2025 жылы қырғыз және тәжік мұздарының 30-40%-ға азайып, аймақтың су ресурстарын 25-35%-ға қысқаруына жеткізеді.

Осы аймақтық тарихи тұрғыда бүгінгі күнге дейінгі аралықта зерттеуші авторлардың бірі К. Баумер өзінің еңбегінде Орталық Азияның елдерінің ерте тарихын зерттей отырып, олардың бүгінгі күндегі өзгерістерін зерттеуші бірден бір ғалым ретінде есептеледі. Ол Орталық Азияны ұзақ жылдар аралығында ұлы әскери державалардың болуымен моғолдардың басып алуындағы күрт құлдырауды зерттеп, аймақтағы бұл деградациялық үдерістің тіпті Ресей колониясында болуымен ең шыңына жеткенін айшықтап, оған әрі қарата бұл

елдерді тәуелсіздік алған уақыттағы өздерінің жолдарын табу факторыларымен сабақтастырып қана қоймай, қазіргі таңдағы Орталық Азияның елдерінің толықтай қандай нақты проблемалармен бетпе бет келуде, мәселенгі радикалды ислам, терроризм сияқты мәселелерді атап көрсетіп, зерттеген өте жақсы еңбектердің бірі есептеледі [104]. Бұл еңбек арқылы Орталық Азияның тек тарихи өткен жолдары ғана емес, оның осы кезеңдердегі бар саяси ахуалын анықтап зерттеген және оны толықтай ешбір бояусыз көрсетуші ғылыми еңбек болып табылады. Бұларымен қосы қырғи – қабақ соғыстың аймаққа маңызы мен әсері және толықтай әлемдегі басқа да саяси жағдайлардың аймаққа тигізер рөлін және оның сол жағдайлардан алар сабақтарын ашып зерттеген.

Аса қызықты әдістердің бірін ұсынушы И.Звягельская қарастырады, жаңа аймақтық державалардың шығуына басты назар аударады және гибридтік режимді күтпеген нәтижелер беруінің мүмкіндігін анықтады [105].

Шетел зерттеушілерін талдағанда А. Кулидиде атап кеткен жөн. Оның еңбектерінде нағыз мәні қазіргі уақыттағы Орталық Азия елдерінің өзіндік еркін және мықты үкіметтерінің барын атап, өзінше іс- қимылдарды жүргізуге шамалары бар екендігін атап айтты [106], осы ретте нақты Қазақстанның ішкі және сыртқы жағдайын тереңінен зерттеген еңбектердің бірі Дж. Айткеннің еңбегін айтуға болады [90].

Орталық Азия аймағының интеграциясы мен бірігуін зерттеушілердің қатарын француз expertі М. Джалили толықтырады. Автордың көптеген аймаққа арналған жарияланымдары мынадай көзқарасқа тоқталады: «Аймақтық интеграциясының күшеюіне кедергі болатын мемлекет аралық бір-бірін толықтырушы экономиканың жоқтығы және бұл кедергіні жою мақсатында ешқандай іс-әрекеттер көмектесе алмауда» [107]. Бірақ Кеңес үкіметі кезінде аймақтың экономикасы бір-бірін алмастыру және бір-бірін толықтыру принциптеріне негізделген болатын. Зерттеушінің айтуы бойынша, Орталық Азиялық аймақтық бірігуге және дамуға кедергі болған Евразиялық экономикалық одақтың құрылуы деп есептейді. Тіпті, бұл одақ толықтай өзінің потенциалын іске асырғанымен қатар мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық көп мөлшерде екі жақтық келісімдермен ғана шектеліп жатты. Мысалға, Қазақстан көп мөлшерде өзінің тауарларын экспортқа карағанда импорттайды, және бұл үдеріс Ресей және Беларусь тауарларының, сонымен қатар Қазақстан өнімдерінің арасында дисбаланс тудырады.

Орталық Азиялық зерттеушілермен қатар қазақстандық expertтер, Ф. Аминжонов, И. Корабобов, И. Кураев, К. Молдашев, Р. Бурнашев, А. Нурша, А. Решетняк, А. Чеботаревтің еңбектерінде жазылған.

Аймақтану мәселелері негізінде М. Лаумулиннің еңбегінде Евразиялық интеграциялық механизмнің қазіргі жағдайында Орталық Азиялық аймақтың интеграциясы мәселесін көтеруді төмендетінін келтірді [161].

Зерттеушінің ойымен толықтай келісіп мемлекеттік құрылыс, ұлттық бірегейліктің қайта жаңғыруы, мемлекеттің іштей бірігуі, тәуелсіздіктің нығаюы, ең бастысы, ұлттық мүдде маңызды міндет ретінде саналады. Бұл мәні аса жоғары басымдық 30 жыл уақыт аралығына созылды.

Шет елдік зерттеушілердің еңбектеріне сәйкес Посткеңестік Орталық Азиялық елдер әртүрлі қауіп-қатерлер мен дағдарыстар уақытында өздерінің тұрақтылығын көрсете алды. Француз сенаты делегациясының 2001 жылы қыркүйектегі іс-сапарында біршама тиімді шараларды қабылдады [119].

Аталған ынтымақтастықтың негізгі бағыттары аймақтық консолидацияның алғашқы қадамдары ретінде есептеледі. Қазіргі бүкіл әлемдегі қауіп пен қатерлер тыныштықпен қамтамасыз ету трансформациясы, климат проблемалары аталған бес Орталық Азиялық мемлекеттердің консолидациясының негізі болып табылады.

1.3 Халықаралық, аймақтық ұйымдардағы Орталық Азия елдері

Қазіргі уақыттағы әлемдегі халықаралық және әрбір мемлекеттің ішіндегі аса маңызды қатердің бірі қауіпсіздіктің деңгейінің төмендеуі болып табылады. Қауіпсіздікпен қамтамасыз ету барысында қарастырылып отырған екі елде халықаралық ұйымдарға және арнайы серіктестіктерге бағыт алуда және осы контекстте әр елдің ұйымдардағы рөлі мен мемлекеттің осы ұйымдарға барынша тартылуы маңызды болып есептеледі. Осы заманның басты ерекшелігі ретінде оқшаулануды емес қайта біріккен түрде өздерінің қандай да бір ұлттық мүдделеріне нұқсан келтірмейтіндей қырам- қатынаста жұмыс жасау басты бағыт болуын атап айтуға болады. Осы контекстте де Орталық Азияның елдерінің басты міндеттері де анықталынады, ол бір-бірімен жақсы қарым-қатынаспен қарап, оқшауланбай біріккен түрде сыртқы факторларға біріге жауап қайтарау механизмдерін ойлап табу, кенеттен туындайтын сын-қауіптерден қорғану мақсатында да осы аталмыш зерттеуге алынып отырған ұйымдармен біріге қызмет ету басты назараларында болуға тиісті.

Орталық Азия және оның аймақ ретіндегі ерекшелігі, сондай-ақ басқа да механикалық қатынас мәселесі мен ассоциациясы және оны зерттеу біршама бейімделуді талап етеді. Интеграцияның басты мәні сауда-экономикалық және ынтымақтастықты коллективті түрде дамыту және сол толыққанды қорғалған ортақ нарықтың болуына әсер етуге тиісті. Ұлттық сауда өндірушілерін қорғау бірегей өндірістік қызмет экономика саласында және оған тиісті жағдайларды жасау жүзеге асыруды талап етеді. Орталық Азияда интеграциялық бағыттардың негізі әлемдік тәжірибиімен байланысты және мемлекеттердің өзара қарым-қатынасы механизм конструкциясына ие болуға тиісті [120, б. 221].

Аймақтық саяси және экономикалық жағдайларды зерттегенде аймақтың бес елінің мүшелік ететін және қатысушысы болып табылатын ұйымдар мен қоғамдасықтардың маңызын ашып, зерттеп қарастыру басты міндеттің бірі болып табылады. Ал, Орталық Азиялық аймақтың елдерінің мүшелік ету және қатысу ұйымдарының әрқайсысының атқаратын қызметі мен нақты мемлекетке беретін пайдасын анықтап алған жөн. Себебі, аймақтың елдері ішкі және сыртқы көптеген факторлармен негізделген сын- қатерлер мен қауіптерден айналып өтуі мүмкін емес және ұйымдардың тек қана осы аралықта қызмет етуі

ғана емес, сондай –ақ олардың экономикалық салаларында қамтуы аса өзекті мәселе болып табылады.

Аймақтағы ұйымдардың өзінің жеке атқаратын міндеттері мен мақсаттарына және ареасына қарай түрлерге бөліп қарастырсақ болады. Әрине, ЕурАзЭҚ – ң экономикалық жағдайды реттеу арқылы негізде болса және тағыда басқаларының рөлін ашып қарастыруды талап етеді және лардың нақты қай елдерде болып, олардың қандай жағдайларға әсер ететіндігін қарастырған жөн.

Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы әртүрлі халықаралық ұйымдарға мүше. Олар: ШЫҰ, БҰҰ, ДСҰ және қазіргі таңда Өзбекстан Еуразиялық Экономикалық Одаққа бақылаушы ел ретінде мүшелікте, және соңғы айтылған факт бойынша әртүрлі дискуссия мен әртүрлі ойларға әкелді. 1994 жылы Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев Мәскеуге ресми сапары кезінде Еуразиялық Одақ құру бастамасымен шыққан еді.

Еуразиялық Экономикалық Одақтың басты мақсаттары мен жетістіктері: еркін сауда аймағы, бірегей кедендік тарифты құру, бірегей қаржылай нарықтың қалыптасуы және көлік қатынастарының байланысы мен ортақ энергетикалық нарықтың қалыптасуы үрдістерін айтамыз [3, б. 1]. Аталмыш ұйымдағы мүшелік мәселелері бұрыннан бастап саяси ғылыми ортада көп зерттелініп жүрген проблемалардың бірі болы. Риторикалық сұрақ ретіндегі бұл ұйымның беретін пайдасы мен келтіретін кедергілері міндетке қойылды. Орталық Азиялық аймақтың елдерінің бұл ұйымдағы басты пайда ұтатын тұстарына экономиканың үлкен континенттік аренада болатындығы мен оның географиялық шеңберінің кеңдігі, оған қоса тауар айналымының үдерісіндегі сатылым тізбегінің молдығында атап келтіруге болады.

Бұл Еуразиялық Экономикалық Одақ Орталық Азия мемлекеттеріне қызығушылықпен қарайтындығы сөзсіз. Аталған ашық түрде немесе жасырын мағыналары болғанменде, құрылымында нақты бір жетіспеушіліктердің болуы және құрылымдарының мағынасының жоқтығы аса үлкен мәселе ретінде қарауға болады. Еуразиялық интеграциялық мәнде халықтардың мәдени-гуманитарлық салаларының біршама әртүлілігінде [121, б. 20].

Орталық Азияның елдері, тіпті Қазақстан және Өзбекстанның халықаралық ынтымақтастығы негізінде көптеген мәселелермен тоғысатын рас. Ал, осы проблемаларды шешуде және оның іс- әрекеттеріне жағдай жасауда осы мүшелік ұйымдар маңызды қызмет атқарады. Бұл аймақтық және халықаралық ұйымдардың негізі бір-бірімен байланыс орнату енгіздерін жеңілдетіп, қарым- қатынасты реттеу мақсатында маңызды механизм және құрал ретінде іс-әрекет етеді. Олар, осы орайда экономикалық дамуда іс жүргізуде көліктік, транспорттық –логистикалық шараларды реттеуде, кеден мәселелері мен нарықты толытуде, еркін сауда аймағын қалыптастыруды қарастырады.

Қазіргі таңда Өзбекстан шынайы және бірнеше деңгейде қиын үдерістерден өтуде. Мәселен, үкімет және парламент, саяси партиялар,

эксперттік қауымдастықтар арасындағы талқылаулар мемлекеттің ұйымға қосылуы неме қосылмауы туралы әртүрлі ой-пікірлер туындауда. Қазіргі уақытта бақылаушы ел ретінде статусында болса, одан кейінгі кезеңде бірден еркін экономикалық сауда аймағына қол қоюы мүмкін. Дәл осы үдерістер арқылы бірден емес ақырындап уақыт созу арқылы кіру ең дұрыс шешім деп қарастырсақ болады [122]. 2016 жылғы Президенттің сайлауынан кейін Өзбекстанның біршама қиын мәселелермен бетпе- бет келуі шартты және табиғи құбылыс болып саналады. Қайта барлық салаларды жандандыруда, қарым- қатынасты жаңартып, оны тереңірек тығыс үдерістерге бағыттау мен ара- қатынасты ретке келтірулерді сол уақыттан бергі 5 жыл аралығында Өзбекстан көп үдерістік трансформациядан өтіп оны дұрыс жолда пайдалануда озық деңгейлерге жетуде. Басында, әрине өзіндік қоғамның ішінде және сыртқы шет елдік аналитиктер арасында біраз талдауға түскен болатын. Бірақ, бүгінгі күнгі Өзбекстанның жағдайы мен стратегиялық бағыттарының жұмыс жасау қалпы және оның деңгейі жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Осы тұста таңдалған стартегиялық жолды жүзеге асыруда Өзбекстан Президентінің қайта екінші мезгілге сайланғаны оның бұрынғы ұстанған жан- жақты саясатының халқына тиімділігін көрсетіп, халқы тарапынан қолдау тапты. Бұл ретте Орталық Азияға деген бағыттарының өзгермеуі бақыланса онда Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілуін және оған қоса аймақтың басқа елдерін осы ықпалға тару мүмкіндіктері қайта жанданатын болады.

2019 жылғы Бішкек декларациясы ШЫҰ – ның мүше мемлекеттерінің ынтымақтастығы мен қарым-қатынасының негізгі принциптерін анықтап, аймақтық және халықаралық ынтымақтастықтың дамуы бастамасын әлемде бейбітшілік тұрақтылықты сақтау мен Орталық Азиялық аумақта тұрақты дамуды қолдаушы ұйым ретінде табылады. Бұл декларацияда трансшекралық сипатқа ие қауіп-қатерлер мен даулы мәселерелер, мәселен: терроризм, теоррористік және экстремистік идеологиялардың таралуы, бүкіл халықаралық қоғамның тығыз байланысы мен өзара координациясы мен конструктивті ынтымақтастыққа әкелетінін қозғайды. Бұл декларация бойынша одан әргі уақыттардағы мүше мемлекеттердің жұмыстарының жаһандық ақпараттық қауіптердің таралуы бойынша және оған қарсы іс-қимылдарға біріге қызмет етуді қарастырады [123].

Кенеттен пайда болатын әртүрлі жағдайларға және мәселелерге сәйкес Орталық Азияның елдері де көптеген сыртқы қауіп –қатерлерден сақандудың алдын- алатын шараларды игергені дұрыс болып табылады. Осы ретте ШЫҰ-ның аймақтағы қауіпсіздікті сақтап, тұрақтылықты реттеу мен бейбіт өмірді сақтауда маңызды рөл атқарады және Орталық Азияның елдері үшін басты қорғаныстық шешімге сәйкес келеді [137].

Алдыңғы кездерде жоспарлы түрде белгіленген ЕО-тың Орталық Азиядағы бастамалары жастар саясаты негізінде Еуропа мен Орталық Азиядағы аймақтың елдерінің арасында қызығушылық танытақандарға жоғарғы мәртебе береді. Бұл бағдарламаның ерекшелегі де жастардың арасындағы екі аймақ арасында байланысты күшейте отырып, екіжақтық жұмыстарда және оны

жүзеге асыруда жастар саясатын құрылымдарға енгізу негіз бола алады. Келешектегі басымдылықтарды анықтау келісілген қызметтік құрылымдар арқылы сәйкесінше жүргізіліп, жастардың саяси жұмыс тобында Азаматтық кооғамдық форум негізінде қойылуы тиісті. 2019 жылғы ЕО-тың Орталық Азиядағы жаңа стратегиясы бойынша оған қатысу және жүзеге асыру қызығушылық танытуша жақтарға байланысты болмақ [124].

ЕО-н Орталық Азиядағы стратегиялық қарым-қатынастары мен іс-әрекеттері өзіндік мәнге ие. Алдыңғы 2007 жылғы Орталық Азияға бағытталған мүдделерінің стратегиясы бірқанша салаларды қамтыды. Ол энергетика, маңызы үлкен қауіпсіздік сұрақтары және білім мен ғылым салалары, оған қоса заң салаларына арналған жобалары мен бастамаларынан тұрды. Ол Орталық Азиядағы құқықтық заңдарды реттеуге қатысып, сондай ақ білім саласында Erasmus + сияқты жобалардан құрылды. Бұл Орталық Азияның барлық елдерінде қамтылды. Тағыда бұл ретте ЕО-ның аймақтағы өз мүдделерін нақтылап және сақтау негізінде тағыда басқа салалардың барлығын қамтыды.

Шамасы жағынан үлкен және кіші мемлекеттер тығырықтан шығуға келгенде амалдауға тиісті болады. 1990 жылдары Қырғыстан мен Түркменстан елдерінде өзінше бейтараптық ұстанымдарға басымдылық берген болатын. Бірақ, әлемдегі Швейцария немесе Швеция секілді елдердің бейтараптық ұстанымдары жайлы бұл жерде айтуды бекер саналады. Себебі, аймақтың әлі күнгі уақыттарда дад жан –жақты аумақтық мемлекеттерден кенеттен туындайтын мәселелердің шығуы, Ауғанстан немесе Ферғана жерлеріндегі әлеуетті тұрақсыздық проблемалары, бұған қосымша Қытайдағы ислам жағдайлары бар қауіп-қатердің көзі болып саналды. Сондықтанда, Тәжікстан мен Қырғыстан, Өзбекстан бейтараптық ұстаным тәжірибелері әлемнің осы аймағындағы бейтараптықтың классикалық тұрғыда елесі ретіндесаналады [125].

Орталық Азия елдерінің сыртқы көпвекторлы саясаты олардың Ресей және Қытаймен ара қатынасына еш шектеу қоймайды. Бұл елдер өздерінің әртүрлі формттағы қарым-қатынасын батыстың басқа да елдерімен жақсартуда. Ресей мен Қытайдың одан әрі өсіп келе жатқан әсерімен қазіргі таңдағы осы мемлекеттер өзара қарым-қатынасындағы Ресей мен Батыс елдеру, Қытай мен Америка Құрама Штаттары арасындағы бақталастық үдерістерінде бұл аймақ елдеріне тұрақты балансты ұстау керек екендігі айқын дүние саналады.

Жоғарыда аталып өткендей Орталық Азия елдерімен Еуропалық Одақ арасында арнайы ынтымақтастық пен өзара қарым-қатынасты реттейтін бағдарлама мен стратегия бар. Олар Еуропалық Даму Банкінің мүшелері саналады. Онымен қосы Еуропалық Қауіпсіздік Ынтымақтастығы Ұйымының мүшелері жәнне осы тараптарда олардың іс- әрекеттері жүзеге асырылады. Орталық Азия елдері бұлармен қатар Солтүстік Атлантикалық Келісім Ұйымы шеңберінде өзара қарым- қатынасқа түседі. 2006 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы мен НАТО- ның өзара серіктестік туралы жеке бағдарламсы да болды [126].

Орталық Азия аумағы ЕҚҰЫ-ның қатысушылар болып табылады. Бұл бес посткеңестік елдер біршама мөлшерде осы ұйымның ынтымақтастық негізінде қауіпсіздік саласында қажетсінуші болып табылады. Бірақ, гуманитарлық тұрғыда кемшіліктері бар ұйым өзгеруге ықпал етуге тиісті. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттарда Орталық Азия өзі қолынан келетәндей емес, аз саяси және әлеуметтік- экономикалық өзгерістерге жол берді. Бұл тұста Орталық Азия елдері басты екі мәселеге бетпе бет келеді. Біріншісі, пайдалы қазбалардың молдығы, Ауғанстан жақтан энергоұстаушылар. ЕҚЫҰ – ол Орталық Азия мемлекеттері өздерін жақсы сезінетін ұйым болып табылады. Сондықтан аймақтың барлық қажеттіліктерін орындау мақсатында Орталық Азияда бірнеше ЕҚЫҰ –ның бөлімдері бар [52, б. 6].

Еуразиялық Экономикалық Одақ пен Жібек жолындағы экономикалық белдеу жобалары арқылы тек қана байланыс емес, сонымен қатар аймақтың транзиттік потенциалын ашуда және құрылыс өндіріс объектілерінің дамуына жол ашады. Бұл дегеніміз аймақтың елдеріне перфериялық аумақтан шығып, теңіз жолдарынан алшақтық мәселесін шешуге жол береді. Өндірістік мекемелердің құрылысы және олардың жұмыс жасауы Орталық Азияның ресурстарына сұранысты көбейтпейді, аймақтың елдерінің шығарып отырған өніміне және оны жөнелту мақсатында көлік- логистикалық жүйеге керектік туындайды. Негізі аталған барлық жобаларда Ресей, Қытай және Еуропалық Одақтың қатысуымен геосаяси өлшемдер қарастырылады. Бірақ, Орталық Азияның жағдайына тоқталсақ геостратегиялық орыны бар, жаһандық ортада геосаяси мүдделердің тоғысуы әрқашан аймақтың мемлекет аралық қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Яғни, Орталық Азия елдерінің толықтай халықаралық транзиттік жобаларда бірдей құқықтық негізде қатыса алуын жоққа шығармайды [44, б. 12].

Еуропалық Одақтың Орталық Азияға саяси қызығушылығы артып келе жатыр. Соңғы жылдар аралығында Еуропалық Одақтың шет елдер ісі және қауіпсіздік саясаты бойынша жоғарғы өкілі Федерик Могерини Орталық Азияның сыртқы саяси ведомстваларының басшыларымен екі кездесу өткізді. 2017 жылы Самаркандта және 2018 жылы Ташкент қаласында өткізген болатын. Әлі күнге дейін ЕО-тың Орталық Азиядағы жаңа саясаты негізінде жұмыстар аса қызығушылықпен жүргізілуде. Бұл жағдайларға сәйкес, зерттеулердің талдауларына сәйкес Орталық Азиядағы Еуропалық Одақтың саясаты маңыздылыққа ие болып, күнделікте артып келеді.

Бұл ара- қатынастарға әлемдегі пандемия сызат түсіргенменде әлі де перспективалары мол болып табылады [118].

2017 жылы маусымда ШЫҰ-ның мүше мемлекеттер саны сегізге жетті және экономикалық даму барлық мүше елдердің басты, маңызды ортақ мәселесі болды. Бір белдеу бір жол жобасына жәрдемдесу ШЫҰ тарапынан және ЕурАзЭҚ тарапынан және ШЫҰ –на экономикалық функциямен толықтыру, нақты керек мекемелер құру, ЕурАзЭҚ –мен бірге ынтымақтастық платформасын бірге құру болды, одан әрі механизмдер мен өзара іс-әрекеттер маршрутын дайындау бұның барлығы жедел түрде күн тәртібіне енгізі

сұрақтары тұрды. ШЫҰ-ның функцияларының трансформациясын жүзеге асыру, оған аймақтық экономикалық ынтымақтастық филиалдарын қосу және экономикалық ынтымақтастықтың стратегиялық бағдарламасын бекіту, барлық аталған факторлар арқылы ШЫҰ-ның қызметін керек мөлшерде, және Бір белдеу – бір жол бастамасының құрылысында іске асыруға болады. Энергетикалық ынтымақтастықтың моделінің жақсаруы негізінде, Қытай мен Ресейдің Орталық Азияның елдерімен кооперациясында ең маңызды шарттардың бірі өндірістік тізбекті, оның барлық кезеңдерінде энергоөндірісті тереңдету және нығайту, өндірістік ынтымақтастықтың диверсификациялық механизмдерін құру, бұлардың барлығы ББ және БЖ бастамасын жүзеге асыруда жан –жақы ынтымақтастықтың энергетикалық жағынан Қытайдың және басқа керекті мемлекеттермен қарым- қатынасында одан әрі дамуы мен жетілуіне әкелуге тиісті. Аталған барлық мүмкіндіктерге қарап, ШЫҰ- мен ЕурАзЭҚ - тың арқасында қазіргі таңда ынтымақтастықты одан әрі дамуды қозғап, Бір жол Бір белдеу жобасының қоғамға ортақ жақтарын анықтау, оны сонымен қатар әлемдік экономика мен бейбітшілікте жаһанның пайдасына қызмет етуін қадағалауға тиістіміз [129].

Орталық Азия елдері Қытай үшін ұлттық мүдде аренасына айналғаны рас. Бұл өзіндік тауарларын одан әрі Батысқа жеткізу болып табылады және батыс Қытайдың аймақтарын дамыту, қауіпсіздік мәселелері қосылады. Қытайдың Орталық Азияда мүдделерінің күшеюі Ресей үшін оң жағдайға жатпайды. Қытай Халық Республикасы мен Орталық Азия елдерінің арасында қиындық пен әртүрлілік олардың ШЫҰ аясындағы кооперациясының негізінде аталған елдердің экономикалық жағдайдарының әртүрлілігі болып табылады. Қытаймен ынтымақтастық бірінші орында Қазақстанмен және басқада елдермен энергетикалық секторда, шикізат бағытында жүреді. Қытайдың Орталық Азия елдеріне экспорты алғашқы ретте дайын өнімдер: машина, құрал- жабдықтар мен өнімдер, үлкен қолданыстағы тауарлар. Қытай Халықтық Республикасының Орталық Азияға импорты – шикізаттар: таулы көмірсутектер, түрлі түсті металлдар, химиялық заттар, минералдар мен текстильді шикізат көздері, орман материалдары. Шикізат Қытайға дайын өнімге айырбасқа жүреді. Жібек жолы Экономикалық белдеуі бастамасында Қытаймен басталған жобада ұлттық мүдделердің Ресей мен Орталық Азияның сақталса бұл аталған елдер үшін қызықты болуы тиісті. Ал, қытай үшін бұл жобадан басты мақсат өзінің экономикалық жағдайын дамыту мен одан әрі кеңейту көршілес мемлекеттер арасында, одан кейін Батысқа Еуропаға өз тауарларын шығару, батыс аймақтарын нығайту, жалпылама тауарларын жетілдіру, теміржол мен автокөлік трассаларын қолдану болып табылады [130, б. 16].

Негізге алатын бір нығайту жолы аймақтық антитеррористік құрылым, ШЫҰ негізінде. Бұл жерде бақылаушы, серіктес мүше мемлекеттер ретінде аймақтың барлық дерлік елдері бар, тіпті Ауғанстан қосылады. Қаралған мәселеге жауап ретінде бірінші этапта бұл ұйымды қайта құру болып табылды,

яғни оған террористік жолдармен есірткіні ақшалай сатып алуға қарсы ұсынымдар беру.

Бұл жерде Орталық Азияда Ресей әскерінің орынының маңызын асыра бағалап жіберу де маңызды, ҰҚШҰ-ның да аймақта қауіпсіздік сақтап, тұрақтылықпен қамтамасыз етуінде қарастыру маңызды. ҰҚШҰ-ның потенциалының нығаюуы оның әмбебап ұйым ретінде өзгеруіне ықпал етеді, оған кіретін терроризмге қарсы күрес, заңсыз есірткі тасымалдау мен күрес, киберқылмысқа қарсы тұру функцияларын қосқаны болады [113]. Алдыңғы жылдары бұл бағытта біршама іс-әрекеттер жүзеге асырылған болатын. Қыркүйекте ҰҚШҰ-ның 2025 жылға ұжымдық қауіпсіздік стратегиясы қабылданды. Антитеррористік тізбекте терроризмге қарсы күреске қосымша шаралар қабылданып, бірегей антитеррорлық ұжым тізбесін жасау туралы келісімдерге қол жеткізілді [131].

Аймақтағы қауіпсіздік халықтың бейбіт жағдайы басты мәселе болып табылады. Осы ретте аталмыш ұйымның атқаратын міндеттері мен қызметтері маңызды екендігі анық көрсетіледі.

Орталық Азиялық аумақта ҰҚШҰ үш түрлі әскери күшпен бірігеді: тез қимылдау ұжымдық күші, тез өрістету ұжымдық күші және бітімгершілік күштер болады. Аймақтық қандайда бір қауіп-қатерге нақты жауап табылады деген сеніммен қарайды. Ұжымға мүше елдердің басшыларының ортақ жариясында – бұл ұйымның белсенді және беделді екендігі белгілі, негізгі мақсаты бейбітшілікті сақтап, аймақтардағы елдерді кенеттен болатын қауіп-қатерлер мен жайғдайлардан қорғау болып табылады деп келтірді [59, б. 8].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдерде салыстырмалы аз тарихи уақытта Орталық Азия елдерінің қатысуымен бірнеше ұйымдар мен одақтар, халықаралық және субаймақтық – аймақтық тұрғыда құрылды, олар аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтауда нағыз тіреуші күштер ретінде танылды. Олардың қатарына ШЫҰ, ҰҚЫҰ сияқты ұйымдарды қосамыз, басты міндеттері аймақтағы тыныштықты қамтамасыз ету болып табылады. Бұл ұйымдарда әлемдік саясаттың екі негізгі елдері келтірілген және маңыздысы Орталық Азиялық елдермен көршілес, географиялық территориялық жақындықта орналасқан алпауыт елдер, өздерінің мүдделері бар бұл аймақта: Қытай және Ресей [132].

Солтүстік Атлантикалық келісім ұйымы Батыс аймағының соңғы алпыс жылдағы уақыттағы әскери-стратегиялық құралы ретінде қолданылып келеді. 2020 жылдан бастап Орталық Азия аймағы осы ұйымның келісімінің аймақта және Ауғанстанда соңғы екі ай уақты аралығын есептемегенде әскери қатысуымен өмір сүріп келеді. 2005 жылға дейін әсіресе АҚШ-ның техникасы мен әскері қатысушы мүше елдерде, нақытай Өзбекстанда, Қырғыстанда және Тәжікстанда болды. Брюссельде қаншалықты болса да көп мөлшерде аймақтың елдерін батыстың геосаясатына кіргізуді мақсат етті. Бұл саясаттың негізгі құралы ретінде мына аталмыш жоба мен стратегия қолданылды, Әлем үшін ынтымақтастық. 1994 жылы мамырда Қазақстан осы келісім аясында қол қойып, келіскен болатын. Ал, 1996 жылы Брюссельде Қазақстан мен ұйым

арасында Қауіпсіздік туралы келісімге қол қойылған болатын. Бұл серіктестік негізінде жоспарда жасырын құжаттар мен ақпараттарды реттеу, сонымен қатар әскери күштердің басқа қатысушы елдер территориясында оқулардың статусын реттеуді қолға алған болатын [133].

Орталық Азия елдеріндегі жалпылама, бұл тұрғыда: терроризм және есірткі сауда айналымдары заңсыз, территориялық мәселелерді атап айтуға болады. ШЫҰ негізінде аймақтың ұйымға қатысушы елдерінің, халықаралық қоғамдастықтардың көзқарасы әртүрлі болып келеді. Бірақта кейбір мемлекеттердің бірегей ойларында толықтай алуға болмайды. Бәлкім, АҚШ және ШОС, НАТО ұйымдарымен әртараптық сәтті ынтымақтастық мүмкіндіктері де болуы шарт [137].

Орталық Азиялық аймақтардың мықты деңгейдегі ынтымақтастығының көрсеткіші мына екі негізгі ұйым арқылы жүргізілуге тиісті. Олар ШЫҰ және ЕЭО болып табылады. Бұған қоса әртүрлі факторлардың ішіне Ресейдің екі ұйымдада мүшелік етуін атап айтқан жөн. Бірқатар мемлекеттердің арасындағы тығыз экономикалық даму деңгейлері, ортақ мүдделердің болуы мен пайдаларын дәл осы ұжымдық Еуразиялық Экономикалық Одақта ынтымақтастықтарын реттеп, біріккенді түрде іс- әрекеттерін жүзеге асыру келесі ретте мындай ұйымдарға мүшелік етулері де өз тараптарын ықпаларын тигізеді: БҰҰ, ДДСҰ және тағыда басқалары. ШЫҰ-на Үндістан мен Пәкістан мүшелікке тұрақты қосу бұл мемлекеттер арасындағы дамуды одан әрі нығайту мен қатар олардың арасындағы масштабты түрде қарым- қатынастарды ретке келтірумен қоса, барлық азиялық аумақтағы қауіпсіздікті жұмылдыруға әрекет етеді. Кейінгі ШЫҰ-ның дамуы әлемдік орталықтардың күштерінің ауысуы мен өзгеруіне, халықаралық қатынастардың сәулетінің өзгеруіне әкеледі [135].

Ауғанстандағы соңғы саяси төңкеріс пен саяси ахуалға байланысты аймақтық елдердің қауіпсіздік мәселесін күн тәртібінде бірінші тұрған міндет болып табылады. Осы ретте тәліптердің саяси билікке келу барысында АҚШ-ның әскерінің шығарылу үдерісі жүрді. Соңғы ретте Қазақстан өзінің дипломатиялық делегация мүшелерін Ауғанстанға жіберген болатын.

Соңғы жылдарда ШЫҰ-ы сәтті және функционалдық ұйымға айналды [136]. Оған қоса шекараны реттеу , қауіпсіздік жұмыстары мен терроризм, сепаратизм, экстремизм міселерін шешуде және сенімдік қатынастар орнатудағы маңызды рөл атқарушы орган болып табылады. Осы тұрғыда мәселелер шешімін тауып, жақсы үдерістер орын алғанда ШЫҰ-ның қатысушы мүше елдерімен қоса басқада мәселелердің жаубы мен шешімін табуда, жаңа жоспарлар мен мақсаттарды айқындауда қызметтер атқаруға кірісті. Көлік байланыстары мен газ құбырларын кеңейтуде, сауда байланыстарын одан әрі жоғарылатуды мүше елдердің күн тәртібіндегі шешуді талап ететін бірінші мәселере ретінде тұрды.

Бұл ұйымның Орталық Азияда қызмет етуі мемлекет басшылары мен үкіметтің қолдауын тапқанның өзінде, тек қана бұл емес мемлекеттік мекемелер мен қоғамдастықтар және түгелдей орталардың бірегей шешімін талап етеді. Бұндай сенімді алып шығу үшін ұйым тек қана бір қоғам ретінде ғана емес, өзін

толыққанды түрде демографияның сұрақтарына жауап беруші, саяси және әскери біршама ірі елдер Ресей және Қытай мемлекеттеріне тек ұйым ретінде аймақтық, үлкенірек ұйым ретінде болуға тиісті [137]. Себебі, Ресей және Қытай мемлекеттері әлемдегі ең алып елдер ретінде талаптары да үлкен болып табылады, бұларды ұйымға мүшелік етуі үшін біршама талаптарға ұйымның өзі жауап беруге тиісті.

Бүкіл әлемдік сауда ұйымы да Орталық Азияның мемлекеттері мен ынтымақтастыққа түседі және оған жиырма жылдай уақыт толды. Бұл уақыттың ішінде оның толыққанды мүшесі ретінде 1998 жылы Қырғыстан Республикасы, 2013 жылдан бастап Тәжікстан Республикасы, ал 2015 жылдан бастап Қазақстан Республикасы кірсе, 2018 жылдан бастап Өзбекстан Республикасы да қосылудың келісім шарттарын қайта жаңғыртқан болатын. Бұндай ұйымға мүшелік етуде Орталық Азияның елдеріне халықаралық имиджін және халықаралық аренадағы орынын нығайтуға, онымен қоса ұйымның шарттарына сәйкес жаңа байланыстар орнатып, жаңа деңгейге шығуды қамтамасыз етеді. Бұл жерде аса қызықты жайт ретінде Орталық Азия елдерінің бұл ұйымға мүшелік етуі саяси талқылануларда бірнеше рет қайтадан Еуразиялық Экономикалық Одақтағы үдерістерге бәсекелестік тудырады деген ойға келтірді. [57].

Орталық Азия елдеріндегі нақты ұйымдар мен одақтардың атқаратын рөлі ерекше болып табылады. Ол аймақтың елдерінің қорғаныс, экономика салаларын дамытып, тұрақтандырып қана қоймай аймақтағы елдердің өзара қарым- қатынастарын реттестіруші бір құрал мен механизм ретінде жүретіні анық.

ЕурЭҚ және ШЫҰ –ы үлгі ретінде, Орталық Азиялық мемлекеттер экономикалық және саяси модерниция немесе өздерінің позицияларын халықаралық қоғамдастықта реттеу мақсатында интитуционалдық қарым- қатынастардың тиімділігін түсінуде екендігін көрсетуде.

Аймақтың жеке мемлекеттерінің ЕурЭҚ пен олардың ШЫҰ-на мүшелік етіп кіруі мемлекеттің сыртқы саясатындағы болып жатқан жағдайлар мен өзгерістермен тығыз байланысты болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде Қазақстан мен Өзбекстанның және Орталық Азиялық аймақтың толықтай теория-әдіснамалық тұрғысынан толықтай зерделенді. Сонымен қатар, теория- әдінамасымен бірге шетелдік зерттеушілердің еңбектері мен аймаққа деген көзқарастары қарасырылып, Орталық Азиялық аймақтың халықаралық және аймақтық ұйымдарға мүшелігі мен одан шығатын тиімділіктері мен ерекшеліктерін зерттеуге алдық. Қорытындылай келгенде, ЕурЭҚ аймақтың елдерінің халықаралық өзара іс- әрекеттерінің дамуына кедергі ретінде болса, екінші көзқарас бойынша бұл Орталық Азия елдерінің халықаралық ынтымақтастығының деңгейінің өзгеруіне, оған әсер етуші фактор ретінде қарастыруға болады.

2 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАН

Қазақстан және Өзбекстан халықаралық қатынастар жүйесінде бөлімінде геосаяси координаттардың өзгеруі мен трансформациясына талдау жүргізіп, екі мемлекеттің өзара ынтымақтастығына жаңа геосаяси және геоэкономикалық үдерістердің әсері Қазақстан мен Өзбекстанның өзара халықаралық деңгейдегі ынтымақтастығы мен қарым- қатынасына талдау жасалды. Орталық Азиялық елдердің сыртқы қорғаныштық және де даму үдерістеріндегі басты назар аударатын салаларының бірі ең алдымен қарым-қатынастарының өзгеруіне баға бере алып отырып, осы орайдағы саяси және экономикалық, қауіпсіздік салаларын басымдыққа алған жөн. Себебі, бұл үш бағыт мемлекеттің өміріндегі басты бағыттары бола отырып, барлық қалған іс- әрекеттердің дамуына әсерін тигізеді. Орталық Азияда қазіргі уақытта саяси өзгерістерден қалыс емес, елдегі бірнеше мемлекеттердегі биліктің ауысу фактілері олардың өзара қарым-қатынастарындағы динамикаға екпін беріп, өзгеруіне ықпал етуде. Онымен қатар қазіргі уақыттағы экономкадан басқа күн тәртібіндегі басты мәселе, әсіресе Орталық Азия елдері үшін Ауғанстандағы жағдай болып отыр. Геограифылық жақындығы бар, мәселен Өзбекстан мен Тәжікстан үшін аса басты проблема саналса толықтай аймақ үшінді аяқ асты туындайтын мәселелерден қорғану қимылдары болуға тиісті. Бұл исламдық радикалды қозғалыстар мен терроризм фактілерінің жиі болуы мен заңсыз көші – қон мәселелерін туындатуы мүмкін. Аталмыш бөлімде осы мәселелер жиынтығы бойынша өзгерудің басты алғышарттары зерттелініп, оларды ары қарайғы уақытта қандай жолдар арқылы шешуді талдауды мақсат етіп алынған.

2.1 Жаңа геосаяси жағдайдағы Қазақстан мен Өзбекстанның өзара іс-қимылының трансформациясы

Осы замандағы посткеңестік аймақтағы интеграциялық үдерістердің барлығы экономикалық сипатта екендігі белгілі. Көп зерттеушілердің еңбектерінде экономикалық интеграцияны жаһандануға қарсы жауап ретінде жүретін іс- әрекет ретінде қабылдап, аймақтық деңгейде өзара экономикалық қарым- қатынасты бірі –біріне тәуелділікті реттеп отыру жолдары деп береді.

Экономикалық интеграция – аймақтың елдеріне өзара ынтымақтастықтың ең логикалық түрде бірінші жүзеге асырылаты әрекет болып табылады. Осы экономикалық бірігудің қатысушы мүше елдері әртүрлі мақсатқа қол жеткізу барысында іс-әрекетке түседі, мәселен: өзінің ұлттық және жаһандық экономикалық экспансияда қатысуының тиімділігін жақсарту мақсатында немесе одан қорғау үшін, жақын орналасқан көршілес мемлекеттермен шаруашылық байланыстарын арттыру, өзіндің өндірістік потенциалды тұрақтандыру және жақсарту мақсатында болуы мүмкін. Жаһандық заманда жоғарыда аталған мәселелердің барлығы дерлік өзінік шешімімен, ешкімге

тәуелсіз жағдайда шешіледі деу қате болады. Осыған орай аймақтардың мемлекеттерінің арасындағы интеграция ұқсас территориялық, географиялық жақындық, басқару жүйесі мен экономикалық қарым- қатынастың бірегей принциптері, инфроқұрылым сияқты факторларға негізделеді. Бірақ, бұл жерде саяси интеграция сирек және көп кездеспейтін форма ретінде танылады. Оған қол жеткізу аса қиын және елдер өздерінің саяси тәуелсіздігі мен егемендігінің бір бөлігінен айырылу шарттарына келісе алмайды. Бәріне белгілі жағдай, әлемдегі ең бірі бірігу интеграциясының моделі Еуропалық Одақтың пайда болуына септігін тигізген дәл осы экономикалық интеграция болып табылды және қазіргі таңдағы терең интеграцияның мысалы ретінде әлемдік құрылым мен саясаттағы мысал ретінде жүреді [36]. Бұл зерттеудегі басты назарда болатын жағдай және келісетін фактіге аймақтың елдері арасындағы интеграцияға деген ниеттің алдымен экономикалық бағытта жүретіні анық. Зерттеліп отырған Орталық Азияның интеграция ұғымында аймақтың елдерінің приоритеттегі бағыты осы экономикалық екендігі ел басшыларының және саяси элиталарының жарияланымдарында жазылып, айтылып осы орайда аймақтың мемлекеттері әртүрлі келісімшарттар мен стратегиялық серіктестік тарапына қол қойылып, өндірістік хабтар мен кедендік және еркін сауда аймағы мәселелеріне байланысты тоқтамдарға келіп, ортақ шешімдер арқылы қазіргі таңда қарым- қатынасқа түсуде.

Орталық Азиядағы ең байсалды мәселелердің бірі болып басшыларының ауысу үдерістері тұрақсыздыққа әкелу сияқты бірқатар проблемаларды тудыруы мүмкін. Бұлардың барлығы түбінде саяси ерекшелікке байланысты, мәселен тарихи құндылықтар, кеңестік үкіметтің қалдырған ой санадағы ойлау жүйесі мен халықтың мемлекетке деген патерналистік тәсілі, аймақтық билікке деген консерватизмдік көзқарас және тағы да басқалары. Барлық дерлік аймақтың мемлекеттеріне президенттік саяси басқару моделі тиесілі, бұл жерде ел басшысы ең бірінші және биліктің орталық көзі ретінде танылады. Аралықта Қырғыз Республикасына да тиесілі фрагментарлық жағдайлар бар болып есептеледі.

Берілген саяси модельде мемлекеттің саяси тұрақтылығын қамтамасыз етіп, ел басшысы ортақ арбитр ретінде саяси қарама-қарсылықта, аймақтық және халықаралық экономикалық дамуға әсерін тигізеді. Екіншіден, аса дамымаған азаматтық қоғам және институционалды басқару негізгі тиімді және эффективті мемлекеттік аппарат және оның жасалған жұмыстарының тек бір басшы алдында есеп беруі болып табылады. Үшіншіден, нақты сол ел басқарушы тұлға ресми түрде барлық халықаралық аренада, аймақтық қоғамдастықтарда сол елдің мүддесін қорғаушы болып табылады [139].

Қазақстан мен Өзбекстанның ара қатынастарының даму үрдістері бірнеше деңгейде әртүрлі және біршама ұқсастықтарға толы екендігі анық. Қазіргі таңдағы саяси және ішкі өзгерістеріне сәйкес барлық салалардағы іс-әрекеттері өзінше кейіп алып жатқаны рас. Көп зерттеушілер мен талдаушылардың көзарасынша аймақтың бұл екі елінде қазір трансформация үдерістері жүруде. Ол, екі тараптық болсын жүргізілседе оладың қалған

аймақтағы елдерге екпіні мен ықпалының арқасында ілгерілетуге жұмыс атқара алады.

Принциптердегі ерекшеліктер мен әртүрлілікке байланысты қазіргі таңда екі ел арасында, Қазақстан және Өзбекстанның экономикалық қарым-қатынастарын жаңа, басқа деңгейге көшіру іс-әрекеттері жүргізілуде. Қазақстан инновациялық-индустриалды даму жобасын іске асыруда және модернизациялық дамудың үшінші кезеңіне өтуде. Өзбекстан экспортқа негізделген экономикалық стратегияны жүзеге асырып, жеделдетілген индустриализацияға бағыт алуда. Егерде, Ш. Мирзиевтың шаруашылықты либералдау қызметіне іс-әрекеттер қарастырса, екі елдің арасындағы тығыз ынтымақтастықтың жемісін көруге болады. Бұл, өз кезегінде ЕЭО секілді ұйымда біріге қарым-қатынастарын реттетіп, әсіресе Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығы негізінде, одан әріде сыртқы сауда режиміне байланысты, ортақ инвестиция мен салықтық негізде бір-біріне деген жеңілдіктер қарастыруға жол ашатын болмақ [140].

Қазіргі уақыттағы Орталық Азиядағы ынтымақтастықтың ерекшелігі олардың серіктестігі болып табылады, бұған Ресей мен Қытай арасындағы бәсекелестік факторларын қоя аламыз. Зерттеушілердің арасында Орталық Азиялық дамудың перспективалары тенденциясы сақталады, бұнымен қоса бәсекелестік те қоса жүруге тиісті. Бірақ, ынтымақтастықта тактикалық ойлауға әкелетін мотивтегі даму, ұзақ уақыттағы даму қарым-қатынасына айналуы мүмкін емес делінеді. Себебі, геосаясат негізгі мотивациялық фактор ретінде жүріп, мынадай сұрақ туындайды, екі алып елдерде алыс шығыстағы және Орталық Азия аймағында жүріп-тұрудың мақсатына жете алады ма [141] деген мәселе туындайды.

Кей жерлерде конструктивті дамудың және өзара ынтымақтастықтың көрінісі ретінде аймақтың екі алып еліде өздерін бәсекелес ретінде таппайтындары. Бір-біріне қарама қарсы іс-әрекетте ешқандай мемлекетке, Вашингтонға және Мәскеуге, Пекинге де тиімділі жоқ. Қазіргі таңдағы Ресей мен Америка Құрама Штаттарының жағдайларына сәйкес Орталық Азиядағы мүмкіндіктерді пайдалану саналы шешім болып табылады. Бұндай тәсіл бұл ынтымақтастықты жалғастырылған санкциялар мен контрсанкцияларға әкеледі. Қалай болғанмен де Вашингтон және Мәскеу арасындағы қарым-қатынастар Орталық Азиялық аймақтың ішінде Иран мен Сирияның даулы қарым-қатынастарына әкеледі [116].

Бұл диссертациялық жұмыстың бөлімінде Орталық Азиядағы ынтымақтастықтың жаңа геосаяси жағдайдардағы Қазақстан және Өзбекстан өзара іс-қимылдарының трансформациясын толықтай зерттеу міндетке алынды. Осы орайда қазіргі уақыттағы Қазақстан мен Өзбекстан елдері де өзара іс-әрекеттерінде жаңа өзгерістерге жол беріп, жаңа этапты бастан өткеруде. Бұған мысал бола алатын, әрине, бірінші факт екі елдегі басқарудың өзгеруі және ұзақ уақыт аралығындағы Өзбекстанның сыртқы саясатындағы орын алып жатқан трансформацияларды аймақтың даму перспективасындағы жаңа бастапқы нүкет ретінде қарастыра аламыз.

Аймақта саяси мәселелер жоқ емес және олар экономикалық даму мен сауда қатынастарының белсенді болуына және аралық ынтымақтастықты жақсартуда кедергі болуды. Бұған төмендегі келтірілгендей мәселелерді нақты атап айтамыз:

- Орталық Азиялық шекаралық шешілмеген анклав мәселесі;
- Траншекаралық өзендер мәселесі, Әмудария мен Сырдария секілді ең ірі өзендері аймақтың гидрологиялық және әлеуметтік- экономикалық дамуына әсер етуде;
- Орталық Азиялық мемлекеттердің дамуының әртүрлілігі, оған негізгі себеп аймақтың елдерінің кеңес үкіметі құлағаннан кейінгі кезеңдерде таңдалынып алынған экономикалық саясаттары;
- Халықаралық ұйымдардағы бірегей мүшелік пен қарым- қатынас интеграциясы, осы уақыттардағы Орталық Азиялық мемлекеттердің өзара қарым-қатынастары ендігі 3-4 жыл көлемінде өзгерсе де, 20 жылдық уақыттағы мәселерді бірден шешімін тауып, ығыстыру үлкен жұмысты және де бірашама уақытты талап етеді [1].

Америка Құрама Штаттары мен Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы ынтымақсаттыққа екіжақты тараптарда жүргізіліп жатқан жаңа жобалар мен бағдарламалар арқылы жаңа импульс беру саясаты жүргізіледі. Оған мысал, АҚШ-тың Орталық Азиядағы 2019-2025 жылдардағы стратегиясы егемендікті және экономикалық дамытуды жоғарылату аясында аймақтың елдеріне жаңа мүмкіндіктер беру, бұл арада өздерінде бар мүмкіншіліктерін ескере отырып. Айта кететін бұл жерде, ресей мен американдық қарым-қатынастардың ушығуына байланысты, әсіресе аймақтағы Ресей ықпалының үлкендігін ескере Американдық күштердің бұл арада іс- қимылы одан әрі белсенді болуы күтуге болады [46, б. 54].

Жағдайға геосаяси тұрғыдан қараған қызғушылықты тудырады. АҚШ-тың үкіметінің Орталық Азиядағы саяси келісім-шарттары іске асырылуға көшіп отырған, Ресей мен Қытай арасында аймақтың елдері үшін маңызды болып қала бермек. Бұл жерде Ресей мен тығыз қарым-қатынастағы, Еуразиялық Экономикалық Ұйымға кіретін елдер, әсіресе Қазақстан мен Қырғыстан американдық қаржылай қысымға түрткі болуы әбден мүмкін. Бірақта, Орталық Азияның Ресейдің ең қиын санкцияларына төтеп беретін мүмкіншіліктері әлі де болсын бар [10].

Ең назар аударатын және ары қарайғы дамудың перспективаоарын анықтауда аймақтың екі елі Қазақстан мен Өзбекстанның жалпылама Орталық Азияда ортақ тарихи- мәдени, достық және көршілес жақындық, стратегиялық серіктестік пен өзара сенімге негізделгендігін атап айтуға тиісі. Сыртқы саясаттың негізгі бастамасы болуға тиісті.

Бүкіл әлемді кенттен шарасыз қалдырған, түгелдей экономика мен қарым-қатынасты қайта қарауға мүмкіндік берген қазіргі уақытқа дейін себеп – саладырмен күрсеіп келе жатқан Ковид-19 пандемиясының әсері туралы жазбау қате болады. Аталып отырған пандемия вирусы Орталық Азия елдерін де айналып өткен жоқ, тіпті арадағы бар бұрыннан келе жатқан проблемалар мен

мәселелерге басқа призма арқылы қарап, оның үстіне басқа жағдайларды керісінше басқа көзқараспен қабылудаға мүмкіндік берді.

Орталық Азияның елдерінің қарым- қатынасында аса маңызды орынды аймақтың елдерінің тарихи өткен кезеңдерге қарай Ресеймен өзара қатынастарын конструктивті түрде орнатуды санайды. Аймақтыағы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы саяси жүйені заңдастыру және жаңаларын іздеуді міндет етеді. Кеңестік жүйеден шығу Орталық Азияға бірегейліктің жаңа көзін ашты. Оның басты формасы дін болып табылады [143]. Зерттеушінің айтуынша аймақтың елдерінің басты біріккіруші факторы осы исламды көрсетсе, негізінде келешектегі он немесе жиырма, отыз жылдықта Орталық Азиялық халықтардың басты біріктіруші негізінде болатын және оның барлық өмірлік маңызы бар басымдықтарына әсер етуші ретінде исламды қарастыруға болады.

Өзбекстан елі негізі географиялық тұрғыдан жабықтығын аймақта шешуге тырысты. Бұған шешім ретінде 2018 жылы қыркүйекте халықаралық конференция аясында «Орталық Азия халықаралық көлік дәліздері жүйесінде: стратегиялық перспективалар және орындалмаған мүмкіндіктер» негізінде қарастырылды. Өзбекстан тарапынан аймақтың елдерінің жағынан халықаралық көлік дәліздері жүйесі барысында интеграцияға бас құру ниеттері аса маңызды рөлге ие деп белгіледі. Жалпы Иран, Пәкістан мен Үндістанның темір жолдарына жол ашатын дәліздік көліктік жобаны іске асыруда қатты ынталығын көрсетті [144].

Белгілі бір мемлекеттің дамуы мен құрылымында әрқашан маңызды бағыт ретінде оның жаһандық алып мемлекеттермен қарым-қатынас орнату ғана емес, сонымен қатар аймақтағы көршілес елдерімен тығыз ынтымақтастықты дамыту ынтасы да маңызды саналады. Орталық Азияның интеграциялық бірігуі мен даму перспективалары бұрыннан келе жатқан және әлі де болса толықтай түрде шешімін таппаған, айтылып талқыланып жүрген мәселе ретінде таныс. Бірақ, жоғарыда аталып өткен факторларға негіздеп қазіргі таңда аймақтың елдерінің, әсіресе Қазақстан мен Өзбекстан елдерінің контекстінде өзгерудің, шоғырлаундың, консолидацияның алғышарттарына қадам басы және осын нақты іс- әрекетке айналдыру мүмкіндіктері толықтай бар.

Әрбір елдің ұлттық мүдделері, ол кибер қауіпсіздік болсын, ақпараттық соғыстар мен қазіргі уақыттағы маңыздысы пандемия болсын өзінің міндеттеріне қазіргі замандағы жаһанданудағы болып жатқан әртүрлі тапсырмаларды қояды. Біз, зерттеп отырған Орталық Азияның өзіндік ерекшелігі мен ұқсамайтын тұстары бар. Ол, бірегей тарих, мәдени ұқсастық пен территориялық жақындық саналады. Аталмыш елдер бүкіл ғаламда болып жатқан әр түрлі формадағы проблемалар мен мәселелерге, қауіп – қатерлерге біріккен түрде жауап беруге, оған қарсы тұруға толықтай мүмкіндіктері бар. Айтылып жатқан мәселелерге сәйкес аймақтың елдері қазіргі уақытта біршама үдерістерді артқа тастап аймақтың бірігуінің алғышарттарына кезек беруде. Бұл тұрғыда Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттері аса ірі жобаларды іске асыруда.

Басқа елдермен салыстырмалы түрде Орталық Азияның елдері жас, жаңа тәуелсіздіктеріне 30 жыл толыр отырған елдер болып табылады. Осы тұрғыдағы мәселерде көтере келе мына сұрақтарға тоқталуға болады, сонда аймақтың қай мемлекеттері біріктіруші драйвер ретінде, аймақтық локомотив ретінде Орталық Азияның шоғырлануына әсерін тигізе алады?

Орталық Азия аймағы мүлдем жоқ немесе ол өзімен бірге қандайда бір виртуалды аймақты елестетеді. Қазіргі таңда мемлекеттер арасында экономикалық қарым-қатынас басты маңызды рөлді атқарады. Себебі, аймақтың бірігуі тұрғысында қазіргі уақытта барлық негізгі мотивациялары жоқ болып табылады. Біріншіден, Орталық Азия көліктік маршруттар бағытынан алыста орналасқан, тек бұрынғы кеңес үкіметінен қалғандар және сақталғандар. Бұған қоса, жаңа инфрақұрылымдық жобалар қосылды, мысалыға, Қытайдың және басқада жекелеген жобалар көршілес мемлекеттер қабылдаған және тағыда басқалары. Бірақта, бұл арада Орталық Азия мемлекеттерінде ортақ аймақтық интеграцияны жылжыту мақсатында немесе азында ынтымақтастықт интенсификациялау көліктік стратегиялар жоқ [145].

Ел басшыларының соңғы кездесулерінде сауда- экономикалық қарым қатынасты 5 миллион доллар шамасына жеткізу мақсаттары қойылған болатын. Осы жерде аймақтың қарым-қатынасының тығыздығын қарап, анықтауға болады. Бұл келісімдерге қол қойылып, ендігі дамудың үдерістерінің жылдамдатылған уақытында әлемде коронавирустық инфекция тарап, бұл экономикалық үдерістер даму деңгейі уақытқа шегерілді. Жоғарыда айтылған мәселеген қоса, Өзбекстанның Сардоба дамбасының жарылып Қазақстанның оңтүстік аймақтарын су алу жағдайлары да орын алды. Бірақ, бұл жерде ел басшылары мен қызмет атқаратын қрылымдар екі ел арасындағы орын алған жағдайды тез және ешқандай ушықтырусыз қимылдап, шешімдерін қабылдап жүзеге асырып жіберді. Егерде басқа елдер қатарында болғанда бұл мәселенің төңірегі кең ауқымды алар мүмкіндіктері әрине болды. Өзбекстандық тараптан тезіек уақыт аралығында бүкіл халықтық жағдай жасаланып, ақшалай көмектер көрсетіліп, Өзбекстан Президенті өзі тікелей жағдай орын алған жерлерге барып, онымен қоса Қазақстандық тарапқа да тез іс- әрекеттерін жұмылдырып, жағдайды тез шешті. Бұның барлығы қазіргі таңдағы екі ел арасынжа қандай да бір ушыққан проблеманың жоқтығын, және үшінші күш тараптарынсыз өзара мәселені шешу қабілеттерін көрсете алды.

Кездесу барысында екі елде өзіндік тұрғыларынан көпжоспарлы ынтымақтастықты дамытуды айтып, бірнеше құжаттарға қол қойылып, жол картасы жүзеге асыру және Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту қарастырылды. Бейіндік Министрствалар арасындағы қарым-қатынас, жоспарланған мерекелер мен жобаларды жүзеге асыруда, кәсіпкерлер арасындағы ведомствалардың қызметін барынша жақсартуға бағытталды. Сонымен қатар, елдер арасындағы екі жақты сауда байланыстарын жақсартып, шекараалық өзара іс- әрекеттерді дамыту мен Халықаралық Орталық Азия сауда- экономикалық ынтымақтастық орталығының дайындау жұмыстарын қадағалауды басты назарға алды.

Келісімдердің нәтижесінде, екі жақта бірдей аталмыш жобаларды тезірек жүргізу туралы келісімдерге келіп, бұдан арғы уақыттардағы ортақ іс-қимылдарды екі жақтық инвестициялық мәселелер мен сауда- экономикалық дамытуды тоқтатпауды шешті [5, б. 1].

Бейресми сауда- саттық пен нарық Орталық Азия мен Кавказда аймақтың халқына мемлекет пен қоғам арасындағы соңғы отыз жылдық уақытта мүмкіндік берді, және де бұл бейресмилікті Орталық Азия мен Кавказдағы құрамдас нормативті бөлік ретінде қарастыруды ұсынады. Орталық Азиядағы бейресми нарық пен сауда үш негізгі факторға негізделеді: мемлекеттің коммерциялық келісімдерді өлшей алмауы, нарық пен сауда- саттық азаматтардың тұлғалық байланыс жасауында және әлеуметтік қарым-қатынасқа, әсіресе сенімге негізделген жекелеген келісім мен нарықтар мемлекетке кірігуде [146].

Ерекше назар Орталық Азия елдерінің ғасырлардан келе жатқан достық пен жақын көршілес қатынасқа, стратегиялық серіктестікке және өзара сенімге негізделуі болып табылады. Бұлда сыртқы саясаттарының басымдығы болып табылады. Пандемия Ковид -19 аймақтың елдерінің қаншалықты бір- бірімен тығыз байланыста екендігін көрсетті. Осы аймақта болып жатқан үдерістер мен өзгерістерді зерттеу мақсатында Ташкентте осы жылы Халықаралық Орталық Азиялық Институт құрылды. Осы жылы шілде айында Ташкентте халықаралық конференция өтілді. Бұл конференцияда Орталық Азия мен Оңтүстік Азия тақырыбында болды. Осымен қатар Хиуа қаласында тағды халықаралық конференция ЮНЕСКО мен біріккен өтіледі деп мәлімдеген болатын, ол «Орталық Азия әлемдік өркениеттер тоғысында» деген тақырыпта аталды [142].

Өзбекстан Республикасының Президенті Ш. Мирзиевтың Олий Мажилисіндегі өзінің жарғысында былай деп атаған болатын: Орталық Азия қазіргі уақытта Өзбекстанның басым приоритеттерінің бірі болып табылатындығын және аймақтың өзара ынтымақтастығындағы іс- әрекеттердің аймақтың әр елінің дамуы мен өара экономикалық деңгейлерін жоғарылатуда қандай маңызға ие екендігін атап өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы 18 қаңтарда Өзбекстан Республикасының Сыртқы Істер Министрі Абдулазиз Камиллов пен кездескен болатын. Бұл кездесуде екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың келешек уақыттағы даму перспективалары туралы тілдесіп, бұл кездесуде Өзбекстан Министрі Қ. Тоқаевқа ендігіде өткізілетін халықаралық конференция «Орталық Азия және Оңтүстік Азия: аймақтық өзара іс- әрекет, мәселелер мен мүмкіндіктер» тақырыбында қолдауды білдіріп, жарғыны қолдауды берген болатын.

Қазақ- Өзбек қатынастарының келешектегі жағдайы мен жаңа ынтымақтастықтың салаларын табуды және оны кеңейтуді қозғады. Қ. Тоқаев өз кезегінде пандемияға қарамастан Қазақстан –Өзбекстан қарым –қатынасы дамудың жоғарғы деңгейінде көрсетуде деп атап өтті [6, б. 1].

А. Коэн және Дж. Гранттың «Орталық Азиядағы шетелдік инвестициялар тақырыбы бойынша» зерттеулеріне сәйкес Қазақстан және Өзбекстан дамудың белсенділігін арттыруда және қайта жаңғыруда бес негізгі бағытын анықтап жазған. Бірақ, бұл елдерде оң тенденциялар көрсеткенмен де бәсекелестікте және көршілес мемлекеттермен инновациялық дамуда салыстырмалы түрде, бұлар да ешқандай саяси болсын кенеттен туындайтын үдерістерден сақталған емес. Осылайша келе төмендегідей бес стратегияны анықтап келтірген:

- Инвестициялық проекттерге «жасыл даму» жобасы бойынша энергетикалық секторды дамыту, инвестицияларды және көмірсутектер мен пайдалы қазбаларды сақтауды, металлмен энергетикалық ресурстардың барлығын дерлік сақтап қалуды естен шығармаған дұрыс;

- Білім мен кәсіптік жетістіктер арқылы адам капиталына инвестиция жасау, мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру мен жақсарту;

- Шетелдік және ішкі инвестицияларды реттеп, оларға саяси реформаларды жөндеу, мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру, бюрократиялық жұмыстарды шектеу қою және жемқорлықпен күресуді анықтады;

- Ғылымға қажет салалар мен құзырлық органдар, мекемелерді құрып, оларды нақты іс жүзінде жүзеге асыру;

- Жаппай технологиялық жетілдіру, аппараттық түрде болсын, инновациялық жаңалары болсын, бұған виртуалды үкіметпен қоса, бұнымен шектелмей жаңа технологиялар білім саласындағы, қашықтықан білім беру және қашықтықтан жұмыс жасауды белгілеп көрсеткен [13].

Негізі айтылған бес стратегияның барлығы дерлік Орталық Азия мемлекеттері үшін аса маңызды салалар болып табылады. Мәселен, аймақтың бұрынғы кездерден де шет елдік инвесторларға қызықты аймақ болған мен де инвестицияның санын көбейту аймақтың жағдайының одан әрі дамуы мен қоса жаңа жұмыс орындарын ашуға әсер етуші фактор ретінде қарастырсақ, бұдан әрі бұл шетелдік инвестициялар арқылы өңірлік дамуды жетілдіруге қаншама мүмкіндіктер беретіні рас.

Екінші бағыт бойынша ең нақты айтылған салалар деп тануға болады. Ол, әрине оқыған адами сана болып табылады. Ең бірінші белігілі бір халықтың дамуы мен өсіп-өркендеуіне маңызы зор фактор ретінде әсер етуші оқыған азаматтардың санының көп болуы, ал оған қоса бұл ретте осы біліммен қатар дәл қазіргі уақыттағы білім алушылардың ғана емес, жұмыс жасап жүрген мамандардың арасындағы біліктілікті жоғарылату мен квалификацияларының жоғарылауын қадағалау да маңызды шешім болып табылады. Бұндай жағдайда халықтың ой санасының өсіп қана емес, өмір сүру деңгейінің одан әрі жетілуіне әсер етуші ретінде қарастырамыз.

Үшінші нәрсе, ол бюрократиялық керек емес іс –әрекеттерден арылту, оған қоса жемқорлықпен күресті жоғарғы деңгейге апару аймақтың елдерінің өмір сүру қалыпының өзгерісі ғана емес, онда ашық білім алған азаматтарға жол ашылу перспективалары жүргізілетін болады.

Төртінші мәселе бұл жерде, ол Астана қаржы орталығы секілді қаржы орталықтары мен одан қоса басқада салалық хабтардың ашылуы деп есептейді. Әрине, келісуге тұрарлықтай басқа салаларда болсын, аталмыш қаржы саласында өзіндік орталықтардың болуы жүйелі іс- әрекеттер арқылы жұмыстардың жасалынуына әсер көп болмақ [183].

Зерттеуші Э.Галло өзінің мақаласында бұл республикалардың тағдыры әлі күнге дейін анық емес, бірақ қазірге таңда оларда Кеңес Үкіметінен кеткеннен кейінгі нақты мықты жақтары бар: сауаттылықтың жоғары деңгейі, денсаулық сақтаудағы жоғарғы сапа, көлік қатынасының инфраструктураны жақсы деңгейі және оның ортақтығы. Бірақ авторитарлы саяси жүйеде қандай да болсын тұрақтылықпен қамтамасыз етеді. Болып жатқан дағдарыс қайта индустриализацияның перспективті жақтарын көрсетті. Аймақтың әрбір мемлекеті өндірістің жаңа бағытын алып, себебі ескі физикалықтары жоғалғандықтар кейбір технологиялық заманға сай мекемелер ғана бәсекелестікке қабілетті болып қалды. Әрине жаңа өндірістік бағыттар біршама инвестицияларды керек етеді. Сонымен қатар бірегей макроаймақтың нарықтық жүйеде қатысушы елдердің координациясының жалпылама түрде бірегей болуын анықтайды [147]. Яғни бірегей жаһандық жүйенің бірнеше үлкен аймаққа бөлінуі әлемнің макроаймақтануының бөлігі болып табылады, бұл контексте Орталық Азияның бес мемлекеті түсініп және бірегей аймақ ретінде өзіндік шешімдерді қабылдап, басқа үшінші күштердің қатысуынсыз іс-әрекетке түсіп, қарым-қатынас жасауы маңызды болып табылады. Бұл аймақтың интеграциясы әлемнен алшақтап Ресей және Қытай сынды алып мемлекеттерден бөлектенуді білдірмейді, керісінше жан-жақты қарым-қатынасты баланста ұстауды меңзейді.

Еуразиядағы геостратегиялық маңызды географиялық орынды алатын Орталық Азия елдерінің 2050 жылдардағы әлеуеті туралы былай келтірілген. Аймақтың елдерінің барлығында қазіргі таңда көп мүмкіндіктер мен қатар көп сын- тегеуріндерге де толы болып табылады. Осы зерттеуге сәйкес аймақта толықтай оны еңсере алатындай әлеуеттің бар екендігі. 2050 жылдарға қарата аймақтың халықының барлығының табысы мол және толықтай білім алған, өмір сүру сапасы жоғары, кем дегенде салыстырмалы түрде Оңтүстік Корея мен Орталық Еуропаның жағдайын жетеді деген талдауларға сүйенеді. Бұлардың барлығы дерлік Орталық Азия елдерінің өзіндік энергетика және ауыл шаруашылығы салаларын қалай игеретіндіктеріне байланысты болып табылады. Барлығына белгілі аймақтағы су тапшылығы мен энергетика салалары да қалай басқара алатындықтарын байланысты шешіледі [148]. Толығымен келісетін тарапта осы проблемаларды аймақтың елдері қаншалдықты өз пайдаларына шеше алатындығы маңызды болып табылады.

Қазақстан және Өзбекстан аймақтың ірі субъектілері ретінде қауіпсіздік саласында өздерінің іс-әрекеттерінің координациясын түсіну маңызды. Жалпы Нұр-Сұлтан және Ташкентте су энергетикалық мәселелері бойынша аймақтық емес осы салаға қатысу жалпы түсінікте қат болып табылады. Қазіргі таңда екі мемлекетте биліктің ауысуынан кейінгі басқа да мақсаттарды қанағаттандыру

барысында жұмыстар атқаруда. Ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан және Өзбекстанның элиталары екіжақты ортақ шешімдерге келуі маңызды болып табылады. Бұндай іс-әрекеттерге сәйкес Қазақстан мен Өзбекстанның арасындағы кооперация және мемлекет аралық екі жақты бірігу сыртқы саяси мәселелерге жауап беру басқаша кеңістікте орын алады [149]. Орталық Азияның консолидациясы және оның интеграциялық бірігуі тақырыбында біршама атақты зерттеушілердің А.Бор Қазақстан және Өзбекстан арасындағы байланыстардың нығаюы соңғы жылдар арасындағы жүргізілетін мемлекет аралық екі мемлекеттің басшыларының ресми кездесулері мен келісімсөздерінде көрінеді. Бұл жалпы Орталық Азиялық мемлекеттердің консолидациясының алғышарттарына әкеледі. Аймақтық саясатта Өзбекстанның ауысуы қазіргі таңда әлі де алғашқы кезеңдерден өтуде. Бірақ сыртқы саясатының бағыты Орталық Азиялық аумаққа негізделгендіктен алдағы екі-үш жыл бағытта экономика саласында, сауда және кедендік бағыттар дұрыс қарым-қатынастардың нығаюы елдердің арасындағы диалогтың дұрыс жүргізілуінде. Бұндай ынтымақтастық потенциалды түрде аймақтың мемлекеттеріне ортақ мәселелерді қайта дұрыстауды рұқсат етеді. Мәселен: су энергетикалық, қауіпсіздік мәселелері және есірткі саудасы, Қытай мен Ресей мемлекеттеріне және де басқа да үлкен державаларға қатысты саяси позицияларының ортақ байланыстарын табу [150]. Қазақстан мен Өзбекстан республикаларының басшаларының жиі кездесулері мен тығыз қарым-қатынастары жалпы Орталық Азияның консолидациясының алғышарттары ретінде есептеледі. Бірақ Президенттердің кездесулері тек консультативті деңгейде қалады. Бұл кездесулер арқылы аймақтың толықтай интеграциясы деп атау ерте болып табылады. Яғни интеграцияға ұзық уақыт талап етеді және барлық бағыттағы кооперацияның тығыз байланысын қажет етеді.

Посткеңестік уақыттан соң Орталық Азияның мұсылман халқының санының көптігіне сай бірден Түркияның басты назарында болды және бұл ретте Рүркия өзінің пантүркістік идеяларының алға жылжытуымен айналысты. Осы негізде экономикаларының одан әрі дамуы мен шектелмей, түрік университеттерінің ашылуы мен қатар Ф. Гүленнің мектептерінің ашылуы сияқты білім саласындағы қарым- қатынас дами түсті. Посткеңестік мұсылман елдерде халықаралық ислам орталықтары назар аударыла бастады. Бұдан қалмай жаһандануыншы экстремистік және ашық террористік ислам ұйымдары да және қозғалыстары да болды. 2010 жылдардан бастап Қытай өзінің интенсивті экономикалық экспансиясын бастап посткеңестік кеңістікте, одан әрі бұл үдерістер Қытай «Бір жол Бір белдеу» бастамасына әкелді. Ең маңыздысы Қытайдың сыртқы саяси стратегиясына және геэкономикалық жоспарларына тек қана белгілі Орталық Азияның мемлекеттері ғана емес Ресей, Кавка мемлекеттері, одан арғы әсері Еуропалық және Африкалық мемлекеттерге таралуы болып табылады [151].

Мәскеуге өзінің саяси күшін және геосаяси назарын Шығын Еуропалық периферияға және саяси ландшафтта Орталық Азияға, диполярлы жүйенің негізінде одан әрі нығайту қажетті болды. Орталық Азияда мұсылман

мемлекеттерінде Ресей үшін біріккен фронттар құру қиынырақ үдеріс болып табылды. Мәскеуге Орталық Азияны мемлекеттерді реттейтіндей жолдарды табу мақсат болып табылды. Бұл бес мемлекет жаңа тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта өзіндік ұлтшылдықтың өсуі мен дамуына, әсіресе, бұл елдердің биліктік вакуум болды [152].

Жоғарыда аталып өткендей каронавирустық инфекция пандемиясы және оны салдарлары зерттеліп отырған аймаққа өте қатты әсерін тигізді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының зерттеуінше ковид-19 пандемиясы және одан кейінгі дағдарыс үшінші сыртқы мәселе болып табылды. Мұндай проблемалармен Орталық Азиялық мемлекеттер соңғы он жылдың көлемінде соқтығысты. Әрбір дағдарыстан кейінгі көрсеткіштер алдыңғы жеткен жетістіктерге жетудің қиындығын көрсетті. Еген де Орталық Азияның мемлекеттері өзіндік бірігудің алғышарттарына қадам жасамаса аймақтың жалпы жағдайы қиынырақ болуы мүмкін. Өте маңызды шарттың бірі ұзақ мерзімді перспективада құрылымдардың қайта қалыпқа келуі Орталық Азия мемлекеттердің динамикасына бағыттталып, тұрақтылыққа және сенімді түрде жалпыға ортақ дамуға жеткізуге тиісті [12].

Орталық Азиялық мемлекеттерді қазіргі заманғы қарым-қатынасын қарастырсақ әртүрлі жағдайларға байланысты жаңа әлемде аймақтың ірі мемлекеттері Қазақстан мен Өзбекстан нақты түрде өздерінің сыртқы саясатында Орталық Азияға бағытын маңызды деп таныды. Осыған байланысты келісуге тұратын жайт барлық салалардағы ынтымақтастық ұзақ мерзімде болып жақсы көрсеткіштер көсетуге тиісті.

Ковид-19 пандемиясынан кейінгі Орталық Азия мемлекеттерінің ерекшеліктері қазіргі уақытқа дейін жоғарғы деңгейде тұрақты түрде дамуда [142]. Бірақ 2019-2020 жылдары бүкіл әлем мемлекеттіне қиынға соқты, дағдарысқа әкелді, және аймақтың мемлекеттері әлі күнге дейін пандемияның салдарымен күресуде. Бұл жекешеленген түрде әрбір мемлекеттің экономикалық жағдайы мен саяси тұрақтылықтарына байланысты аймақтың мемлекеттерінде болып жатқан соңғы жайттарға байланысты. Нақты түрде айтуға болатыны бұл елдердің барғына сырттан келетін қауіп-қатерлерге біріне іс-әрекет етіп ынтымақтастықтың дамуын осы темпте жалғасуы дұрыс.

А. Коэн Қазақстанның Еуразиялық аймақтығы рөлін анықтап, оның геосаяси және геоэкономикалық үдерістердегі трансформациясын тереңінен зерттеген. Әлі де болса Орталық Азияның елдерінің Пәкістан және Ауғанстаннан келетін қауіп- қатерлерді, экстремизм мен діни радикализмді шешу мақсатында ортақ іс- әрекет ету керектігін анықтады[89]. Сонымен қатар бұл реттегі Қазақстанның нақты экономикасындағы Қытайдың рөлінің үлкендігі анық және ол 2030- 2050 жылдарда одан әрі өсу тенденциясы жүретіндігін келтірді.

Орталық Азияның мемлекеттері қазіргі кезде де бар мәселелерге қарамастан өздерінің бауырлас мемлекеттер екенін түсініп, нақты іс-әрекетке көшуде және бұл бағытта Орталық Азия ерекше аймақ ретінде қалады. Қазіргі жаһандық әлемдегі әртүрлі қауіп-қатер Орталық Азияны да шектетпей жеке

қалдырмайды. Бұл мәселелер барлық салаларда көрініс табады. Терроризммен күрес, ұлттық қауіпсіздік және экономикалық даму, яғни аймақтың бес мемлекетінің ең негізгі мақсаты барлық мәселелер мен проблемаларға консолидациялық алғышарттарға сәйкес жауап беру болып табылады. Өз кезегінде ковид-19 өткендегі және алдағы уақыттардағы болатын проблемаларды анықтапқарауға жол берді. Жақсы мүмкіндіктегі он перспективада Қазақстан және Өзбекстан мемлекеттері өзара ынтымақтастықтың және іс-әрекеттің ары қарай дамуының кеңеюіне жол ашады. Бұл үдеріс Орталық Азияның барлық елдерінің толыққанды интеграцияға және шоғырлануға басқа деңгейдегі мүмкіндіктері ашылады.

Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық өзара іс-қимылы мен әрекеттеріне, ынтымақтастық бағыттарында ішкі және сыртқы факторлар әсер етуде. Қазіргі геосаяси үдерістерге кеңістік – территориялық факторлар өз әсерін танытуда. Орталық Азия аймағындағы саяси, әлеуметтік- экономикалық үдерістер және «жаңа үлкен ойын» аясында Қазақстан мен Өзбекстан елдерінің геосаяси ерекшеліктерін анықтайды.

Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттеріндегі неғұрлым белсенді сыртқы күштер ретінде, әрине ірі инвестор ретінде Қытай мен қауіпсіздік тұрғысынан Ресей Федерациясы екендігі белгілі.

Қауіпсіздікті зерттеудің біршама жылдық тарихы бар, бірақ оның барысында формасы мен алаңдаушылық тудырып отырған аймақтарда күрт өзгеріске ұшырып, олардың бір ұшы Қазақстан мен Өзбекстанға да тиері сөзсіз. Жастар арасындағы тағы да бір мәселенің бірі ол көші- қон тақырыбы және бүкіл әлемде жайлап жатқан COVID- 19 пандемиясының әсерінен айтарлықтай қысқарған қазіргі таңдағы ақша ағынының кобеюі. Осымен қоса 2021 жылдың тамызындағы Ауғанстандағы болған саяси жағдайларға сәйкес, ішінара Өзбекстанның және толықтай Орталық Азия елдерінің қауіпсіздігіне әсер етуші маңызды мәселе болып табылады [153, б. 160].

Аталған қауіп- қатерлер мен тәуекелдер барлығы трансұлттық болып табылады. Тағыда осыларға қосатын жаппай қырып-жоятын қаруларды таратпау және кәдімгі қару жарақты бақылауға алу және оның қауіпсіздігі мен сыртқы саясатының басымдығы. Қазақстан мен Өзбекстан елдерінің қауіпсіздіктегі ынтымақтастық бағытында ШЫҰ шеңберінде жұмыстары негізгі механизм болуға тиісті.

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикаларының біріккен ынтымақтастықтарындағы перспективті бағыттары: энергия ресурстары, жаһандану, халықаралық және аймақтық қауіпсіздік шаралары және олардың қазіргі таңдағы өзгеріске ұшыраулары мен ұлтаралық және діни экстремизмнің салдарынан туындайтын аймақтық қақтығыстар, «қырғи- қабақ соғыс» тәуекелдері мен ұлтшылдықтың өсуі, халықаралық терроризм, радикалды оппозицияның күшеюі, ішкі және сыртқы көші- қон салдарлары, жалпы ақпараттық- технологиялық революция. Осылардың барлығы екі елдің қатынасындағы басым бағыттарға айналуы тиісті және осы тұрғыда Орталық

Азия елдерінің бірігу бағытындағы негізгі моделін шеңберлеп, анықтауға болады.

Қазақстан және Өзбекстан Республикаларының экономикалық бағыттарындағы өзара қарым- қатынасқа талдау жүргізу барысында, дұрыс бағыттағы қайта индустриализация жүргізу нәтижесінде нақты осы экономикаға назар аударуда тұрақтылыққа және дамуға қол жеткізуге болады. Орталық Азия елдеріндегі бар мәселелер керісінше бұл мемлекеттерге бірігу алғышарттары ретінде жүруге тиісті, одан өзіндің пайдану көрі қажет. Жоғарыда аталған факторлардың барлығы дерлік Орталық Азияның және әсіресе Қазақстан Өзбекстан контекстінде консолидацияға әкелетін факторлар бола алады.

2.2 Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық ықпалдастығына геоэкономикалық үдерістердің әсері

Қазақстан және Өзбекстан арасындағы дипломатиялық қатынастар тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы қараша айында орнады. Қазақ-өзбек қатынастары ортақ тарихи, лингвистикалық, территориалдық жақындық, стратегиялық серіктестік пен сенімге негізделген. Тәуелсіздік алған бірінші жылдар егемендіктің интенсивті үдерістері және де ары қарайғы мемлекеттік интеграциялық сананың арықарайғы дамуына әкелді. Бұл халықаралық ынтымақтастықтағы Қазақстан және Өзбекстанның оптималды және перманентті жолы болып табылды. Екі мемлекеттің арасындағы мемлекетаралық қатынасты реттеуші құжат 1993 жылы желтоқсанда Ашхабадта қабылданды. Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың тереңінен дамуына мәдениет саласында, денсаулық сақтау және ғылым, білім, туризм және спорт бағыттарындағы келісімшар негіз бола алады. Бұл 1994 жылы қаңтар айында қабылданды. Бұның артынан дипломатиялық қатынастарты орнату негізінде 1998 жылы мәңгілік достық келісімшарты құрылды. Орталық Азиялық мемлекеттер арасындағы интеграция өте төмен деңгейде бағаланады. Бл аймақтың жалғасып жатқан институционализациялау күштеріне қарамастан Орталық Азия мемлекеттері жалпылама түрде ұқсас экономика құрылымы, негізгі сауда көздері табиғи ресурстар мен шикізаттар болып табылды. Бұлардың барлығы төменгі деңгейдегі экономикалық өзара тәуелділіктің мемлекетаралық деңгейде қалпын білдіреді.

Қазақ-өзбек қатынастары тек қана достық пен ынтымақтастықта құрылған жоқ. Бәсекелестік пен қоса конфликтті жағдайлар болды. Өзбекстанның жаңа президенті қазіргі уақытта бұл кедергілердің барлығын арқа тастап өзара қарым-қатынастың жаңа деңгейіне өткенін мәлімдейді. Мәселен: Қазақстан мен Өзбекстан арасында шешілмеген мәселелер жоқ деп береді. Территориалдық, шекаралық, саяси немесе экономикалық. Халқымыздың мүддесіне және пайдасына орай екі мемлекет ынтымақтастықтарын одан әрі дамытуға дайын. Бұл Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының кездесу брифингінде айтылған сөздерінен

алынды. Сарапшы А. Амребаев Қазақстан мен Өзбекстанның ресурстық потенциалының ерекшелігін атап өтті [36].

Айта кетеіні негізінен екі елдің қарым- қатынасының ынтымақтастық мәселелері толықтай осы күйде жоғарғы деңгейде түсіністікте болып келеді. Тарихи кезеңдердегідей олардың өзара іс- әрекеттері қаншама сын-қатерден де сыналған болатын. Ең бастысы осы бар проблемаларға шешім табудағы ерік-жігерді қосу болады. Ол әрине мемлекеттің саяси – экономикалық жағдайы мен жалпылама түрде оның стратегиялық бағыттарына байланысты өрбиді.

Орталық Азиялық аймақтың пандемиядан кейінгі экономиканы қайта реттеу салмақты реформаларды қажет етеді. Соның өзінде ішкі әлеуметтік экономикалық әр республиканың жағдайына қарай әртүрлі болады. Экономикалық диверсификация нақты және міндетті шарт болып табылады. Себебі Түркіменстан сияқты мемлекеттер Қытайдың экспортына тәуелді болып табылады. Аймақтың экономикалық дамуын маңызды қадамдарының бірі болып еңбек мигранттарына жұмыс орындарын құру маңызды болып табылады. Аймақтық ынтымақтастықтың белсенді болуы Орталық Азияның сауда қатынасы және инвестицияға жаңа импульс береді, және аймақтың транзиттік жол ретінде дамуына әкеледі. Ішкі туризмнің қайта жаңғыруы, оқшаулануды қайтадан жібермеу, эпидемиологиялық ынтымақтастық пен денсаулық сақтау саласындағы инфрақұрылымды нығайту экономикалық қайта жаңғыруға әкеледі. Бұл ретте Орталық Азияның республикаларында өздерінің экономикаларын қайта реттеп, қайта жаңғыртуды міндеттеді, және бұл аймақтық дамудың басты және негізгі бағыты саналады [125].

Зерттеуші Е. Байдаров өзінің еңбегінде Орталық Азияның өзара сенімінің күшеюі мен нығаюы үшін Қазақстан мен Өзбекстанның конструктивті диалогының дамуына назарын аударды [21, б. 5].

Биліктің теңдігі мен асимметриясы дәстүрлі үдерістердің тұрақты шарты болып табылады. Орталық Азияда ерекшелік емес. Он жылдан астам уақыт социалистік билікте, оның өзіндік дәстүрлік идеологиясы мен жаңа мәнді аренаны табу және өткен уақыттардағы иерархияны кейбір бағыттарда сәтті деп табу мемлекет үшін дұрыс шешім болып табылмайды. Уақыт өте келе жаңа және ескі дәстүрлер қайта институцияланады [154]. Орталық Азия елдеріндегі басты өткеніне қарай проблемасы деп белгілесекте олардың посткеңестік ойдан- санадан құтылу маңызы. Әлі де болса осы кезеңдердегі қалған жұғанақтары арқылы өздерін кейбір қалыптасу мен өзгеруге келгенде кедергі ретінде болатыны рас.

Аймақтық халықтың сұраныстары да біршама болып жатқан аймақтағы жағдайлапқа әсер ететіні рас. Негізі талаптар денсаулық, білім мен ғылым және әлеуметтік қамсыздандыру мен жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері болып табылды. Аталған фактілердің барлығында Орталық Азиялық елдердің ішіндегі жағдайдың ахуалын білдіреді және оны шешуде қандайда бір іс- әрекеттер қолдауға тиісті екендігін көрсетеді.

Осыған орай Орталық Азияның бұрынғы социалистік тәртіпті және стратификацияланған қоғамды жиі және қатты пайда болуымен дәстүрлі

тәжірибемен тығыз байланысты. Белгілі бір посткеңесттік мемлекеттер арасындағы байланыс энергетикалық ресурстардың көптігінде болып табылады. Әсіресе оның сыртқы саясатындағы газдық қоры. Автор Гараканидзе мына гипотезаны ұсынады: газдың қоры ішкі экономикалық фактор ретінде бұл мемлекеттердің сыртқы саясаттарының қалыптасуына әсер етеді. Бес мемлекет: Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қызғызстан және Қазақстан мына мәнге әкеледі, газдық қоры бай және экспортқа жақсы жағдайы бар мемлекеттер Түркіменстан және Өзбекстан соның ішінде икемді сыртқы саясат жүргізеді. Бұл әскери одақтан және экономикалық немесе саяси халықаралық ұйымнан қандай да бір алып державаның негізінде құрылған қоғамдастықтардан алыс қарыс-қатынасқа түсуге ықпал етеді. Түркіменстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта халықаралық аренада ашық есік саясатын жүргізеді, бірінші президент кезіндегі Өзбекстан өзінің сыртқы саясатында толықтай дербестікке бағыт ұстанған болатын. Бірақ соңғы төрт жыл уақыт аралығында жаңа президенттің ұстанған саясатына байланысты толықтай өзгеді. Бұл саясаттар мен стратегиялары әлемнің алып державаларымен және олардың ықпалында құрылған ұйымдар мен экономикалық, әскери, қоғамдастықтармен байланысын ретке келтіреді [43].

Қазіргі заманғы халықаралық шарттарға сая Орталық Азиялық мемлекеттердің өзара қатынасының спецификасын реттеу аса маңызды мәнге ие. Мысалы: аймақтық емес қатысушылар АҚШ, НАТО, Еуропалық одақ. Бұнымен қоса Орталық Азия азиялық континенттің бір бөлігі ретінде көптеген аймақтық ойыншылардың әсерінің жоғарылауын сезінеді, ең алдымен әрине Қытай [186].

Орталық Азиялық аумақтың экономикалық қарым- қатынастарының өте кішігірім мөлшердегі ауқымын атап, бұл елдердің барлық ортақ тарихи немесе мәдени факторларға қарамастан ешқандайда ортақ біріккен қоғамдарға кірмегендігі жайлы келтірген болады. Ресей мен ЕО- н елдері мен бұған қосыша Қытайдың маңызының аймақтық көршілестерге қарағанда маңызының бар екендігін ашып көрсеткен болатын. Бірақ, қазіргі уақытта барлық сауда нарық және экономикалық қатынастар іс – әрекеттері біршама өзгертілді, солардың ішінде жастардың көші- қон мәселелері бар, Өзбекстандағы әсер етуші елдегі саяси басшылардың ауысуы бірашама аймақтың қарым- қатынасына жедел дамуына екпін берді [155]. Төмендегіде берілген көрсеткіштер осы уақыттағы аймақтың елдері арасындағы динамиқаны бақылауға және талдауға мүмкіндік береді.

Тәуелсіздік жылдарында Орталық Азиялық мемлекеттер арасында жаңа этапқа өтті. Бірақ жоғарыда көрсеткендей шешілмеген мәселелер де болды. Бұл жылдарда ары қарайғы терең дамудың және экономикалық бірігудің басты іс- әрекеттері негізінде Өзбекстан Республикасының бірінші Президенті И.Каримовтың 1997-2006 жылдар аралығындағы Қазақстанға сапарлары, Қазақстанның бірінші Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ташкентке 1998-2000 жылдар аралығындағы ресми сапарларын айтамыз. Өтілген 30 жыл уақыт ішінде екі мемлекет арасында мемлекетаралық және үкіметаралық 107 тен

астам құжаттарға қол қойылды. Қазіргі уақытта Өзбекстан және Қазақстан халықаралық және аймақтық ұйымдар аясында мәселен: ТМД, ШЫҰ және ЕврАзЭО негізіндегі өзара қатынастары жүргізілді. Қазақстан мен Өзбекстан арасында сауда айналымдары өсуде. Бұның өзінде көшбасшы орындарды көлік коммуникациялық саласы және машина жасау өндірісі және ауылшаруашылық өнімдері алады. Егер де 2002 жылы екі мемлекеттің сауда айналымы 263,3 млн. доллар болса 2006 жылы 500 млн. доллар көрсеткішіне жетті [156].

Қазақстан мен Өзбекстанның ара-қатынастарын зерттей бастағанда олардың тарихи периодикалық тұрғыда үдерістеріне көз жіберсек толығымен өзгерістерге бой алдырып жатқандығын анықтай аламыз. Соңғы 5-4 жыл аралығында көптеген өзгерістерге орын алдырып, екі жақтық тарапта біршама кездесулер мен ресми іс-сапарлар ұйымдастырып, екі тарапты шешуге келетін мәселелердің барлығын дерлік жойып, Қазақстан да Өзбекстанда өз тараптарынан екі елдің ара- қатынасына, ынтымақтасығын жоғары баға беріп жүр.

2016 жылы тауарайналым екі мемлекет арасында 2 млрд. долларды құрады, физикалық мөлшерде сауданың өсуі 16 пайызға жоғарылады [157]. Қазіргі уақыттағы Ресей мен Қытайдың Орталық Азия мемлекеттерінің сауда қатынастары деңгейі бұл мемлекеттердің халықаралық еңбек бөлінісіндегі қатысуының ерекшелігін көрсетеді. Осылайша Орталық Азия Ресей Федерациясы үшін өндірістік тауарларға маңызды нарық ретінде табылып инвестициялық бөлінудің ерекшелігі осы ретте маңызды болып табылады. Соның өзінде Ресей Орталық Азия үшін өндірістік өнімдерінің жүзеге асырушы және қолданушы маңызды нарық болып табылады. Дәл осы уақытта Қытай Орталық Азияның бірнеше мемлекеттеріне шикізат ресурстарының көзі болып табылады. Ал Орталық Азия өз кезегінде Қытай үшін экспортта аса маңызды орын алмайды. Белгілі бір уақыт аралығындағы ақырын және кезекті Респі және Орталық Азияның сауда айналымдарының қайта жаңғыруы Қытай тауарларымен бәсекелестігімен түсіндіріледі. Ресей экономикасындағы тоқырау Ресей Федерациясының Орталық Азияның тауарына сұраныс ақырын жүреді. Бұл жерде Қытайдың ролі ерекше [157].

Ең бастысы бұл аймақтық бастамалар әлі күнге дейін ортақ энергетикалық нарық құруға әкелмеді. Қатысушы мемлекеттер расыменде жеңілдетілген шарттармен қолданады. Бұл бірнеше ұйымдар аясында энергоресурстарды экспортқа, импортқа шығару болып табылады. Негізінде екіжақты келсімсөз жүргізу форматтары, трансшекаралық, энергетикалық байланыстар және экспорт пен импорт арасындағы байланыс жекелеген субъекттерге аймақтық механизмдерді жүзеге асыруға және энергетикалық сұрақтарға ортақ позицияны бөлісуге кедергі келтіреді [158].

Орталық Азиялық аймаққа Қытайдың мүддесінің жоғарылауы және оның әсері саяси болсын, экономикалық болсын жасырын негізгі тақырып болып табылады. Қытайдың бастамасы «Бір жол, Бір белдеу» бағдарламасына байланысты қаржыландырудың шамасы 1 трлн. доллар болып жобаланады. Бұл қаржыландырудан Орталық Азия мемлекеттерінің жобаларына да бөлінеді.

Автордың зерттеуі бойынша Қытайдың бұл амбициясы азиаттық мемлекеттердің даму моделі негізінде ұзақ мерзімдегі даму стратегиясы деп келтірген [159].

Энергоресурстарды транспорттау энергетикалық ынтымақтастықты талдау негізінде өткен жылдардағы Ресейдің Кеңестік Үкіметтен қалған рөлін сақтай алмағанын көрсетті. Ресей Федерациясы Орталық Азиялық аумақта Қытай және тағы да басқа алып мемлекеттердің мүдделерінің өсу негізінде ықпалының төмендеу мүмкіндіктері бар. Мәселен Ресейдің экономикалық стратегиясы 2035 жылға дейін Орталық Азия мемлекеттеріне газдың импортының төмендеу мүмкіндіктері жазылған. Бұл мысалға қарап жоғарыда келтірілген факттармен келісуге болады. Себебі Ресей аймақ үшін геосаяси, геостратегиялық және геоэкономикалық басымдық ретінде ұлттық қауіпсіздік жағдайларында Орталық Азия үшін маңызды серіктес болып қала береді [197].

Еуразиялық экономикалық одақтың басты мотивациясы мен мақсаты қандай да бір мәселелерді бірге көтеріп, бірге іс-әрекет жүргізу болып табылды. Бұл жоба аймақтық ынтымақтастықтағы мықты және беделді ұйым болды. Бұл ретте мемлекетаралық кеңес, премьер-министрлер кеңесі, сыртқы істер министрлері кеңесі, мемлекетаралық кеңестің тұрақты жұмыс күші, даму және ынтымақтастықтың Орталық Азиялық банкі оның 6 млн. доллар қаржыландыруымен бірге 2000 жылға дейін стратегиясы қабылданды. Бірақ бұл 2005 жылы Орталық Азиялық ынтымақтастық ұйымы құлап Еуразиялық экономикалық ынтымақтастыққа өтті. Негізгі болған кедергі ретінде кеңес Үкіметі кезіндегі жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтуі стратегияларының әртүрлілігімен сыртқы фактордардың әсері болып табылды [145]. Халықаралық өндірістік сауда және логистикалық тізбектің құлаған кезде бірнеше үлкен мемлекеттер және одан кейінгі оған ерген бірталай аймақтар ішкі ресурстарды алып алып импортты төмендетуге іс-әрекет етті. Дәстүрлі түрде дағдарыс тек қана қауіп-қатер ғана емес жаңа бағыттар мен мүмкіндіктер ашады. Зерттеуші, Стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары С. Кушкумбаев Орталық Азияның мемлекеттері өздерінің потенциалдарын өндірістік, көлік-логистикалық, агроөндірістік салада осы бағыттардың барлығында ынтымақтастықта іс-әрекет етті [29].

2016 жылы Қазақстанның бірінші Президенті Өзбекстанға сапарында өзара іс-әрекеттің басты және маңызды бағыттарын анықтады. Оның ішіне саяси және ынтымақтастықтың мәселелері жалпалама Орталық Азияда қауіпсіздікпен қамтамасыз ету мәселелерін қамтыды. Қазақстан Президентінің айтуы бойынша «Қазіргі уақыт геосаяси жағдайлар өте маңызды және бізге шоғырлану маңызды. Барлық үлкен ойыншылар – Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропа біздің ынтымақтастығымызға қызыға қарауда. Мен өзім қазақ-өзбек халықтарының достығымен мақтан етемін. Ендігі негізгі мақсат қазіргі бар қарым-қатынасты нығайту және оны келер ұрпаққа жалғастыру [134, б. 51].

2017-2018 жылдары жағдай өзгере бастады. Шекаралық сауда мен экспортты жіберуде жеңілдіктер Өзбекстандағы экспортты жүзеге асыруға бағытталды. Бұл жеңілдіктер Өзбекстан банктерінде экспорттық келісімшартқа

отырмастан инвойс арқылы 100 пайыздық ақшалай төленгеннен кейінгі жүргізіліп бастады. Осыған орай шекараларда жарылғыш құралдарды алып тастап, транзиттік шектеулер мен визалық функциялар жеңілдетілді. Бұл тұста Қазақстан Орталық Азиялық мемлекеттердің жұмыс күшін пайдаланушы болып табылады. Мысалға Оңтүстік Қазақстанда Өзбекстаннан келген еңбек мигранттарының саны 200 мыңнан астам көрсеткішті көрсетті. Бұл уақытылы жұмыскерлер, жекелеген кәсіпкерлер мен саудагерлер арасындағы жұмыстың нақ уақтынының жоғарылаған кездеріндегі көрсеткіш саны болып табылады. Қазіргі таңдағы маңызды сұрақтардың бірі болып екі ел арасында экономкалық даму мен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық болып табылады. Арадағы біршама әртүрлілікке қарамастан екі елдің экономикалық ынтымақтастығы жоғары деңгейде біршама үлкен дамуға басымдық берулері маңызды саналады. Ташкент Қазақстанның тарапынан болған жиі негізде мемлекетаралық және аймақтық аралық форумдар өткізу туралы ынталарын қабылдаған болатын. Бұған қоса, қазақстандық шекарада ерекше экономикалық зона құру шешімдерін қабылдады. Бұл уақыттарда екі мемлекет трансшекаралық арада халықаралық орталық құру және көлік транспорттық – логистикалық орталықтарды құруды негізге алған болатын [201].

Инфрақұрылымдар кеңейгенмен субаймақтық компоненттер алыста қалады. Орталық Азия мен Азия аумағында жалпылама ретте тауар айналымы өсіп, әруақытта Жапония, Үндістан сияқты алып мемлекеттерге қарағанда айналым көрсеткіші біршама аз болып табылады. Мәселен жалғасқан үрдістегі аймақтың Орталық Азиялық екі тараптың батыс және шығыс жағы соңында еуразиялық континентке мән беру үшін бірігеді. Осы түрде, екі үлкен тараптың ортасында қалғанда дисбаланс жүріп, белгілі бір жаққа ауысуы болады. Осы мысалда Орталық Азияның жағдайы халықаралық қатынастардың катализаторы ретінде маңызды рөл атқаруына тура келеді [162].

Қазіргі заманда Қазақстан және посткеңестік қай елі болса да өзінің мәселелерін шешіп, оны дамытумен тығыз әрекеттер жүйесін іске асырумен бос емес болып қалды. Бұл аспект Орталық Азия елдерін тәуелсіздіктің бірінші жылдарынан кейінгі мүдделері мен саясаттарына қарама қарсы шешімдер жиынтығы деп есептеледі. Ресей контекстінде аймақтың елдері саяси әртүрлі көзқарастарын біріге координация жүргізуге ынталы болды. Егемендіктің бірнеше он жылдықтына қарамастан Қазақстанды аймақтағы ең прагматикалық саясаты бар, экономикалық және стратегиялық жоспарында өзінің көршілерінен саяси және экономикалық біршама шамасы бар ел ретінде саналады [69].

Диссертациялық жұмыстың жоғарғы бөлімінде аталып кеткендей Орталық Азияның екі еліндегі жиі түрде өткізіліп жүрген ресми және бейресми сапарлар мен келісімдерге назар аудара отырып екі жақтық тұрғыда Қазақстан мен Өзбекстан халықаралық ынтымақтастықта және аймақтық проблемалар мен мәселелерде, терроризм және экстремизммен күрес, есірткісаудасының заңсыз сауда жолы мен қару жарақтарды заңсыз сату есептеледі. Осы кездесу нәтижесінде екі тараптардан да болашақтағы даму мен ынтымақтастыққа деген

ынталары мен ниеттерін анығынан жеткізіп, бұл кооперацияны халықаралық және аймақтық өңірлік ұйымдар мен қоғамдастықтар аясында реттеудің маңызын білдірді [39].

2016 жылы Өзбекстандағы биліктің ауысуы оның саяси таңдаулары мен басымдықтарының приориттерінің трансформацияға ұшырағанын байқаймыз. Бұл биліктің ауысуы негізінде толықтай Орталық Азияда қандайда бір өзгерістердің бой алдыруы деп барлық эксперттер мен ғалымдар, саясаткерлер мен талдаушылар жарыса жазған болатын. Анық болған жағдайда Өзбекстандағы өзгерістерге қарап Қазақстандық тараптан ынталықтарын бірден білдірді.

Бұндай саяси трансформациялар мен өзгерістердің салдары мынадай құжаттарға қол қойылуға әкеліп, 2017 жылы Ш. Мирзиевтың Қазақстанға ресми іс-сапарында 75 ке жуық келісімдерге қол қойылды, 1 млрд. доллар қаржылай сомада келіссөздер жүргізіп, кәсіпкерлер арасындағы даму мен бизнестің шекарасының дамуын ретке келтірген болатын:

-Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы достық қарым- қатынас пен стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту мен нығайту декларациясын қабылдады;

- аймақаралық ынтымақтастыққа келісіміне қол қойылды;

- 2017-2019 жылдар аралығына экономикалық ынтымақтастықтың стратегиясын қабылдады;

- екі ел арасындағы сыртқы істер министрлерінің ынтымақтастығын жетілдіруді мақсат етіп қойған болатын.

- екі ел арасындағы сыртқы істер министрлерінің ынтымақтастығы жөнінде;

- екі ел арасындағы әскери ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды.

Өзбек компаниялары мен қазақ компаниялары арасында меморандумдарға қол қойылды. Мысалыға: Қазақстан Инжиниринг, Крантас Групп, Узавтосаноат және Сарыарқа АвтоПром аралығында болды. 2018 жылы сауда айналымын 3 млрд. долларға жеткізіп, 2020 жылы оны 5 млрд. долларға көтеруді мақсат етіп қойған болатын. Жоспарда Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикалары арасындағы шекаралық территорияларда құрғақ порт құру жайлы келісімге келді. Бұған қоса Қазақстан газының Өзбекстан арқылы транзиттік жолдар арқылы жеткізу туралы шарттарға келісімдерге қол қойылу үшін дайындалды.

Жаһандық өзгерулер мен субрегиондағы ішкі сұраныстың өсуі мен диверсификациялау қажеттілігі потенциалды түрде аймақта экономикалық жағдайдың өзгеріп, оны одан әрі дамыту шаралары қолға алынады. Оңтүстік Кавказ елдері мен Орталық Азия аумағының елдерінің экономикалық ынтымақтастығы стратегиялық ориентир ретінде қосымша канал ретінде жүреді. Бұл тұрғыдан қарағанда халықаралық сауда және инвестициялық жобалар мен жаңа орнатылған қатынастар толықтай жағдайды өзгертіп жіберуі мүмкін. Бұдан бөлек әлемнің елдері мен аймақтың елдері және халықаралық ұйымдар Оңтүстік Кавказда да тұрақтылықты сақтауға тырысуға тиісті. Екі

аймақ арасында Оңтүстік Кавказ бен Орталық Азияға екі жақты басқаша форматтағы келісімдерді қабылдап, әртүрлі жақты ынтымақтастыққа жол берулері керек [163].

Орталық Азияның барлық елдерінде экономикалық өсу мен өзгеруін негізгі күші қазіргі таңдағы барлық елдерде сандық экономиканың жүргізілуіне байланысты. бұл аймақтың қызығушылығы инновациялық экономиканы қалыптастыруда бұған қоса сандық технологияларды экономика секторына енгізу. Бұл аймақтағы инвестициялық жағдайдың өзгеріп, шетелдік инвестицияларды тартуға көмектеседі және де ұлттық экономиканың деңгейін жоғарылатады [164].

Әлемдік банктің талдауларымен берген бағасына сай бұл үш елдің арасындағы шығындар жоғарғы деңгейде және сауда айналымы бағасының 80-120 пайызын алады. 2005-2015 жылдар аралығы бұл шығындардың деңгейі өзгерген жоқ, тіпті экономикалық өсу 2005 жылдардан кейінгі уақытты қол жеткізілген үлкен инвестициялар, онымен қатар көліктік инфрақұрылымның дамуы сияқты бұл елдер арасындағы экономиканың дамуына әкелді. Кейбір уақыттарда Ресей Федерациясы мен ҚХР арасындағы сауда қатынастары және оның көрсеткіштері төмен немесе сол деңгейде болды. Бұл әдетте көршілес мемлекеттер арасындағы бір-біріне территориялық жақын елдер арасындағы жағдай болып табылады. Орталық Азияның елдері арасындағы сауда қатынастары салыстырмалы түрде бұл елдерден қарағанда жоғары болып көрсетті. Әсіресе Орталық Азияға көршілес мемлекеттер, болмаса мысалға Орталық Еуропа және Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің қоғамдастығы елдеріне қарағанда [53, б.101].

Орталық Азиялық аймақта аса маңызды мәселелердің бірі болып табылатын трансшекаралық су ресурстарының дұрыс пайдалануы болып табылады. Әсіресе аймақтағы ең үлкен өзендер Сырдария мен Әмудария өзендерінің мәселелері. Бұған қоса Тәжікстандағы Рогун электрстанциясының құрылуы және Қамбар ата электрстанциясының құрылуы аймақтағы елдер үшін проблема болып табылады. Аймақтың шекаралық өзендерінің жеке жағдайларында біріккен түрде жұмыла жұмыс жасау іс-әрекеттері Кеңес Үкіметі құлағаннан кейінгі уақыт болып келеді. 2017 жылғы наурыз айындағы ел басшыларының кездесулерінде жоғарыда аталған мәселелер мен проблемаларға жаңа оң көзқарастар мен шешімдер қабылданды. Орталық Азияның трансшекаралық өзен ресурстары аймақ үшін ортақ қазына болып табылады. Біз көршілес бауырлас мемлекеттерге түсінушілікпен қарап, ең негізгі осы факторға орай қандай да бір елге зиянсыз шешім қабылдауға тырысамыз [128].

1990 жылдардың кейінгі өзбек және қазақ халықтары арасында ауылшаруашылық, табиғи газ өндірістік өнімдердің бірнеше түрі және Өзбекстанда жиналатын импорттық автомобильдердің шетелге экспорты көбейді. Бірақ бұл мемлекеттер үшін ТМД мемлекеттерімен сауда қатынастары төмендеуі бұл елдерден басқа шетелдік мемлекеттермен жаңадан сауда қатынастарын орнату жұмыстары себеп болды. Дәл осы уақыттардан кейін

зерттеліп отырған екі мемлекет арасында да сауда айналымы төмендеп бастады. Осылайынша 1996 жылы Қазақстаннан Өзбекстанға сауда жеткізуге тұрақты өсуі байқалды және тура осы уақытта өзбек тауарларының Қазақстанның ішкі нарығына келуі екі есеге азайды. Бұл жағдайға әкелген негізгі себеп Өзбекстанның толыққанды Қазақстаннан әкелінетін бірнеше тауар түрлерінен бас тартуы. Әсіресе астық өнімі болды [23].

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы экспорт қазіргі таңда 5 млрд. доллардан асты. Негізгі экспорт тауарлары: бидай, ұн, темірден жасалған жартылай дайын өнімдер және мұнай. Өзбекстаннан Қазақстанға әкелінетін негізгі тауар жемістер мен жанғақтар, көкөністер, табиғи газ, цинк, полиэтилен.

Екі ел арасындағы ынтымақтастық белсенді түрде гуманитарлық бағытта жалғасуда: білім, мәдениет және өнер. 2018 жыл Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы жылы болып есептелді [21, б. 8]. Осыған орай Қазақстанда 200 ден астам іс-шаралар өткізу жоспарланды. Экономика, туризм және мәдени-гуманитарлық салаларда болды. Бұл іс-шаралардың барлығы Қазақстанның облыстық жерлерінде өткізілді. Қазақстан және Өзбекстан тек қана екіжақтық ынтымақтастық мәселелері емес, сонымен қатар Орталық Азиялық аумақ аясында ынтымақтастық мәселелерін шеше алады. Ынтымақтастық мәселелері тек қана Президенттік деңгейде ғана емес депутаттық деңгейде де шешіледі. Осыған орай 2018 жылы маусымда Өзбекстанның Олий мәжілісінің халықаралық қатынастар және сыртқы экономикалық байланыстар, шетелдік инвестициялар және туризм сенаты депутаттары және Қазақстан Республикасының Парламентінің экс-сенаторы Д.Назарбаева бастаған депутаттар арасында болды. Бұл кездесу нәтижесінде Еуропалық шенген визасының альтернативасы ретінде азиялық шенген визасын енгізуді ұсынды. Оны Silk Visa деп атады.

ТМД елдерінен келген туристтерге және алыс шетелден келгендерге Орталық Азияның бес мемлекетінің көрнекті орындарын және маңызды нысандарын көру мақсатында жоғарыда аталған виза мүмкіндік береді. Бұл визаның енгізілуі тек қана саяси мәнде емес, экономикалық маңызы бар. Қазақстан және Өзбекстан туризмінің дамуына мүмкіндік береді. Азиялық шенге визасының енгізілу мәселелсіне талдау жасай отырып мынадай ұғымға келуге болады. Шенген ол Еуропалық одақты біріктіруші және байланыстырушы маңызды элемент болып табылады. Ал Орталық Азияға арналғанг бірегей визалық жүйе аймақтың интеграциясының перспективаларының маңызды бір бөлігі болып табылады. Бұл аймақты жаңаша көзқараста көруге болады. Оның солтүстіктегі кеңбайтақ жерлерін, оңтүстіктегі әдімі бау-бақшаларын, мақта өндірісін, жалпылама Орталық Азияның табиғи ресурстарының және мәдени жақтарын тереңірек тануға алғышарт бола алады.

Қазіргі таңдағы технологиялық коммуникациялар екі елдің басты назарындағы басты проблемалардың бірі болып табылады. Өз тарапынан Қазақстан жерді қашықтықтан зондтаудың бес спутнигін құруды ұсынды. Бұлар Орталық Азияның әр мемлекеті бұл зондтың әрқайсымен басқара алатын

болады. Бірақ барлық мемлекеттер ақпарат алуға мүмкіндік алады. Бұл жердегі бас метрлік аралықта объекттерді суретке түсіруге мүмкіндік береді. Яғни бұл мемлекетке күнделікті ақпарат пен көріністі жоғары деңгейдегі байланыс арқылы ала алады.

Халықаралық контексте Орталық Азия мемлекеттері көп векторлы сырқы саясат жүргізуде болып, ішкі өзгерістерге сай басқа да мемлекеттермен жақсы қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді [5, б. 1].

Екі мемлекет үшін аса маңызды тақырыптардың бірі ол- ислам радикалзмі, әсіресе жастар арасындағы және қазіргі таңдағы радикалды ислам мен қалыпты исламның арасындағы күрес бақылануда. Бір жағынан Түркия мен Сауд Арабия елдерінің өскелең, жас ұрпақтың құндылықтарына ислам діні арқылы әсер етуінде. Басқа жағынан тағыда әсіресе, Қазақстанда жастардың арасындағы батыстың мәдениеті мен батыстың құндылықтарының әсерінің бой алуы.

Талдауларға сәйкес аймақтың елдеріне алуан түрліліктегі бірлік концепциясы жақын болуға тиісті, себебі ұлттық ерекшеліктер мен мәдениет жалпыға ортақ құндылық ретінде есептеледі. Сан алуан әлеуметтік жағдай, экономикалық тұрақтылық пен саяси ахуал мен халық саны мен аймақтың территориялық мөлшерлеріне сәйкес бір- бірімен теңдік принциптері жүруге тиісті [149, б. 26]. Орталық Азия елдерінің бұл ерекшеліктері расымен де бірқатар аймақтық біргулерден басқаша, өзгеше қылатын құнды факт ретінде табылады. Бұл аталғанның барлық бағыттары мен Орталық Азияның елдері толықтай баланста қарым-қатынаста ұстап- іс- әрекеттер жүргізуге тиісті.

Бұл мемлекеттердің барлығы аймақтық ынтымақтастыққа мүдделі болып табылады. Тұрақты ішкі даму мен бұл мемлекеттердің әлемдік қауымдастыққа енуі ауқымды халықаралық байланысты және аумақтық ынтымақтастықты джамытуды міндеттейді. Орталық Азияның бес мемлекеті бірнеше жылдықтар соңында ТМД, ШЫҰ сияқты аймақтық ұйымдарда біріккен түрде қызмет етеді.

2018 жылдағы 21 қыркүйекте болған Қазақстандағы халықаралық конференция «Қазақстан және Өзбекстан арасындағы серіктестік перспективалары жаңа геосаяси және геэкономикалық жағдайларда» екі ел арасындағы ынтымақтастықтың дамуына жаңа импульс берді. Бұл өзбек институты және Фридрих Эберт қорымен бірге Қазақстандық стратегиялық зерттеу институтының бірге дайындаған жұмысы болып табылады. Осы конференцияда сауда, экономика, шекаралық ынтымақтастық, аймақтық кооперацияның жобаларының институциаландыруын, екі мемлекеттің әртүрлі халықаралық еңбек бөлінісінде өзін көрсетуі және әртүрлі хақаралық көлік және коомуникациялық бастамаларында қатысуы туралы жұмыстарын талқылады. Осының барысында тарихи мәдениеттік ынтымақтастық мәселелері де сырт қалған жоқ. Көршілес мемлекеттер кодесі, көші-қон, дін екі мемлекетті және оның саясаттарын модернизациялау үдерістеріне де тоқтады. Конференцияның жұмыс барысында Орталық Азияның тұрақты дамуы осы контексте Қазақстан және Өзбекстанның аймақтық экономикадағы рөлі стратегиялық даму мен экспертизаның талдаулары, ғылым және білім

инфрақұрылымдары туралы жалпылама талқылады. Яғни конференция барысында аймақтың дамуының негізгі бағыттарын анықтап, оған қосымша салаларды қарады.

Геосаяси бәсекелестер Ресей, Қытай және батыс мемлекеттері өздерінің Орталық Азиядағы саяси әсерлерін күшейту мақсатында біршама жаңа, тиімді құралдар мен механизмдерді пайдаланды. Қазіргі таңда Ресей аймақтық саясатта маңызды өзгерістердің алдында тұр. Себебі өзінің стратегиялық мүдделерін қамтамасыз ету үшін аймақтық саясатқа аса маңызды мән бергені жөн [165] және де негізінде Орталық Азияны толықтай түрде геосаяси тұрғыдан, оған қоса мұсылман мемлекеттері ретінде айшықтау, оған анықтама беру күрделі процеске айналады [166].

Әрбір мемлекетке аймақтың нақты қандайда бір өнеркәсіптің басым түрлерін анықтауға тиісті, себебі қазіргі таңда бұрынғы кәсіпорындар ескіруге таяу, әрине осы уақыттағы озық технологияларды игеріп үлгергендерінен басқаларына. Жаңа кәсіпорындық жұмыстар жаңа инвестициялар мен үйлестірулерге мұқтаждық танытады, осы себептен аймақтың бірігуінің жаңа оңтайлы процестері іске қосылады. Бұл аралықта Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының халықаралық ынтымақтастығы контекстінде Орталық Азияның басқа елдерінің осы өзара іс- әрекет аясына ұштастыруды жүзеге асыруға міндетті, әрине алпауыт Ресей және Қытай елдерімен ынтымақтастықтағы тепе-теңдікті сақтай отырып.

Әлемдегі қайтадан пайда болып жатқан ұлттық, аймақтық және халықаралық қауіпсіздік мәселелері негізінде оған қоса энергетикалық ресурстарға бәсекелестік, халықаралық қатынастарда жаңа акторлардың пайда болуы жағдайды қиындатуда, сонымен қатар авторлар Ж. Симтиков, Т. Чумаченко және т.б. радикализм, ұлтшылдықтың өсуі туралы атап өтті [27, 483 б.]. Бұл мәселелер негізінде аймақты қайта жаңғырту мәселесі күнтәртібіне шығады. Орталық Азиялық аймақта Табиғи ресурстарды сақтау өзінің территориялық қауіпсіздігін жақсарту және де ең маңыздысы өзінің ұлттық бірегейлігін жаһанданған заманда жоғалтып алмау маңызды болып табылады. Яғни осы шарттаға қарай аймақтың елдері интеграциялық үдерістерге мән беруді басты мақсат ретінде қарастыруға тиісті.

Орталық Азиялық мемлекеттердің ынтымақтастығы осы уақыттарда қайта жаңғырту және трансформацияны бастан кешіруде. Қазақстан және Өзбекстан республикаларының аймақтық ынтымақтастығы ортақ мүдделерді ажырату және екі мемлекеттің де осы фактіге байланысты көзқарастарын жоғалтып алмауы маңызды болып есептеледі.

Демократияны алға тарту ЕО- тың Орталық Азиядағы басты негіздеген саясатының басым бағыты болып есептеледі және осы тұрғыда сыртқы демократияны ілгерілету аймақтың елдеріне маңызды деп келтірген[167].

Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрі Б.Султанов Өзбекстан Республикасының инвестиция және сыртқы сауда министрінің орынбасары Б.Абидовпен 2021 жылы маусым айында кездесіп, екі мемлекет арасында сауда қатынастарын одан әрі нығайту мәселелерін шешті. Бұқаралық

ақпарат құралдарының берген мәлімдемелеріне сәйкес Қазақстан және Өзбекстан арасындағы сауда айналымы тек осы соңғы жылы 1,2 млрд. долларға жетті.

Алдыңғы жылмен салыстырған кезде 2021 жылдың қаңтары мен сәуір айы аралықтарында сауда айналымдары 1,2 млрд.долларға жетіп 41,3 пайызға өскен. Екі мемлекет арасындағы экспорт 54% жоғарылап 899,2 млн.доллар болды, импорт 11% жоғарылап 272 млн.долларға жетті. Бір айта кететін жайт 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап Өзбекстан импортқа акциз қабылдамайды. Яғни 2021 алғашқы төрт айында Қазақстаннан Өзбекстанға сауда экспортының 85 сауда түрлері 74,3% көрсетті, салыстырмалы түрде 2020 дылы болса нақ осы тауар түрлері экспорт 28,9 млн.доллар ақшалай көрсеткіші жоғарылады. Екі жақ осымен қоса халықаралық сауда экономикалық ынтымақтастық орталығының ашылуымен оның кейінгі жұмыстарын талқылады. Осы орталық туралы құжат 2021 жылы 10 сәуірде қабылданған болатын. Екі мемлекеттің тараптары кооперацияны одан әрі интенсификациялауды мақсат етіп қойды [168].

Қазақстан мен Өзбекстанның ынтымақтастығында геосаяси тұрғысынан және геоэкономикалық тұрғыдан да біртекті емес мәселелердің күрделі кешені біріктіреді. Олар, саяси, экономикалық, әлеуметтік- мәдени, көлік және коммуникациялық сұрақтар, су - энергетикалық мәселелер және де тағыда басқалары бар. Бұл сын- тегеуріндерді атап өтпей боламас, себеі бұлардың әрқайсысы да оң және теріс жақтары бар, оларды шешуде де, бірқатар шешімдер қабылдау да аймақтың елдеріне оңай түспеуі сөзсіз, кейбір жерлерде әсіресе, территориялық мәселелерде қиыншылық қатты тудыруы белгілі. Осы проблемаларды талдау барысында екі елдің арасындағы экономикалық дамудың жолдарын зерттеуде жаңа перспективті бағыттарды ашып, қайта ой саралауға мүмкіндік береді.

Мәселен, қазіргі таңдағы экономикалық жағдайды зерделеп қарап ұрпақтың ауысу үрдісінің жүріп және оның салдарынан тәуелсіз мемлекетте туылған жастардың өсіп, тіпті кей жерлерде олардың қол ұшының қазіргі таңдағы жасалынып жатқан жұмыстарға тиіп жатқанын түсінеміз. Бұл, жаңа өскелең ұрпақ, оның ойы бұрынғыдан өзгеше, баяғыдағыдан басқа және осы басымдықта Орталық Азия елдерінің өзгеру барысындағы алғышарттардың одан ары оң нәтижеде белең алып, оң септігін тигізеді деген ой туғызады. Өсіп- өну ол табиғи процесс, ал өсумен қатар өзгерісте жүреді және бұл өзгерістер аймақтың бес мемлекеті үшін жаңа белестерді бірге алуына салынар сара жол болуы әбден мүмкін [169].

Жоғарыда айтылып келе жатқан Орталық Азия елдерінің бірігу моделі мынадай позицияларды өзіне алуға тиісті: экономиканың жаңғыртылуы, қайта индустрияландыру, еркін экономикалық аймақ, еркін сауда аймағы, аймақтың дамуының нақты стратегиясы мен тұжырымдамасы, Орталық Азиядағы ішкі саяси шешімдердің үйлесімі бірқатар құрылымдар арқылы (сарапшылар форумдары, кәсіпкерлердің ортақ форумдары, су- энергетикалық консорциум, бірыңғай ақпараттық аймақ, әлеуметтік стандарттардың ұжастығы, еңбек көші-

кон мәселелері, білімдік- мәдени туризмнің жақындығы) және тағыда басқалары.

2.3 Қазақстан мен Өзбекстанның ұлттық және аймақтық қауіпсіздік саласындағы механизмдері мен стратегиялары

Халықаралық қатынастар принциптері мен теорияларына сәйкестеп саяси реализмде ұлттық мүдде, жоғарыда атап өтілгендей, сонымен қоса ұлттық қауіпсіздіктің бірінші орында болатындығы рас. Осы ретте Қазақстан мен Өзбекстанның ұлттық қауіпсіздік салалары басты қадағалауға тиісті және зерттеуде маңызды басымдыққа ие механизмдер болып табылады.

Осылайша Орталық Азия мемлекеттеріне негізін қалаушы факторлар саяси қауіпсіздіктің принципі оның тұрақтылығы болып табылады. Басқа жағынан алып қарағанда Орталық Азияның мемлекеттерінің ұлттық мүдделерінің сақталуы, онымен қатар жалпылама түрде қорғаныс саясатының ұзақ уақыт аралығында, ол тіпті ондаған жылдықтарды алуы мүмкін үдерістері өзгеріссіз қалуда. Мәселен, мұның бірі территориялық толыққандылық факторының сақталуы, бұл мемлекеттің өмір сүруіндегі негізгі қалаушы бағыт ретінде есептеледі. Кеңес үкіметінен қалған, аталмыш елдердің тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттар аралығындағы біршама шешілмеген мәселелер ретінде қалған шекаралық проблемалары аймақтың елдері арасындағы шешімін табуға тиісті мәселе болып табылады [170].

Қазіргі әлемдік тәртіптерінің өзгерудегі басты сипаттарының бірі – мемлекеттердің бәсекелестік пен конкуренция қарым-қатынастары, бұл геостратегиялық ойлауының қалыптасуы да әсер етеді.

Мындаған жылдар аралығындағы тарихи үдерістерде Орталық Азия-Азия мен Еуропаның тоғысуындағы ірі қалаларды байланыстырушы, мәселенге: Дели, Рим, Дамаск және Венеция қалалары болып, Ұлы Жібек Жолының нақ ортасында орналасқан транзиттік жолдар қызметін атқарды. Әлемнің Орталық Азиялық ескі қалаларының бірлері Баласағұн, Тараз, Бұхара, Самарқанд қалалары да маңызды рөл атқарып, сауда мен мәдениеттің жетекші орындарына айналды.

Орталық Азиялық елдердің қауіпсіздігінің төмендеуі біршама қатар аймақтағы халықтың бір бөлігінің өмір сүру деңгейінің төмендігі мен қанағаттанарлық институционалдық құқықтық тетіктің болмауы болып табылады. Осыған орай қауіпсіздік негізінен сыртқы күштерге байланысты болды, олар Ресей мен Қытай және Ислам әлемі болды. Бұрынғы тарихи мен мәдени және діни байланыстары бар Ауғанстан, Пәкістан мен Сирия, Түркия, Ливияда радикалды діни ағымдардың көбеюі мен өсуі себеп бола алады [64, б. 72]. Осы факттарға сәйкес әрине Орталық Азияның елдерінің біршама қорқыныш тудыратын мәселелерге байланысты тығыз қарым- қатынаста болуы шарт саналады.

Орталық Азия мемлекеттерінің негізгі бастамаларын жүзеге асырушы нүкте ретінде әрқашан Кеңес үкіметінің құлау үдерісі саналады. Бұл кезеңнен

кейін ол өзара ынтымақтастықтың экономика сияқты салалары мен сауда қатынастары, тіпті қауіпсіздік салаларыда бірінші орында болды [171].

Аймақтың елдеріндегі Қазақстан мен Өзбекстанның ынтымақтастығы Орталық Азиядағы жетекші рөлді алады дегенменде қалған елдердің бұл ережемен келісу немесе келіспеуі ара- қатынастарындағы аса маңыздысы болып табылады. Ешқандай ел басқа мемлекеттің кіші інісі рөлін ойнауды қаламайды және қауіпсіздік мәселесі ұлттық деңгейде шешіледі, осы ретте Орталық Азиялық қай еліне төнген қауіп- қатерде өзінің ұлттық мүддесін қорғауды басымдық деп алып, оған аймақтың басқа мемлекетінің көмекке келуі екіталай деп көрсетеді [203].

Аталған зерттеу жұмысындағы берілген ақпаратқа екі жақты көзқараспен қарауға болады. Негізі отыз жыл арасында аймақтың елдерінің интеграцияға деген қадамдарын төмендегідей фактілермен толықтыруға және дәлелдеуге болады.

Қазақстан Республикасының 1990 жылдардан кейінгі Орталық Азияда біріктіруші бастамалар ретінде төмендегідей Орталық Азиялық аймақтық интеграциялық құрылымдарды құруды дұрыс деп санап, мына шешімдерді ұсынған болатын:

- 1994 жылы Орталық Азиялық одақ;
- 2001 жылы Орталық Азиялық экономикалық форум;
- 2002 жылы Орталық Азиялық ынтымақтастық ұйымы;
- 2007 жылы Орталық Азиялық елдердің одағы болды.

Бұл құрылған немесе құрылуға ниет етілген одақтар мен ұйымдардың барлығыда қағаз жүзінде қалған болатын, негізгі себеп аймақтың саяси элиталарының ойларының бірегей жерден шықпай, қолдау таппаған болатын. Тіпті, ортақ тарихи және мәдени, тілдік, этноконфессионалдық факторларға қарамастан осындай қорытындыға әкелген болатын. Бұл берілген еңбектегі уақыттарда Орталық Азиялық аймақтық елдердің бірігуі мен интеграциялық қадамдардың болуынан қандай да бір нәтиже күту жақын аралықта қажеті жоқ екендігін анықтады. Бұл жерде тағы айта кетерлігі Орталық Азиялық аумақтағы елдердің ішіндегі саяси элитаның өзгеруі деп келтірген болатын.

Орталық Азия елдерінің арасындағы бәсекелестік күрес пен посткеңестік арадағы сонымен қатардағы жаһандық әлемдегі үдерістерге сай динамикаларының өзгеруі мына бағыттармен анықталады:

- бірполярлық әлемнің құлап, полицентристік әлемдік тәртіптің құрылу үдерісі;
- Азияға қарсы параллельде Батыстың жаңа күш орталығы болып қалыптасуы;
- Ресейдің Шығысқа назар аудару стратегиясы мен оған қарсы Қытай мен Үндістан сияқты мемлекеттердің іс- әрекеттері.

Бұл аталған факторлардың барлығы Орталық Азиялық аймақта экономикалық және саяси мәселелердің шешу тұрғысынан жаңа әдістер мен қадамдарды ойлап табуды, соған қарай әрекет етуді негіздейді [35].

Орталық Азиядағы интеграцияның қайта жаңғыруының басты себептерінің бірі болып халықаралық терроризм мен экстремизмнің онсызда тұрақсыз елдеріне: Ауғанстан, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы өршуі болып табылады. Бұл мемлекеттердіге жағдайлардың барлығы террористік ұйымдардың халықаралық мәнде болуы және оның жаһандық мәселе болып тұруын қайта қарастыруды талап етеді. Бұл есепте белсенді жан – жақты ынтымақтастықтың негізінде көп деңгейлі аймақтық және жаһандық қауіпсіздіктің жүйесін құру жақсы нәтижеге әкелер басталмалар болып табылады [51, б. 81].

Ұлттық экономиканы дамытуда Орталық Азияның барлық елдері, зерттелініп отырған екі елі де Қазақстан және Өзбекстанда 1991 жылдан кейін өздерінің жаңа және маңыздысы әртүрлі жолдарымен кеткен болатын. Олар қиын жолды өткерді, әлеуметтік- гуманитарлық жүйемен қоса экономикалық жүйенің құлауы болды. Қосымша Тәжікстандағы азаматтық соғыс пен Қырғыстандағы қызғалдақ төңкерісі, Түркменстанның сыртқы саясатының біршама жабық қызметімен толықтырылады. Осы аталған жағдайларға қоса Өзбекстандағы мақта мәселелері мен Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасу проблемалары, Ресеймен және Қытаймен шекаралас орналасу факторларымен байланысты болды.

Ұлттық қалыптасудың алғышарттарындағы аймақтық интеграцияның көлемі аймақтың басшыларының ойлауы нәтижесінде қолдан келмейтін үдеріс ретінде қабылданып, әлі де болса аймақтың елдерінде тәуелсіздіктен кейінгі жаңа қалыптасу мен қайта реттелу, өз саясаттарын орнықтыруға байланысты болды.

Орталық Азияның қауіпсіздік траекториясы өте маңызды және алғашқы шешуде орын алатын мәселе болып табылады. Жоғарыда аталғандай аймақтың негізгі проблемаларына есірткі тасымалы мен заңсыз қару- жарақ сату, исламдық радикализм мен экстремизм жатады. 2014 жылдағы секілді Ауғанстаннан әскерін алып шығу мәселесі қандай соңында проблемаларды туғызып, одан әрі қауіпке әкелген болатын. Бұл ретте Ауғанстандағы жағдайда АҚШ-тың әскерінің ол жердегі қатысуы болып табылады [72, б. 226].

Қазіргі 2021 жылы тамыз айынан кейінгі аймақтың елдерінің басты назары осы Ауғаныстандағы жағдайға байланысты болды. Ауғанстаннан Америка Құрама Штаттарының әскерінің шығарылуы және тәліптердің басып алуы әлемнің елдерінің күн тәртібіндегі бірінші сұраққа айналды. Бұл дегеніміз Орталық Азиялық аймақтың қауіпсіздік мәселелерінің кенеттен қайтадан күрделі болуына әкеледі.

Қауіпсіздік саласы мен ядролық қарудан бас тартуды Орталық Азия мемлекеттерінің басты орыны ретінде мемлекеттер БҰҰ-н негізгі орын ретінде сәтті пайдалана алды. Қауіпсіздік қана емес, бұл әлемнің басты трибунасында басқада мәселелер: өмір сүрудің берілген жағдайларда, тіпті өзінде үлгі ретінде көрсете алар еді аймақтың басқа мемлекеттеріне. Ресми түрде ядролық қарудан бас тартқан аймақ ретінде үдерісі 1997 жылы бастау алған болатын. 1997 жылы 15 қыркүйекте жарияланған жазбада Ташкент қаласында өткен Қазақстан,

Қырғызстан мен Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстанның сыртқы істер министрлері, оған қоса БҰҰ-да жарияланған. Аталмыш елдер еркін сауда аймағын құру, ортақ егемендікке сай, дипломатияны қолдана отырып, халықаралық құқықты бейбітшілік негіз ретінде алып, осы ережелер аясында қауіпсіздік пен мемлекеттер арасындағы өмір сүруді ретке келтіруге байланысты келісім дер мен шарттарға қол қойылды [173].

Аймақтың стратегиялық дамуының мәселелері мен аймақтық қауіпсіздікті сақтау мүдделеріне сай Ресей Орталық Азияны өзінің басты әсерін тигізуші аймақ ретінде сақтап қалуға басымдықтарын берген. ТМД-ның бұл елдерінде аталмыш мәселе нақты маңызды орынды алады, Ресейдің қызығушылығы мен аймақтың бес елдерінің басты мақсаттары аймақтағы егемендігімен қоса тыныштықты және қауіпсіздікті сақтай отырып, экономикалық дамуды көзейді. Бұған қарай қосылатын мәселе аймақтағы дағдарысты территориялар Ауғанстанның жағдайлары тудыратын есепке алынуға тиісті [51, б. 192].

АҚШ-ы Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасын аймақтағы аса маңызға ие стратегиясы ретінде, тек қана аймақтың елдері емес Ауғанстан мәселесі де маңызға ие. Бұл міндеттерге сай 2018 жылғы Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы дәлелдейді. Анығы АҚШ-тың Орталық Азияға деген комплексті, яғни толыққанды барлық мемлекеттерімен қарым-қатынасты орнықтыру мәселесі көрінеді. АҚШ-ның қауіпсіздігіне және оның одақтастарына әсер ететін террористік қауіптерден сақтану, одан бөлек трансшекаралық террористік қауіптер және олардан келетін ядерлік және әскери қақтығыстар, ең қауіпті қазіргі уақыттағы технологиялық ақпараттық соғыстарды да атап кеткен жөн. АҚШ-ның негізгі мақсаты Орталық Азия елдерінің тыныштығын сақтау мен қатар аймақтық державалардың қатты әсерінен және аймақты джихадистердің территориясын айналмауды жібермей, қарсы тұруды көздейді [174].

Осы заманғы кезеңнің ерекшелігі оның әрқашан да кенет пайда болар жаңа қауіп-қатерлері мен сындарында. Бұл аталған сындар халықтар үшін жаңа соғыстарға, қан-төгіске, ғаламда өмір сүріп жатқан қаншама адамдардың өміріне қауіп ретінде болуы мүмкін. Әлемдегі деген билікке талас әлі де болса ұлы державалардың арасында жүруде. Оған дәлел болар қазіргі уақыттағы шешімін таппай жүрген ядролық проблемалар болып табылады. Қазіргі кезде бұндай ядролық мәселелелер АҚШ, Иран, Солтүстік Корея сияқты елдерде маңызды келеді [186].

Либералдық демократия мен коммунизмнің арасындағы идеологиялық күрес мына заманда жаңа белең алуда. Либералдық демократия мен діни экстремизм арасында да күрес өршуде. Аталмыш факторлардың барлығы біздің заманымыздағы күнделікті жайттағы проблемаларға айналуда, мәселен: діни конфликттар, қарулы сепаратизм, терроризм, әсіресе мемлекетаралық проблемалар, қарсы келулер қазіргінің басты қауіптеріне айналды. Бұған қосымша кәзіргі ақпараттық соғыстар мен технологиялардың дамыған

заманындағы жаппай жою қаруларының түрлерінің көбеюі дәстүрлі мәселелерге қосымша проблема мен қатер ретінде қосылуда [175].

Аймақтағы басты қауіпке бейбітшілік заманында өмір сүрудің қиындауы мен жаңа қатерлердің шекаралық әлемдегі қауіпсіздік жүйесімен тығыз байланыста бола отырып, аса қатты діни экстремизмнің және радикализмнің сұрақтары маңызы бойынша күн тәртібінде бірінші тұрады. Біршама зерттеушілердің зерттер жүрген тақырыптары Ауғаныстағы шиеленіскен жағдай аттап өтулері мүмкін емес. Бұған қосы қазіргі таңдағы бұл мәселенің өршуі әлем халықтарының және барлық халықаралық ұйымдар мен қоғамдастықтардың мазасын алып отырған Ауғанстан факторы.

Бүгінгі таңда осыған қоса аймақтағы саяси партиялардың, ұйымдардың дә осы іс- әрекеттермен қарсы тұруда керісінше біріге әрекет жасау қимылдары орын алып жатқандықтан қаралып отырған қауіпсіздіктің аса маңыздылығын одан әрі аша түседі. Бұл террористік, экстремистік діни қозғалыстардың іс- қимылдары Ауғанстандағы Орталық Азияның шекаралас жатқан қонысты жерлерге таралуы көрсеткіші жоғарылауда, себебі Ауғанстандағы бұл жайттың ішінара солтүстік аумақтарға да таралуында болып табылады [49, б. 63].

Заңсыз есірткі саудасымен айналысу мен қатар аймақтағы жоғарыда аталып кеткен қауіпсіздік проблемаларына қоса діни радикализмге қосымша заңсыз көші – қон мәселелерінде қарастыруға тистіміз. Соңғы уақыттардағы Сирияның аса белсенділігіне қарай әскери тұрғыда аймақтағы әскери бірігушіліктерді басу негізінде, оның ішінде Ауғанстанда бар, аймақтың елдеріне шекаралық нығайтуды маңызды іс – әрекет ретінде қарастыруды жөн санайды [177].

Демографиялық өсу мен толықтай халықтың санының азаю үдерістері барлық әлемнің елдері үшін маңызды үдеріс ретінде саналады. 2050 жылдарда Азия тұрғындарының саны 5,2 миллиард адамға жетеді, оның ішінде мұсылман өркениеті елдеріндегі халық саны 3 есеге артады [148]. Осы ретте Орталық Азиялық аймақтағы демографиялық жағдайы тағда бір бастапқы мәселелердің бірі болып табылады.

Геосаяси тұрғыда Орталық Азияның қауіпсіздік жүйесі өзімен бірге қиын әрі бірнеше этаптан тұратын конструкцияны елестетеді. Бұған қоса аралықта осы аймақтық елдермен қоса үшінші әсер етуші күштерді ұмытпаған жөн. Негізі Орталық Азияның елдері біршама халықаралық және аймақтық ұйымдарға мүшелік етеді. Осы қауіпсіздік саласында бірқатар алып державалармен, геосаяси күш орталықтарымен байланысы бар. Орталық Азияның ғана емес басқада елдердің тұрақты дамуында әсер етуші факторлар, оның қауіпсіздігі болсын бірнеше атауларға ие. Мысалыға, ішкі саяси жағдайдардың күрт шиеленісуі, жоғарыда аталған экстремистік және діни іс- қимылдардың жиілеуі мен басқа да елдердің тарапына жүретін есірткі мәселесінің жоғарылауы, миграция мен маргинализацияның қалаларының, бұнымен шектелмейтін экологиялық кері шегіну, су ресурстарының жетіспеушілігі, өте жоғары деңгейдегі этноконфиссионалдық конфликттер аясындағы мәселелерді бұдан әрі тізбектеп қоса беруге болады. Айта кетеін

жайт автордың белгілеуі бойынша аталған мәселелердің барлығы аймақтық бағытқа ие [25]. Бұл тек қана бір мемлекеттен туындайтын проблемалар жиынтығы емес, бір біріне байланысты территориялық шекараластық болсын, ортақ тарихи- мәдени мән болса да аймақтың елдерінің саяси көзқарастарының бір жерден шығуы көп мәселелер бойынша келе бермейді.

Орталық Азиялық елдердің мәдениеті және саяси элитасыда көбінесе автократиялық саяси басқаруға, либералды демократиялық плюрализмге қарағанда деп береді. Барлық бес мемлекетте де Бұрынғы Кеңес үкіметінен кейінгі қалған табиғи мінез ретінде көрсетіледі. Бірақ тура осы ретте және осы фактордан қарай бұл елдер тәуелсіздікті ешнәрсеге қарамастан қадірін біледі, және сыртқы саясаттарында оны, яғни егемендікті басымдық ретінде анықтайды. Негізі аймақтың халықтарының басым көпшілігі Батыстың құндылықтарына бас ұрса да, оған қарсы келсе де, дәл осы секілді Ресейдің ықпалынан да кеңестік саясаттың қалған саяси жүйеден кейін аяқтарын алшақ тарттарындары белгілі [63].

Жаңа жоба болмаса да қазіргі кездегі маңызы зор Бір белдеу- бір жоба негізінде Орталық Азияның елдерінде жемқорлық үдерісінің бар екендігін кесіп жоққа шығару мүмкін емес. Жүйелі түрде қылмыспен күресу оның атқарушы мекемелеріндегі жемқорлықтың болуына сәйкес онымен күресу шарасыз болып табылады. Белгілі болғандай есірткі тасымалы мен саудасы және де басқалары бір –бірімен тығыз байланысты, бұл аталмыш жобаның бір оң тұсы оның аймақтың елдеріне болсын бірдей шамадағы экономикалық даму мен қатар басқада бар мәселелерді шешу барысында, онымен қоса экономикалық даму арқылы аймақтың елдерінің дамуының басқа салаларда жоғары деңгейіне көтеруге ықпалын тигізеді. Жүйелік түрдегі осы аталмыш проблемалардан кетуге бастаманың транзиттік дәліз ретінде аймақтың елдеріне қаржылай ақша табуына әсер етуші фактор болмақ [61].

Диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес Орталық Азияның арасындағы Қазақстан мен Өзбекстанның даму перспективалары басты назар айдаратын фактор ретінде жүреді. Аталмыш елдер қазіргі уақытта қаншалықты оң нәтижелер көрсеткенмен де оған міндетті түрде кедергі келтіруші фактілерде жоқ емес. Бұл аталған терроризм мен қоса ауған факторыда бар. Ең қолайсызы Өзбекстанның нақты түрде дағдарыстық аумақ ретіндегі Ауғанстанмен шекараларының бар екендігі. Осы аталған мәселеге байланысты Қазақстан мен Өзбекстан өзара консультативті кездесулер өткізіп тұрады. Екі елдің Қазақстандағы және Өзбекстандағы қауіпсіздік кеңестері арқылы жүргізіледі. 29 маусымда 2018 жылғы Ташкенттегі кездесуде Ауғанстан мәселесіне байланысты біраз саяси ахуалды талқылап, аймақтың елдерінің қауіпсіздік мәселелерін ашық келтірді. Осы орайда олардың соңғы шешімдеріне сәйкес біріккен әскери оқулар өткізуді, оған қоса заңсыз көші – қонды тоқтату мәселелерімен күресті жандандыруды қарастырған болатын.

Бұл аталған кездесулерден соң 13 шілдеде Қазақстанда келесі ресми кездесулер болып, ол жерде әскери жұмыстары барысында Өзбекстан Қорғаныс Министрі А. Азизовпен бірге елге әскери делегация күштері келген болатын.

Бұл кездесу барысында олар Қазақстан Республикасының 19 әскери базасында сапар шекті. Әскери – техникалық негізде ынтымақтастық жұмыс тобы құрылып, 2018 жылы осы ретте бірінші отырыстарын жүргізген болатын. Бұнымен қоса екі ел арасындағы әскери ынтымақтастық одан әрі жалғастырылып, Қазақстан және Өзбекстан арасында қауіпсіздік кеңестерінің жиындары өтілді. Ресми ақпараттарға сәйкес аймақтық деңгейде бұл ынтымақтастықты одан әрі тереңдету жоспарланып, халықаралық ұйымдар негізінде жалғастыру келісілді [140].

Бұл ретте басқа да зерттеушілердің жазуына сәйкес басты мәселе ретінде Орталық Азиядағы заңдылық пен осыған негізделген мүмкіндіктердің тұрақтылық моделінің аймақ үшін маңызын анықтайды. Бірақ, аймақтың елдері үшін маңызды болғанымен де аса қатты өзектілікке жатпайды. Бұндай жүйеде аймақтың елдері зорлық- зомбылық пен айтарлықтай тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін деседі және саяси жүйенің ескіруіне тоғысуы мүмкін делінген [178]. Аймақтағы елдердің басты мәселелері ретінде қосылатын бұл проблемалар жиынтығы айналып өтпейіні рас, бірақ осы уақыттағы аймақтағы саяси өзгерістер орын алуды, бұрынғы ескірген көзқарастар жойылып, заманына сай ұрпақтар ауысуы да үдеріс ретінде орын алуда, әрине бастапқы деңгейде болсада. Бұл аталған фактілер аймақтың барлық салаларындағы жақсы, оң жаққа орай нәтижелерге әкеледі.

Аймақтық қауіпсіздік мәселесі сыртқы және де ішкі аспектілерге ие болып табылады. Қазіргі заманғы шарттарға сәйкес ұлттық қауіпсіздік тек қана қарулы күштер ғана емес, басқада факторларға байланысты болып табылады. Экономикалық жағдайы мен қауқары, бәсекелестікке сай индустриялардың бары екендігі, білім берудегі деңгей мен халықтың жағдайы мәселелері де маңызды. Бірешен жылдар уақыт бұрын мемлекеттерде әртүрлі эпидемиялар, салдарына қарамай есірткі айналымдары орыны қауіпті саналып, қазіргі уақыттағы мәселелер мен салыстырмалы түрде қарастыруға болады. Қазіргі таңда біршама өзгерістер орын алуда, маңыздысы аймақтық жүйелік қауіпсіздік сақтау деңгейі өсуде. Орталық Азиядағы жағдайға сәйкес біршама ұйымдар мен құрылымдарды қосуға болады, бірақта іс жүзінде аймақ үшін қауіпсіздікте маңызды рөлді ШЫҰ алатыны белгілі [179].

Алдыңғы АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы М. Помпеоның Орталық Азияға іс-сапарында аймақтың екі еліне сапары Қазақстанға және Өзбекстанға белгі болып табылады. АҚШ- тың Ресей мен Қытайды аймақтық елдердегі мүдделер мақсатында бәсекелес санап, нақты бұл екі елдің де аталмыш басты назарында екендігін біле отырып ұлттық қауіпсіздік доктринасы тығыз әрекет етеді. Негізінде Орталық Азияны перифериялық аймақ деп зерттеулеріне алушы көптеген талдаушылардың еңбектеріне қарап, қазіргі таңдағы әлемдік саясаттағы өзгерістердің орын алуын қарастырып, бұл аймақтың да рөлінің өзгергенін атап айта аламыз [36].

Еуропалық Одақтың Орталық Азиямен ынтымақтастығы 1990 жылдары әсіресе қауіпсіздік саласында біршама төмен деңгейде жүргізілді. Тек халықаралық ұйымдар негізінде, НАТО мен ЕҚЫҰ сияқты одақтардың

негізінде жүргізілді. НАТО-ға Бейбітшілік үшін әлемде бағдарламасы бойынша орталық азиялық бес мемлекетте кірген болатын. Уақыт өткеннен кейін Еуропалық Одақ Орталық Азиядағы мүдделері негізінде бұл қауіпсіздікті маңызды мәселе ретінде тауып, аймақтың елдерімен осы саладағы қарым-қатынасын одан әрі нығайтуға іс-әрекеттер қабылдап, оны жүзеге асыра бастады [53, б. 107].

Тағыда бір Орталық Азия елдерінің басым бағыттарының бірі ретінде осы экономикалық саладан басқа, қауіпсіздік саласында жақынырақ әскери ынтымақтастықты келтіреді [140]. Олардың әскери қарым-қатынастарының тығыз болуы өара аймақтағы болсын қауіпсіздіктің басты бір қорғаныс қаруы ретінде жүретіні рас.

Ішкі аймақтық саяси үдерістер және осыған орай аймақтану да Орталық Азияның тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдер аралығында қауіпсіздік пен оның институционализациялануы басты негіз ретінде жүрді. Бірақ, қазіргі бар және қызмет етуші ұйымдар да барысында алып державалардың қатысуымен шешілген болатын. Ал, бастапқы шешуші рөлді бұл үдерісте аймақтық алғышарттар арқылы жүзеге асырылды. Негізі ШЫҰ мен Ұжымдық қауіпсіздік ұйымы осы Орталық Азиялық аумақтың қауіпсіздік мәселелерін шешуші ұйымдар ретінде мақсатта құрылған болатын [54].

Жаңа әлемдік ойындарға сәйкес алып мемлекеттердің басты назарында қазіргі уақытта Орталық Азияның елдері геосаяси жағдайда маңызды аймақ болып табылады. Сол үшін қазіргі таңда Орталық Азияның инеграция мәселесі де соншалықты маңызды тақырып болып есептеледі. Бұған арнайы көптеген зерттеулер мен еңбектер арналуда.

Жаңа Орталық Азиялық мемлекеттер көптеген шешілмеген мәселелерге ие, олардың географиялық орналасуы континенттің ең ортасында орналасып жалпылама демографиялық халық саны 56 миллионға жеткеннің өзінде олармен көршілес жатқан елдер, мәселен Қытай – 1,2 млрд, Үндістан – 1 млрд, Ресей – 148 млн. Бұл факторларға қоса, жасырын Қытай көші-қон үдерісін қосуға болады.

Орталық Азиялық мемлекеттер және Қазақстан тұрақты экономикалық дамумен қамтамасыз етуді өздеріне маңызды іс-әрекет ретінде алды. Бұған экстремистік іс-әрекеттер мен есірткі тасымалдау секілді қауіп-қатерлерді өздеріне басты міндет ретінде алды [19].

Орталық Азиялық мемлекеттердің аймақтық шоғырлануына кедергі болатын негізгі факторлар төмендегідей бөлінеді:

- Экономикалық дамудағы әртүрлілік, аймақтағы аса осал экономикалық ахуалға ие Тәжікстан және Қырғызстан;
- 1992-1997 аралығындағы Тәжістандағы азаматтық соғыс салдары өзінің саяси аймақтық және этникалық бастамаларына байланысты;
- Жоғарғы деңгейдегі биліктің барлық мінберлеріндегі жемқорлық әсері;
- Елдердің ортақ тұстары;
- Территориялық қарам-қайшылықтар.

Осыған орай, Орталық Азияның консолидациясына жоғарыда аталған факторларды келтіре отырып, саяси және халықаралық қатынастарды зерттеуші мамандардың талдауларында Орталық Азияның аймақтық интеграциясына әкелетін бірінші қадамдарына алғышарттардың бар екендігін атап айтады.

Аймақтың шоғырлануының басты біріктіруші бағыттары төмендегідей аталған факторлар болуы мүмкін:

- Аймақтық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету және ислам радикализмінің таралуы және қылмыстық жағдайлардың өсуі;

- Экономикалық саяси және әлеуметтік жағдайлардың тұрақтануы;

- Табиғи ресурстарды рационалды түрде пайдалану, соның ішінде су және энергетика;

- Ауғанстан, Синь-цзянь, Иран сияқты дағдарыстық және қақтығыстық аймақтармен шекаралық орналасу және қауіпсіздікпен қамтамасыз ету мәселелері;

- Өзара шекаралардың қауіпсіздік проблемалары.

Әлемдегі осы уақыттардағы алдыңғы тенденцияларға энергоресурстарға талас пен күрес, энергетикалық саясаттың құрылуы мен оның қауіпсіздігі жатады. Бұл аталмыш сұрақтарда Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы стратегиясына кіргізілген бағыт болып, оған бірнеше секторларды да кіргіземіз. Энергия жұмсаудың қауіпсіздігі мен бүкіл әлемдегі энергияны дұрыс қолдану мен жұмсаудың тұрақты дамуы сияқты мәселелерді қамтыды.

Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы жаңа стратегиясы аймақтық ынтымақтастықтың біріктіруші факторы ретінде жүруі тиісті.

Энергоресурстар және энергетикалық саясаттары мемлекеттердің бүкіл жалпылама саясатқа және Орталық Азиялық қауіпсіздік мәселелеріне қатты әсер етеді. Бұл геосаяси мәнде болуы мүмкін және оның географиялық орналасуы мен табиғи пайдалы көздерге байлығы, ол қазіргі әлемдегі энергияға деген сұраныстың өсуіне байланысты. Зерттеушінің айтуы мен келісілетін жайт қай уақыттардағы Орталық Азияның атының өзі толықтай анықтап тұрғандай оның географиялық орналасуы мен территориялық ерекшелігі оның пайдалы қазбаларға бай аймақ екендігін анықтауға және Еуразия континентінің нақ ортасында шекаралық сәтті орнығуы да аталмыш фактордың маңызыдылығын ашады [12, б. 55].

Жоғарыдағы зерттеу фактілеріне сәйкес энергетикалық қауіпсіздік аса шешуші рөл атқарушы фактор ретінде табылады. Ол әр мемлекеттің энергетика саясатына да жүргізу жоспарына байланысты болады. Бұл тұжырымдама екі жақты ие болады, біріншісі энергетикалық қорлары аз елдерге: бастысы энергиямен қамтамасыз етуі, ал көп елдерге оны жүйелі және жоспарлы түрде қолдану. Бұл энергияның болмауы оның экономикасының төмендеуіне әкелсе, оның дамымауына және тұрақтылығына әсерін тигізеді. Шетелдік зерттеушілердің талдауларына сүйенсек Орталық Азия елдерінің энергетикалық қауіпсіздік мәселесі тұрақсыз және сәтті емес деп, оны қайта қарау мен құруды, қайта қалыптастыруды талап етеді делінген. Әрине, геосаяси және құқықтық заңдарды қарастыра отырып [3, б. 1]. Бұл мына себеп салдарға

байланысты болады, аймақтың елдерінің Ресей және Ұлы Жібек Жолының ұзындығымен Қытайдың мүдделерінің тоғысуы нәтижесінде саналады. Ал, Орталық Азиядағы энергетикалық қауіпсіздіктің жоқтығы оның энергетикалық саласындағы көптеген қатысушылардың болуы мен олардың әртүрлі әсерлерімен де санасуға мәжбүрлейді.

Орталық Азия елдерінің бұл аталған мәселелерден басқа ынтымақтастықтың салаларын да қарастыруға міндетті болып табылады. Ол Арал теңізінің қазіргі жағдайы және оның қандай үлкен экологиялық мәселе екендігі барлығына айқын болып табылады. Және бұны шеші аймақтың елдерінің басты мақсаттарының біріне айналуға тиісті саналады. Қазіргі заманның экологиялық дағдарысы іспетті. Өткен уақыттардағы Аралдың және Әмудария мен Сырдарияның электро энергиясын, су ресурстарын еркі қолдану кезеңдері болып өтіп кетті.

Бұл аймақта ендігіде осы су энергетикалық сұрақтары бойынша шешуді талап ететін мәселелер бойынша бірқатар шешімдер қабылдап, біріккен түрде іс- әрекет жасауға міндетті болып табылады [196].

Арал теңізінің мәселесінің шешімін тауып, оны іске асыру 1994 жылы бастамасын алған Орталық Азиялық мемлекеттердің бірігу интеграциялық бастамасы арқылы жауабын табуы керек болатын.

Осы жылдары Аралы теңізі мәселесі бойынша аймақтың елдерінде Арал теңізі бассейні бағдарламасы қабылданған болатын. Ол жаңа әдістерге толы, жаңа міндеттері бар жоба болды. Негізінде Орталық Азияның бес мемлекетінің де және олардың халықаралық қоғамдағы ынтымақтастықтарына сәйкес бұл жобаға инвестиция мен қаржыландыру тарту керек еді. Бұл жобаны дайындау сонау 1992 жылдары басталып, ендігі уақытта қолға алынып жүзеге асырылуда.

Арал теңізіне байланысты екінші бағдарлама 2003 жылы қабылданған болатын. Қабылдаушы Арал теңізін сақтаушы халықаралық қоры болды. Бұл орындаушы органға табысталды, қатысушы мемлекеттер арасындағы келісімге сәйкес, Арал бассейніндегі жағдайды экологиялық мәселелерді жақсарту барысында нақты шешімдер қабылдау іске асырылуға тиісті болды. Бұған 2003-2010 жылдар аралығы деп белгіленген болатын. Бағдарламаның жоспарына 14 басты бағыт, біріктірілген 4 блок пен: су шаруашылық, әлеуметтік – экономикалық, экологиялық және қоршаған ортаны көрсеткішін реттеуші болып бөлінді.

Үшінші бағдарлама бойынша Арал теңізінің сақтауын және экологиялық мәселелерді шешу барысында қабылданды. Бұл бағдарлама халықаралық ұйымдардан қолдау тапқан болатын. 2010 жылы 20 шілдеде Ашхабадта біріккен келісімдер қабылданды. Бұл бағдарлама алдыңғы секілді төрт негізгі бағыттардан тұрды: судың ресурстарын қолданудың толықтай түрі, экологиялық өлшем, әлеуметтік- экономикалық өлшемдер мен институционалды – құқықтық механизмдерді жақсарту болды. Үшінші бағдарлама өз кезегінде екіншісіне ұқсайды. Бірақта ерекшелігі оның іске асырудағы механизмдері болып табылады.

Бұл бағдарламалардың артынша басқа да бағдарламалар жүрді. Оның есебінде Сырдария өзендері мен оның су толқындарын реттеу және Аралы теңізінің солтүстік жағын сақтау туралы болды. Бұл бағдарламадан соң 2018 жылы Аралға жақын аймақтардағы тұзы жерлерді қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Қандай да бір бағдарлама не болмаса жоспарды іске асыру оның шешімін ғана тауып қоймай, ол жерлердегі бар немес енді көрініс берген мәселелердің шығуын, оның қорытындысына сәйкес оны реттеу мен одан сабақ алуды үйретеді.

Аралдың қайта жандануы ол барлық мемлекеттер үшін үлкен мысал болып табылады. Кіші Аралдың солтүстік жағының қайта орынына келуі аймақтың біраз су орындарының қайтадан орынына келіп, экологиялық таза және экономикалық продуктивті болып табалатынын көрсетеді. Тарихи тұрғыда Арал теңізінің басты және технологиялық қоғамның әлемді және оның әртүрлі жерлерін табиғатты және тіпті адамдары құрататындығы жайлы нақты мысал бола алады. Екінші тараптан адамзаттың қолынан барлығы келетіндігін, өз қолымен құртқанын қайтадан өмірге жартылай болсада әкелтіп, тірілтетінін көреміз. Бұл зерттеушілер Ф.Миклин мен Н.Аладиннің өздерінің еңбектерінде бергендері [180]. Бұл Арал теңізі мәселесінің барлығына ортық және технологиялық жаңартулар арқылы болсада шешіп, қайта жаңғыруын анықтайды.

Бұл Аралдың ынтымақастығы тарапынан Орталық Азиялық елдердің жалпылама байланыстары шығады. Әрине, су- энергетикалық ресурстары бағытында. Орталық Азияның экономикалық дамуы соның ішінде, энергетикалық қауіпсіздік бастапқы орында олардың Орталық Азияның елдерінің қаншалықты деңгейде табиғи су қорлары мәселесін ретке келтіреді, әсіресе қазіргі экологиялық климаттың өзгеруінің жағдайында, экономикалық өсумен халық санының өсуінің көрсеткіштеріне байланысты.

Орталық Азиядағы су мәселесі барлық уақыттарды Арал теңізінің мәселесі тұрығысында қаралатын. Қазіргі уақытта проблеманы өзгерту уақыты келді. Сондықтан Орталық Азияның елдері өндірістік оазис ретінде атануын жүзеге асыруға міндеттіміз деп берген болатын, Әлемдік банк тұрақты өкілі Қазақстан Республикасындағы А. Браун [181].

2050 жылдарда Орталық Азиялық аумақтың халқының саны қазіргі таңда 70 миллионға шақ болса, бұл уақыттарда алдағы 30 жыл көлемінде отыз пайызға өсіп, 100 миллион халық санын көрсетеді деген болжамдар бар. Демографиялық жағдайдың өсуі қалыпты үдеріс ретінде су ресурстарының жұмсалуды жағынан мәселелер әкелуі мүмкін.

Негізі 30% халық саны аймақты қазіргі таңда ауыл шаруашылық пен айналысуда және бұ сала түрі біршама үлкен су ресурстарын қажет етеді. Әлемдік экономикалық бағыттарда Орталық Азияның елдері шамамен су ресурстарымен дұрыс және саналы түрде пайдаланбаудан экономикалық шығын мен жоғалту 2.1 млрд. долларды құрауы мүмкін, ол Қазақстанның 0.5% нан, Тәжікстанда 4.5% ұлттық экономикасының пайызының жоғалуы ретінде есептеледі. Бұндай экономикалық құлаулар мен жоғалтулардан сақтану

мақсатында қазіргі таңда аймақтың мемлекеттері жасыл энергетика саласын мән беріп, бұның ретінде бағдарламаларды енгізу және оны іске асырлу маңызды шешім болып табылмақ. Бұл аймақтың ынтмақтастығы негізінде басты бағыттардың біріне айналып, ауыл шаруашылығының дамуының көзі ретінде айналуға тиісті.

Орталық Азиялық аумақта трансшекаралық ең ірі екі өзен Сырдария және Өмудария болып табылады. Таулы аймақтардағы мұздықтардың еріп, олардың температурасының жоғарылауы мен таулы қыраттардан ағуы аймақтың елдеріне экономикалық, энергетикалық және ауыл шаруашылығына нағыз мәселеге айналмақ қаупі бар. Бұл мемлекеттердің экологиялық жағдайлар мен климаттың ауа-райының өзгеруіне дайын болып, тұрақты дамуды тоқтатпау мақсатында одан әрі дамудың шешімін табуы міндет етеді.

2019 жылы Рогун гидроэлектростанциясының екінші агрегатының қосылуынан аймақтың мемлекеттерінде біршама проблема туғызып тұрғаны рас. Себебі, әр елдің мүддесі ортақ шешім табуға келісуі керек. Аймақтың елдерінде Тәжікстанның су ресурстары негізіндегі бағытта алдыңғы рөлде болуы Өзбекстан секілді мемлекеттерге мәселе болып тұрғаны бар. Қазіргі таңда Рогун электростанциясы 3,5 млн. киловатт энергия шығарады. Бірінші агрегатының шамасы Тәжікстанды электр энергия тұрғысынан қанағаттандырса, екінші агрегаттың іске қосылып жұмыс жасауы толықтай Тәжікстанның тек өзінде ғана емес бұл энергияны басқа елдерге тасымалдау шамасына әкеледі. Мәселен, Ауғанстан мен Пәкістан, Өзбекстан мен Қазақстанға. Тәжікстандық Рогун гидро электростанциясы тек қана жұмыспен камптып қаеа емес, жұмысқа тұруды да төмендетіп, осының арқасында әлеуметтік қысымның төмендеуіне әкелді.

Аталмыш электростанциясының қосылуы әлемдік біраз талдаушы аналитиктердің де назарын аудартқан болатын. Бұл агрегаттың барлық күште қосылды дегенге келтірмейді. Ашылуындағы Өзбекстан Министрінің болуы сарапшылар арасында басқаша ойларға әкелсе, Ташкенттің бұл электростанциясын қолдануы туралы ешқандай да ақпараттың жоқ екендігін растайды. Жәнеде оны пайдалану мақсатында қандайда бір келісім шарттар мен серіктестік іс-әрекеттердің болғандығын растамайды [176].

Эксперттердің айтуы бойынша Рогун гидро электростанциясының тек қана экономикалық емес, саяси мәні де барын факт ретінде көрсетеді. Бұл екі жақты қызығушылықты тудырады, бұл электростанциясының қандай да бір біріктіруші не болмаса аймақтың елдерін қайта бөлінуіне ықпал етуші ретінде. Осындай шешімін таппаған мәселелер әрине уақыттың керектігін анықтайы.

Жоғарыдан бері зерттелініп келе жатқан еңбектер мен нақты болған елдер арасындағы жағдайларға қарап бұл аймақтағы қаншалықты қабылданған серіктестік су ресурстары жөнінде болсын, шекаралық мәселелер бойынша да құжаттар қабылданған менде нақты механизмдер жоқ болып табылады әлі күнге дейін.

Бұл мәселелерді шешудегі басты кедергі елдердің аймақтық мәселелердегі әр түрлі көзқарастары болып табылады. Нақты ереженің

жоқтығы, гидро ресурстарды пайдалануда шекаралық өзендерді, конфликттерді шешу мен осы тақырыпта, суды қолдануда бір- біріне ақпараттың аз мөлшерде және тез уақыт аралығында жетпеуі. Аймақтың елдері арасындағы мәселелерді шешудегі аса маңызы бар жұмыстардың бірі болып табылады [50].

Орталық Азиялық аумақтың басты шекаралық аудандарындағы экономикалық, гуманитарлық даму мен көлік қатынастарындағы даму мен қоршаған орта мәселелері соңғы уақыттарда оң жаққа даму өзгерістері бар. Қазақстан мен Өзбекстан арасында даму перспективалары екі ел арасындағы халықтың жағдайларының өсуін қарастырады.

Орталық Азиялық аймақтың дамуына және біргіуіне кедергі болар факторлардың қатарына Аделаида Университетінің профессоры Р. Помфреттің зерттеуі бойынша Қытай тарапынан келген бастамасы Жаңа Жібек жолы бағдарламасын қарастырады. Үлкен инвестициялық қаржылай мүмкіндіктер, инфрақұрылымдар дамуы мен транзиттік жолдардың ұзаруы Орталық Азиялық елдер үшін басты экономикалық жағдайын дамытуда ықпал етуші бағдарлама болған мен де ол елдердің арасындағы қарым- қатынасқа басқаша әсер етуі мүмкін деп келтіреді [17, б. 225].

Орталық Азия туралы жалпы айтқанда, әсіресе оның сыртқы және ішкі саясаты туралы зерттегенде қасындағы Ресей мен Қытайсыз айту мүмкін емес. Қазіргі таңда мойындау керек Орталық Азия үшін маңызы үлкен Қытай және оның компанияларының рөлі ерекше және динамикалық түрде олардың саны артуда. Бұл аталмыш компаниялар аймақтың елдерінің кеңес үкіметінен қалған және Ресейдің ықпалына бірашама өзгерістер енгізіп, құбырлар жүйесінде елеулі түзетулер жасады.

Қытайдың Бір белдеу- Бір жол жобасы Орталық Азия үшін көп мүмкіндіктер тудырады. Әсіресе Қытай мен Орталық Азиядағы энергетикалық қауіпсіздік диверсификациясына ынтымақтастығына қарай. Басқада елдері аймақтың бұл тұрғыда кішкене қалыс қалуда.

Орталық Азия елдерінің одан арғы дамуындағы жаңа салалар мен бағыттар ретінде төменде көрсетілген факторларды қоса аламыз:

- сауда – экономикалық ынтымақтастық;
- кедендік кедергілерді жою;
- аймақтық біріккен ынтымақтастығының потенциалын ашу негізінде трансұлттық еркін аймақты құру;
- жемқорлықпен күрес;
- халықтың көші – қон мәселесі бойынша;
- ағаралық секторды дамытуда экономиканың бағытындағы ортақ жобаларды құрып, оларды іске асыру;
- мәдени гуманитарлық ынтымақтастық;
- жасанды интеллект пен жаңа технологиялық, ақпараттық коммуникациялық бағыттары және тағы да басқалары.

Әртүрлі бағыттардағы мүдделер мен арасында бір- біріне ұқсас емес көзқарастар негізінде Ресей мен Түркияның Орталық Азиядағы мүдделері мүмкін ғана емес, тіпті қазіргі уақытта жақсы деңгейде жүзеге асырылуда. Екі

тараптарданда, мәселен Ресеймен ұзақ уақыт аралығындағы қарым- қатынас, Түркия мен ортақ діни, мәдени және дістүрлілік факторларына сәйкес екі елдің де Орталық Азиядағы елдер мен бірге ортақ принциптер мен тәсілдерді аймақтың тұрақтылығы мен одан әрі дамуына әкеле алатын әдістер ойлап табуға болатындығын келтіреді [182].

Сонымен қатар Орталық Азиялық елдердегі суға байланысты кедергілерді жою мақсатында мына шараларды қолдану қажет:

-иригацияның дамуы үшін заңды ережелерді анықтау, суды пайдалану дағарысынан аймақтың мемлекеттері республикалар аралық келісімшарттарға сәйкес егінді жерлердің өлшемін кеңейту керек, онымен қоса оны қалаған уақыттарда азайтуды жүзеге асыруға дайын болуға тиісті;

- су ресурстарын пайдалануда оны басқару мен ретке келтіруде менеджментті пайдалану, ғылыми кеңестерге жүгіну, иригациялық құралдар мен құбырларды жөндеу мен қоса осы ресурстарын сақтауға нақты тәжірибелік шараларды қолдану;

- көлемі үлкен гидро техникалық құрылымдарды салудан бас тарту керек;

- халықаралық ұйымдар мен қоғамдастықтарды, аймақтық құрылымдарды су энергетикалық сұрақтары бойынша мәселелерді ортаға салып талқылауды тұрақты іс- әрекетке айналдыруды;

- су ресурстарының проблемаларын шешуде әр тарапты тәсілдерді қолдану;

- су дағдарысы мәселелерінде кеннеттен туындайтын жағдайлардың бетін қайтару мақсатында іс- әрекеттерді ретке келтіру [160].

Су энергетикасы мәселесі аймақта бірегей климаттың қалыптасы, олардың ынтымақтастығының одан әрі өсуіне ықпал етеді, ал кейде толықтай керісінше ол елдердің арасында мүлдем кері қатынастардың орындауына жол ашуы мүмкін. Осыған орай су жөніндегі мемлекетаралық комиссияның атқаратын жұмысының рөлі анықталады. Осы орайда аймақтың елдеріне мемлекетаралық кеңестің су мәселелеріне байланысты ұсынатын тығырықтардан шығу жолдары мен нұқаларын көрсетіп, аймақтың трансшекаралық өзендердің толықтай потенциалын аша алады [40].

Осы тұрғыда аймақтар арасында біршама іс- әрекеттер жүзеге асырылып, бірақта кейбірлері шешімсіз қалуда. Қандайда бір жағдайлардың болып жатқан немесе кенеттен туындаған аймақтың мәселелерін бірінші ретте эффективті шешу аса маңызды. Бұл саяси әдіс пен халықаралық кооперацияны талап етеді. Әсіресе, Орталық Азия мемлекеттері үшін екі трансшекаралық өзендер Әмудария мен Сырдарияның мәселелерін шешкен жөн. Бір бағыттағы ынтымақтастық қарым- қатынастары аймақтың елдерінің біргіудегі алғышарты ретінде жүре алады, осыдан сон халықаралық экологиялық су кооперациясы комплексті түрде даму тенденциясына жалғасуы мүмкіндіктері шығады [58].

Әлемдегі болып жатқан үдерістерге сәйкес Орталық Азия аймағының елдері қысқа уақыттағы перспективада қазіргі уақыттағы тұрақты стратегиялық балансты сақтауға іс- әрекеттер жасайтын болады [172].

Орталық Азиядағы мүдделері бар әлемнің алып ойыншылары аймақтағы тұрақты қауіпсіздік шараларына баса мән беріп, оны одан әрі сақтауды мақсат етіп қоюлары болжамға келеді өздерінің тәжірибелік тұрғыдан саяси ықпалын көрсету мақсатында. Орта уақыттағы перспективада Орталық Азияның мемлекеттеріне жаһанда болып жатқан саяси трансформация үдерістерге кірігуге тура келеді. Қазіргі таңда аймақтың бес елінің басым міндеттері ортақ саяси, экономикалық және қауіпсіздік мәселелеріне байланысты тұрақтылықты қолдан жібермеуді басты назарға алғандары жөн [62].

Аймақтық қарым- қатынасты дамыту мақсатында конвенцияға сәйкес терроризм мен радикализм, сепаратизм, экстремизммен күрес және заңсыз есірткі тасымалы, заңсыз көші – қон және заңсыз қару жарак пен айналысу проблемалары негізінде Аймақтық Антитеррористік құрылым құрылған болатын. 2002 жылы ШЫҰ-ның әрекет етуші басты құрылымы ретінде аталынды. Аталмыш ұйымның басты мақсаты:

- ШЫҰ-ның негізінде дамуды жақсарту мақсатында, ынтымақтастықты жеделдету негізінде, аймаққа төнген қауіп – қатерден сақтану және алдын алу мақсатында;

- аталған проблемаларда ШЫҰ-ның мүше елдеріне көмек көрсету;
- ұйымның мүше елдерінен келген хаттар мен ақпараттарды ретке келтіру;
- антитеррористік жедел қимылдау оқуларын өткізу;
- аталған мәселелерге сәйкес іздеу және жариялау жұмыстарын атқару;
- осы негізде қызмет ететін халықаралық және аймақтық басқада ұйым мен қоғамдастықтармен байланыс орнату [185].

Орталық Азиядағы терроризм мен экстремизм, радикалды діни іс-әрекеттер аймақтың елдерінің мұсылман радикалды мүшелерінің және діни фактордың белең алуымен түсіндіріледі. Исламдық және дін арқылы қарым-қатынасқа түсушілік бірінші ретте мемлекеттерде қандай да бір кенет жағдайлар туындаған жағдайда сырттан іс- әрекет ету үшін ыңғайлы сәттерді күтіп отырады, әлі де кеңестік басқарудан қалғандары бар аймақтың елдерінде әлеуметтік проблемалардың бары рас. Ал, бұл аталмыш ұйымдар халық пен қоғамының әлсіреген кезінде, нақты жанды жерден ұстап, сол арқылы саяси-экономикалық ахуалдарды алға тартып іс- әрекеттерін ойлаулары мен санасында тұман басқан халықтан бастама алады. Бұған қоса бұл ұйымдардың халықаралық қаржылай және бәлкім әскери көмек алулары да мүмкін жағдай болып табылады [186].

Оңтүстік және Орталық Азия энергетикалық нарықта бір бірін толықтырушы элементтер ретінде жүреді. Орталық Азияның энергетикалық ресурстары Пәкістан, Үндістан сияқты елдерде сұранысқа ие. Бірақта Қазақстан мен Өзбекстаннан Үндістанға қазіргі таңда тек уран өнімінің жеткізілуі ғана жүргізіледі [188].

Орталық Азиядағы ахуал қысқа уақыттағы перспективада әлемдік тенденцияларға сәйкес қазіргі стратегиялық баланстың күшін сақтап қалуды көздейді. Аймақтың елдерінің басымдықтары осы орайда саяси әлеуметтік

модернизацияға күш салулары тиісті болып, қалыптасқан саяси жүйелердің жұмысы әлемдегі болып жатқан жайларға тіке карауда кедергі болуы мүмкіндігін келтірді [62]. Талдаушының аналитикасына сәйкесінше аймақтың елдерінде де өзіндік күшті сақтау және саяси стратегиялық өзгерістерді дұрыс өтуі, оны дұрыс ретте қолдануы маңызды шешімдердің бірі бола алады.

Диссертациялық зерттеу жұмысындағы екінші бөлім негізінде толықтай Орталық Азиялық аймақтың халықаралық қатынастар жүйесіндегі орыны мен нақты түрде Қазақстан мен Өзбекстанның геэкономикалық шарттарға сәйкес өзара іс-қимылдарының өзгеруі мен екі мемлекеттеің арасына геосаяси үдерістердің ықпалы қарастырылды. Сонымен қатар аймақтың елдерінің және Қазақстан мен Өзбекстанның ұлттық қауіпсіздігі мәселелері қарастырылды.

3. ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КОНСОЛИДАЦИЯСЫНЫҢ МОДЕЛІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Диссертациялық жұмыстың үшінші бөлімінде Орталық Азиялық мемлекеттердің халықаралық өзара қарым-қатынастарындағы ынтымақтастық мәселелері және тереңдетілген даму шарттары мен факторлары анықталды, сонымен қатар аймақтың мемлекеттерінің және Қазақстан мен Өзбекстанның негізіндегі ынтымақтастықтың ерекшеліктері сипатталады.

Орталық Азиялық елдерінің, соның ішінде Қазақстан мен Өзбекстанның контекстінде кооперация мен ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне өту кезеңдерін анықтау мақсатында аталмыш мемлекеттерде сауалнама жүргізу арқылы нақты ақпарат жинақтап, оған талдау жүргізіле отырып қорытындысында өзекті мәселелерге адами капиталды негізгі көз ретінде ала отырып, шешімдерін табу жоспары жүзеге асырылды. Бұл сауалнама үрдісін толықтай емес, ішінара екі елдің арасында жүзеге асыра отырып, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынас тақырыбына деген жалпылама сипаттама ала отырып, сұралымды өтіп отырған адамдардың нақты аймақтық бірігу мақсатындағы жеке ойларын топтастырып, өзгеріске деген қадамдардың бар немесе жоқтығын анықтау болып табылады.

Бұл бөлімде сонымен қатар Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикалары ынтымақтастығы негізіндегі Орталық Азиялық елдердің консолидациясының теоретикалық моделі жобаланған.

3.1 Халықаралық ынтымақтастықтың даму ерекшеліктері: Қазақстан-Өзбекстан

Орталық Азияны дамытудың негізгі кезеңдерін тарихилық тұрғысынан және Қытай-Ресей екі мемлекет арасындағы қарым-қатынас арқылы дамытуды жүзеге асыруды концептуалды-сызбалық бағалау үш түбегейлі жаңа қорытынды жасауға мүмкіндік тудырады.

Негізінде Орталық Азия аймағын зерттеуде Қазақстан мен Өзбекстанды зерттеу, аймақтың котолизаторы ретінде жүруінен бастама алып, олардың халықаралық ынтымақтастықтағы қарым- қатынастарының кейде мүлдем сәйкес келмейтіндігіне және кейде ұқсас тұстарын анықтауға мүмкіндік береді.

1) Тарихилық тұрғыда қарастыратын болсақ, Еуропа мен Азия арасындағы қарқынды сауда-экономикалық өзара қарым-қатынас ұзақ уақыт бойы Еуразияның ішкі кеңістігін экономикалық бағытта дамытудың қозғаушы күшіне айналып отырды. Өз кезегінде құрлықтық сауда транзиті Еуразияның орталығында экономика, саясат және қауіпсіздік салалары бойынша халықаралық қатынасты орнатудың тиімді сызбаларын жасаудың жүйелік элементі ретінде қызмет атқарды.

2) Заманауи көзқарас бойынша, біртұтас мемлекеттік құрылымдар шеңберіндегі Ресей мен Орталық Азияның ғасырлар бойғы бірлестігі Ресей-Орталық Азиялық қатынастардың тарихи мұрасын аймақтың басқа елдерімен

қарым-қатынасының тарихилығымен салыстырғанда айтарлықтай маңызды етеді. Сол себепті, кем дегенде орта мерзімді перспективада аймаққа сырттан енетін кез-келген араласулар, соның ішінде Қытай тарапынан, сондай-ақ, Орталық Азияның басқа елдермен қарым-қатынас құруы (Қытайды қоса алғанда), ресейлік контексті ескеруге алмастан концептуалдық тұрғыда бағалана алмайды.

3) Болашаққа үнілсек, Орталық Азияның ілгерілеуі мен өркендеуінің базалық формуласын Ұлы Жібек жолын қайта қалыпқа келтіруден және Ресей, Қытай мен Орталық Азия елдерін байланыстырушы бірегей құрылым - Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын дамыту арқылы жасап шығаруға болады [129].

Қазақстан мен Өзбекстан контекстінде Орталық Азия елдерінің консолидациясының негізін дәстүрмен жалғасып келе жатқан достық қарым-қатынас пен өзара бауырластық құрайды. Жаңадан туындап отырған жаһандану процестері мен әлемдегі саясаттың трансформациясы жағдайында Орталық Азияның бес мемлекетіне өзара біріккен іс-әрекеттер мен ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына күш-жігерді жұмылдыру қажет.

Орталық Азия консолидациясының маңызды аспектілердің бірі – аймақтық ынтымақтастық пен мемлекеттердің қауіпсіздігі болып табылады. Орталық Азия елдерінің ішінде маңызды ойыншылар Қазақстан мен Өзбекстан қазіргі кезде ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне өтіп отыр. Бұған дәлел ретінде біртұтас тарихи және мәдени шығу тегіне ие екі бауырлас мемлекетте болып жатқан соңғы оқиғаларды қарастырсақ болады.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстанның көпбағытты саясаты бүкіл әлем елдерімен өзара тиімді қарым-қатынас құруға, соның ішінде Орталық Азия және оның Қазақстан үшін аса маңызды геосаяси мәні бар Өзбекстанмен өзара тиімді қатынастар орнатуға бағытталды. Елдердің аймақтық ынтымақтастық мәселелері қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаһандық сұрақтарына айналды. Қаржы дағдарысы жағдайында экономикалық байланыстарды дамыту үдерісі Орталық Азия мемлекеттері үшін жаңа бастама болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 14-15 сәуірде Өзбекстанға өзінің алғашқы мемлекеттік іс-сапарын жасады.

Бұл сапар екі ел арасындағы өзара қарым-қатынасқа жаңа леп берді. Яғни, екі ел арасында бірлескен жобаларды жүзеге асыру, экономиканың тұрақты дамуы және Орталық Азия мемлекеттеріндегі өңірлік қауіпсіздік болып табылады.

«Сіздің Қазақстан Республикасының Президенті ретінде жасаған алғашқы мемлекеттік іс-сапарыңыз Өзбекстанға болғанын біз өте жоғары бағалаймыз. Бұл ретте біз елдеріміз арасындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдетуге бағытталған айнымастықтың айқын көрінісін көріп тұрмыз. Біз үшін Қазақстан жақын көршілес стратегиялық әріптес болып табылады. Бізді ынтымақтастықтың барлық бағыттары бойынша оң динамиканың болуы қуантады» – деді өз сөзінде Шавкат Мирзиёев [56, б. 1]. Айта кету керек, Кеңес заманында да бұл аймақ барлық параметрлері бойынша бірегей болып

саналатын. Яғни, Орта Азия/Орталық Азия концептісі - бұл посткеңестік жаңалық емес.

Кеңес заманындағы Орта Азияның экономикалық өзара тәуелділігі өзінің экономикалық тұрғыда жемісін берді, тиімділігін дәлелдеді. Жақын болашақта ОА-ның саяси интеграциясы экономикалық негіздерсіз мүмкін болмайды. Сонымен қатар, аймақтағы кез-келген интеграция көшбасшылардың еркіне бағынышты болмауы қажет. Тарих көрсеткендей, интеграцияның аймақтық көшбасшыларға тәуелділігі халық үшін айтарлықтай нәтиже әкелмейді. ЕурАзЭО - жалпы аймақтың экономикалық интеграциясы үшін де, сонымен қатар Ресей, Беларусь және Армения нарықтарына шығуға да қолайлы платформа болып табылады. ЕурАзЭО -ның құқықтық, экономикалық құралдарын жемісті пайдалану өзара тиімді экономикалық дамуда рөл атқарады және Орталық Азия елдерінің экономикасының өсуінің қуатты күшіне айналады. Ынтымақтастықты жаңғырту сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға қуатты серпін берді және қазіргі уақытта Қазақстан мен Өзбекстанның барлық қызмет салаларындағы ынтымақтастығын тереңдету үшін барлық қолайлы жағдайлар жасалған.

Осы кездесу барысында мемлекет басшылары аймақтық ынтымақтастық, экономика, туризм, көлік-логистика және басқа да салалар бойынша ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕурАзЭО шеңберінде Бір белдеу - бір жол жобасы бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік іс-сапар қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Баспасөз қызметінің деректеріне сүйенсек келесідей құжаттарға қол қойылды:

1) ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев пен Өзбекстан президенті Ш.М. Мирзиевтің бірлескен мәлімдемесі;

2) ҚР Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы еңбек етуші-мигранттардың еңбек қызметі және құқықтарын қорғау туралы келісім;

3) ҚР Үкіметі мен ӨР Үкіметі арасындағы заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім;

4) Мемлекеттер арасындағы кірістер мен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау туралы Келісім шеңберінде ҚР және ӨР уәкілетті органдары берген резиденттікті растайтын ресми құжаттарды мойындау тәртібі туралы ноталар алмасу жөніндегі келісім;

5) Арасындағы ынтымақтастық бағдарламасы ҚР сыртқы істер Министрлігімен және сыртқы істер Министрлігімен ӨР 2019-2020 жылдарға арналған;

6) ҚР Қорғаныс министрлігі мен ӨР Қорғаныс министрлігі арасындағы әуе шабуылына қарсы қорғаныс бойынша ынтымақтастық туралы келісім;

7) ҚР Қорғаныс министрлігі мен ӨР Қорғаныс министрлігі арасындағы аэродромдық-техникалық қамтамасыз етуді қабылдау туралы және әскери аэродромдарда әскери әуе кемелерін күзетуді ұйымдастыру туралы келісім;

8) «Орталық Азия» халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық орталығын құру мәселесі бойынша ҚР Ұлттық экономика министрлігі мен ӨР

сыртқы сауда және инвестициялар министрлігі арасындағы өзара бірлестік жөніндегі меморандум;

9) ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен ӨР Министрлер Кабинеті жанындағы Дін істері комитеті арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум [5, б. 2].

Реализм теориясы призмасы тұрғысынан екі мемлекеттің ынтымақтастық құруы Қазақстан мен Өзбекстанның ұлттық мүдделерін қамтиды. Бірнеше зерттеушілер Орталық Азия аймағының ахуалына өз бағасын беруде жас және аймақтың әр елінің ұлттық мүдделеріне бағдарланған деген тұжырымға келді. Алайда, қазіргі таңда бұл елдер жаңа жаһандану процестері мен трансформация жағдайында ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне көшіп отыр.

Интеграциялық процестерді тереңдету үшін Орталық Азия аймағындағы мемлекеттерге өзара іс-әрекеттің басым бағыттарына өз күш-жігерлерін жұмылдыру қажет.

АҚШ-тың мемлекеттік хатышысының Қазақстанға және Өзбекстанға іс-сапарлары және С5+1 форматында кездесулері қазіргі уақыттағы америкалық қызығушылықтың Орталық Азиядағы маңыздылығын көрсетеді. Өңірлік саясаттағы аймақтың бес елімен қоса АҚШ-тың арасындағы байланысқа және қарым-қатынасқа жаңа серпін бергені рас [34].

АҚШ-тың Орталық Азиядағы мүдделеріне сәйкес ЕО-н қызығушылықтарына сай көптеген мәселелер мен салаларда стратегияларын жүргізкісі келетіндері рас. Оған осы аймаққа арналған стратегияларындағы экономика ғана емес, оған қоса білім мен ғылым, құқықтық сала, адам құқығы және егемендіктегі барлық мәселелерді, трансшекаралық қорғаныс, су энергетика мәселелерін түгелдей қамтыды. Осыған орай стратегияларынан бөлек жеке жеке жоспарлар мен бастамалар ұсынды.

Орталық Азия елдерінің стратегиялық бағыттарының қазіргі уақыттағы Шығысқа қарай бет алып келеді. Азиялық елдердің жаңа нарық пен энергия ресурстарын іздеуі де Орталық Азия елдері үшін қолайлы жағдайды туғызбақ [162].

Орталық Азия елдерінің әлемдік тарихтағы алатын орыны ерекше болып табылады [82] және оған қазіргі уақыттағы болып жатқан Орталық Азиядағы, әсіресе Өзбекстандағы саяси өзгерістер аймақтың маңызын және өзектілігін одан әрі ашуда. Себебі 2016 жылғы ең бірінші рет Ш. Мирзиевтің жеңіске жетуі аймақтың қарым-қатынасына жаңа дем бергендей, басқа өзгеше трансформацияларға әкелді [188].

Қазіргі заманғы талаптардың бірі ретінде сандық дипломатияның рөлі ерекше назар аударатын мәселе болып табылады, және Орталық Азия елдері де өзіндік тұрғыдан қалыс қалмауға ниетті екендігі анық. Ол электрондық үкімет пен электрондық сауда, онымен қоса жаңа технологиялық дамыған құрылғылар мен жұмыс жасау үдерістері толықтай инновациялық дамудың ілегіне қосылу болып табылады. Әлі де Орталық Азия елдерінде біршама қиындықтар туындады және оны еңсеруде аймақтың елдеріне біршама мәселе болмақ [164].

Зерттелініп отырған тақырып негізінде нақыт Өзбекстанның халықаралық қатынастары тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттарда біршама жылдар аралығында жабығырақ саясатты ұстанса, қазіргі екінші Президенттің келуі толықтай Өзбекстанның өзінде біршама трансформацияға әкелді [189].

Екіжақты ынтымақтастықтың маңызды саласы өзара біріге жүретін сауда болып табылады. Қазақстанның Орталық Азия аймағындағы ірі сауда серіктесі Өзбекстан болып табылады. Ресми статистикалық деректерге жүгінетін болсақ, Қазақстан соңғы жылдары Өзбекстанның негізгі сауда серіктестерінің үштігіне сенімді түрде кіреді, яғни оның республиканың жалпы тауар айналымындағы үлесі жалпы алғанда 8-10% құрайды [22].

Келіссөздер барысында денсаулық сақтау, білім және ғылым салалары бойынша Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері талқыланды. Елдердегі қазіргі эпидемиологиялық жағдай туралы пікір алмасу болды, COVID-19 инфекциясына қарсы жүргізілетін іс-шараларды іске асырудың маңыздылығы атап өтілді [190].

Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов Өзбекстан премьер-министрінің орынбасары, Инвестициялар және сыртқы сауда министрі Сардор Өмірзақовпен кездесу өткізді. Тараптар екі мемлекеттің көпжоспарлы ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға дайындық жүргізуді атап өтіп, Ташкент пен Нұр-сұлтан қалалары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету бйынша жол картасын әзірлеуді қарастырды.

Сондай-ақ, министрлер шекара аймағындағы өзара іс-әрекетті дамыту және "Орталық Азия" халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық орталығын құру жөніндегі іс-шараларды талқылады. Қазақстан мен Өзбекстан екі елдің туристік әлеуетін арттыруға мүмкіндік жасайтын Түркістан -Шымкент жоғары жылдамдықты теміржол жолаушылар қатынасын құру жөнінде бірлескен жұмыстар жасауда. Сонымен қатар, Өзбекстан территориясына шығатын Мақтарал-Дарбаза жаңа желісінің құрылысы жоспарда бар, ол өз кезегінде Сарыағаш өткелінің жұмыс істеп тұрған пунктіннің жүктемесін азайтады. Сондай-ақ, екі елді Түркістаннан Ташкентке дейін созылып жататын жаңа жоғары жылдамдықты магистраль арқылы байланыстыру жоспарлануда [191].

Экономикалық ынтымақтастықтың осындай оң және серпінді болуы біршама қиындықтарды да тудырады, мысалы, тауарларды жеткізу барысында көлік-логистика саласында туындайтын қиындықтар. Осы себепті туындайтын мәселелерге кедендік рәсімдер, теміржол және автомобиль жолдары қиындықтары жатады.

Қазақстан және Өзбекстанның ара- қатынастарындағы басқа бір негіздердің бірі ол шекаралық ынтымақтастық болып табылады. Соған орай екі ел Министрлері кездесулерінде осы тақырыпта талқылап, ынтымақтастықты одан әрі дамытуға келісімдер жүргізді.

Қазақстан мен Өзбекстан ара- қатынасы қазіргі уақытта трансформацияға ұшырап, жаңа тенденциялар бақылануда [191].

Осы аталған жағдайларға қоса Қазақстан және Өзбекстанның ара-қатынастарын реттеу мақсатында тағыда көптеген келіссөздер жүргізілген болатын. Соның бірі осы пандемия мәселелерінен кейінгі туындаған және дамытуы талап ететін денсаулық салалары болды. Соған сәйкес екі елдің Премьер- Министрелірі арасындағы келіссөздерде жоғарғы технологиялық бір –біріне қолдау көрсетіп, тек қана осы денсаулық пен қана шектелмей білім және ғылым салаларын да өзара ынтымақтастықтың басты салаларына қосуды көздейтіндерін жеткізді. Фармацевтикалық өндіріс пен фармацевтикалық технологиялар тұрығысынан тәжірибе алмасу мен қатар ақпараттық технологиялық құралығылар ды қарастыруды келіссөз барысында айтылды [190].

Мына зерттеулерге сәйкес Орталық Азиядағы сауда нарықты бейресми үш факторға негізделген деп көрсетеді: олар мемлекеттің коммерциялық бағалауға қабілетсіздігі мен халық арасындағы әлеуметтік қатынастардың ауызша және сенімге негізделгенін, онымен қоса үшінші тарапта нарықтың аса дамуы мен жоғарылауы қашанда басты мәнің тұтынушыда болу керектігін анықтайды [146]. Бұл ретте Орталық Азиялық аймақтағы экономикалық қатынастардың дамуындағы қазіргі өзгерістерге сәйкес жүріп отыратындығы мен соңғы отыз жылдық уақтта халық пен үкімет арасындағы байланыстың бар екендігін көрсетеді.

Осы түйткілді мәселелер аясында Қазақстан мен Өзбекстан мемлекет басшыларының кездесуінің қорытындысы бойынша өткен брифингте "Орталық Азия" халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық орталығын құру мәселесі қаралды [202]. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұл жобаны іске асыру шекара қасындағы саудасаттықты реттеуге, бақылау-өткізу инфрақұрылымын жақсартуға, сондай-ақ Орталық Азияда ірі сауда-логистикалық хаб құруға мүмкіндік береді.

Кооперацияны интеграциялаушы факторлардың бірі ретінде 2006 жылы жүзеге асырылған Мемлекетаралық координациялық кеңес болып табылады. Бұл кеңес өз қызметін екі мемлекеттің үкімет басшыларының басшылығымен іске асырады. Кеңестің негізгі мақсаты - тиісті ұсыныстарды әзірлеу және бақылау, аймақтық деңгейде мемлекеттердің өзара байланысын тереңдету және жақсарту болып табылады.

Бұл екі елге өздерінің Орталық Азиядағы геосаяси рөлін атап бекіту маңызды. Теңізге шығатын жолы жоқ бұл мемлекеттер Еуразия құрлығы жолдарының қиылысында орналасқан және транзиттік дәліздер ретінде маңызды рөл атқарады. Бұл бағытта Бір белдеу – бір жол жобасы өте маңызды рөл атқарады.

Анатолий Бутье, Гонконг Қытай университетінің профессоры, энергетика, қоршаған ортаны қорғау және инвестициялық құқық саласының маманы болып табылады. Бұл ғалым энергетикалық жүйелердің тұрақты дамуға көшуінің құқықтық аспектілерін зерттеумен, соның ішінде экономикасы дамып жатқан елдердегі энергетикалық нарық реформаларына аса қызығушылық танытады. Ол өзінің "Жаңа Жібек Жолындағы экономикалық қауіпсіздік" атты еңбегінде

энергетикалық заңнама мен саясаттың негізгі міндеті бірі - энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады деген дәлел келтірген. Орталық Азия - орасан зор энергия қорына ие өңір, бірақ профессордың сипаттауы бойынша өңірдің энергетикалық жүйесі аса тиімсіз және сенімсіз болып табылады, сондықтан шұғыл реформа мен трансформацияны қажет етеді [16].

Қазіргі уақыттағы Өзбекстандағы жастардың саясатқа көңіл бөлуі мен оған атсалысып қатысуы жақсы үдеріс ретінде есептеледі. Жастар ісіндегі агенттіктер мен кеңестердің құрылуы жастарды саясатқа араластырудағы басты кепілі болып саналады [181].


Б. Сұлтановтың жазуынша ең қауіптісі осы короновирустық жағдайда ол әлеуметтік салалар болып табылатынын келтірді. Орталық Азияда 70 миллионға жуық халық тұрса пандемия кезіндегі жағдайлары әртүрлі болды. Ол тіптен жұмыссыздыққа әкеліп, көші- қонның тоқтауына, және сырттан келетін ақшаның тоқтауына өте қатты әсер етті. Осы тұрғыда ол толығымен әлеуметтік бағытта үлкен дағдарысқа әкеліп соқты [192, б. 18].

Зерттеушінің жазуынша Орталық Азиядағы барлық интеграциялық факторлардың негізінде үш басымдықты атап берді. Олар, Орталық Азиядағы Қазақстан мен Өзбекстанның өзіндік мүдделері, оған қоса екінші ретте аймақтағы көршілес алып елдердің маневры саналады өз мүдделеріне сай, және соңғы нұсқада бұл ынтымақтастықтың белең алуында АҚШ-тың біршама рөлін қарастыру керек деген ойларды таратып, зерттеуге алады [10, б. 17].

"Бір белдеу және бір жол" бастамасы – ҚХР-ның жобасы, Қытай экономикасын кеңейту үшін көлік инфрақұрылымын модернизациялау мұнда негізгі аспект болып табылады, сондай-ақ ел ішінде де, шетелде де бірқатар ауқымды жобалар да маңызды рөл атқарады. Энергетикалық ресурстары орасан зор Орталық Азия елдері үшін бұл бастама ірі инвестор болып табылады. Жаңа Жібек жолы жобасы ескі сауда-логистикалық жолдарға балама нұсқа ретінде Қытайдың өзіне ғана емес, Орталық Азия елдеріне де жаңа сауда мүмкіндіктерін ұсынады.

Сонымен қатар, SREB транспортқа арналған ішкі тар жолдар мәселесін және әр Орталық Азиялық мемлекетке тән ішкі жетіспейтін буындар мәселесін түзетуге бағытталған шешімдерді ұсынады. Алайда Қытайдың SREB саласындағы саясаты Орталық Азиядағы қоғамды қалай тиімді өзгертетіні, ең алдымен, Орталық Азия мемлекеттерінің өздеріне және SREB-тің болашақ жобаларын өздерінің ішкі саясатымен қаншалықты дәрежеде келістіруге болатындығына байланысты болады. Егер Орталық Азия мемлекеттері адами және институционалдық капиталға инвестиция жасауда табысқа жетсе және дұрыс экономикалық саясатты жүзеге асыра алса, SREB инфрақұрылымдық жобалары жұмыспен қамту үшін де, экономикалық белсенділіктің артуы үшін де катализатор рөлін атқара алады. Нақтырақ айтсақ, қытайлық компаниялардың инвестициялары Орталық Азия экономикасын әртараптандыруға ықпал жасайды. Rana мен Ji мәліметтері көрсеткендей, Орталық Азиядағы көлік байланысының жақсаруы аймақшілік сауданың едәуір жақсаруына және тікелей шетелдік инвестициялар ағынының артуына да

алып келді. Бұл тарауда SREB-тің Қытаймен көршілес орналасқан Орталық Азия елдеріне ұсынатын мүмкіндіктеріне қысқаша шолу жасалған. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы Орталық Азиядағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңі мемлекеттер қызметінің барлық салаларында трансформацияға әкеледі [182, б. 94].



Сурет 1- «Бір жол – Бір белдеу» жаңа экономикалық дәліздері

Ескерту- Дереккөз: Hong Kong Trade Development Council and Nomura Global Economics

Сурет 1-де Орталық Азияның қатысуымен екі транзиттік жолдарды, жалпылама алты транзиттік дәліздерді қарауға болады. Бұл жаңа Евразиялық экономикалық құрлықтағы көпірін және Қытай экономикалық дәлізінің Орталық Азия мен Батыс Азиядағы дәліздерін көрсетеді.

Он жылдан кейінгі уақытта Орталық Азияның елдері Еуропа мен Шығыс Азияны жалғастырушы алып логистикалық және көліктік байланыс көпірі болуы мүмкін. Бір сөзбен айтқанда бұл бағдарлама Бір жол Бір белдеу Орталық Азия елдеріне теңізге шығу жолының жоқтығын білдіртпей, осы мәселені шешуде таптырмас шешім болып табылады. Ең алдымен бұл Орталық Азия елдерінің экономикасының дамуын жеделдетіп, оған динамика береді. Қажетті инфрақұрылымдары салу, трансұлттық дәліздер негізінде бірқатар аймақтың мәселелерін шешеді. Ол сауда қызметін арттырып, дамытып қана қоймай жаңа жұмыс орындарын көбейтеді [35].

2018 жылы және 2019 жылдар Қазақстанның Өзбекстандағы және Өзбекстанның Қазақстандағы жылдары болып саналып, бұл екі елдің арасындағы қарым- қатынасқа жаңа тыныс ретінде болды. Өзбекстанның қазақстандағы жылы негізінде 200 ден астам шаралар мен форумдар өтілді [31]. Ең біріншісі ретінде Шымкент қаласында аймақаралық ынтымақтастық форумы өтілген болатын. Бұл келіссөздер негізінде біршама шарттарға қол қойылып, аймақтық қауіпсіздік пен ынтымақтастықты жандандыру саласында аса маңызды құжаттарға қол қойылды. Оның ішінде Қазақстан және Өзбекстан мемлекеттерінің арасында ғалымдардың ішінді құрылтай өткізу туралы келісім

болды. Негізгі мақсаты ежелден келе жатқан тарихи- мәдени құндылықтарды қайта еске түсіріп, оны жандандыруды мақсат етті. Осы тұрғыда басқа да форумдар мен кездесулер туризм саласында болсын, марафондар мен мәдени саладағы шараларды ұйымдастырулар орын алды. Сонымен қатар осы негізде Қазақстан Республикасының Ассамблеясымен Өзбекстан Республикасының Ұлтаралық қатынастар комитеті мен меморандумға қол қойылды. Бұл меморандумға сәйкес қазақ тілінің Өзбекстанда және керісінші өзбек тілінің Қазақстанда үйретілуі туралы көрсетілді.

Осы контексте тағыда Қазақстан мен Өзбекстан Республикалары араларында көрме ұйымдастырылып, әскери саладағы үйретулер екі тараптан орындалды.

Принстондық университеттің профессоры Р. Пофмреттің зерттеулеріне сәйкес «XXI ғасырдағы Орталық Азияның экономикасы» деген еңбегінде әлемдік экономикадағы Орталық Азияның рөлінің артуы мен Қытай, АҚШ, ЕО және Ресеймен қарым- қатынастарының әр түрлі жолдарын көрсетті. 2011 жылдардан кейінгі Қытай мен ЕО-ң араларындағы теміржолдарының жүк тасымалдауларына сәйкес жақсарған инфрақұрылым арқасында және 2013 жылғы Қытайдың бағдарламасына сәйкес, одан қала берді 2016 жылғы Өзбекстандағы Президенттің ауысуы мен осы жылдағы БҰҰ-ның Иранға санкцияларының жеңілдеуі шарттары негізінде дамып, тіпті болашақта Орталық Азия елдерінің тұрақты экономикалық дамуының бір легі басталып келе жатқандығын анықтап көрсетеді деп жазды [17].

Орталық Азия елдері үшін тағыда маңызы бар жолдар ретінде Қытай мен Иран арасындағы қарсыластық мәселелер мен геосаяси күштердің ауысуы негізінде, оған қоса тағыда олардың аймақтық қауіпсіздік пен күрес нәтижесінде, нарықтың қолжетімділігі мен жақындығы және де ең бастысы Орталық Азиялық тауарларды халықаралық нарықтарға жеткізуде және тасымалдаудағы транзиттік жолдар аса маңызды бағыттар болып саналады. Бұл екі елдің де басымдықтары аймақтағы экономикалық және энергетикалық ынтымақтастықты ұстауда, тұрақтылықты ұстауда аса маңызды вектор болып табылады. Негізгі Қытай мен Иран арасындағы теке-тірестің басты кедергісі ретінде Иранның АҚШ-қа орай стратегиясы болып табылады. Ол үлкен шамадағы инвестициялар мен үлкен көлемдегі жобаларға Иранның қатысуында болып табылады [193].

Берілген зерттеулік жұмыс Орталық Азиялық елдердің экономикалық бағыттарындағы маңызы зор еңбек болып табылады. Ол аймақтық елдердің тәуелсіздік алғанан кейінгі жылдардағы және одан әрі уақыттардағы әлемдік экономикада орын алуы мен дамуы ретінде анықтап жазады. Осы еңбекте ол негізгі Орталық Азиялық елдердің экономикалық үш күйзелістік шақтарын зертейді. Біріншісі кеңес үкіметінің құлағаннан кейінгі болып, ол кездегі орталықтық жоспарлы экономикадан жеке елдің қалуы деп келтіреді. Негізі осы Орталық Азия елдерінің толықтай саяси экономикалық периодикасын эволюциялық түрде ашып зерттеген бірден бір еңбек болып табылады.

Өзбекстанның астанасы Ташкент қаласында 29 қарашада 2019 жылы Орталық Азиялық елдердің басшыларының екінші тұрақты кездесулері боған

болатын. Бұл кездесу негізінде біріншісі Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлианда өтілсе 2018 жылы наурыз айында. Бұл кездесулердің қорытындыларына сәйкес елдердің басшылары аймақтық шоғырланудағы қазіргі таңдағы жақсы деңгейдегі ынтымақтастықты атап өтіп, оның перспективаларын айтып өтті және негізгі орында осы елдер арасындағы басты назар берілген сауда- инвестициялық ынтымақтастық екендігін атап өтті. Осы кездесу негізінде аймақтық саяси ахуалды зерттеуші аналитиктердің берген талдамаларына сәйкес Орталық Азияның жақын болашақтағы ынтымақтастығында болатын трансформациялар жөнінде нақытлап алуды жөн санап, оған қатар ерік- жігердің керек екендігін жазып жүр.

Орталық Азияның болашағы негізінде ел басшыларының кездесулері нақты қадамға бастайтын іс- шаралар болып есептеледі. Н. Назарбаев осы аймақтық мәселелер ретін шешу мақсатында бес тараптық келісім құруды [184] және Н. Назарбаевтың ұсынуымен Орталық Азияның XXI ғасырдағы көршілестік және ынтымақтастық негізіндегі аймақтың елдерінің ары қарайғы дамуы үшін келісімді қабылдап, оған 15 наурызды – Орталық Азия елдерінің күні деп белгілеуді ұсынған болатын. Бұл саяси құжатта барлық негізгі принциптер мен өзара ынтымақтастықтың мақсаттары мен міндеттері көрсетілгендігі және жазылғандығын айтты. Бұл келісімге егемендікті қадірлеу мен тәуелсіздік пен территориялық толықтықты сақтау өзара осы аймақтың елдері арасында ережелері кіретіндігін мәлімдеген болаты [194].

Негізі бұл Орталық Азиядағы ынтымақтастық мәселелері тығыз дамып және белең алуы тек Қазақстан мен Өзбекстанда ғана емес, сонымен қатар барлық бес елдеде жақсы көрсеткіштер мен анықталып жүр. Бұндай оңтайлы жағдайлардан соң, саяси элиталардың ерік- жігерінің деңгейінен Орталық Азиялық елдердің дамуының одан арғы жоғары күшке өтіп, өзара іс- әрекеттері барлық өзекті мәселелерді шешуге күші жеткілікті және осы қатарға кіретін, мәселен: энергетикалық пен су трансшекаралық сұрақтары, оған қоса көші- қон саясаты мен қауіпсіздік, көлік- логистикалық, сауда мен тауар айналымы қатынастары басымдыққа ие болуы тиісті. Барлық ішкі және сыртқы әсер етуші факторларға қарамастан дамуға бет алуға тиісті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым- Жомарт Тоқаев өзінің 1 қыркүйектегі халыққа жолдауын жариялаған болатын. Бұл кезекті жолдаудың негізгі бағыттарының бірі жетінші пункт бойынша Қазақстан Республикасындағы халықтар арасындағы дамудың одан арғы жаңа бағыты ретінде консолидациялық ұғымды келтірді.

Жаһанды жайлаған тұрақсыздықтың заманында көптеген сын- қатерлер бұрынғысына қоса жаналары пайда болуда. Осы берілген жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасының басты бір бағыты ретінде бұрыннан келе жатқан халықтар достығы мен бірлігін үйлестіруді жалғастыра отырып, оны негізгі қағида ретінде ұстануда білдірген болатын [195]. Осыған орай қазіргі замандағы елдің ішіндегі тұрақтылықты сақтаудың басты көзі халықтар арасындағы қарым- қатынасты ретте ұстау алғышарттардың бірі болып орын алуы рас. Аталмыш контекстте айта кететін жайт Қазақстанның ұстанған бұл

бағытының сыртқы саяси істерінде де көрініс табуында. Қазақстанның басқа елдермен қарым- қатынасын тарихи, мәдени, оған қоса діни ортақтылыққа меңзеуі де зерттелініп отырған диссертациялық жұмыстың негізінде маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі М. Тілеуберді 2021 жылы 15-16 маусымда Ташкентте болған «Орталық және оңтүстік Азия: аймақтық өзара байланыс. Мәселелер мен мүмкіндіктер» атты халықаралық конференцияда теңізге тікелей шығу жолдары жоқ біз сияқты мемлекеттер үшін Орталық Азияға Оңтүстік Азияның жолдары арқылы шығу жаңа мүмкіндіктер мен қысқа уақыт аралығында жұмыс атқаруға жол ашатындығын жеткізді және бұл Қазақстандық тарапқа қаншалықты маңызды екендігін білдірді. Берілген панелдік сессияларда және толықтай осы конференция жұмыстарында Орталық Азияның интеграциялық үдерістердің белсенділігінің көрсеткіші деп, бұл арқылы аймақтың елдерінің шет елдік инвестицияларға және шетелдік серіктестіктерге аса қызғушылық тудыратынын атап өтті [9].

Қорытындылай келе, бұл тарауды қазіргі уақытта Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық ынтымақтастығы өзгешеліктермен әлемнің және жақын шетел, отандық зерттеушілердің қызығушылығын тудырып отырған тақырыптардың бірі болып табылады. Осы негізде диссертациялық жұмысты зерттеу барысында тәжірибелік көпәспектiлік талдау негізінде сауалнама әдісі қолданылып, оның нәтижесінде Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің трансформациясының үдерістерін тереңінен талдауға мүмкіндік берді.

3.2 Қазақстан мен Өзбекстанның ынтымақтастығының тереңдетіліп дамуының шарттары мен факторлары

2019 жылғы әлемді дүрліктірген COVID- 19 дерті Орталық Азия елдері үшінде қиын заманға әкеліп тіреді. Бұдан алар негізгі сабақ аталмыш мемлекеттерге, мәселе бәсекелестікте емес, керісінше бірігуде, осыған дейінгі Орталық Азиялық мемлекеттерінің нақты нәтижеге жете алмағандығына жауап ретінде жаңа ынтымақтастықтың дәуірінің бастапқы кезеңі деп санауға болады. Жүргізілген сауалнамалық талдауларға сәйкес аймақтың елдерінің Қазақстан және Өзбекстандағы қоғамдық ой –санаға негізделе отырып Орталық Азиядағы консолидацияға деген пікірлерін анықтауға қадам жасалды. Қазақстан және Өзбекстан қоғамдарындағы ойлау және қабылдау, бір бағытта іс- әрекеттер жүргізу аймақтың елдерінің барлығының арасындағы басты векторына айналу перспективаларының бар екендігін растайды. Аймақтық халықтар әлі күнге дейін Орталық Азияны біріккен түрле толықтай аймақ ретінде қабылдаған жоқтығы және дайын еместігі айқын. Бірақ, Орталық Азиялық елдердің консолидациясы интеграцияға деген бірінші қадам ретінде қабылдап, оның біршама жаңа және толықтай элементтердің пайда болуына, жаңа қарым- қатынастық іс –әрекеттерге әкелу мүмкіншіліктері толықтай бар. Соңғы Өзбекстандағы саяси өзгерістерге сәйкес, ондағы Президенттік сайлаудың қорытындыларына сәйкес Ш. Мирзеевтің қайта сайлануы осыған дейін таңдалған стратегиялық жолдың одан әрі жалғасын табуы айқын есептеледі.

Бұл аралықта Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының ынтымақтастығы негізінде Орталық Азияның консолидациясының теориялық моделін жасап шығаруға болады. Бұл екі мемлекет арасындағы халықаралық өзара ынтымақтастық іс- әрекеттері нәтижесінде Орталық Азияның бес елінің даму және консолидациялық тұрғыда алғышарт ретінде жүре алатын үдерістік теориялық моделін жүзеге асыруға септігін тигізе алды.

Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық дамуының негізінде халықтың санақ көрсеткіші 70 млн. адамды көрсеткеннің өзінде ішкі нарықтық проблемаларда біршама бар екендігі рас. Бұл салыстырмалы түрде көп көрсеткіш емес. Бұл аймақтық елдердің экономикасы толықтай шикізатқа, еңбек ресурстарына негізделген болып табылады. Осы арқылы елдерде жалпы аймақтық экономикалық потенциалда дисбаланс тудырады. Тіпті, қайта индустриализациялау жоспар үрдісі бар Өзбекстан мен Қазақстанда да қиын болары анық. Аймақтан асып шет ел нарықтарына шығу басты мәселе болып табылады. Ал, аймақтық саяси элита мүлдем шынайы интеграцияға үзілді-кесілді өтулері қиын, оған тұрақсыз Ауғанстанды және тағыда басқаларын қоса беруге болады. Бұған тағыда әлсіз аймақтық экономикалық байланыстарды қосуға болады [197, б. 138]. Аталмыш фактілерге сәйкес қазіргі таңдағы аймақтағы толықтай болып жатқан өзгерістерді алдыға таруға болады. Себебі аймақта үзілді қандайда бір шоғырланудың қандай да болсын іс- әрекеттерді жоққа шығару қате болып табылады. Оған дәлелер осы нақ шақтардағы аймақта болып жатқан саяси және экономикалық салаларда болып жатқан трансформацияларды келтіре аламыз.

Орталық Азиядағы және Таяу Шығыстағы егемендік мәселелеріне сәйкес сыртқы күштер әсерін зерттеу маңызды болып табылады. Таяушығыс елдерінің сыртқы күштерден тәуелді болып қалуы тарихи шарттарға сәйкес деп таниды. Сыртқы істерде өзгелердің араласуы, қырғи-қабақ соғыс кездеріндегі аймақтық гегемондардың пайда болуына кедергі келтірді. Оның орынына керісінше орталық күштер пайда болды [105].

2016 жылдан бастап Орталық Азиядағы қарым-қатынас түбегейлі өзгеріске ұшырады, ол Өзбекстанның өзіндің ішкі жағдайларын айтпағанда. Ал, 2016 жылғы Өзбекстанның ел басшылығының И.Каримовтың орынына жаңа Президенттің келуі көп өзгерістерге әкелді. Оның саяси стратегиясының басымдықтары осы Орталық Азияға бағытталды. Осымен қоса ол аймақта бұрыннан қалған және шешімін таппай келе жатқан мәселелерді шешуге бас алып, ортақ проблемаларды іс- әрекеттерін жүзеге асыра бастады. Мәселен, электростанция мәселелері, үлкен өзендер аралығындағы қолдану проблемалары толықтай болмаса да басқаша ахуалға ауысты. Жоғарғы ағымдағы Тәжікстан мен Қырғызстан оны ұлттық стратегиялық ресурс ретінде экономикалық мәселеге айналдырса, төменгі ағымдағы Өзбекстан, Түркменстан мен Қазақстан оны бұндай қатынастан бас тартып, судың ағынының тұрақтылығына сенімсіздікпен қараған болатын [46, б. 57].

Көп зерттеушілердің айтуынша аймақта әліде толыққанды түрде иннтеграциялық үжерістер туралы ерте және бұл мемлекеттер оған дейін өзара

түсіністік пен өзара қарым- қатынасты ретке келтірулері керек болып табылады.

Аталған проблемаларды шешуде Орталық Азиялық елдердеің бірнеше ұйымдарда біріге қызмет атақарып, мүшелік етулері де маңызды саналады. Бірақта олардың көбісі сәтсіз болған болатын. Ұжымдық бағдарламалары жүзеге асыруда олардың ойлары, тіпті аймақтық ынтымақтастықта деген ойлары бір біріне қарама қарсы ойларды жиыстырған болатын. Бұл тұрғыда былай айтуға болады. Олар өзіндің егемендікті арттыра отырып, халықаралық аренада өздерінің ұтымдылығын жақсартып, өздеріне сенімді алып державалардан пана табу және осы орайда аймақтық бірігулерден қашу болып табылды. Яғни, олар жаңа колониялық ойлардан енді арылушы елдер ретінде әлі де болса егемендік пен тәуелсіздіктің толқынын сезінуші мемлекеттер деп қарау керек [45].

Жоғарыда аталған ойларға сәйкес Өзбекстандағы және Қазақстандағы өзгерістік саяси трансформациялар біршама жаңа идеяларға әкелді. Бұл динамика мен жаңа леп әкелді. И. Каримовтың қазасынан кейінгі жаңа келген үкімет бірден қалған мәселелерді шешіп қана қоймай, оны бейбіт түрде ретке келтіріп, саяси элиталары аталған проблемаларды шешуде біріккен әрекет көрсете алды. Бірақта, тұрақсыздыққа әкелу факторлары әлі де болса бар екендігін ашып айту керек [39]. Негізі бұл аталған уақыттан кейінгі президенттің өкілеттілік бірінші мерзімі аяқталып, онымен қоса қазіргі уақытта екінші ретке қайта сайлану үдерістері жүріп өтті. Орталық Азия елдерінде өзгерістік үдерістер толыққанды жүріп жатқанын нақыт айтуға болады. Ол қайта сайлану Орталық Азия елдернің стратегиялық бағытының өзгермеуі және осы қалыпта қалатын болса Орталық Азияның консолидациясының алғышарттарының орындалу үдерістері ары қарай жүргізіліетін болса, жақын аралықтағы аймақтағы елдерде, әсіресе Қазақстан мен Өбекстанда көптеген біріктіруші іс- әрекеттер жүріп, ынтымақтастықтың бұрын баспаған кезекті қадамына келері сөзсіз табиғи құбылыс болып табылады.

Аймақта Өзбекстанның толыққанды әскери күштерді құрып, оны елді қорғау мақсатында әскери күштердің араласыуын жүзеге асырған бірден бір мемлекет болып табылады. Осы тұста тағыда Өзбекстанның Ресей және Қытай, АҚШ мүдделеріне сай іс- қимылдарын реттей алуы маңызды болып табылады. Және радикалды исламның таралуына кедергі бола алар күш ретінде болуы оны басқа елдер және халықаралық аренада деңгейін көтеретіні анық. Негізі Өзбекстанның дамуы мен рөлінің артуына бірнеше факторлар әсер етуде: ол кеңес үкіметінен қалған сақталған мәселелер мен жемқорлық фактілері, кландық басқарушылық пен саяси структурадағы И. Каримовтың қалған жеке басқаруы, одан басқа да мәселелер жиынтығы болып табылады [198].

Алғашында уақыттарда Өзбекстан Президентінің аймақтың елдерінің күшін біріктіріп Аралдағы экологиялық жағдайды реттеуге және бірнеше бастамаларды өзбек жақтық тараптан болған, мәселен Аралдық экологиялық инновациялық технологиялық деп, трансшекаралық қорғауға алынған табиғи территориялар анықтауды және т.б. ұсынған болатын. Негізі қазіргі таңда

Ўзбекистан элмдк аренада аса қызығушылық тудырып отырған элмдк эконмканың динамикалық түрде дамып жатқан ареасы ретінде азиялық елдермен кооперациясын арттыруда. Ол аймақтың елдері арасында саяси сенімділік пен аймақтық ынтымақтастықты саяси қауіпсіздікті тұрақтандыру барысында, олардың өзара дамуына эконмкалық және көліктік логистикалық және туристік потенциалды арттыруға толықтай келетін факторлар болып табылады [180].

Иә, берілген фактыларға сәйкес Орталық Азиялық аймақтағы ынтымақтастықтың дамуы мен өзара іс-әрекеттерінің жоғары деңгейге өту үдерістері біршама уақыт аралығы мен саяси еркіндікті талап ететіні рас және ол әрбір мемлекеттің өзінің тәуелсіздік және егемендігін сақтауды қатаң түрде сақтауда жүзеге асырылуға тиісті.

Орталық Азиялық аймақта оның барлық елдерінде мемлекеттіліктің қалыптасуы мен ұлттық бірегейлік үдерістері өтіп, нарықтық эконмка қалыптасып, жаңа саяси жүйелер қалпына келді.

- аймақтық бастамалар ұлттық үкімет пен жасалған және жүзеге асыруға екпін қойып отырған, негізінде эконмкаға қарағанда саяси бағытта екендігін бақылауға болады, ол тіпті шектен тыс интеграцияны және ынтымақтастықты популизациялауға әкеледі;

- институционалдық және басқаша форматтағы мемлекетаралық даму форматтары аймақта шынайы мәннен алыс екендігі;

- аймақтық жобаларда кірісті бөлу сұрақтары тұрды, және оны реттеп, тіпті жоғалтудан сақтану белгісіздіктері болды, ол саяси немесе эконмкалық болсын;

- интеграциялық топтар арасында сенім болмады, ол үлкен елдер мен кішігірім елдер арасында және көбінесе алып елдер мүдделеріне сай іс-әрекеттерге көшу;

- эконмкалық даму саяси дамуға қарсы бірегейліктің жоқтығыда себеп бола алды [188].

Аймақтық ынтымақтастықты дамыту барысында, оның белсенділігін арттыру барысында 2017 жылы Ташкент облысы мен Шымкент облысы арасында кәсіпкерлер палаталарында келісімшарттар жасалған болатын. Осыған орай Шымкентте Ташкенттің тауарларының көрмесі қойылды. Осы ретте тағыда 1000 нан астам электротехникалар мен металлургиялық және текстилдік пен көкөніс тауарларын әкелінді. Бұларға сәйкес екі мемлекет екі жақтық тарапанда, оған қосы халықаралық көпжақтық негіздеде бір –бірін қолдап, қарым- қатынастарын оң нәтижеде көрсеткен болатын [199].

Бұл аталған мемлекет аралық өзара іс- әрекеттердің барлығы Өзбекстандағы саяси өзгерістердің нәтижесінде орын алды. Яғни, кооперацияның даму деңгейі жоғарылап, аймақтық қатынастың барлық салаларын қамтыды.

Екі елдің территорияларында Орталық Азиялық аймақтың ең үлкен өндірістік және шығару объектілері орналасқан. Бұл аймақтың елдері үшін көліктік инфрақұрылымның дамуы мен жалыпалма көліктік саланың дамуы

ретінде маңызды нысана болап табылады. Соңғы жылдары басты назарда елдер арасында осы көліктік-логистикалық жолдарды ретке келтіру және одан әрі жақсарту жұмыстары жүргізілуде. Мемлекеттер арасында жол карталары қабылданып, ол тек қана осы аймақтық қана емес шет елдік елдермен де, алыс және жақын шет елдермен қатынасты қамтиды. Маңызды теміржолдық бағыт ретінде Өзбекстан-Қырғыстан–Қытай және Трансауғандық көліктік дәліз аса перспективті болып табылады [39, б. 88].

Туындаған бұл жағдайда аймақтың мемлекеттері үшін онтайлы шығар жол ретінде жеткілікті түрдегі «макро өңірдегі» тұрақты дамуды қайта индустрияландыру жолдары болып есептеледі. Болып жатқан дағдарыс қайта индустрияландырудың жаңа перспективті векторларын анықтауға мүмкіндік туғызады. Мәселен, осы уақытқа дейінгі беті ашылмай тұрған ескі-жаңа сын-тегеуріндерге бетпе – бет тоғыстық. Әлемдегі коронавирустық инфекцияның салдарынан нақты айтқан Орталық Азияның елдерінің медицина салалары мен экономиканың шытынағаны сөзсіз және осы тұрғыда қайта индустрияландыруда дамудың альтернативті жолдарын ашып, бір-бірімен тығыс байланыс орнатуға мүмкіндік ашады [200].

Қазақстан және Өзбекстан шекаралық аумақта Орталық Азиялық Халықаралық сауда экономикалық ынтымақтастық орталығын ашу туралы келісімдерге қол қойған болатын. Бұл халықаралық орталықтың басты міндеттері мен мақсаттары ретінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты ретке келтіру және дамыту шараларын қолға алатын болады. Екі тараптық келіссөздерден соң бұл орталықтың екі ел арасындағы көліктік-логистикалық саясатты реттеп, уақыт және қаржы ресурстарының жүйелік үдерістеріне бірашама уақытты қысқартпақ. Бұл Өзбекстаннан Қазақстанға тауарды жеткізу барысында, қазақстандық өнімді екіаралық өткізуге перспективті нарық болмақ. Екі жақтың сенімдеріне сәйкес бұл халықаралық орталық жан-жақтан инвестициялар мен біріккен жобалардың жүзеге асырылуын қамтиды деп келтірді [201].

Келісімдер нәтижесінде екі елдердің Қазақстан және Өзбекстан Премьер Министрлері А. Мамин мен Б. Арипов Орталық Азиялық халықаралық орталықтың жұмысы аясында біршама шараларға қол қойды, ол тағыда теміржол көліктік өзара іс-әрекеттерді дамытуда протоколдарға қол қойды. Бұл аталмыш орталық хаб Жібек жолы және Гишт Куприк аудандарындағы пункттерде орналасатын болады. Территориясы 400 га жерге орналасып, пропусктық шамасы 35 мың адам және 5 мың жүк автокөліктерін екі жақтық тарапқа өткізу көрсеткіштерін беріп отыр. Бұл Қазақстан және Өзбекстан арасындағы ең ауқымды инвестициялық жоба болып, ең ауқымды өндірістік және көліктік-логистикалық площадка ретінде жүруді мақсат етеді. Жоғарыда аталғандай аймақтың елдері екі жақтық сауда айналымын 10 млрд. долларға көтеруді мақсат етуде. Бұл жоба осы мақсатты жүзеге асырудағы механизм ретінде болатындығын атап өтті. Қазақстандық тараптың Өзбекстан Республикасымен жалпы ортақ 22,5 млрд. доллар инвестициялық көлемді жетіп, 67 мың тонналық күшті жылына алуды көзейтінін және оны

Сурхандария мен Фергана облыстарындағы үш көтерме сауда орталықтарын ашыуды және сауда өткізу бірегей жүйесін реттеуді көздегендіктерін жеткізді [202].

Аймақтың үкіметтерінің басшыларының кездесулері мен келісімдеріне сәйкес көптеген шарттарға қол қойылуда. Қазіргі таңда Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының арасында жаңа бастамалық сала ретінде құрылыс пен қатар медиа саласы да іске қосылуда.

Өзбекстанның және Қазақстанның үкімет басшысының орынбасарлары өзара ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын анықтау мақсатында кездесу өткізген болатын. Осы кездесу негізінде осы уақытта қол жеткізілген жобаларды іске асыру потенциалын анықтап, талдап, оны ауыл шаруашылық саласында кеңейтуді және өндірістік кооперацияны арттыруды айтып өтті. Ауыл шаруашылық сектор, агро шаруашылық комплекс, машина өндірісі мен жеңіл және химиялық, фармацевтикалық салаларда, құрылыс заттарын өндіру салаларын қамтитын 22 жобаны өзіне құрылымына енгізген жол картасы жобасы туралы айтып, оны одан әрі дамытудың перспективті жолдарын қарастырған болатын. Әсіресе, осы кездесуде басты маңызды агро шаруашылық саласына бұрды, ол бірнеше комплекстерді өзіне қарастырады. Осымен қоса көкөніс өнімдерін экспорттау мен оны ұйымдастырудың перспективті жолдары мен нарықтары қаралды.

Мемлекеттердің арасындағы негізгі бағыттары ынтымақтастық пен кооперацияда болып табылады. 2019 жылғы Қасым- Жомарт Тоқаевтың Өзбекстанға іс-сапарында кооперацияның дамуының басты байланыстарын анықтады, өзара бизнес жобаларды қабылдаған болатын. Қазақ- Өзбек ынтымақтастығының басты флагманы ретінде өндірістік аренаның Қостанайда автомобильдер шығаруы болып табылады. Олар Ravon көлігін UZAutoMotors және СарыарқаАвтоПром арқылы жүзеге асырылатын болды. 2019 жылы 5 мың машина құрылды және 2020 жылы наурызда басқа жобаларға сәйкес арада бес жаңа машина түрлерін шығаруға бастама берген болатын.

Қазақстан және Өзбекстан тауар- өндірістік компаниялары 2019 жылы Alliaance Шымкентте біріккен текстилді мекеме ашқан болатын. Осы арада өзбектің DentaFillPlus медициналық өндірістік құрылыстың жобасын бастап салған болатын. Ташкент трактор зауытының шығаратын Түркістандағы жобада бітуге және берілуге таяу қалған болатын. Осы аралықтағы ең негізгі инфрақұрылымдық жоба 2016 жылы екі елдің ұлттық компанияларының келісімімен екі тараптық Нұр- Сұлтандағы Орталық Азиялық сауда үйінің жобасы болып табылады. Оның негізгі міндеті көкөністік өнімнің айналымының көбеюі мен оны сақтау және жеткізі болып табылды. Бұл орталық үлкен көкөністік хаб ретінде саналып, осы арқылы көкөністер мен жемістер Қазақстанның солтүстік жерлеріне нарыққа және Ресейдің нарығына жетуді көздейді [204].

Бұл екі ел арасындағы дамудың барлық салаларда жүретіндігін дәлелдейтін бірден бір жауап ретінде тануға болады. Міне, осы арқылы аймақтың елдерінің дамуы тек қана бір тараптық емес, екі тараптық жолмен

жүргізілуде. Осы арқылы барлығы пайда көруде. Мәселен, Өзбекстанның тауарларының шетелдік нарыққа өтуі маңызды болып оларға пайда болса, Қазақстанның жолдары арқылы бірінші Қазақстанның солтүстік нарығына барады, одан әрі ол территориялық шеңберін үлкейтіп алып халық саны, тұтынушы саны біршама есе көп Ресейдің аймақтарына нарығына тарайтын болады.

Бұның барлығы да Қазақстан мен Өзбекстанның арасындағы даму перспективаларының бірден бір көрсеткіштері болып табылады.

Қазақстан мен Өзбекстанның қарым- қатынастары негізінде толықтай Орталық Азиялық елдердің приоритеттегі бірінші басымдықта екендігі рас [205]. Орталық Азия елдері үшін Қытай сияқты алып елдің маңызы әрине басым бағыт ретінде табылатыны анық және осы тұста Ресейдің де мүдделерінің тоғысқан жері болып табылады.

Өзбекстандағы саяси өзгерістерден бұрын елдегі мына мәселелерге байланысты біршама жұмыстар атқаруға тиісті болды. Мәселен, аналитикалық талдау орталықтарының санын арттыру, практикалық алаңдарды құру, бизнес өкілдерін жобаларға тарту мен қоса қоғамдық келісімге келу барысында шешімдерді әзірлеу барысында тұрақты дамуды реттеу болып табылады [206].

Әлемдегі Ковид-19 пандемиясының жайлауы нәтижесінде аймақтағы елдерге көмек көрсету барысында Өзбекстан Республикасына да жасалған сұраныстары бойынша техникалық қолдаулар жүргізілген болатын [207].

Зерттелініп отырған мемлекеттерді сипаттайтын сын- тегеуріндердің қатарында қауіпсіздік мәселесі, ұлтшылдық мінезінің өсу көріністері бар, алайда аталмыш проблемалар үлкен және ұзаққа апарар соқтығыстарға әкелу қаупі қатты емес. Осы жоғарыда аталған проблемаларға қоса ірі деңгейдегі маңызы бар қалалардағы экологиялық мәселелер, есірткі саудасы мен қару-жарақ сияқты және тағыда басқа сын- тегеуріндер бар.

29 қазанда Өзбекстан Республикасында жаңа Президенттік сайлау жүргізілген болатын. Осы орайда барлық үміткерлерді баса шығып бірінші есептік көрсеткіш бойынша Ш. Мирзиевтың алға шығып, толықтай қайтадан Өзбекстанның бес жылға сайланған ел басшылық етуді жалғыстырады. Бұл жерде басты назар аударатын нәрсе оны жалғасытруында. Яғни, Орталық Азия елдерінің басты басымдығына сыртқы саясатында алып отырған стратегияларының одан әрі жалғасын табуы болып табылады [208].

Өзбекстанды аймақтық трансформацияға байланысты болып жатқан саяси аренадағы өзгертулер мен өзгерістер Орталық Азиялық аймаққа әсер етуде. Тек экономикалық фактор ретінде қарау қазіргі таңдағы оның толықтай сипатын келтірмейді. Ол барлық салаларды қамтуда.

Зерттелініп отырған аймақтық тақырыпта баса назар аударатын тек қана көршілес жатқан Ресей мен Қытай емес толыққанды түрде әрекет етуші елдердің қатарында Түркия мен АҚШ және Батыстың елдерін де атап кеткен жөн.

Осы ретте Орталық Азиялық аймақтың қауіпсіздік пен қауіп- қатерден сақтанып, егемендігін сақтау маңызды мәселелерінің біріне айналады [209].

Бұл зерттеу жұмысында ғалым Ауғанстанға байланысты Өзбекстан мен Тәжікстанның жағдайы толықтай талданды. Яғни, зерттеуді эмпирикалық әдіске негізделген. Біршама ортақтықтарына қарамастан бұл екі елдің әрқайсысы әртүрлі деңгейдегі қарым-қатынас орнату дәрежелеріне ие болып табылады. Тәжікстанның қатарымен Ауғанстанда тығызырақ байланыс орнатса, Өзбекстан керісінше біршама алыстан іс- әрекет жүргізіп, шектеулі және қатаң бақыланатын әрекеттерді қолдайды [209].

Осы уақыттардағы Орталық Азиялық аймақтағы басты мәселе мен проблема болып отырған қауіпсіздік болып табылады. Ол Ауғанстандағы саяси ахуалға байланысты өзектілік тудырып отыр. Осы ретте аймақтың бес елінің халықаралық ынтымақтастықтары негізіндегі тек қана аймақтық деңгейде ғана емес әлем елдерінің көзін тігіп отырған проблема ретінде танылады. Аталған ахуалға сәйкес Орталық Азияның саяси элиталарының соңғы уақыттардағы іс-сапарлық, келіссөздер тізбектілігіне сәйкес аймақтың қауіпсіздігі мен бейбіт өмірі ең бірінші маңызды жағдай екендігін анықтатып, нақты осы тұрғыда көңіл бөлініп жатқандығын анықтай аламыз.

Саяси элитаның өзгеруі мен трансформацияға ұшырауы саяси элита теорияларына сәйкес ішкі табиғи үдеріс ретінде ерекшеленеді. Жүйелі түрде бұл саяси элитаның өзгеруінің жалғасы ұрпақтың ауысуымен тізбектеледі және де арғы кезеңде халықтың, Орталық Азиялық қоғамның ой- санасының өзгеруі мен жаңғыруына, жаңартылуына ықпалын тидіруі айқын. Бұл аталмыш факторларды қазіргі таңдағы әлемдегі болып жатқан үдерістерге сәйкес жаһандану мен геосаяси және геоэкономикалық орталықтардың Батыстан Шығысқа ауысуы, ұлттық, аймақты және халықаралық қауіпсіздіктің төмендеуінің себептеріне сәйкес, этникалық және діни радикализмнің деңгейінің жоғарылауы мен көші – қон, ақпараттық – технологиялық жарыс пен революцияның белең алуы және тағыда сол сияқтылары себептерге байланысты.

Осы кезеңдерде аймақтың қарым- қатынасында бар проблемаларды критериалды талдау мен оны түсінуді талап етеді. Диссертациялық зерттеу жұмысында Орталық Азиялық елдердің арасындағы келешектегі перспективалар мен қазіргі таңдағы бар проблемаларды анықтау мақсатында сұрақ-жауап, яғни сауалнама жүргіздік. Сауалнамада екі мемлекеттен 100 адамнан қатысты. Сауалнама 20 сұрақтан тұрды. Бастапқыда көпшілік жалпылама сұрақтар: оның жасы, жынысы, одан әрі қарата сұрақтар саяси көзқарастарын анықтауға бағытталды. Мәселен, аймақтағы саяси, әлеуметтік өзгерістер, экономикалық және мәдени үдерістердің қазіргі уақыттағы жағдайлары туралы болды. Респонденттерден маңыздысы Орталық Азиядағы болып жатқан соңғы уақыттардағы өзгешеліктер мен трансформацияға деген көзқарастарын білу мақсатында тағыда мына берілген сұрақтар қойылды: дәл осы уақыттағы аймақтың интеграцияға деген ынтасын қалай бағалайды, аймақтың мәселелірімен айналысатын ұйым неме қауымдастықтың құрылуына қалай қарайды, Орталық Азиядағы ең мықты мемлекеттер ретінде қай елдерді санайтынын және Қазақстан мен Өзбекстан контекстінде соңғы болып жатқан

жайттарды қалай бағалайды (Сардобадағы дамбының құлауы, шенген визасына альтернатива ретінде Орталық Азиялық елдерде Silk Visa –ның болуына ойлары) және тағы да басқа сұрақтардан тұрды. Бұнымен қатар, олардың ойынша нақты қандай үдерістерден Орталық Азияның бес мемлекетінің бірігу үдерісінде перспективалар пайда болатынын сұралынды, қандай салаларға басымдық беруге тиісті және соңғы сұрақтардың бірі бірегей посткеңестік өткеннің аймақтың келешегіне қандай да бір әсері барма жоқ па деген сұрақтардан тұрды.

Бұдан әрі қарата нақты түсіну мақсатында мына сұрақтар қойылды: аймақтың елдері үшін жайлы қандай жағдайлар жасалуға тиісті, бәлкім еркін сауда аймағы, визасыз режим немесе еркін еңбек көші- қон зонасы, білімдік-мәдениеттік туризм салалары ма, немесе бірегей әлеуметтік стандарттар жобасы ма екендігі сұралды. Белгілі екендігіндей Орталық Азияның дамуына оның географиялық орналасуы мен территориялық жағдайы әсер етедіме, аймақтың пайдалы қазба ресурстары мен оның интеллектуалық ресурстарының мәні, аймақтық консолидацияға Ковид-19 пандемиясының маңызы мен атқаратын рөлі қандай болды, соңғы қорытынды сұрақтар Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығы негізінде аймақтың толыққанды бірігу перспективалары қандай және интеграцияның болашақтағы бірігу модельін қандай қылып көретіндері сұралынды.

Сауалнаманың мақсаты- Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының қоғамының Орталық Азиялық консолидацияға деген ойлары мен дайындығын білу мақсаты болды. Осы тұрғыды аймақтың екі ірі мемлекеттері қазақстанды және Өзбекстанды алдық. Алдыңғы уақытта ескеріп кеткендей аймақтың интеграциясы мен консолидациясына деген алғышарт негізінде оның халқы мен қоғамның ойының өзгеруі мен осы біріктіру фактісін қабылдау болып табылады. Консолидацияның маңызы бір – бірінен алшақтауда емес керісінше бірішуде, ал аймақтың қоғамының оны саналы түрде қабылдауы үрдістің біршама өзгеше болып жүріуіне толыққанды түрде әсер етеді. Себебі, саяси элитаның іс- әрекеті ғана емес, қоғамды құрайтын халықтың да осы тұста атқаратын рөлі ерекше болмақ.

Сауалнама әлеуметтік желілер арқылы, бір – біріне тарату тәсілі арқылы жүргізілді. Бұған Google form, Whatsapp, mail ru мен Facebook желілері қолданылды.

Алынған нәтижелер әлеуметтік және жас аралықтарына байланысты бөлдік: бірінші топ- халықаралық қатынастар мамандары және саясаттанушылар, екінші топ- бейіндік емес мамандық студенттері, үшінші топ- халықаралық қатынастар мамандығы бойынша студенттер және төртінші топта басқа саладағы мамандар.

Жастық және әлеуметтік топтарына байланыста әр мемлекеттерде берілген жауаптар өзгеріп отырады. Талдау көрсеткендей бірінші топтағы жауаптар саны жоғары, ең көп пайыз Қазақстаннан -33% көрсетті 45-65 жас мөлшері аралығында болды. Өзбекстанда бірінші топ жауаптары 28% құрап 35-45 жас аралығында көрсетті. Бірінші кестеге қарап екінші топта, яғни бейіндік

емес білім алушылар аралығында ең көп пайызды 35% Өзбекстанда 35-45 жас мөлшері арасында шықты. Кезекті үшінші группаның жауаптарына сәйкес ең жоғары пайыздық көрсеткіш 21% мөлшерде Қазақстанда 18-25 жас аралығында болса, 7% көрсеткіш Өзбекстаннан берілген жауаптар құрады. Соңғы, төртінші топта басқа салалардан келген жауаптар ең жоғарғы пайыз Өзбекстан Республикасынан 30% ды 25-35 жас аралығында көрсетсе, Қазақстан Республикасында 18% -дық көрсеткішпен 45-65 жас арасында 6% көрсетті. Барлық жас мөлшерлерін қосып есептегенде төрт топтың ішінде ең көп жауап 35-45 жастарда және 45-65 жас аралығында болды.

Кесте 1 – Әлеуметтік және жас аралық топтар

	Топтар	Респонденттер саны (әр елден 100 адам)		Әлеуметтік топтар, % (18- 65 жас)							
		Қазақстан	Өзбекстан	Қазақстан				Өзбекстан			
				18-25	25-35	35-45	45-65	18-25	25-35	35-45	45-65
1	Халықаралық қатынастар және саясаттану мамандық бойынша респонденттер тобы	33%	28%			14	19			17	11
2	Бейіндік емес білім алушылар тобы	28%	35%	5	9	7	7	2	12	14	7
3	«Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша білім алушылар тобы	21%	7%	21				7			
4	Басқа салалардан респонденттер тобы (жоғарғы және орта білім)	18%	30%	5	4	3	6	7	11	7	5
		100%	100%	31	13	24	32	16	23	38	23

Келесі сұрақтардың бірі қатысушылардың Орталық Азияда болып жатқан саяси- экономикалық, мәдени және әлеуметтік салаларға мән бердіме әлде қарайды ма екендігін білу мақсатында қойылды. Жауаптар әртүрлі болды, 69% қатуысушылар екі мемлекеттен де оң жауап берсе, 19% мөлшерде қызықпайтындарын белгіледі, қалған 12% жауап беруге қиналған. Бұл жерде айта кететін жайт 7% Өзбекстан Республикасының қатысушылары Қазақстан азаматтарына қарағанда көп екендігі, яғни саяси-әлеуметтік мәселелерге аса мән беріп, Орталық Азия елдерінің бір-бірімен қатынасына маңызды орын беретіндерін білдіреді.

Осы сауалнаманы талдау барысында аса маңызы бар сұрақтардың ішіне қоғамның Орталық Азияның бүгінгі күнгі жағдайына берерлік бағаларын білу

болды. Осыған орай Қазақстанда 38% көпшілігі жақын бес жыл аралығында жаңа деңгейде өзгерістер болады деп топшаласа, Өзбекстан жағынан 34% сауалнама өтушілер алдағы он жылдықта аймақтың перспективаларының қайтадан жанданып, өзінің жемісін беретіндігін белгілеген. Мүлдем қарсы пікірде Қазақстан жағынан 14% таңдаушылар жоқ деген жауапты таңдаған, ал Өзбекстан жақтан тек 4% жуық адам ғана теріс пікірді таңдаған. Бұл тұрғыда өзбек халықының аймақтың бірігуіне деген ынталарын Қазақстандық жаққа қарағанда оң көзқарастарын білдіреді. Тек қана иә деген нұсқада екі жақтың ойы біршама бірдей мөлшерде 20% және 23% көрсеткіште шыққан. Ең қызығы жоғарыда ойды келістіре отырып, Өзбекстандық тараптан мүлдем және еш уақытта интеграциялық үдерістерді күту мәні жоқ деп еш адам дауыс бермеген, ал Қазақстандық тарапта 7% адам саны Орталық Азиялық аумақта шоғырланудың ешқандайда мәні жоқ деп, алдағы уақытта қандай да бір оң нәтижені күтудің қажеті жоқ деген ойда осы нұсқаны таңдаған. Әрине, бұл тек аймақтың екі мемлекетінің біршама көлемдегі болса да нақты ойларын жеткізуі деп және халықтың ойының жалпылама түре қандай екендігін анықтап, бәлкім болшақта қандай да бір өзгерістерге деген қарым-қатынастарын анықтауға жол ашады.



Сурет 2 – Орталық Азияның интеграциясына берілген баға

Диссертациялық жұмыстың бұл бөлімінде аймақтағы екі басты елдің бастамасымен болашақта бірқатар өзгерістер болып, трансформацияға ұшырап консолидацияға деген алғышарттардың пайда болуы туралы қарастырылып, зерттеліп жатқанда салысырмалы түрде кішігірім санда халық санасының, ойының нақ осы мәселе туралы ашық түрде білу жасалынып жатқан жұмыстың маңызы мен мәнін біршама ашып, оны басқа тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік береді.

Төменде көрсетілген екінші кестеде осы сауалнама толықтыратын аймақтық елдерде қандай салалық бағытты негізгі және басым ретінде қарайсыз деген сұраққа жауапты қарасақ болады. Кестеде берілгендей жауаптар былай болды. 59% жауап берушілер тобы Қазақстанда ең көп және басым бағыт

ретінде экономикалық саланы таңдаған, 23% саяси элитаның ауысуы десе, 18% дауыс ұрпақтар кезеңінің ауысуы деп белгілеген, ал Өзбекстанға келсек жғдай былай сипатталады. 48% сұраққа жауап берушілер тағыда экономикалық бағытты басым деп таңдаса, қалған 25% ұрпақтар өзгеруі десе, 27% саяси элитаның өзгеру фактілерің маңызды деп көрсеткен. Яғни, бұл берілген сұрақты қорытындылай келе аймақтың қоғамының үлкен пайыздық көрсеткішпенн экономикалық дамуды перспектива ретінде белгілеген. Тағыда қызықты талдау нәтижесінің бірі жас мөлшерлік аралықта осы сұрақта. Ең көп жауап берген Қазақстанда үшінші топ бойынша 18-25 жас аралығы болса, Өзбекстанда 12% да бірінші топқа кіретін сұраққа жауап беруші респонденттер 35-45 жас аралығында дәл осы экономикалық бағытты таңдаған.

Жалпылама түрде аймаққа басым түрде экономикалық қарым-қатынас жасау таңдалса, бұдан кейінгі екінші орында пайыздық көрсеткіште саяси элитаның өзгеруі атқарушы рөл ретінде таңдаған және үшінші ретте табиғи үдеріс ретінде жаңа ұрпақтардың ауысуы деп келтірген. Мәселен, бұл бұл нұсқадағы жауапқа терңірек тоқталсақ. Тәуелсіз және жас мемлекеттерді дүниеге келген жастардың ойлау және саналары Кеңестік заманда туған және сол уақытта өсіп өнген адамдардың ойлау тұрғысынан ерекшеленеді. Бұны «Z ұрпақтары» депте атап жатады. Біз бұны Орталық Азиямен байланыс ретінде қарап, ұрпақтың өсіп-өніп басқа да критериялды ойлауы аймақтың бірігу және шоғырлану мәселесінде атқаратын іс-әрекеттері бүгінгіден өзгеше болатындығын атап айтықымыз келеді.


Кесте 2 – Аймақтың экономикалық дамуын таңдаған пайыздық көрсеткіш

Топтар	Респонденттер саны (әр елден 100 адам)		Әлеуметтік топтар, % (18- 65 жас)							
			Жас мөлшерлері, %							
	Қазақстан ЭД	Өзбекстан ЭД	Қазақстан				Өзбекстан			
			18- 25	25- 35	35- 45	45- 65	18- 25	25- 35	35- 45	45-65
Жалпы саны	59	48								
1 топ	24	20			11	13			12	8
2 топ	14	12	2	1	6	5	2	3	4	3
3 топ	15	5	15				4			
4 топ	6	11	1	3	2	0	1	4	3	3

Екінші берілген суретте ақпарат төмендегідей мәнді білдіреді. Қазіргі уақытта Орталық Азияның екі мемлекеті Қазақстан және Өзбекстан әлемдегі болып жатқан көптеген үдерістерге байланысты осы аймаққан бағытын бұрып, консолидацияға деген алғышарттардың міндеттерін орындауда.

Осы тұста көптеген зерттеуші ғалымдардың да Орталық Азиялық аумақтың дамуының перспективалық бағытын нақ осы экономикалық саланы

таңдайды. Мәселен, бұған еркін сауда аймағы, еркін көші –қон аймағы және географиялық шекаралық орналасуына байланысты бұл тұрғыда екі елген кедендік мәселелерді де шешіп, оны дамуға маңызды құралдардың бірі ретінде қолдануға мүмкіндікер бар. Бұл тұрғыда екі ел басшыларыда осы уақтты Қазақстан мен Өзбекстан арасында территориялық, шекаралық ешқандайда шешілмеген мәселелер қалмады деп өздерінің жарияланымдары мен сөйлеген сөздерінде атап айтып жүр. Бұл аймақтың екі мемлекеті Орталық Азиядағы аса ірі елдері ретінде өзара болған проблемаларды шешу арқылы қалған аймақтың мемлекеттеріне бірігуге және шоғырлануға жол ашатыны сөзсіз.



Сурет 3 – Аймақтың дамуындағы басым іс- әрекеттер

Диаграммада Орталық Азияның басты басымдылықтары ретінде үш нұсқада берілді, олар: экономикалық дамудың бірегейлігі, ұрпақтардың ауысу үдерісінің жүруі және одан кейінгі уақыттарда аймақтық жағдайдың өзгеру шарттары іс- әрекетке жүгінеді, ал үшінші нұсқада аймақтағы саяси элитаның өзгеру үдерістерінің орын алуы болды.



Сурет 4 – Қазақстан Өзбекстан ынтымақастығындағы басым бағыт

Бұл берілген суретте алдыңғы сұрақтан ерекшелігі нақты Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикалары арасындағы ынтымақтастықтың және қарым- қатынасқа түсудің басты көздерін тану болып табылады. Жоғарыдағы сұраққа берілген жауаптан бұл сұрақтың жауаптары біршама түрде қайта анықтауды мақсат ретінде алған болатын. Сонымен, бұл талдауға сәйкес таңдау одан әрі нақтыланып, оның жауаптарындағы пайыз саны одан әрі тереңірек анализ алуға жәрдемдеседі. Мысалы, 70% таңдау тағыда экономикалық бағытта санаса бұл Қазақстандық жақтан, Өзбекстандық жақтан 46% және де осы экономиканың таңдады. Бір ерекшелігі Өзбекстанның 25% саяси бағытты тандап, оған басымдық берген, ал Қазақстан тек 7% ды көрсетті. 23% және 22% таңдау мәдени салаға түскен.

Аймақтағы саяси элитаның өзгері барысында жоғарыда аталып өткендей тәуелсіз елдерде дүниеге келген, ойлау шарықтары бұрынғыдан өзгеше болар деген және олардың негізгі жасанды түрде емес, нақты саналы түрде аймақтың бірігуі мәселесіне басым мән беруінде деген негізде берілді.

Сауалнамада қорытынды сұрақтың бірі Орталық Азиялық аймақтың елдеріне тығыз қарым- қатынасқа түсіп, ынтымақтастық іс- әрекеттерін дамытуда қандай іс- шаралар әрі қарата үдерістің тез жүруін қамтамасыз ете алады деген сұраққа мынадай таллау жүргізе алдық.

Өзбекстандық тараптан 45% жауап еркін сауда аймағының нұсқасын тандап, екінші тараптан ойлар тура екі жаққа бірдей бөлінген, бірінші жартысы еркін сауда аймағы мен еркін экономикалық арена деп белгілесе, екінші жартысы мәдени- білімдік туризм деп қарастырды. Осыған дейін бәріне белгілі Өзбекстандағы туризм саласының Қазақстанға қарағанда өте жақсы дамыған және бұл салада біршама басымдыққа ие саналады. Сонымен, басқада таңдаулар бірдей мөлшерде еркін көші-қон аймағы деп қараса, қалған теңдей бөлік визасыз режимді таңдаған. Ең төменгі көрсеткіш Өзбекстанда 4% бірегей әлеуметтік стандарттарды ойлап табуды таңдаған. Бұл жасалаған анализдерде де аймақтың басты назар аударар тенденциясына экономиканы тандап, өздерінің назарын осы салада дамуға бағыттауды жөн деп санайды.



Сурет 5- Тығыз қарым- қатынасқа керек шарттар

Жүргізілген сауалнаманың қосымша сұрақтарының ішінде қай мемлекеттерді драйвер ретінде санайсыз деген сұрақта солайынан күтілгендей ақ екі мемлекет арасында бөлінді.

Өткен посткеңестік бірегейлік қандайда бір тұрғыда дамуға немесе аймақтық интеграцияға әсері туралы 74% жауап беруші респонденттер оң жауап берген, яғни ортақ мәселелер немесе ортақ тарихтың өзі ажырамас бір бөлігі ретінде аймақтық бес елде қарастыруға болады.

Ең маңызды сұрақтардың бірі Ковид -19 вирусының пандемиясының аймақтық консолидацияға және интеграцияға әсері болама деген сұраққа және де Орталық Азиялық интеграция болсада қандай бірнақты модельде болуыға тиісті немесе аймаққа өзінің басқа моделін жасауға күштері және еркіндіктері барама деген қосымша сұрақтарға әртүрлі көзқарастар болды. Өткізілген сауалнаманың нәтижелеріне сәйкес қорытындыласақ Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының қоғамдық санасы және ойлары әлі де болсын толықтай түрде Орталық Азияның интеграциясына дайын еметігін көрсетті. Болғанның өзінде тек экономикалық салада және бағытта болуы көптеп келтірілді.

Мемлекеттің сыртқы саясаты қандай болсада, оны басқарып отырған саяси элитаның басты назары және бағыты қандай болғанның өзінде де қоғамның саяси санасы және саяси таңдауы мен бағытына аса мән берген және оған біршама деңгейде назар аударған оң шешім және қоғамның таңдауы басты назарда болуы басымдықта болуы тиісті.

Сауалнамаға берілген және қойылған міндеттер арқылы алдыға қойған жоспарлы мақсатқа қол жеткізіп, алынған нәтижелерге толыққанды талдау жасалынды. Талдау нәтижесі бірегей мәнде, бірегей ойда болмады және бұл күтілгендей болып шықты. Негізі аймақтың елдерінің басын қосу мәселесі ұрыннан келе жатқан жәнеде әлі де болсын өзектілігін жоғалтпаған, тіпті керісінше күнделікті уақытта әлемдегі болып жатқан жайттар мен мәселелерге байланысты артып келе жатыр, бұнымен қоса аймаққа көз тіккен әлемнің алпауыт елдеріне қарсы тұру мақсатында аймақтық мүдделерді қорғау осы аймақтың бес мемлекетінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Бұл берілген сауалнама бұрыннан келе жатқан проблемалар мен мәселелерді анықтау мақсатында және оны шешу жолдарын іздеу, алынған нәтижелер мен қорытындылар негізінде оны нақтылап зерттеп қарастыруды көздеп, сол мәселелерді шешу жолдарын анықтау негізінде жасалынған құрал және тәсіл болып табылады. Осы жоғарыда жазылған қорытындыларға қоса кетеін жайт әліде болса Орталық Азияның екі мемлекетінде бәсекелестік, аймақтағы көшбасшылыққа деген қызығушылықтың барын атап кеткен жөн. Әр мемлекет өзін көшбасшы, локомотив ретінде көрсетеді және осы да аймақтың алдңғы қатардағы проблемасы ретінде анықталады. Егерде бәсекелестік болған жағдайда да ол – балансқа ие, сау бәсекелестік болуға тиісті. Орталық Азияның елдеріне ұзақ мерзімдегі перспективада ақырындап кішкентай қадамдармен аймақта дамудың жаңа бағыттарын тауып, консолидацияның алғышарттарына қадам жасаулары тиісті.

Бұл консолидация ұғымына сәйкес біз бұл диссертациялық жұмыста оны толық интеграцияға деген бірінші және алғашқы қадам ретінде анықтап, ұсынып отырмыз. Енідігіде өткізілген зерттеу жұмыстары мен жасалынған сауалнамаға сәйкес бірігудің толыққанды интеграциясына дайын емес аймақтың бес мемлекетіне Қазақстан және Өзбекстанның халықаралық ынтымақтастық контекстінде консолидацияның алғышарттарына жұмыс атқару және іс- әрекеттерге еркіндік беру дұрыс шешім болып табылады.

3.3 Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығы мысалында Орталық Азияның консолидациясының теориялық моделі

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Орталық Азияның бес мемлекеті 1992 жылдардың кейінгі уақытта аймақтық интеграцияға деген ынта әрекеттерін бірнеше рет көрсеткен болатын. Мысалға алғанда «Орталық Азиялық экономикалық және «Орталық Азиялық ынтымақтастық» ұйымдарының пайда болуы Орталық Азиялық мемлекеттердің кооперацияға деп жасалған қадамдарын іс жүзінде көрсетеді. Аймақтың екі мемлекетінің президенттері Өзбекстанның эксбасшысы Ислам Каримов және Қазақстанның бірінші президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1994 жылы 10 қаңтарда Ташкент қаласында «жалпы аймақтық экономикалық келісімге» қол қою арқылы аймақтық интеграцияға деген алғашқы қадам жасаған болатын. Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан мемлекеттерінің президенттері аталмыш келісімге біршама уақыт өткеннен кейін қосылған болатын. Зерттеліп отырған тақырып бойынша аймақтың ең ірі мемлекеттері саналатын Қазақстан және Өзбекстан бұл келісім шарттармен қатар 1997 жылы Орталық Азиялық ядролық қарудан еркін даймақ құру мақсатында «Алматы декларациясын» қабылдаған болатын. Бұдан кейінгі уақытта бұл декларация 2006 жылы 8 қыркүйекте Семей қаласында қол қойылған келісім шарт ретінде жүзеге асырылды. Орталық Азия аймағында бұдан бөлек біршама үйлестіріп, ретке келтіруші ұйымдар және де басқа да көптеген құжаттарға қол қойылған болатын, 160 тан астам әртараптық құжаттар ынтымақтастық саласында экономика саласында 50 ден астам жобалар қабылданып, толықтай жүзеге асырылғанмен де бұл қадамдардың барлығы бірегей терең интеграциялық аймақ құруға әкелмеді. Біздің ойымызша Орталық Азиялық мемлекеттердің түсінігінде терең ынтымақтастық жүргізудің түсінігі болғанмен де бұл жас жана мемлекеттер тәуелсіздігін толықтай сезіне алған жоқ. 1995 жылы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.Каримов және Қырғызстан Президенті А.Ақаев Жамбыл облысындағы кездесулерінде төмендегідей бірқатар шешімдер қабылдады:

- Орталық Азиялық даму және реконструкция банкі құру және 200 дылға дейінгі аралыққа инвестициялық саясат және экономикалық ынтымақтастықтың бағыттарын қабылдады;
- БҰҰ-ның бастамасымен Орталық Азиялық бейбітшілік батальонын қалыптастыру;

– Үш мемлекет арасындағы Қорғаныс Министрлігінің Кеңесі мекемесін қалыптастыру;

– Орталық Азиялық парламентін қалыптастыру.

Өзбекстан Республикасының Орталық Азиялық аймақтық мәселелермен айналысатын біршама белгілі талдаушы Ф.Толипов [210] бұл интеграцияға деп қабылданған шешімдерді мынадай мәнде қарастырады. Бұл мемлекеттік шешімдер Орталық Азиялық экономикалық аймақтың жалпылама түрде қатысы бар елуден астам нақты экономикалық жобаларды қабылдап, оларды жүзеге асыруға біршама уақыт бұрын кірісіп кетті. Бұнымен қатар аймақтық елдер бірігу үдерісінің деңгейі өте жоғарылап, тіптім бірнеше ортақ атрибуттар мен белгілер қабылдау мақсатында шынар ағашының жапырағын алмақ болды. Барлығымызға белгілі шынар ағашының бес сүйір бұрышы бар. Бұл Орталық Азияның бес мемлекетін білдіреді. Тек бұл ғана емес «Орталық Азия: интеграция мәселелері» атты журнал жүргізу жоспарларында болған. Саясаттанушының айтуы бойынша бұл уақыттар аралығында аймақтың мемлекеттерінің басшылары интеграциялық мәселелер тұрғысында біршама батылырақ болған.

Әлемдегі бірнеше қалыптасқан аймақтық қалыптасулар Орталық Азия елдері үшін нақты мәні бар салдарлар тудырады.

– Біріншіден, Орталық Азиялық аймақтық ынтымақтастық бүкіл қоғамдық ойлардан алшақтықта өзара оң тәжірибеге ие аймақ, Әрине, толыққанды әлемдегі болып жатқан саяси жағдайлар мен проблемаларға бірден қарсы тұру мүмкін емес және бұл аймақтың да елдері ерекше емес және осы үдерістерге өзіндік ықпалын тигізеді, өздері де сол ықпалға қарсы тұра алмады. Ол табиғи процесс. Себебі әлемде барлық болып жатқан үдерістер мен өзгешеліктер, трансформациялар бір-бірімен тығыз байланыста, міндетті түрде бір – біріне қандайда бір деңгейде болсын әсер етеді. 2000- шы жылдары болған геосаяси қысым Орталық Азияның аймақ ретінде дамуына уақытша тоқтауына және дамуының тоқтауына әкелді. Ал, түсінудің басты негізі және одан күтіліетін нәтижелер қазіргі болып жатқан өзгерістер мен трансформацияның негізі болып қалыптасты. Яғни, Орталық Азияның дамуы мен оның келешегінен алдыңғы жақын болашақта салмақты өзгерістер мен шоғырланудың, консолидацияның нәтижелерін күтуге болады. Бұл қандай жағдайдарда орын алмақ, қандай жағдайдар барысында үдеріс ары қарата жүреді, олардан қандай нәтиже күтуге болатындағы осы бөлімде анықталып, қадамдары анықталып, таразыланып жазылған.

– Екіншіден, барлық болатын процесстер мен өзгерістерге ыңғайлы уақыт аралығы қажет. Сол сияқты, Орталық Азия елдерінің дамуы мен консолидациясының қазіргі уақытта біршама жоғары деңгейде айтылып және қозғалып жүргендігі оның уақтының енді кезекте келгендігіне белгі береді. Осы уақыттар аймақтың елдері үшін қолайлы және байсалды шешімдер қабылдап, аймақтық ынтымақтастықты институционалдаудың реті келді. Барлық бес мемлекет өздерінің мемлекеттілігін нығайтып, ендігі кезекте аймақтың жетістікке жету мақсатында керек алғашқы шарттарына толықтай ие.

– Үшіншіден, тарихи өткендік тәжірибеге сәйкес Орталық Азиялық бірігуде Қазақстан мен Өзбекстанның оң негіздегі және конструктивті ынтымақтстық деңгейлері аса маңызды есептеледі [110].

Орталық Азия аймағының геосаяси және геэкономикалық жағдайларына талдау жүргізіп болған соң, аймақтың тиімді дамудың механизмдері мен жолдарының траекториясының сызбасын түсініп Қазақстан мен Өзбекстанның консолидацияға өту қандай жағдайдарда орн алатынын қарастырып, талдау жүргізгенде анық түсінетініміз- аймақтың саяси элиталарының өзгеру үдерісінің жүргізілуі болып табылады.

Орталық Азияда саяси басқарудағы ұрпақ ауысуы үдерісінің қазіргі уақыттағы өзгерісі жүріп жатқандығын, олардың аймақтың бағыттарының қарым- қатынастағы біршама тұрғыда трансформацияға ұшыратып жатқандығын анықтап айтты [177]. Расыменде, төмендегідей келтіргендей аймақтың елдерінің ұрпақ ауысуы біршама салаларға әсер етті. Ол тек қана экономика емес. Оған мысал бола алатын бәрін үйреншікті болған сауданарықтық қарым- қатынастары емес, осы жақын аралықта 2021 жылы аймақтың елдерінің Білім Министрлерінің ортақ кездесулері болған болатын. Бұл кездесуде әрине Орталық Азияның осы білім және ғылым салаларындағы қарым- қатынастарын тығыз орнату мен оны біріккенді түрде тәжірибе алмасыпотырып дамытуды анықтап келтірді.

Аймақтық интеграция мәселелері ел басшыларының кездесулерінде, министрлік және ведомствалық жетекшілерінің әр уақыт аралығындағы өткізілетін кездесулерінде белсенді түрде талқыға салынады. Сонымен қатар, өздері мүше болып саналатын халықаралық және аймақтық ұйымдардың конференцияларында нақты осы аймақтық біргіу үрдістерінің проблемалары көтеріліп жүр. Посткеңестік аймақта, ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарында және алыс шетелдерде монографиялар мен жекеленген зерттеулер, аналитикалық баяндамалар, ғылыми мақалалар жариялануда. Бұл материалдарда жүргізілген талдаулар тіпті Қазақстан және Өзбестан арасындағы қарым-қатынас мәселелері және аймақтық интеграциялық үрдістердің ақырын және әртүрлі бағыттарда бірыңғай еместігін көрсетеді. Аталмыш мемлекеттерде сауда-саттық көлемі 2020 жылдар аралығында бірқатар туындаған мәселелерге байланысты өздерінде бар потенциалды көрсете алмады. Бұл жердегі ең басты мәселе бүкіл әлемді жаулаған COVID-19 пандемиясы болып табылады. Осы тұрғыда айта кететін жайт бұл пандемия мемлекетаралық бұдан алдыңғы уақыттарда білінбеген жаңа мәселелерді анық көрсетіп берді.

Жоғарыда көрсетілгендей Орталық Азия басшыларының, саяси элиталарының кездесулерінің тек консультативтік деңгейде ғана екендігін түсінікті. Осы мәселені тарқатып қарастырсақ, ең алғашқы консультативтік кеңес 2018 жылы 15 наурызда Астанада, қазіргі Нұр- Сұлтан қаласында өтілді. Бұл іс-шарада аймақтыңқауіпсіздік мәселелері, Ауғаныстанның территориялық жақындығына байланысты, трансшекаралық өзендер проблемалары, судасаттық экономикалық ынтымақтастық перспективаларын талдады.

Қорытындысында келесі жылы наурыз айында Ташкент қаласында өткізу шешілді. Бірақ, әлемді жайлаған пандемия вирустық ауруларына байланысты оны шегертуге тура келді. Бұл жерде аталмыш пандемиясының аймақтың нақты проблемаларын анықтап, қай бағытта жұмыс жасаудың перспективаларын көрсетіп бергенге келді.

Келесі консультативтік кездесу 2019 жылы 28 қарашада Ташкентте бас қосып, институционалдық деңгейде Орталық Азия елдерінің инвестициондық форумын құру, аймақтық көлік коммуникациясы кеңесін және «Орталық Азияға саяхат» атты халықаралық туристтік конференцияны өткізу секілді шешімдер қабылданды.

Бұдан кейінгі, үшінші консультативтік кездесу Түркменстанда 6 тамыз күні 2021 жылы төмендегідей жалпы саны отызға жуық шешімдерді қабылдаған болатын, оның ең маңыздыларына:

- Орталық Азия мемлекеттерінің халықаралық аренадағы орыны мен маңызын жандандыру барысында БҰҰ-ның негізінде қабылданған ұзақ мерзімді стратегиялар мен тұжырымдамаларды нақты іске асыру;
- «Солтүстік және Оңтүстік», «Шығыс - Батыс» халықаралық дәліздерін бірлескен түрде дамыту;
- осы жылғы кездесудің басты ерекшелігінің бірі білім саласындағы өзара ынтымақтастықты одан әрі жандандыру есептеледі, бұл тұрғыда ғылыми конференциялар мен форумдардың санын ұлғайту, ғылыми дипломатия, жастар симпозиумдарын көптеп өткізуді қолға алуды атап өтті;
- климаттың өзгеруі мен экологиялық проблемаларды шешуде, Арал теңізі проблемасын реттеуде кешенді іс- әрекеттер жүйесін қабылдау және оған аса мән беруді көздеді;
- соңғы реттерде Ковид-19 вирустық ауруынан туындаған мәселелерді кешенді түрде зерттеп, одан қалған салдарларды жою мақсатында жүйелі түрде өзара ынтымақтастықта болуды көздейтіндерін атап айтты.

Бұл тұрғыда Консультативтік кездесулердің барылығының өзіндік функционалды қызметтерін атқарып, басқада институционалды нақты бір жүйелі қарым- қатынасқа түсу формасына айналғаны аймақтың елдеріне басқа екіпін берері сөзсіз болар еді.

Саясаттану ғылыми саласында саяси элита терминдерінің теориялық тұрғыдан зерттеулерін алып қарастырсақ, аса осы бағытта еңбектері ғылымда орыны ерекше В. Парето болып табалады. Әлеуметтанушы, саясаттанушы зерттеушінің өзінің еңбегінде жазуынша, ең төменгі класстағы елдер мен ең жоғарғы деңгейдегі дамыған елдерде болсын екі билеуші таптарды атайды. Біріншісі, әрқашан азырақ және саяси функциялардың барлығын атқарады, биліктің берген артықшылығымен масаттанып, оның берген оң қызметтерін атқарады. Ал, екіншісі көбірек басқарылып, бірінші таптың айтқанымен жүріп, басқарылады [85].

«Элитаның циркуляциясы» теориясы бойынша итальяндық зерртеуші В. Парето былай деп келтіреді. Топтық циркуляцияға, яғни ауысуға сәйкесінше басқарушы элита әрқашан ақырын және үздіксіз трансформацияда жүреді.

Белгілі бір уақыт аралығында кенеттен және мықты тәртіпсіздіктер орын алып тұрады. Бұдан соң басқарушы саяси элита өзінің өзгеру үдерісін қайтадан жүзеге асырып, қайтадан трансформация жүргізіледі [85]. Мәселен, ғалымның ойы бойынша саяси элитада әрқана үздіксіз өзгеру үдерісері жүріп отыруға тиісті. Аталған теорияны Орталық Азия елдерінің басқару элиталарына салыстырмалы түрде анализ жүргізіп көрсек. Бұл диссертациялық жұмыста аймақтың елдерінің бірігудегі, интеграция деп атасақта, оған дейінгі алғышарт негізінде консолидацияны алсақта ең негізгі өзгермелі және трансформацияға әкелетін фактордың бірі саяси элитаның өзгеру процесстері болып табылады. Яғни, жаңадан келген басқару жұмыстарының бағытының осы аймаққа негізделуінде деп есептеледі. Бұдан әрі осы саяси элитаның векторының өзгеруі ғана емес басқада механизмдерді құрайтыны белгілі.

Аймақтың консолидациясының атап айтуға әсер етуші аса маңызды фактордың бірі Өзбекстан Республикасының президенті орынына жаңадан 2016 жылы Ш. Мирзиеевтың келуі болып табылады. Бұған қосатын, 2019 жылы Қазақстандағы президенттің ауысу үрдістерінің жүруі Орталық Азиялық аумақтың жалпылама түрде «көңіл- күйдін» өзгеруі бірталай өзгерістерге әкелді. Осыған орай, екі елдің ішінді министрлер кабинетінің өзгеріп, басқа тұлғалардың келуі және тағы да сол сияқты ішкі басқару саясатындағы мәні бар трансформациялардың жүруі болды. Сырты саяси векторларының толығымен болмасада біршама өзгеруі орын алды. Ш. Мирзиеевтың сөйлеген сөздері мен жарияланымдарына Өзбекстан Республикасының сыртқы саясатындағы басты басымдық қазіргі таңда Орталық Азиялық аумақта екендігін айтылып, бірден аймақтың қарым- қатынастарында, ынтымақтастықтың барлық салаларында терең іс- әрекеттер орын алып, дамудың жаңа перспективаларының бағыттары анықталып, аймақтың кооперациясы жандана түсті.

Ranking.kz деректеріне сәйкес Қазақстандағы министрлердің орташа жас мөлшері 48 жас. Бүгінде Қазақстанда саны 18-ге жуық министрлер қызмет етуде. Ең жас министрлер қатарында: ұлттық экономика министрі А. Иргалиев (33 жас), ақпараттық даму және инновация, аэроғарыштық өндіріс министрі Б. Мусин (37 жас), білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов (38 жас) толықтырады [189]. Ал, Өзбекстанда министрлердің орташа жасы 51,3 жасты құрайды. Ең жас министрі байланыс және инвестиция, сауда министрі У. Умурзаков (40 жас), юстиция министрі Р.К. Давлетов (41 жаста), қаржы министрі Т.А. Ишметов (42 жас) екен [211].

Көптеген зерттеушілер мен эксперттер дәл осы саяси элитаның құрылымы мен атқарылатын қызметтері туралы зерттеген. Мысалыға, К. Пужоль өзінің зерттеулерінде Орталық Азияның елдерінде саяси элитаның өзгеру үрдісінің жүзеге асырылуы керек екендігін атап айтты. Сонымен қатар, бұл аймақта ең көп жас посткеңестік уақыттан соң немесе дейін дүниеге келген жастардың және жұмыс атқарып жүрген саяси элитаның көптігін басқаларына салыстырмалы түрде Қазақстанда екендігін айтты [101]. Иә, жоғарыда көрсетілгендей ең жастары Қазақстан Республикасында екендігі және оның

себебі қазіргі президенттің жастарды билік жүйесіне тарту және жастардан құралған резервтерді құру іс- әрекеттерімен сипатталады.

Саяси элитаның мәселелеріне қарамастан Қазақстан 2019 жылы ең тиімді жұмыс атқаратын үкімет рейтингінде 209 мемлекет арасында 89 орын алды. Негізгі көрсеткіштер қатарына: мемлекеттік қызмет көрсету, халықтың мемлекеттік саясатқа деген сенімі, ішкі саяси әзірлеу мен оны жүзеге асыру, мемлекеттік аппараттың қызмет етуі мен мемлекеттік қызметкерлердің сапасы сияқты критериаларға толы болды.

Еуропалық элитаның әлсіреуі, біршама азиялық мемлекеттерді және бұған себеп ретінде барлық әлемді жайлап, өзінің діттегенімен жүргізген коронавирустық пандемияның салдары деп айтуға болады. Консолидацияның бірнеше анықтамаларына екіпін жасасақ, қазіргі таңда батыстың жаңа консолидациясының бастапқы шарттары оның бұрынғы әсерінің төмендеуімен байланысты. Бұл консолидация қазіргі таңда Еуропаның Ресеймен қарсыласу негізінде түсіндірілуге болады [212].

Түгелдей болып жатқан жайттар мен құбылыстар заңды түрде оның өзінің орын алуы, яғни болы және екінші ретте оны қабылдау, түсіну және үшінші қадамда оған рефлексия, қайта жауап беру болып табылады.

Орталық Азия мемлекеттеріне сәйкесінше осы қадамдар арқылы қарастырсақ. Алдымен тәуелсіздік алып, онымен отыз жылдай уақыт аралығында түсіну, өзінің мемлекетаралық құрылу негіздері болса, қазіргі таңда шоғырланудың, консолидацияның үдерістеріне бастама салар мәселелердің туындауы түсіністікке, оны қабылдауға әкелсе, оған қазіргі біз айтып отырған саяси элитаның өзгеруі, халықтық ой-сананың трансформацияға ұшырауы және ең маңыздысы ортақ, біріккен түрде жауап беруге, іс- әрекет жасауға итермелейтін қауіп- қатерлердің кенеттен пайда болуын жатқызамыз. Ендігі жерде, үшінші ретте осы аталған факторлар бойынша іс-әрекеттерді нақты шынайы түрде қимылмен жүзеге асыру жатады. Одан әрі қарата тарқатқанда бұл аталған мемлекеттер арасындағы кішкентай өзара ынтымақтастық пен қарым- қатынас үдерістері осы консолидацияға әкелетін механизмдерден тұрады.

Көптеген зерттеу жұмыстары мен жарияланымдарда Өзбекстан президентінің іс-сапарларының алғашқылары қатарында Орталық Азия елдеріне ресми жүргізілуі аса қатты маңызға ие екендігін атап өтеді. Бұл тұрғыда, әрине келісуге боларлық факт. Себебі, қандайда бір маңызы бар сұрақтар мен проблемалар алғашқылар қатарында болып шешілуді және оған жауап табуы талап етеді.

Адами потенциалдың дамуының маңызы мәселесінде ынтымақтастық бағытындағы қарым-қатынас оның халықаралық өзара әрекеттестігіне ықпал етеді. Тұрақты даму мақсатына жету және мұнымен қатар денсаулық сақтау бағыты, білім және қоршаған ортаны қорғау бағыттарында көрінеді. Бұл бірінші, екінші бөлімдердегі параграфтарда келтірілгендей көптеген мәселелермен және бірқатар факторлармен түсіндіріледі.

Орталық Азиялық мемлекеттердің шоғырлану бағытындағы туындайтын мәселелер, мысалға қаржы ресурстарының жетіспеуі, макроэкономикалық

тұрақсыздық, біршама нашар басқару, трансшекаралық дау-дамайлар мен қақтығыстар, жоғары деңгейдегі миграция және жұмыс мамандарының біліктілігінің төмендегі және т.б.

Біздің талдауымызға байланысты, Қазақстан және Өзбекстан республикаларының халықаралық өзара іс-әрекеттерінің перспективаларының жақсару көзқарасында Орталық Азиялық интеграция бірқатар жоғарғы деңгейдегі мүмкіншіліктерге ие. Алайда бұл интеграциялық потенциалдың жүзеге асыру мүмкіншілігі Орталық Азиялық басшыларының саяси таңдауларына байланысты және осы зерттеу жұмысында жоғарыда аталып өтілгендей консолидация ұғымын Орталық Азия мемлекеттерінің аймақтық интеграциясына бірінші қадам ретінде есептеп, аралық кезең ретінде қарастырамыз.

Орталық Азиялық интеграциялық теоретикалық модель екі нақты негізге ие:

- бірыңғай тарихи-мәдени ортақтық;
- географиялық жақындық факторына байланысты әлеуметтік-экономикалық мінездеме.

Ұсынылып отырған теоретикалық моделде аймақтың елдерінің өзара пайдалы ынтымақтастыққа бағытталған консолидацияның шеңбері анықталып көрсетілген.

Теоретикалық моделдің құрылымдық элементтері:

1 элемент Консолидация арқылы аймақтық интеграцияға ұласатын үдерстер бұдан арғы уақыттардағы аймақтың іс-әрекеттерінің жүйелілігі мен мықты саяси еркіндігіне байланысты болмақ. Орталық Азия елдерінің басшыларының аймақтық интеграцияға деген бар мүмкіншіліктері мен ресурстарына байланысты қарастырып алып, нақты саяси шешімдер қабылдағандары дұрыс болмақ.

2 элемент Экономикалық консолидация аймақтық өндірістік саясатының оқылуы мен қаралуын жалғастырады және өндірістік базалармен ресурстарды әртараптандыруды қоса алғанда, оған қоса еңбек нарығының, оның даму перспективаларының өзгеріске ұшырау мүмкіншіліктері қосып қарастырады. Бұндай консолидацияланған өндірістік саясат оның тиімділігінің қарқынының өсуін жоғарылатады. Мәселен, Еуропалық Одақ және Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы елдеріндегі өндірістік қызметті елдер арасында бөлу және экономикалық біріккен интеграциялық аймақ құруда нақты мысал болып табылады.

3 элемент Консолидация ұғымының артықшылығы- экономикалық және мәдени-гуманитарлық тұрғыда дамуы өсетін болса, ол ұлттық деңгейде инфрақұрылым инвестициямен қоса жүргізілсе жоғарылайтын болады. Инвестиция өндірістік күш пен өндірістік қатынастың дамуына әкеліп, экономикалық дамуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Аймақтық мемлекеттердің бір-біріне географиялық тұрғыда жақындықтарына байланысты инфрақұрылымға инвестиция құю тиімді болады. Бұл инвестициялар тек қана көлік секторына ғана байланысты емес сонымен қатар энергетика, су

ресурстары, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастыққа және тағы да басқа салаларға құйылса, дәл осы аталмыш салалардың дамуына әкеледі.

4 элемент Орталық Азия мемлекеттерінің әртүрлі деңгейлердегі экономикалық дамудың шарттарына сәйкес экономикалық консолидация логикалық түрде бірегей саяси мықты аймақтық институттардың пайда болуына және жоғарыда көрсетілгендей бақылау механизмдері қосылған аймақтық стандарттар мен шаралар қолданысқа енгізіліп, әзірленуіне әкелуге тиісті. Бұл, аймақтық институттар Орталық Азияның консолидация негізінде қауіп-қатерлерден сақтайтын кепілдік құралдарын әзірлеуге жол ашып қана қоймай, бұл аталмыш механизмдер аймақтың жаһандық қауіп-қатерлерден және сыртқы үшінші күштерден, сонымен қатар ұлттық мүдделердің маңызын айырықша тану негізінде еңбек етуге тиісті.

5 элемент Жалпылама ережелер мен стандарттардың жоқтығы аймақтық экономикалық қызметке кедергілер туындатады. Сондықтан, нормативтік шеңберлер мен барлық экономикалық субъекттердің ашық білуі, тіпті осыған қоса алғанда трансшекаралық еңбек нарығы ұтқырлығы, сауда нарығы және қызмет көрсету салаларының да ашықтығына келісімдер мен оны дайындау аса қажет саналады.

6 элемент Мемлекеттің ішкі кіріс- шығысына экономикалық консолидация, одан әрі интеграцияға әсер етеді. Бұл консолидациядан және одан арғы толықтай интеграциядан Орталық Азиялық елдерге басты пайдасы ашық және бәсекеге қабілетті әлеуметтік саясатта болмақ және ол қауіп-қатерлерді азайтуға әсер ететін болады. Әлеуметтік қауіпсіздік дамудың қолайлы шарттарын ұстану, дәстүрлі тілдік формалар және мәдениет пен дін, ұлттық даралық қоса дәстүр этникалық бірегейлікті сақтауды қамтиды.

7 элемент Орталық Азия мемлекеттері үшін ортақ маңызды ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейде болсын сонымен қатар Тәжікстан мен Өзбекстанның дағдарыстық территориялар мен шектесуі, әрине қауіпсіздік саласы екендігін білдіреді. Оған жарқын мысал ретінде тамыз айының ортасындағы тәліптердің билік басына келуімен байланысты Ауғанстандағы жағдайды алсақ болады.

Пандемия кезіндегі және пандемиядан кейінгі уақыттардағы білім және денсаулық салаларындағы ынтымақтастық пен саясат бағыты маңызды және шешуші рөл атқарады. Бұдан бөлек, аталмыш бағыттар өндіріс күштерінің мүмкіндіктерінің жоғарылауы мен өндіріс еңбегінің өсуіне және құқығының кеңеюіне бағытталады болады. Берілген консолидация ұғымы және оның шоғырлануы мәнінде аймақтың елдері өзіндік аймақтық және халықаралық, тіпті жаһандық аренада өзінің бәсекелестік орынын сақтай отырып, негізгі еңбек ресурстары базасын және технологиялық потенциалдарын тұрақты даму мақсатында адами капиталдың кеңеюі, сонымен қатар аталған факторлардың өсіп, кеңеюіне әсер ететін болады.

8 элемент Аймақтық интеграция мен консолидация үрдісінің жүру барысында негізгі бағыт ретінде кешенді негіздемелік бағдарламаның құрастырылуы мен қабылдануы есептеледі.

9 элемент Бұдан да жоғары деңгейдегі консолидация және белсенді түрдегі аймақтық интеграцияның әсер ететін келесі бағыты - экологиялық мәселелер болып саналады. Орталық Азияның мемлекеттері экологиялық табиғи мәселелермен қатар қоршаған ортаны аялау және сақтау, табиғи ресурстарды сақтау мәселелеріне де қатысы болады. Айта кетерлік бұл жерде маңызды факт, ол халықаралық ұйымдар мен қоғамдастықтардың қолдауы болып табылады.

10 элемент Аймақтық интеграцияны дамыту және алға тарту мақсатында халықаралық негіз маңызды рөл атқарады. Орталық Азиялық мемлекеттердің, соның ішінде біз қарастырып отырған Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикаларының аймақтық және халықаралық ұйымдарда қатысуы консолидацияға және аймақтық интеграцияға әсер етуге тиісті.



Сурет 6 – Орталық Азия елдерінің консолидациясы контекстінде теоретикалық моделі

Тігінен көрсетілген ось: шешім қабылдау (шығару) моделіне сүйенетін басқару моделін қосатын құрылымдар. Саяси элитаның еркі, интеграциялық үдерістердің белсенділігі, институционалды құқықтық-нормативтік құжаттар мен осыған кіретін құрылымдарды жүзеге асыру.

Көлденең берілген ось: консолидациялық ынтымақтастықты үдеріс ретінде бағыттау өзіне дамудың моделін қосады, одан кейінгі орындаушы құрылымдар. Бұл үдерісте мемлекет аралық түсініспеушіліктер мен мүдделердің қайшылықтары да орын алуы мүмкін. Экономикалық бағыт мына төменде келтірілген факторларды қосады: табиғи ресурстар, қаржыландыру, жоғары білікті еңбек күші. Бұл аталғандардың барлығы Орталық Азиялық аймақтық шоғырланудың ортақ бағыттары болып саналады.

Ескі кедендік кедергілерден арылу жаңа жалпы жүйелік еркін сауда аймағын қалыптастырушы аймақтың елдері үшін жақсы нәтижеге алып келеді.

Біздің тұжырымдауымыз бойынша, инфрақұрылымды жақсарту және саудасаттық жолындағы техникалық кедергілерді азайту қажет. Ол үшін өзінің кедендік кедергілерін жеткілікті деңгейге дейін шектеу қажет.

Қазақстан мен Өзбекстан мысалындағы Орталық Азияның консолидациясы одан кейінгі аймақтық бірегей интеграция бес мемлекетке өзіндік ресурстарын біріктіруге, нарықты кеңейтуге, сауда мен инвестицияның көлемін жоғарылатуға, сонымен қатар, әртараптандыруды жоғарылатып және оған қосылған құнның артуына әкеледі.

Тарихи тұрғыдан қарастырсақ, аймақтық интеграциялық нарықтардың қалыптасуы және жұмыс істеуі біршама баяу және қиын түрде болды. Оған себеп болар мына берілген факторлар: өндірістік ресурстардың және қаржының жетіспеуі және бұл әрекеттер ынтымақтастықтың координациясын және оған нақты түрде тәртіп пен бақылауды қажет етеді.

Аймақтық интеграциялануды және аймақтық стандарттардың құрылуына негіз болатын стандарттау қызметін жүзеге асыратын органдарды қалыптастыру қажет.

Экономикалық дамудың әртүрлі деңгейлеріне ие Орталық Азияның мемлекеттері конвергенттік деңгейді өтуге тиісті, яғни экономикалық дамудың жетістіктеріне ұқсас эволюциялық үдерістен өтуі қажет. Бұл берілген жағдаяттар әртүрлі әрекеттегі қауіп-қатерлер мен сан-қилы мәселелерге барабар жол тауып, бұнымен қоса, консолидация ұғымын логикалық тұрғыда аймақтық интеграцияға әкеледі.

Диссертациялық зерттеу жұмысының үшінші бөлімінде Орталық Азиялық аймақтың консолидациялық деңгейге өту жолдары мен халықаралық ынтымақтастықтағы Қазақстан мен Өзбекстан елдерінің даму ерекшеліктері, осы ғылыми еңбекте жүргізілген сауалнамаға сәйкес практикалық жұмысқа сипаттама беріліп, аймақтың қоғамының санасының өзгеру факторларына талдау жасалынып, сонымен қатар толықтай Орталық Азиялық аймақтың консолидациясының негізінде теориялық моделі жасалынды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Орталық Азия мемлекеттерінің қазіргі таңдағы халықаралық аренадағы жағдайы мен осы уақыттағы өзара қарым- қатынастары бүкіл әлемнің қызығушылығын тудырып отырған саяси үдерістердің бірі болып табылады. Аймақтың Кеңес Үкіметі тарағаннан кейінгі тәуелсіздіктің жаңа отыз жылдай уақытын бастан өткізген бұл бес мемлекет арасындағы ынтымақтастық бірталай сын мен мәселелерді бастан кешіріп, бүгінгі таңда өзіндік кей жерлерінде ұқсас, кейбір тұстарда мүлдем басқаша әрекет етуші елдерге айналды. Бұған әсер ететін сыртқы факторлар да жетерлік. Жас және енді аяқтан тұрып келе жатқан аймақтың елдерінің біршама қателіктер жіберуі де табиғи факторлардан болып есептеледі.

Бірақ, қазіргі уақыт жаһанданған заманда, түрлі қуаіп- қатерлер мен сындардың өршіп, кенеттен пайда болу қаупінің деңгейінің жоғарылап тұрған кез деп есепке алса аталмыш зерттеліп отырған аймақ Орталық Азияның да бұл мәселелерде айналып өтуі екіталай. Оған қоса аймаққа назарда ұстап мүдделері мен қызығушылықтары бар алып елдерде жоқтың қасы емес, мәселенге көршілес Ресей мен Қытайдың өзі аймақтың елдерінің осал тұстары болып есептеледі. Ендігіде Орталық Азия аймағының зерттелу маңызын одан әрі ашатын негіз ретінде аталған сындар мен қатерлерге біріге жауап қайтару мақсатында түп – тамыры бір бес елдің интеграциялық үдерістерін зерттеу күндік маңызды шараға айналды.

Орталық Азиядағы аса ірі және дамыған мемлекеттер ретінде алынған Қазақстан мен Өзбекстан Республикалары аймақтың шоғырлануында нақты әсер етуші және динамика беретін инфлюенсер ретінде алып қарастырдық. Диссертациялық жұмыстағы Орталық Азияның ынтымақтастығы негізінде Қазақстан және Өзбекстанның халықаралық өзара қарым- қатынастарын зерттей отырып, мындай алғышарттарға сәйкес қорытындылаймыз:

Аймақты толығымен зерттеу барысында Қазақстан мен Өзбекстан тұрғысында қарастырғанда мына теориялар мен концепцияларға сәйкестендірілді және талданды. И. Валлерстайнның теориясына сүйене отырып Қазақстан мен Өзбекстан Республикалары Орталық Азияның басты мемлекеттерінің бір бөлшегі ретінде әлемдік жүйе мен әлемдік экономикаға, халықаралық үрдістерге тығыз байланыстығын және Х. Маккиндердің «Хартленд» тұжырымдамасына негіздеп, бұл мемлекеттер өзінің географиялық-теорриториялық орналасуына байланысты бұл жағдайды барынша экономикалық пайда табудың таптырмас негізгі бір құралы ретінде жүзеге асыруға тиісті екендігін анықтауға жол ашты. Келесі кезекте А. Мәханның теориясына сәйкестеп Орталық Азияның «теңіз жолының ашық пен жабықтығы» [108] халықтың әл-ауқатын арттыру әрбір мемлекеттің басты мақсаты негізінде дәл осы жағдайда экономика саласындағы халықаралық драйверге айналуға тиісті екендігін анықтап, Орталық Азияның елдерінің басқа жолдар арқылы жүзеге асыруға альтернативаларын қарастыруға мүмкіндік беріп, осы ретте транзиттік жолдардың қаншалықты маңызды екендігін ашып қарауға болады. Бұл арқылы Орталық Азиялық аймақтың қазіргі кезеңдегі

ұтымды жағдайларын анықтауға, экономикасының одан әрі дамуы мен жоғарылауына әсер етуші механизмдерді зерттеуге және анықтауға әкелді.

Келесі атап айтатын жайт Қазақстан мен Өзбекстанның өзара ынтымақтастық іс- әрекеттеріне әсер етуші ішкі және сыртқы факторлардың бар екендігі. Осы ретте аймақтың елдерінің басты мәселесі ретінде қауіпсіздік проблемалары күн тәртібінде бірінші орынға шығады. Қазіргі болып жатқан әлемдегі жайттар Орталық Азияға да әсер етуші табиғи шарт болып табылады. Әсіресе, осы соңғы уақыттағы Ауғанстандағы саяси ахуал әлемнің елдерінің көңілін аудартып отырған аса маңызды мәселе ретінде қарастырылады. Тамыз айындағы Ауғанстандағы жағдайда тәліптердің билікке келуі мен АҚШ-тың әсерілерінің елден шығарылуы және жалпылама ол жақтағы жағдай Орталық Азия елдеріне етене жақын мәселе болып табылады. Аса сын- қатерде көршілес Өзбекстанды келтірсек болады. Ауғанстандағы жағдай аймақтың елдерінің барлығын осал әсерде қалтырып, тіпті біршама кенеттен келер жайттарды туындатып, халықтың қауіпсіздігіне қатер төндіруіде айқын.

Осы арқылы әрине аймақта діни исламдық эстремисттер мен терроризмнің деңгейінің жоғарылауы, одан қала радикалдық іс- әрекеттер мен заңсыз көші – қон және заңсыз қару- жаракты сату мен пайдалану үдерістері жоғарылап кетуі, орын алуы мүмкіндіктері көп болады. Осы аталмыш проблемалар барысында да Орталық Азияның елдеріне біріккенді түрде іс- қимылға жүгінуі тиісті болып табылады. Жастар арасындағы тағы да бір мәселенің бірі ол көші- қон тақырыбы және бүкіл әлемде жайлап жатқан COVID- 19 пандемиясының әсерінен айтарлықтай қысқарған қазіргі таңдағы ақша ағынының кобеюі. Зерттелініп отырған мемлекеттерді сипаттайтын сын- тегеуріндердің қатарында қауіпсіздік мәселесі, ұлтшылдық мінезінің өсу көріністері бар, алайда аталмыш проблемалар үлкен және ұзаққа апарар соқтығыстарға әкелу қаупі қатты емес. Осы орайда аймақтың елдері ШЫҰ мен ҰҚҰШ негізіне сәйкес қызметтерін жандандырып, осыған сәйкес қорғаныштық іс- әректтер жүргізуге тиісті. Зерттеу жұмысында бұл Орталық Азиядағы мүшелік етуші ұйымдардың маңызын, осы аренада қызмет етудің өзектілігінің анықталғанын көрсетеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысында Қазақстан мен Өзбекстан Республикалары және жалпылама Орталық Азия елдері арасындағы басты назар аударатын және мән беретін бағыттар ретінде экономика саласы, энергия ресурстары мен аймақтық транс шекаралық су ресурстары мен қайта индустриализациялау векторлары анықталды. Бұл тұрғыда осы бағытты басты назарға алар және де Орталық Азиялық аймақтағы елдердің дамуындағы басымдықтар ретінде қарауға мүмкіншілік алады. Дұрыс бағыттағы қайта индустриализация жүргізу нәтижесінде нақты осы экономикаға назар аударуда тұрақтылыққа және дамуға қол жеткізуге болады. Орталық Азия елдеріндегі бар мәселелер керісінше бұл мемлекеттерге бірігу алғышарттары ретінде жүруге тиісті, ал мемлекеттер одан өзіндік пайданы көруі қажет. Осы аталған факторлардың барлығы дерлік Орталық Азияның және әсіресе Қазақстан Өзбекстан контекстінде консолидацияға әкелетін факторлар болады және

алғышарттары ретінде іс- әрекеттер жүргізіп бастағанда басым назарда ұстауға қажет.

Зерттеу жұмысындағы аса маңызы бар фактор осы аймақтың елдеріне әсер етуші 2019 жылғы әлемді дүрліктірген COVID- 19 дерті Орталық Азия үшінде қиын және болашағы бұлыңғыр, түсініксіз заманға әкеліп тіреді. Бұл пандемия атағандай елдерге олардың арасындағы бар мәселелерді нақыт анықтауға және оны шешудегі жолдарды табуға мүмкіндік берген кенеттен туындаған жағдаят ретінде есептеледі. Бұдан алар негізгі сабақ аталмыш мемлекеттерге, мәселе бәсекелестікте емес, керісінше бірігуде, осыған дейінгі Орталық Азиялық мемлекеттерінің нақты нәтижеге жете алмағандығына жауап ретінде жаңа ынтымақтастықтың дәуірінің бастапқы жолағы деп санауға болатындығын толықтай айтамыз.

Туындаған бұл жағдайда аймақтың мемлекеттері үшін онтайлы шығар жол ретінде және даму үдерістеріндегі онтайлы міндеттерді атқарушы жеткілікті түрдегі «макро өңірдегі» тұрақты дамуды қайта индустрияландыру жолдары болып есептелді. Болып жатқан дағдарыс қайта индустрияландырудың жаңа перспективті векторларын анықтауға мүмкіндік туғызды. Мысалыға алғанда, осы уақытқа дейінгі беті ашылмай тұрған ескі- жаңа сын- тегеуріндерге бетпе – бет тоғыстық. Әлемдегі каронавирустық инфекцияның салдарынан нақты айтқан Орталық Азияның елдерінің медицина салалары мен экономиканың шытынағаны сөзсіз және осы тұрғыда қайта индустрияландыруда дамудың альтернативті жолдарын ашып, бір- бірімен тығыс байланыс орнатуға мүмкіндік ашты, осы пандемия аясында бірін-біріне көмек көрсету фактілері орын алды, яғни әлі де болса географиялық болсын, тарихи- мәдени жақындасытық болсын Орталық Азияның елдерінде бәрібірде маңызды орын алады және жақын болашақтағы басым фактор ретінде жүруі әбден мүмкін саналады.

Бұл осы механизмдерге сәйкес әрбір мемлекетке аймақтың нақты қандайда бір өнеркәсіптің басым түрлерін анықтауға тиісті, себебі қазіргі таңда бұрынғы кәсіпорындар ескіруге таяу болып табылса, әрине осы уақыттағы озық технологияларды игеріп үлгергендерінен басқаларына қатысты есептеледі. Жаңа кәсіпорындық жұмыстар жаңа инвестициялар мен үйлестірулерге мұқтаждық танытады, осы себептен аймақтың бірігуінің жаңа онтайлы процестері іске қосылады. Бұл аралықта Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының халықаралық ынтымақтастығы контекстінде Орталық Азияның басқа елдерінің осы өзара іс- әрекет аясына ұштастыруды жүзеге асыруға міндетті екендігін толықтай айтуға болады. Осы ретте аймақтың елдерінің өзара ынтымақтастықтарын бірегей деңгейде жоғарылату перспективалары жүзеге асырылады және консолидацияның алғышарттары негізінде барлық талаптарға сәйкес жауап береді.

Қазақстан мен Өзбекстанның ынтымақтастығында геосаяси тұрғысынанда және геоэкономикалық тұрғыдан да біртекті емес мәселелердің күрделі кешені біріктіреді. Олар, саяси, экономикалық, әлеуметтік- мәдени, көлік және коммуникациялық сұрақтар, су - энергетикалық мәселелер және де

тағыда басқалары бар. Бұл сын- тегеуріндерді атап өтпей боламас, себебі бұлардың әрқайсысы да оң және теріс жақтары бар, оларды шешуде де, бірқатар шешімдер қабылдау да аймақтың елдеріне оңай түспеуі сөзсіз, кейбір жерлерде әсіресе, территориялық мәселелерде қиыншылық қатты тудыруы белгілі.

